

Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ

Өткен күнде белгі бар
Ой-тұжырымдар

Астана

Жолдыбай К.М.

Өткен күнде белгі бар. Ой-тұжырымдар – Астана:

Кітапта ел Тәуелсіздігінің 20 жылы ішінде жаңа Қазақстанды гуманистік әрі демократиялық тұрғыдан жаңартудың саяси-рухани мәселелері жан-жақты сөз болады. Туған елімізді өркениет әлемінің алдыңғы қатарына шығару жолында жасалып жатқан тіршіліктерге қатысты белгілі саяси және қоғам қайраткерлерінің ой-толғамдары мен пікірлері келтірілген. Автор сондай-ақ, ар-ождан, игілік, ізгілік, адалдық тәрізді құндылықтардың адами қарым-қатынастарда берік орын алуын қалай отырып, кіршіксіз ақылдың, мінсіз сөздің, адал еңбектің үстемдік құруына ден қояды.

Кітап көпшілік қауымға арналған.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ПАЙЫМ. ОЙ. ТАЛҚЫ.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ТІЛ САЯСАТЫ

БАҚ-тың міндеттері

Міржақып Дулатовтың кезінде «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы зор» деуі және америка генералы Шаликашвилидің «СИ-ЭН-ЭН америка әскері жеңіп жатыр деп айтпайынша, америка әскері жеңіске қол жеткізе алмайды» деп қортынды жасауы кездейсоқ емес.

Расында, БАҚ-тың қоғамға тигізер әсері зор. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамда болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат, қоғамдық пікірді берумен қатар оны қалыптастыруға барынша үлес қосады. Осы заманның адамы өзін ақпараттан тыс қоя алмайды және ол БАҚ-тың төмендегідей мәдени-әлеуметтік міндеттер атқаруымен тікелей байланысты. Олар:

Ақпараттық міндет. Радио, теледидар, газеттер тындармандарға, көрермендерге және оқырмандарға кеше мен бүгін елімізде, әлемде болып жатқан оқиғалардан хабардар етуге тиісті.

Танымдық-ағартушылық міндет. Арнайы теле және радио хабарлар, газет пен журнал айдарлары адамдардың ой-өрісінің кеңейуіне жол аша отырып, адамзат қызметінің барлық саласында жаңа ілімдердің одан әрі дамуына бағыттайды.

Рекреациялық міндет. Теле және радиоэфирлердің, газеттер мен журналдардың ақпараттарының басым бөлігі ойын-сауық тақырыптарына берілген. Олар — классикалық және эстрадалық музыка, телешоу, ойындар және лотереялар, мерекелер және фестивальдар, спорт бағдарламалары. Танымал журналдар мен газеттерде беллетристика, криминалды хроника, махаббат және детектив романдары жарияланады.

Құқықтық-реттеу міндеті. БАҚ ақпарат берумен, ағартушылықпен, аудиторияға ойын-сауық ұсынумен ғана шектелмейді. Олар түрлі оқиғаларға қатысты біздің пікірімізді, өмірге деген көзқарасымызды қалыптастырады. Яғни, БАҚ мақсатты түрде адамдардың мінез құлқына әсер етеді деген сөз.

Әрине, бұл міндеттерді орындау барысында БАҚ-тар түрлі мүдделер жетегінде кетіп, оларды түрліше түсініп жатқан жағдайлар жоқ емес. Мұның өзі қоғамның қалыпты дамуына кері әсерін де тигізіп жатыр. Мәселен, ұлт

құндылығына мейлінше жат қылықтардың кейбір қазақстандық ақпарат құралдарында үзбей насихатталуы соның бір дәлелі іспетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарының басты міндеті — қоғамда болып жатқан өзгерістерді адал әрі шынайы жеткізу, сол арқылы демократиялық қоғамның негізгі құндылықтарына қатысты белгілі бір келісімнің құрылуына ықпал жасау. Дәл осы келісімнің болуы азаматтық қоғамның беріктігі мен мемлекеттің тұрақтылығының маңызды алғышарттарын құрайды.

Мұны тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы заңдарының бірі ретінде 1991 жылы «Баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының қабылдануымен түсіндіруге болады. 1999 жылы отандық масс-медианың әрі қарай екпінді дами түсуіне, мемлекеттік емес БАҚ-тардың артуына, ірі медиа-құрылымдардың қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен жаңа заң қабылданды және 2001 жылы оған бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Сөйтіп, елде бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі құқықтарын белгілейтін, олардың қызметінің мөлшерін және мемлекетпен арадағы қарым-қатынасын бекітетін заң жүйесі қалыптасты. Сайып келгенде, бұл шаралар қазақстандық БАҚ-тардың күрт дамуының шешуші факторы бола білді және елімізде нарықтық ақпараттық кеңістіктің орнығуына мол септігін тигізді. Оған мына көрсеткіштер дәлел бола алады.

Қазақстандағы БАҚ-тардың құрамы

1990-1991 жылдары елімізде 196 бұқаралық ақпарат құралдары болса, 2004 жылдың 1-ші қаңтарына шаққанда республика көлемінде барлығы 2020 бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде 1284 газет, 553 журнал, 171 электронды БАҚ, кабелді телевидениенің 25 операторы, сондай-ақ 12 ақпарат агенттіктері жұмыс істеуде.

БАҚ-тарды тақырыптық тұрғыдан саралағанда Қазақстандық нарық ақпаратын қоғамдық-саяси бағыттағы басылымдармен қатар ақпараттық, жарнамалық, ғылыми, әйелдерге, жастарға және балаларға арналған, діни, арнайы кәсіби және өзге де басылымдар құрайды. Атап айтқанда, олардың 1007-сі ақпараттық, 308-і қоғамдық-саяси, 191-і жарнамалық, 174-і ғылыми, 29-ы әйелдер, 41-і жастар, 41-і балалар, 37-сі діни бағыттағы тақырыптарды қозғайды. Республикалық телерадио арналары негізінен ішкі және сыртқы саясат мәселелерді, елдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық салада болып жатқан өзгерістерді қамтиды.

Республика аумағында өз хабарларын тарататын ақпарат құралдарына «Хабар», «Ел арна», «Қазақстан», «31 канал», «КТК», «НТК», «Рахат-ТВ» телеарналары, «Европа плюс Казахстан», «Русское радио-Азия», «Қазақ радиосы», «НЗ-Радио» жатады. Таяу күндері олардың қатарына «АС-ТВ» телеарнасы да қосылмақшы.

Республика тұрғындарын БАҚ-тармен қамту жыл сайын ұлғаюда. Еліміздің ақпарат кеңістігінде мерзімді басылымдардың бір реттегі таралымы 16.744.565 дана болса, республика жұртшылығын телерадио хабарларымен

камту мынадай болып отыр: «Хабар» - 89,19 %; «Қазақстан» - 90,67 %, «Еларна» - 62,07 %, «1-канал- Евразия» - 78,6 %, «Қазақ радиосы» - 79,63 %, «КТК» - 35,64%, «НТК» - 31,99 %.

CaspioNet спутниктік ұлттық телеарнасы Қазақстандық хабарларды Eutelsat HOTBIRD-3 спутнигі арқылы әлемнің түкпір-түкпіріне жеткізуді қамтамасыз ете отырып өз көрермендерінің санын 90 миллионнан асырып та жіберді.

Мемлекеттік емес телерадио хабарларын таратушы ақпарат көздерінің аудиторияны қамту мүмкіндіктері мынадай: «31 канал» - 7 млн. адам, «КТК» - 10,5 млн., «НТК» - 10,0 млн., «Рахат» - 2,8 млн., «Русское радио-Азия» - 5,3 млн., «Европа плюс Казахстан» - 5,2 млн., «Н5-Радио» - 2,6 млн. адам. Мемлекеттік телерадио хабарларымен республика тұрғындарын 100 % көлемде қамту мәселесі ҚР Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі № 1149 жарлығымен бекітілген «2004-2010 жылдары Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына» еніп отыр. Бұл бағдарламаның алғашқы кезеңін іске асыру мақсатында 2004 жылы «Хабар», «Қазақстан» және «Қазақ радиосы» хабарларының торабын ұлғайту көзделіп, сол үшін бюджеттен 540 млн. теңгеден астам қаражат жоспарланып отыр.

Облыстық телерадио хабарларын республика көлеміне толықтай тарату ұлттық спутниктік телерадио хабарларын тарату торабының шеңберінде спутниктік арналар арқылы жүзеге асырылмақшы. Ол толық іске кіріскенше кейбір аймақтарда облыстық теле және радио хабарлары сақталынып қалған радиорелейлі жүйелер арқылы жеткізілетін болады.

Қазіргі кезде «Кателко» ЖАҚ-ы Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Атырау облыстық телерадиокомпанияларының бағдарламаларын облыс көлеміне спутник арқылы таратуды жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жерде орналасқан қабылдау-тарату спутник станцияларын салудың нәтижесінде қамтамасыз етіп отыр.

Сондай-ақ, Қазақстанның нарықтық ақпарат кеңістігінде бүгінде шетелдік 2265 БАҚ, оның ішінде 2138 газет және журнал, 82 телерадио хабарлары таралса, олардың басым бөлігін Ресейдің өнімдері құрайды. Ресейдің ақпарат құралдарының сыртында қазақстандық көрермендер мен оқырмандарға Ұлыбританияның, Францияның, Албанияның, Польшаның, Түркияның, Португалияның, Біріккен Араб Эмиратының, Әзірбайжанның, Арменияның және өзге де елдердің теле және баспасөз өнімдері ұсынылып отыр. Қазақстанның ашық эфирінде БИ-БИ-СИ, Deutsche Welle, радио «Свобода», «Полония» ТВ, өзге де көптеген ресейлік электронды ақпарат құралдары жұмыс істеп жатыр. Елімізде әлемнің 20-шақты елінен 80-ге жуық журналистер ресми тіркелген.

100 пайыз акциясы мемлекет иелігіндегі жетекші республикалық БАҚ қатарында екі жалпыұлттық газет («Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда»), бір телерадиокорпорация («Қазақстан» ұлттық телекомпаниясы және «Қазақ радиосы»), бір ақпарат агенттігі («ҚазАқпарат») бар.

Мемлекеттік емес БАҚ-тардың үлес салмағы артып келеді. Мәселен, еліміздегі жалпы масс-медианың 80 пайызынан астамын мемлекеттік емес БАҚ-тар құрайды және БАҚ иесі болуға деген ұмтылыс әлі де байқалады. Ақпарат министрлігіне баспасөз немесе электронды БАҚ-тарды есепке қою үшін түрлі меншік иесі болып табылатын жеке және заңды тұлғалардан ай сайын 50-ден астам өтініштер түсіп жататыны соның дәлелі іспетті.

Мемлекеттік ақпараттық саясаттың негізгі принциптері

1. Сөз еркіндігіне, ақпарат алуға және оны еркін таратуға заңдылық негізде кепілдік беру. Еліміздің әрбір азаматы үшін Конституцияда мұндай мүмкіндіктер түбегейлі қарастырылған.

2. БАҚ қызметін заңдылық тұрғыдан жетілдіру. Ғаламдық ақпараттық қоғам қалыптасуының жылдамдығына қатысты бір ғана мысал. Мамандардың айтуынша, АҚШ-та радиохабар таратушылар өз тұтынушыларының санын 50 миллионға 38 жылда, теледидар 13 жылда, ал Интернет төрт-ақ жылда жеткізіпті.

Әлемдік ақпараттық кеңістіктегі көз ілеспес өзгерістер, жаһандану процесі, қазіргі заман технологиясын белсенді пайдалану медиа-рыноктың тұтас бөлігінің, мысалы, телерадио хабарларын тарату саласының, құқықтық реттеуден тыс қалуы, сондай-ақ азаматтарды, қоғамды, мемлекетті және БАҚ-тың өзін теріс ықпал ету үрдісінен құқықтық қорғау қажеттігі БАҚ туралы жаңа Заңның жобасын дайындауға итермелеп отырғанын да айтқан жөн.

3. БАҚ-тарды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды, әлеуметтік тапсырысты әділ орналастыру. 1998 жылдан елдегі барлық ақпарат көздеріне меншік түріне қарамастан ашық конкурс негізінде мемлекеттік тапсырыс алу мүмкіндігі қаралған. Бұл шара БАҚ-тың шығармашылық белсенділігін және іскерлік ынтасын арттыруда. Оған маңызды әлеуметтік тақырыптары бойынша мемлекеттік тапсырыс алғысы келетін БАҚ-тардың қатарының жыл сайын өсіп отырғаны дәлел. Мәселен, 2004 жылы әлеуметтік тапсырысты республикалық деңгейде орындайтын БАҚ саны 60 (оның ішінде 33 газет, 26 журнал, бір ақпарат агенттігі) болса, 2003 жылы оның саны 50, ал 2002 жылы — 25 ғана болған.

4. Телевидение және радио хабарларын таратуға жиілік алу процесінің мөлдірлігі. Мемлекеттік емес электронды БАҚ-тардың күрт дамуын ескере келе ҚР Үкіметінің 1998 жылғы № 9 қаулысымен телерадио арналарын пайдалану құқығына ие болу байқауының талаптары мен шарттарына едәуір жеңілдіктер берілді. Байқаулар негізінен ашық түрде жүргізіліп, комиссия құрамына Парламенттің, қоғамдық бірлестіктердің, шетелдік өкіметтік емес ұйымдардың, саяси партиялардың өкілдері енгізілді.

5. БАҚ-тарға қарастырылған жеңілдіктер: 2001-ші жылдан бастап барлық газет журналдар қосымша құн салығынан босатылған. 2001 жылдан бастап 2004 жылды қоса алғанда телевизиялық және радиокөпманиялар

өздері өндіретін өнімге салынатын қосымша құн салығын (ҚҚС) «нөлдік ставка» бойынша төлейді.

Соңғы 5 жыл ішінде жыл сайын радиожилікті пайдалану үшін төлем көлемі азайған, 2002 жылы оларды пайдалану үшін жылдық төлем жасау алынып тасталды. Енді лицензияға компаниялардан РЖС номиналын алуға бірінші рұқсат алу кезінде ғана төлем алынады.

6. Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктермен, халықаралық ұйымдармен, медиа-зерттеу институттарымен конструктивті байланысын орнықтыру. 2002 жылы ҚР Президенті жанынан БАҚ бойынша Қоғамдық Кеңес құрылып, оның құрамына еліміздің жетекші масс-медиаларының бас редакторлары, республикалық және аймақтық басылымдардың белгілі журналистері еніп отыр. Кеңес негізінен консультативті-кеңесші орган болып есептелінеді. Сол жылы Қазақстан журналистерінің Конгресі құрылды. 2003 жылғы ақпанда ол Қазақстан журналистикасының ізгілік (нравственные) негіздері туралы Декларация қабылдады. Мұның сыртында, елімізде Қазақстан журналистер одағы, Қазақстан телерадио хабарларын тарату Ассоциациясы, телерадио хабарлар таратушылардың ұлттық Ассоциациясы, «Әділ сөз» халықаралық қоры және басқа да қоғамдық ұйымдар жұмыс істеуде.

«Тіл туралы» Заң және БАҚ

Тілдер саясаты негізінен еліміздің Ата заңына, «Тіл туралы» Заңға сәйкес жүзеге асып, түрлі ұлт өкілдерінің рухани және интеллектуалды қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өзбек, украин, неміс, ұйғыр, кәріс, барлығы 11 тілде газет-журналдар шығып, арнайы телерадиохабарлар жұмыс істейді және оларға мемлекет тарапынан қаржылай көмек көрсетіледі. Мәселен, соңғы бес жыл бойы мемлекеттік тапсырыс орналастыру арқылы «Дойче Альгемайне Цайтунг», «Українські новини», «Коре ильбо», «Уйғур авазы» газеттері және Қазақстан халықтары Ассамблеясының «Достық-Дружба» журналы мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылып келеді.

Бүгінгі күні «Қазақстан» ұлттық телеарнасында этникалық диаспора өкілдерінің табыстары және өзекті мәселелері жайлы хабарлар эфирден тұрақты беріліп келеді, арнайы құрылған «Ел» шығармашылық бірлестігі неміс тілінде «Казахстан — имбликпункт», ұйғыр тілінде «Висал», корей тілінде «Ури миндег» атты хабарларды ұйымдастырып отыр. Мұның сыртында, «Казахстан — имбликпункт» телебағдарламасы Ақтөбе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниялардың хабар тарату сеткасына кіріп отыр. Бір айта кетерлігі, бұл хабар неміс диаспаросының шоғырлана орналасқан жерлерінде 2002 жылдың 1 қазанынан бастап күніне екі рет — күндіз «Қазақстан» ұлттық телеарнасының эфирінен, ал кешке облыстық телерадиокомпаниялар арқылы берілуде.

Қазақ радиосында неміс, ұйғыр, корей, татар, түрік және әзірбайжан тілдерінде барлығы 90 минут көлемді құрайтын (әр студия 15 мин.) апталық

хабарларды эфирге дайындап шыаратын «Достық» атты арнайы шығармашылық топ жұмыс істейді. Қазақ радиосындағы ұлттар тіліндегі хабарлардың жылдық көлемі 81 сағатты құрайды. Бұл хабар аптасына бір рет 20 минут аралығында шығып, ол Қазақстан этностарының мәдениетін насихаттай отырып қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға жұмыс істейді.

«Хабар» телеарнасы «Біздің көшенің тұрғындары» атты хабар арқылы әр ұлттың салт-дәстүрін, мәдениет ерекшеліктерін насихаттайды. Солтүстік Қазақстан облысында поляк халқының өкілдері шоғырланып тұратын жерлерде (Петропавл, Чкаловск, Ұзынкөл) «Полония» (Польша) атты телебағдарлама жұмыс істейді.

Ертеде Өзбекстанның аумағында, атап айтқанда Ташкенттегі және Қарақалпақтағы шоғырлана орналасқан қазақ диаспорасына арналған Қазақ телевизиясының хабарлары болған және ол Қазақстан Республикасының бюджеті есебінен қаржыланған болатын. Кейінірек түрлі себептермен бұл хабарлар үзіліп қалды. Аталмыш мәселе қазақ және өзбек диаспораларының өтініштерімен қайтадан қолға алына бастады.

Қазір, біздің тарапымыздан қазақстандық бағдарламаларының хабарларын таратуды кеңейтудің іс-шаралары қарастырылуда. Соның нәтижесінде, бүгінгі күні Оңтүстік Қазақстан облысына шекаралас жатқан тұрғылықты жерлерде Қазақстанның телебағдарламалары көрсетіле басталды. Мысалы, Жетісайда, Сарыағашта, Шардарада, Жаңабазарда, Қаражанда және Кеңесарықта «Қазақстан» арнасы, Жетісайда, Сарыағашта, Шардарада және Жаңабазарда — «Хабар», Жетісайда және Сарыағашта — Қазақ радиосы жұмыс істейді. Ташкентте, Сарыағашта орналасқан қондырғылардың көмегімен «Хабар», «Қазақстан» және «КТК» арналарының хабарларын көруге мүмкіндік туып отыр.

Мемлекеттік тіл және БАҚ

Тәуелсіздік алған тұстан бастап ресми биліктің ана тілімізге деген көзқарасы оң бағытта. Мемлекеттік тілге деген қажеттілік тәуелсіздігімізден бастау алып, заман талабына сай күннен күнге артып келеді. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында мемлекет тарапынан нормативті құқықтық актілер мен бағдарламалар қабылданып, түрлі іс шаралар атқарылуда.

Еліміздің 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясынан бастап 1997 жылғы 11 шілдедегі «Тіл туралы», 1999 жылғы 23 шілдедегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарының қолданысқа енуі мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, өрісін кеңейту үшін жасалған қадамдар болатын. Аталған заңдылықтарда мемлекеттік тілдің мәртебесіне үлкен мән беріліп, оның қолданылу аясын кеңейту жолдары ерекше қарастырылған.

Мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілінде таралатын бұқаралық ақпарат құралдарының саны тұрақты өсуде. Тәуелсіздік алған жылдары қазақ тілінде

шығатын газет журналдардың саны 25 ғана болса, қазір елімізде ана тілімізде 303 газет, 56 журнал жарық көреді және 4 электронды БАҚ өз хабарларын тек қазақ тілінде ұсынып келеді.

Қазақ тілінде ғана шығатын БАҚ-тың үлесі — 18 % құрайды. Өткен жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда қазақ тілінде хабар тарататын БАҚ-тың үлесі 6 %, орыс тілінде 12 %, қазақ және орыс тілдерінде — 11%, қазақ, орыс және басқа тілдерде хабар тарататын БАҚ үлесі — 22 %-ға артып отыр. «ҚазАқпарат» агенттігінің латын әрпімен таратылатын хабарларын әлемнің түкпір-түкпіріндегі қазақ диаспорасына жіберуге жақында мүмкіндік туды.

Бұдан басқа мемлекеттік тілде 4 электронды БАҚ эфирге шығады, ол қазіргі таңда жұмыс істеп жатқан қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының барлығының 1 пайызын ғана құрайды. «Сырым арнасы», «Дала дидары», «Көкжиек» (Батыс Қазақстан облысы) және «Күннар» (Солтүстік Қазақстан облысы) телестудиясының хабарлары мемлекеттік тілде ғана хабар таратады. Қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының анағұрлым көп бөлігі Алматы қаласында (35 %), Оңтүстік Қазақстан (22 %), Қызылорда облыстарында (13 %) орналасқан.

БАҚ-тың қоғамдық пайдалы қызметін орындау үшін тиімді экономикалық жағдайлар жасауға, сөз бостандығы мен бұқаралық ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған бұқаралық ақпарат құралдарын қолдаудың заңмен бекітілген әдістері де қолданылады. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі тарапынан ана тіліміздің қолданылу аясын кеңейту және мемлекетіміздің тіл саясатын іске асыру мақсатында жүйелі жұмыстар жасалып келеді. Министрлік жыл сайын мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметті мемлекеттік сатып алу бойынша ашық конкурс өткізіп, мемлекеттің тіл саясатын насихаттау үшін редакцияларға тапсырыс беріп отырады. Қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау, олардың санын ұлғайта отырып сапасын жақсарту тұрғысында да біршама ілгерілеу бар. Нақтырақ айтқанда, өткен жылы мемлекеттік тапсырыс негізінде республикалық 12 жетекші газет және 13 журнал мемлекет тарапынан қаржыландырылды. Биылда бұл көрсеткіш негізінен сақталып отыр. Осы орайда, олардың еншісіне барлық газет-журналдарға бөлінген қаржының 50 пайыздан астамы тиіп отырғанын айтқан жөн. 2004 жылы мерзімді басылымдарға 16 лот бойынша А2 форматына шақталған 2259 бетке тапсырыс берілді.

Нәтижесінде, тек соңғы екі жылда қазақ басылымдарының жалпы саны 80 пайызға өссе, оның ішінде газеттер 110, ал журналдар 20 пайыздан астамға артты. «Жалын», «Ара», «Таңшолпан» сынды танымал журналдар қайтадан жарыққа шықты. Қазақ басылымдарының тиражы да жылма жыл қарқынды түрде өсуде. Кейінгі екі жылда бұл көрсеткіш «Егемен Қазақстан» мен «Түркістан» газеттерінде екі есе, «Жас Алашта» — 76 пайызға, «Ана тілінде» — 70, «Қазақ әдебиетінде» — 25 және «Ұлан» балалар газетінде — 62 пайызға еселенді.

Айта кетер бір жайт, ҚР Ақпарат министрлігі 2002 жылы «Мемлекеттік тіл саясатын электронды БАҚ арқылы жүргізу» атты бюджеттік бағдарламасын дайындаған болатын. Жоғары техникалы әрі мазмұнды телевизиялық және радиобағдарламаларды мемлекеттік тілде шығаруды қаржыландыру, электронды бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттік тілді дамытуға қолдау жасау бағытын ұстанған бұл бағдарламаның негізгі мақсаты — аудиторияның мемлекеттік тілдегі ақпараттық-сараптама, білім беру, танымдық, мәдениеттану тұрғыдағы жоғары сапалы бағдарламаларға деген сұранысын қанағаттандыру болды. Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында министрлік 2003 жылдың басында екі ашық конкурс өткізді. Оған республикалық және аймақтық деңгейдегі 63 телерадио компаниялар қатысты. Нәтижесінде, 36 компания жеңімпаз атанып, бөлінген қаржыменен эфирге қазақ тілінде 112 телевизиялық, радио бағдарлама жарық көрді.

Бұл шаралар қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қазақ тілді көрермендердің сұранысын қанағаттандыру және ана тіліміздегі хабарлардың сапасын жақсарту үшін жасалынды. Нәтижесі жаман емес. Мазмұнды, ауқымы кең жобалар дүниеге келіп, көрермен көңілінен шығып үлгерді.

Үстіміздегі жылдың ақпан айында өткен 2004 жылы газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу байқауында бірқатар лоттар бойынша еліміздегі мемлекеттік емес телерадиокомпаниялар жеңімпаз атанды. Конкурса республиканың барлық өңірлерінен 51 телерадиокомпания қатысты. Конкурс нәтижесі бойынша 30 лот бойынша 25 өнім шығарушы — компания жеңімпаз деп танылды. Сатып алынатын бағдарламалардың жалпы ұзақтығы 2155 сағатты құрайды.

Жеңімпаз компаниялардың қатарында республикалық «31 арна», «Рахат-ТВ» республикалық телеканалдарын, «Русское радио», «ЕвропаН-Қазақстан» радиоккомпанияларын, «Шахар», «Южная столица Алматы», «Таң», «Қалкен –ТВ», «5 арна», «КТК-7», «Отырар», «Рика-ТВ» аймақтық компаниялары, «Тандем» радиосы (Атырау қ.), «Қостанай жаңалықтары», «Радио-7», «Рауан» және тағы басқаларын атауға болады.

Биылғы жылғы мемлекеттік тапсырысты орындайтын БАҚ-тарға толығырақ тоқталсақ:

- «31 канал» ТРК ЖШС – «Қазақстан-2030» Стратегиясының басым бағыттары аясында әлеуметтік-экономикалық реформалардың орындалу барысы туралы мемлекеттік тілде телевизиялық бағдарламалар шығару» лоты бойынша;

— «Рахат-ТД» ЖШС — «Қазақстан-2030» Стратегиясының басым бағыттары аясында қазақ тілінде әлеуметтік-экономикалық, мәдениет, білім беру мемлекеттік саясатының орындалу барысына арналған телевизиялық бағдарламалар шығару» лоты бойынша;

— «Шахар» ТРК ЖШС — «Музыкалық, әзіл, ойын-сауық телевизиялық бағдарламаларын шығару» лоты бойынша;

— «Таң» ТРК ЖШС — «Балаларға арналған мемлекеттік тілдегі музыкалық телевизиялық бағдарламаларын шығару» лоты бойынша;

— «Южная столица» ТРК ЖШС — «Алматы қаласының экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени өміріндегі оқиғалар жөнінде мемлекеттік тілде телевизиялық ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар шығару» лоты бойынша жеңіп алды.

Сондай-ақ, бұлардан басқа да теле-радио компаниялары «Қазақстан-2030» Стратегиясы басым бағыттарының аймақтық деңгейде орындалу барысы туралы», «Салауатты өмір сүрудің маңыздылығы, нашақорлықтың, темекі тартудың, алкоголизмнің зияндығы, СПИД жұқпалы аурудың алдын алу туралы», «Әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейту мәселелері, гендерлік теңдік, әйел проблематикасына арналған бағдарламалар», «Оқу-ағартушылық, танымдық бағдарламалар», «Әдеби-көркемдік хабарлар», «Спорттық (спортты және физикалық мәдениетті, отандық спорттағы жетістіктерді насихаттау) бағдарламалар», «Публицистикалық бағдарламалар», «Мемлекеттің экономикалық саясаты», «Шағын және орта бизнес туралы», «Қоғамдық-саяси, ақпараттық бағдарламалар», «Мемлекеттік тілді үйрету бағдарламалары» және жастар мен балалар тағы да басқа маңызды тақырыптар бойынша лоттарды жеңіп алды.

Мұның сыртында, «Мемлекеттік тіл саясатын жүргізу» бағдарламасы бойынша өткен 2003 жылы қазақ тілінде сапалы бағдарламалар жасау үшін 1 млн. доллар көлемінде қаржылай көмек 44 республикалық және аймақтық телерадио арналарына көрсетілді. 2004 жылға да аталмыш бюджеттік бағдарламаны қаржыландыруға мемлекеттен 150 млн. теңге бөлініп отырғанын ескерген жөн.

1999 жылдың 23 шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 3-бабы, 2-тармағында «Телерадио хабарларын тарату арналарының меншік нысандарына қарамастан, олар арқылы мемлекеттік тілдегі берілімдердің көлемі уақыты жағынан басқа тілдердегі берілімдердің жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс» деп атап көрсетілген.

Қолданысқа енген Заңның аталмыш талаптары алғашқы жылдары мемлекеттік емес телеарналар мен радиоларда өз деңгейінде орындалмағаны жасырын емес. Уақыт өте келе олар мемлекеттік тілді мойындап, қазақ тілді көрермендер мен тыңдармандарға арнап хабарлар шығара бастады.

2000жылға дейін «КТК» телеарнасында тек қана 10 минуттық «Күн дерек» апталық бағдарламасы тәулігіне бір рет беріліп, «Шарайна» апталық-сараптамалық бағдарламасы жетісіне бір рет, жексенбі күні эфирге шығатын еді. Қазақ тілінде бұдан басқа хабарлар болмады. Ал қазіргі таңда жаңалықтар тәулігіне 4 рет эфирге шығарылады. Публицистикалық «Ел-жұрт», «Қоғамдық қабылдау», музыкалық «Керуен сазы», «Аялдама», «Күнбағыс», «Қылмыс-ақпарат», «Дәмді және тез», «Шамшырақ» сияқты жаңа бағдарламалар дүниеге келді.

Десек те, бұл арнадағы қазақ тіліндегі дүниелердің шығармашылық деңгейі әлі де жетілдіруді қажетсінеді. «КТК» арнасында тек «Шарайна» ақпараттық-сараптама, «Ел-жұрт» публицистикалық, «Қоғамдық қабылдау» бағдарламалары ғана тұшымды ойлар айтып, өзекті мәселелер көтереді. Ал,

«Күнбағыс», «Аялдама сазды, ойын-сауық хабарларының деңгейі ойдағыдай емес. Оның мақсаты мен міндеті дұрыс айқындалмаған. Жеңіл әңгімеге құрылған бағдарламаның жүргізушілері де қазақ тілінің кейбір заңдылықтарын сақтамайды.

Аталмыш телеарнада қазақ тіліндегі танымдық бағдарламалары жоқтың қасы. Ондағы мемлекеттік тілдегі берілімдердің басым бөлігін қазақ әндері мен бейнеқордағы әзіл-сықақ отауларының бағдарламалары құрайды. Сондай-ақ, қайталаумен беріле беретін бұл хабарлар түнгі уақыттары көрсетіледі. Әрі қазақшаға аударылған кинолар көпшілік ұйқыға кеткенде жиі қайталаумен беретінді әдетке айналдырды.

Өкінішке орай, мұндай жағдай «НТК», «Таң» телеарналарында да орын алып отыр.

«31 каналдағы» ақпараттық бағдарлама «Информбюро» тәулігіне 4 рет ана тілімізде жаңалықтар таратады. Бұдан басқа «Ел сойыл» сараптамалық, «Еркін сөз» ток-шоу, «Темірқазық», «Ай өрнегі», «Білгенге маржан», «Білек пен жүрек», «Салауат» сияқты хабарлары бүгінде өз көрермендерін тапты.

Сондай-ақ, «Тәулік тынысы», «Апталық шолу», «Жұмадағы жүздесу», «Нұрнама», «Таңғы әуендер», «Ән көңілдің ажары», «Өнер әлемі», «Күнпарақ», «Жансарай», «Адам және Заң», «Денсаулық», «Атажұрт» атты қазақ тіліндегі бағдарламаларды апта бойына эфирден әдемі беріп, өз ойларын өзге әріптестерінен еркін, көсіле жеткізетін «Рахат» телеарнасы салмақтылықтары мен білімділіктерін танытып жатады.

Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта электронды ақпарат құралдарындағы тіл мәдениетінің сақталуы былай тұрсын, тілдік қолданыстардың өзі көңіл көншітпейді. Сондай-ақ, бірсыпыра телеарналардағы жүргізушілер қазақ тіліндегі дыбыс үндестігі заңдылығынан бейхабар. Сондықтан да, оларға қойылатын талап пен жүктелер міндетті әлі де жоғарылатып, күшейтуіміз керек.

Сонымен бірге, мемлекеттік емес орыс тілді телеарналар қазақ тілді қауымды алдаусыратып, түнгі сағат 1-ден бастап таңғы 5-6-ға дейін мемлекеттік тілдегі концерттік бағдарламалардың таспасын қайта айналдырумен шектеліп, Қазақстан Республикасының «БАҚ туралы» Заңындағы хабарлардың көлемі 50/50 пайыз болуы керек деген талапты мүлтіксіз орындадық деп отырған сыңайлы.

Бұл күндері жаңа әрі мазмұнды бағдарламалар тек «Қазақстан», «Хабар» телеарналарында ғана кездесетін секілді. Қазақ тілді көрермендердің талғамынан шығатын «Қазақстандағы» дүниелер тақырыбы, көркемдігі жағынан басқалардан оқ бойы озық тұр.

Ұлттық арна еліміздегі және шетелдердегі жаңалық-хабарларды, оқиғаларды көрермендеріне жедел жеткізіп қана қоймай, әр оқиғаға өзіндік талдау, зерттеу жүргізеді.

Ал «Хабар» арнасындағы «Азамат теледебаты және «XXI ғасырдың көшбасшысы» атты интеллектуалдық шоулары арқылы елімізде саналы да парасатты, білімді де зерделі жастарымыздың барына куә боламыз. Соңғы көрсетілген сынақ ойынында оқушы жастарға өздерін танытуына, білім

сайысында бақ сынасуларына мүмкіндік беріліп қана қоймай, жеңімпаздарға қаржылай сый жасалады. Осы жобалар жас көрермендердің білімін жетілдіруге, ой-көкжиегін кеңейтуге септігін тигізери айдан анық.

Осы салада атқарылып жатқан игі істер бұқаралық баспасөз ақпарат құралдарында тиісінше ақпараттық қолдау тауып, кеңінен насихатталып келеді. «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш», «Айқын», «Түркістан» газеттерінің беттерінде ана тілінің аясын ауқымды етуге бағытталған жұмыстар мен күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерге арналған материалдар жарияланды.

Мемлекеттік тіл саясатының насихатталуын тікелей жүзеге асыратын «Ана тілі» газеті қазақ тілінің өркендеуіне ерекше мән беріп, өзінің орасан зор үлесін қосып келеді. Аталмыш газет биыл Ақпарат министрлігінің мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметті мемлекеттік сатып алу бойынша өткізген ашық конкурсында «Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бойынша материалдар жариялау» 9-1 лоты бойынша жеңімпаз болып табылды. Осы қызметті іске асыру үшін жыл ағымында басылым А 3 форматымен 206 жол материал жариялауы тиіс. Ал министрлік тарапынан, оның орындалу барысы қадағаланып отырады.

Бұл басылымда жыл басынан бері жарияланған материалдарға шолу жасау кезінде байқалғаны жарияланымдардың көпшілігінде бүгінгі таңда қалыптасып отырған тіл ахуалының бірқатар күрделі жақтары қарастырылып, оны шешу жолдары ұсынылған. Сондай-ақ, Үкімет мүшелері мен Парламент депутаттарының, оқу орындары басшыларының және өзге де ведомство басшыларының сұхбаттары қазақ тілін көпшілік арасында негізгі тіл ретінде қолданылуына бағытталды. Аталған мақалалар мен сұхбаттар «Атаусөз өресінде», «Толғау тоқсан қызыл тіл», «Көкейкесті мәселе», «Тіл — қазына», «Сөзқамшы», «Көзқарас», «Көңілден шыққан көрікті сөз» атты айдарлар және «Тілге достың мұңы жоқ тілден басқа» арнайы бет бойынша ұйымдастырылды.

Жаңа тілдік оралымдар, жаңа сөздер мен терминдер көпшілікке көбіне ақпарат құралдары арқылы тарайтынын ескерсек, терминологияны қалыптастырудағы баспасөздің рөлі өзгеше болмақ. Бұл тұрғыда «Ана тілі» басылымында Мемлекеттік терминология комиссиясының бекіткен терминдері мен сөздері оқырмандар назарына тұрақты түрде ұсынылып келеді. Сонымен бірге, газет бетінде тіл саласындағы ғалымдардың ой-пікірлері жарияланып, әртүрлі келіспеушілікті шешу жолдары қарастырылды.

Халық даналығы: «Қол бастау оңай, сөз бастау қиын» дейді. Бұл — сөз қадірін ұғынудың, оның жауапкершілігін сезінудің жарқын үлгісі іспетті. Расында, бір ауыз сөзбен дүйім жұртты жұбатуға да, жылатуға да болады. Ендеше сөз мәдениетіне, сөйлеу мәдениетіне тұрақты көңіл бөлінсе керекті. Осы орайда термин мәселесі алдыңнан еріксіз шығары анық. Өйткені, термин тілді дамытудың негізгі тетігі болып табылады.

Терминдерді қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны ерекше десек әсте қателеспейміз. Расында, ақпарат құралдарының тілі

— сөздің ең ықпалды және беделді түрі ғана емес, сонымен қатар ол тілімізге деген оңтайлы қоғамдық көзқарас пен ахуалды қалыптастырудың бірден-бір құралы. Былайша айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарындағы тіл жағдайы — қоғамдағы тілдік ахуалдың басты анықтағышының бірі деуге толық негіз бар. Халық егер өткен ғасырдың ортасына дейін тілдің үлгісі ретінде көркем әдебиетке ғана иек артса, кейінгі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарына, оның ішінде, әсіресе, теледидар мен радио тілдеріне қарайтыны ешкімге кұпия емес. Сондықтан, телерадио тілі — халық арасында аса беделді тіл, онда айтылған сөз, жасыратыны жоқ, жұртшылықтың басым көпшілігі үшін сөздің дұрыс қолданылуының және айтылуының үлгісі ретінде қабылданады. Әрине, халықтың мұндай сенімі барлық ақпарат құралдарына үлкен міндет жүктейтіні анық.

Атқарылып жатқан шаралардың ақпарат тарату барысында БАҚ-тар тарапынан әдеби тіл қалыбын сақтауға ұмтылыс тудырып отырғанын атап өткен жөн. Қазақ тілінің құнарлы сөздерін қолдануда «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш», «Түркістан» тәрізді бірсыпыра республикалық басылымдардың ізденістері көңіл көншітерліктей. Мәселен, «Жас алаш» газеті — «Ұлт және тіл», «Пікір», «Егемен Қазақстан» — «Толғауы тоқсан қызыл тіл, «Ана тілі» — «Атау сөз өресінде», «Қазақ әдебиеті» — «Руханият» атты арнайы айдарлар ашып, онда терминология саласының өзекті мәселелері, тәжірбиелер мен түйткілдер, маман-ғалымдар мен оқырмандар ойлары тұрақты беріліп келеді. Сонымен қатар, республикалық басылымдарда Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік Терминология комиссиясы бекіткен терминдердің тізімі тұрақты түрде жарияланып келеді. Осы орайда, термин жасау барысында тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтардың орнымен жұмсалмайтыны, тіліміздің әр түрлі лексикалық қабаттарына жататын сөздердің ұтымды пайдаланылмайтыны, орашолақ аударма атауларының көптігі секілді кемшіліктердің бетін ашатын сыни тұрғыдағы түрлі мақалалардың да баспасөз бетінде жиі шығып жүргені туралы да айтқан жөн. Мысалы, осы жыл басынан бері «Жас алаш» газетінде жарық көрген «Қысқарған сөздеріміздің ғұмыры қысқа болмасын десек», «Қазақ әдебиеті» басылымындағы «Көркем аударма туралы», «Телерадио тілі — оңай шағылар жаңғақ емес», «Әкімшілік пе, әкімият па, әкімдік пе?» секілді мақалаларды солардың қатарына жатқызуға әбден болады. «Егемен Қазақстан» газетінде «Мемлекеттік тіл және термин» атты мақала жарыққа шықты. Онда министрліктердің жауапты қызметкерлері мен Парламент депутаттарының қатысуымен болған дөңгелек үстелде қазақ тілінің аясын одан әрі кеңейту жолдары ұсынылғаны әңгімеге арқау болды. Сонымен бірге, Қазақстандағы білім берудің 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасын талқылау кезінде мемлекеттік тілге ерекше мән берілу керектігі туралы мамандардың ойлары мен пікірлері оқырмандар назарына ұсынылды.

Республикалық электрондық бұқаралық ақпарат құралдары да қазақ тіліне, терминология ғылымына байланысты телехабарлар мен телеойындар көптеп ұйымдастырып жүр. Бұл тұрғыда, «Қазақстан» ұлттық телеарнасында

көрсетіліп жүрген «Алтын қақпа» лингвистикалық телеолимпиадасын атап өтуге болады. Өткен жылдың қыркүйек айында тұсауын кескен бағдарлама ойын барысында 150-ге тарта қазақтың көнерген сөзін жаңартып үлгерді. Сөйтіп, кезінде ұмыт болып кеткен қазақтың көне сөздерін халыққа қайтадан жеткізуді және насихаттауды мақсат тұтқан «Алтын қақпа» телеойыны қазір көрерменнің көзайымына айналып отыр. Сонымен бірге, осы телеарнаның «Бар мен жоқ» атты хабарында қазақ терминологиясында орын алып жүрген кемшіліктер, терминдердің қолданыстағы әркелкілігі, тілдік өлшемнің сақталмауы және өзге де келелі мәселелер оқтын-оқтын көтеріліп келеді. Осы бағытта «Хабар» арнасы да елеулі үлес қосуда. Термин саласындағы оң ізденістің бірі ретінде осы арнаның «Тіл» ток-шоу бағдарламасын, «Біздің көшенің тұрғындары», «Тілашар» хабарларын жатқызуға болады. Аталмыш хабарлардың тілімізді өзіне тән таза нәрімен қолдануға септігі мол болатынына еш күмән жоқ. Мұның сыртында, «Хабар» телеарнасындағы «Бетпе-бет», «Таразы», «XXI ғасыр көшбасшысы», «Ел арнаның» — «Ой таразы», «Қазақстан» ұлттық телеарнасының — «Мезгіл» ақпараттық-сараптама бағдарламалары, Қазақ радиосындағы «Біз қалай сөйлейміз», «Қазақ радиосының түсіндірме сөздігі» атты хабарлар да терминология саласында қордаланып қалған мәселелерді жиі көтере отырып этнографиялық және ұлттық танымға мұрындық болып отыр. Әрине, орындалған он шарадан, ойдағы он мың шараның орындалуына әлі де көп күш-жігер, уақыт қажет екені белгілі. Дегенмен, баспасөздің барлығы терминдердің дұрыс қолдануына бірдей жұмыс істеп жатыр деп айтуға негіз жоқ. Егер термин белгілі бір ғылым саласының шеңберінде, терминологиялық жүйенің өз ішінде ғана қолданылмай, бұқаралық ақпарат құралдарында да кең қолданыс тауып жатса, онда оның жұртшылық санасына тез сіңіп, қалыптасып кетуіне де мүмкіндік болады. Мәселен, *егемендік, елтаңба, әнұран* сөздерін бұқаралық ақпарат құралдары бірыңғай қолданғаннан олардың қалыптасу мерзімі ұзаққа созылған жоқ. Ал енді *отбасы, жанұя, үйелмен* сөздерінің әркелкі қолданылуы салдарынан қайсысының дұрыс, қайсысының бұрыс екендігіне көз жеткізу қиын. Сондай-ақ, кейбір облыстық басылымдарда «әкімдік» деп қолданылса, аудандық басылымдарда «әкімшілік», ал мемлекеттік емес деп айтылып жүрген кейбір басылымдарда «әкімият» деп жазылып жүр. Терминдерді осылайша жауапсыз қолдану тілімізге ала-құлалық әкеледі, қалыптасып келе жатқан бірізділікті бұзады.

Жалпы, тіл тазалығын сақтау тұрғысында ақпарат кеңістігінде көп кездесетін ортақ кемшіліктер деп мыналарды айтуға болар еді:

- Орфоэпикалық қателіктер: диалектикалық ерекшеліктерді қолдану, анық сөйлемей, асығып сөйлеу;
- Грамматикалық қателіктер: сөзді жіктеуде, географиялық атауларды, қосарланған сөздерді жазуда, тыныс белгілерін қолдануда кездесетін;
- Кеңсе тілінің жиі қолданылуы;
- Сөздіктің аз қоры, синонимдерді іздемеу, сөйтіп қайталауға ұрыну (тавтология);

- Бейәдеби сөздерді жөнді-жөнсіз қолдану немесе ретсіз тәржімелеу;
- Сөз мағынасын дәл бере алмау, сөз астарын аңғара бермеу. Яғни, бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе мемлекеттік емес

БАҚ-тарда, тілді дамыту, жаңа терминдерді одан әрі қалыптастыру мақсатында арнайы телехабарлар жасау, басылымдарда тұрақты айдарлар ашу мәселесі әлі күн тәртібінде тұр деген сөз. Шет елдер тәжірбиесінде, мысалы, Ресейде орыс тілін оқып үйренуге арналған 20 телерадио, ал Виноградов атындағы орыс тілі институты қасында БАҚ-тарда орыс тілінің қолданылуын тұрақты қарап отыратын комиссия бар. Сондықтан, бізге де жоғары талғамды қалам иелерін тәрбиелеу мақсатында журналистика факультеттерінде бұқаралық ақпарат тіліне мамандандыру, оқу-ғылыми орталықтарын ашу сияқты мәселе төңірегінде ізденістер қажет. Ақпарат министрлігі өз тарапынан мүдделес орындармен бірлесе отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінің қолданылуын зерделейтін тәуелсіз сараптау комиссиясын немесе арнайы кеңес құруға әзір. Ал, бұл жаңа құрылым, өз кезегінде, бұқаралық ақпарат құралдарына нақты ұсыныстармен шығып, оның қалай жүзеге асып жатқанын анықтап отырар еді. Бұл тілді жаңа технологияларда (Интернет, ақпаратты компьютерде сақтау мен тарату) қолдануға көмегі болары сөзсіз. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында тілдік ахуалды жақсарту үшін Ақпарат министрлігі мына мәселелерді тұрақты назарда ұстайтын болады:

- Электронды бұқаралық ақпарат құралдарында диалектика және дикция мәселелеріне байланысты орфоэпиялық сынақ жасау;
- Тілді білудің беделін көтеру мақсатында журналистер арасында байқаулар өткізу;
- БАҚ тілінің әдеби тіл қалыбына сай келуін сараптау, көрермендер мен тыңдаушылар, оқырмандардың қатысуымен тілдегі орашолақтыққа байланыста мониторинг жүргізу;
- Бұқаралық ақпарат құралдарында бейәдеби, бейәдеп сөздердің қолданылуына жол бермеу.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мен терминология саласындағы кемшіліктерді жою мақсатында төмендегідей бірқатар ұсыныстар берсек дейміз:

- ҚР Үкіметі жанынан тікелей мемлекеттік тілде заң жобаларын әзірлеу, нормативтік құқықтық актілерге талдау жасау жұмыстарымен айналысатын Орталық құру керек;
- ресми тілде әзірленген құжаттың міндетті түрде мемлекеттік тілдегі мәтіні болуы тиіс;
- мемлекеттік тілде құжат әзірлей алатын қызметкерлердің дәрежесін тексеріп, оларға моральдық-материалдық үстеме қосу;
- Қазақстан аумағындағы шетелдік компаниялардың мемлекеттік тілде іс жүргізуі, кадрларының мемлекеттік тілді білуі қажет;
- жоғары оқу орындарында мамандық түріне қарамастан баршасына мемлекеттік тілді үйрету.

Қараша 2004 жыл

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Белгілі саясаткер және дипломат, Қазақстан Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Свет и тень» («Күнгей және көлеңке») атты жаңа кітабы жарық көрді. Сиясы кеппеген осы туындының жақында ғана ресми таныстырылымы болып өтті. Бұл автордың өзі кітаптың алғысөзінде атап өткеніндей, бұдан бұрын орыс тілінде жарық көрген «Преодоление» («Беласу») атты еңбегінің заңды жалғасы іспетті. Аталған кітап біздің елімізде ғана емес, шетелдерде де жақсы бағаға ие болып, АҚШ-та, Ресейде, Сингапурде, Пәкістанда, Сауд Арабстанында, Қытайда, Түркияда, Ливанда, Болгарияда оқырмандарының қызығушылығын тудырған, саяси қайраткерлер пен дипломаттар тарапынан жақсы пікірлерге ие болған еді.

Соңғы жылдары еліміздің ішкі және сыртқы саясатының алуан кырлары, Қазақстан тәуелсіздігінің бедерлі тарихы жөнінде әдебиеттер көптеп шыға бастады. Алайда, олардың арасында Қазақстанның сыртқы саяси бағытының құрылу, даму және нығаюы тарихына арналған, көптеген фактілер мен құнды мәліметтерді бойына жинаған бұл еңбектің шоқтығы биік екені даусыз. Өйткені онда күрделі саяси проблемалардың бұрын-соңды қалың оқырманға онша белгілі болмаған астары, дипломатия ғылымының нәзік сырлары, тарихи оқиғаларға автордың өзіндік пікірлері мен пайым-парасаты шебер астасып, өрнекті тілмен қиюласқан. Өзі тікелей куәгер болған он бес жылға тарта кезеңнің оқиғаларын қорыту авторға да оңай соқпағаны белгілі.

Өйткені, Қ.Тоқаевтың жазып отырғаны бұдан пәлен уақыт бұрын өтіп кеткен бағзы замандардың оқиғасы емес, күні кеше-бүгіндері қоғамымыздың бастан кешіп отырған, жаңа тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихы. Кейбір деректер әлі де тарих тезіне түсе қоймаған, тарих өзінің бағасын толық беріп үлгермеген жайттар. Сондықтан да тәжірибелі саясаткер әрбір сөзін екшей отырып, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендік саясатының ұтымды тұстарына, оның жан-жақты халықаралық қызметіне, Қазақстанның халықаралық ұстанымын нығайту және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі тынымсыз да қажырлы еңбегіне баса назар аударады.

Қазақстандық және шетелдік жұртшылық егемендігіміздің тұғырын бекемдеп, Қазақстанның бүгінде экономикасы өрлеген, әлем таныған елге айналуы үшін Президентіміз қаншалықты күш-жігер жұмсағанын, мұның өзі қаншалықты сөзбен айтып жеткізуге болмайтын жанқиярлық еңбекпен келгенін білуі тиіс.

Бұрынғы кеңестік үлкен империяның қанатының астында болған еліміздің өз алдына дипломатиялық қызметі, халықаралық істерді дербес жүргізетін тәжірибесі де жоқ болатын. Сондықтан бәрін де басынан бастау қажет болды.

Осы жылдарда Қазақстан аяғынан тік тұрумен қатар, өзінің мойнына алған халықаралық міндеттемелердің маңызын түсініп, оны бұлжытпай орындай алатын ел екенін дәлелдей білді. Еліміз жаппай-қырып жоятын

ядролық арсеналдан ерікті түрде бас тартып, бейбітшілік сүйгіш саясатын әлемге мойындатты, алпауыт мемлекеттердің өзімен тізе қағыстырып, терезесі тең дәрежеде санасуына қол жеткізді. Осынау шын мәнінде тағдырлы шешім халықаралық қоғамдастық тарапынан бағаланып, Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшелері – АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Қытай және Франция тарапынан қауіпсіздік кепілдігіне ие болды. Әлемдік қоғамдастықтағы өзінің ұстанымын бекемдей түсуде, 14 мың шақырымға созылып жатқан бүкіл шекара сызығын анықтап, заңдастырудың өзі неге тұрады?! Бұрынғы кеңестік кезеңде одақтас республика ретінде шекара нобайы болғанмен, оның әрбір қарысына дейін ешкім өлшеп-пішіп көрмеген. Керек десеңіз, шекараның кейбір телімдері кезінде құжатталып, қағаз бетіне де түспеген болатын. Жер дауы ықылым заманнан бері талай патшалық пен мемлекеттің арасындағы қантөгіске айналған күрмеуі қиын мәселе болғаны тарихтан белгілі. Оның бәрінің тігісін жатқызып, шеше қою айтар ауызға ғана оңай. Бұл орайда да Президентіміздің сарабал саясаты ілкімділік көрсетіп, қиын түйіндерді орайымен шеше білді.

Барған сайын жаһандық әлемдік қоғам құрылысына кірігіп, барыс-келісті ұлғайтып, экономикасының түтінін түзу ұшырып, көршілес Ресей мен Қытай, бауырлас Орталық Азия, Таяу Шығыс, кәрі құрлық – Еуропа, сонау, мұхиттың арғы жағындағы Америка Құрама Штаттары сияқты елдермен қарым-қатынасын жолға қойды. Еуразияның кіндігіндегі геосаяси және географиялық жағдайын ұтымды пайдалана отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары кеңесі, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ықпалдастық ұйымы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық сияқты көптеген халықаралық қоғамдастықтарға мүше бола отырып, Қазақстан көптеген жаңа бастамаларға мұрындық болды.

Сөйтіп, сыртқы саясаттағы басымдықтарын айқындай отырып, еліміз 50-ден астам елде тұтастай және тиімді дипломатиялық инфрақұрылымын жолға қойды, соның ішінде 70-ке тарта шетелдік мекемелерін – елшіліктерін, халықаралық ұйымдардағы өкілдіктерін, бас консулдықтары мен дипломатиялық миссияларын құрды. Көп жылдар бойы еліміздің сыртқы саясат ведомствосын басқарып, осы іргелі шаралардың басын-қасында болған автор оқиғаны сырттан бақылаушы емес, оны бүге-шігесіне дейін білетін, тәжірибелі саясаткер ретінде әрбір оқиғаның тігісін жатқызып, оқырманға жарқын мысалдармен баяндайды. Бұл орайда табыс та, ұтылыс та, қуаныш пен күйініш те, үміт пен түңілу де болғаны сөзсіз. Біздің бүкіл өміріміз күнгей мен көлеңкелі сәттерден тұратыны сияқты, жақсы мен жаман қапталдаса жүретіні белгілі. Сондықтан да дипломатиялық қызметтің де кейде ымыраға келу, кейде өз ұстанымыңды дәлелдей білу, тіпті келіссөздер мен қарсы жақты көндіру, қысым мен дегенге көну сияқты түйткілдері жетерлік. Бұл орайда да ел тізгінін ұстаған Мемлекет басшысы қиядан жол тауып кетіп отырады, халқымыздың шешендігі мен дала дипломатиясының тамаша үлгілерін жақсы білетін сұңғыла кемеңгерлігі, көшелі парасат-пайымы арқылы қарсыластары ен әріптестерін де еріксіз тандандырып

отырады. Кітапта осындай ұрымтал тұстарды бедерлі баяндаған кестелі штрихтар, жарқын мысалдар аз емес.

Кітаптың алғашқы тарауы 2005 жылдың желтоқсанындағы президенттік сайлаудан кейін өткен Елбасыны ұлықтау салтанатын суреттеуден басталады. Қ.Тоқаев салғаннан-ақ президенттік сайлау тұсындағы әлемдік қоғамдастықтың бұл саяси оқиғаға көз тіккен сан алуан пікірлерін келтіре отырып, әсіресе, ұлықтау салтанатының халықаралық маңызына, Елбасымыздың әлем саясаткерлері алдындағы арта түскен беделіне қатысты оқиғаларды баяндайды. Бұл арада да автор осы оқиғаны әлемдік үдерістермен шендестіре суреттейді, ұлықтау салтанатына қатысқан мәртебелі қонақтардың көңіл-күйі, Астананың шытымыр аязымен тұспа-тұс келген ел өміріндегі сол тарихи оқиғаның тыныс-лебі кітаптан айқын аңғарылады.

Тағдыр Нұрсұлтан Назарбаевқа тұңғыш президент және қазіргі Қазақстанның негізін қалаушы болу бақытын маңдайына жазды. Елбасы республика тәуелсіздігін жариялаған сол кезеңде, елдің аты берілген қазақ ұлты бүкіл халықтың 40 пайыздан сәл астамын құрайтын, ал жас мемлекеттің экономикасы құлдырау шегіне жеткен болатын. Одақ кезінде бірыңғай шикізат базасы ғана болған, өнеркәсібінің үш те бір нұсқасы жоқ елдің өз алдына түтін түтетіп кететініне күмән келтіргендің қарасыны мол болатын. Алайда Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «әуелі – экономика, содан кейін – саясат» деген көрегендік ұстанымының, саяси кемел ойы мен күш-жігерінің арқасында Орталық Азиядағы көшбасшы тізгінін Қазақстан ұстады. Кітаптың «Президенттік дипломатия» атты үшінші тарауында Н.Назарбаевтың халықаралық саясаттағы көп қырлы қызметі суреттеледі. Шынын айту керек, Ресей иемденіп келген Байқоңырды өз иелігімізге алу, елдегі ядролық қару-жарақтардан құтылып, әлемдік державалар мен ұйымдардың кепілдігін алу сияқты шетін мәселелердің түйінін тарқату оңайға түскен жоқ. Қытаймен шекараны бөлісу де сонау Кеңес заманынан қалған ескі жараның аузын тырнап, сан құбылды. Соның бәрінде ұстамдылық пен парасаттылықты, кең ауқымда ойлайтын данагөйлікті, шалымды саясаткерлерлікті, мақтамен бауыздайтын шебер дипломатиямен шендестірген Н.Назарбаевтың қазығы берік парасатты ақыл-ойы жеңе білді. АҚШ Президенті Дж.Буш, ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао, Ресей президенті Владимир Путин сияқты мемлекет басшыларымен келіссөздерде болсын, халықаралық саммиттер мен басқосуларда болсын, айтар сөзін салмақтап, кеңінен толғайтын Елбасының сөзі көптеген жаһандық мәселелерде де жүйесін тауып отырды. Елін өрге сүйреп, өрісін кеңейткен, Сарыарқаның төсіне жаңа елордасын орнатқан Назарбаевты Ақ үй басшысы кіші Джордж Буштың Американың тұңғыш президенті Джордж Вашингтонға теңеуі тегін емес. Ал түрік ағайындар біздің Елбасымызды өздерінің ұлы көсемі Кемал Ататүрікпен шендестіреді. Мұндай жоғары баға мен әділетті мойындау бүгінде көпвекторлы саясатты орнықты жүргізіп отырған Қазақстан Президентінің әлемдік саясат кеңістігіндегі зор рөлін айқын дәлелдейді.

Еңбекте қазіргі заманның көрнекті саяси қайраткерлері – мемлекеттер және үкіметтер басшыларының, әлемдік қоғамдастықтың көптеген елдері жоғары лауазымды тұлғаларының көлемді, әрі жарқын суреттері галереясы жасалған. Әсіресе, Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан, Қытай Халық Республикасының төрағасы болған ірі қайраткер Цзян Цземин, Ресей Федерациясының тұңғыш президенті Борис Ельцин сияқты әлем сахнасында өз орны бар қайраткерлердің қоғамдық саяси бейнесіне арнайы тарау берілген. Бұдан басқа, Англияның бұрынғы премьері Тони Блэр, Сингапур экономикасының реформаторы Ли Куан Ю, көрнекті дипломаттар Колин Пауэлл, Евгений Примаков, Цзян Цзимэнь басқа да әлемдік деңгейдегі азулы тұлғалар жайлы әңгімелердің тағлымдық мәні зор.

Бір қарағанда, саяси кітапты, соның ішінде халықаралық дипломатия сияқты күрделі тақырыпты қамтыған кітапты оқу оңай емес. Бірақ автор саясаттың күрделі мәселелерін түсінікті тілмен, шебер кестелейді. Кітап бір демде оқылып, тарихи роман тәрізді қабылданады. Сөз арасында саяси мәселелерді баяндай отырып, автор ірі тұлғалардың адами келбетін, ізгі мұраттарын сәтті штрихтармен келісті кітап арқауына шебер жымдастыра білген. Бұл арада бұған дейін халықаралық қатынастар мәселелеріне арнаған 6 кітап жазып, баспасөз беттерінде көптеген мақалаларын жариялаған Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатия саласында ғана емес, саяси беллетристика саласында да тайпалған жүйріктей шебер жазушы деңгейіне көтерілгенін байқатады.

Жаңа кітаптың Астанада өткен таныстырылымында бұл еңбекті орта және жоғары оқу орындарында оқулық ретінде ұсыну жөнінде Білім және ғылым министрлігіне ұсыныс айтылды. Бұл да көңілге қонатын әңгіме.

Жалпы көпшілікке арналған жаңа туынды оқырмандардың сөзсіз қызығушылығын тудырары сөзсіз. «Астана полиграфия» баспаханасынан 10 мың дана таралыммен шыққан бұл кітап алдағы уақытта қазақ тілінде басылып шығарылмақшы.

Желтоқсан 2007 жыл

ІРГЕСІ БЕРІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ДОСТАСТЫҚ

Үстіміздегі жылғы қаңтардың соңын ала Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған парламенттік делегацияның ресми сапарын жазу үшін Қытай еліне жол жүретінім белгілі болған кезден бастап осы елге деген қызығушылығым артқаны жасырын емес. Аспан асты елі туралы деректерді іздестіріп, алып көршіміздің ішкі өмірінің қыр-сырымен тереңірек танысудың да сәті осы жолы түсті.

Таныс та беймәлім Қытай

Өркениет әлемінде 5000 жылдай тарихы бар Қытай біздің дәуірімізге дейінгі 221 жылы біріккен империя ретінде құрылып, ол 1911 жылға дейін императорлар басқаруында болып келді. Қытайлықтардан ұлы ақындар мен суретшілер және инженер мамандары көптеп шыққан. Әлемде тұңғыш қағаз ойлап тапқан да, кітап басып шығару ісін, оқ-дәрі және жібек өндірісін жолға қойған да, дүниежүзіне «фарфор» деген атпен әйгілі, аса бір үздік саналатын ыдысты өмірге әкелген де осылар екенін білгеніміз абзал.

Қазіргі Қытай Қиыр Шығыстағы адам саны 1 миллиард 300 миллионды құрайтын дүниежүзіндегі ең көп халқы бар, ал жер аумағы әлемдегі үшінші мемлекет болып табылатын ел. Әрбір оныншы қытайдың тоғызы «хань» атты халықтың өкілі болып келеді. Мұның сыртында тілдері, дәстүрлері немесе діни нанымдары бір-бірлерінен оқшаулау болып келетін елден астам өзге де халықтар бар. Бүгінгі күні жер шарындағы әрбір бесінші адам қытай тілінде сөйлейді және бұл үрдіс жылма-жыл жалғасуда. Қытайлықтарға түрлі діндер мен діни сенімдердің тигізер әсерлері де айтарлықтай. Мәселен, Конфуций әлеуметтік тәртіп пен ата дәстүріне сыйластық сенімін білдірсе, Дао ілімі адамдардың табиғатқа және үйлесімділікке деген сеніміне негізделген. Ал Будда ілімі болса Қытайға Индиядан келген. Осы үш дін ғасырлар бойы бір-біріне сіңісе келе адамдардың рухани өмірінің айнымас бөлігі болып үлгерді.

Қытай таулы және табиғаты аса қатаң шөлейтті аймақтарда орналасқан. Оның солтүстігін өте ұсақ құмдардың әсерінен суы сары түсті болып келетін Сары өзен немесе Хуанхэ өзені кесіп өтеді. Бұл аймақтың қысы өте суық, ал жазы жылы болып келеді. Мұнда аса ірі қалалар, оның ішінде Қытайдың бас қаласы Бейжің орналасқан. Бейжің қытай тілінен аударғанда «Солтүстік Астана» деген мағынаны білдіреді. Бүгінгі күні Бейжің 17 миллион халқы бар Қытайдың көне көрінісі мен жаңа сипаты тамаша үйлесімін тапқан нағыз осы заманғы қала. Бейжің 11 әкімшілік ауданнан және қала маңында орналасқан жеті уезден тұрады. Ол Қытайдың саяси және мәдени орталығы ғана емес, сонымен бірге халықаралық байланыстар орталығы екенін де атап өткен жөн. Қала көне шығыс мәдениетімен шетелдік туристердің зор қызығушылығын туғызып қана қоймай, оларды мұнда үздіксіз ағылтуға септігін тигізуде. Өз басым мұндағы зәулім ғимараттарға, әсем де жинақы гүлзарларға, кең де таза көшелерге, бір мезгілде бір миллион адамды сыйдырып жіберетін әлемдегі ең үлкен Тяньаньмень алаңына тәнті болдым. Бір айта кетерлігі, Бейжіңде соңғы жылдары бой көтерген әдемі үйлердің көбісін Гонконг пен Макаоға тұратын қытайлық миллиардерлер өз ақшаларына салып беріп отыр. Біздің қалталы азаматтарымыз үлгі алатындай игі іс. Қалада XIV ғасырдың сәулет үлгілерімен салынған көне құрылыс нысандары да жеткілікті. Мәселен, біз тоқтаған «Бейжің» қонақүйінің жоғарғы қабатынан қарағанда төбелері алтын толқындарды көзге елестетін Гугунды, яғни Аспан асты Императорлары сарайын солардың ең бір сүбелісі деуге тұрады. Жалпы бұл сарайдың Құпия Қала, Аспан Шіркеуі немесе Тяньтань деген өзге де атаулары бар. Бұл жерде «Тянь» сөзі көне қытай жұртының көк аспанға яки көк аспанды мекендейтін киелерге табынғанын білдірсе керек.

Негізінен бұл ел тарихы терең әрі тартымды қалаларға еш кенде емес. Солардың ішінде 2000 жылдық тарихы бар Гуанчжоу қаласын көру біздің еншімізге тиіпті. Гуанчжоу өзінің осынау ұзақ тарихының өн бойында ашық сауда қаласы ретінде қалыптасты. Бұған субтропикалық аумақта орналасқан қаланың жылдың қай мезгілі болмасын гүлдермен жасыл желектерге бөленіп тұратыны, ауа райының жанға жайлылығы, сондай-ақ оның қақ ортасынан ағып жатқан Чжуцзян өзенінің Оңтүстік Қытай теңізіне тіке барып құйылуы мейлінше әсері болды. Сөйтіп, бірнеше ғасырлар бұрын теңіз «Жібек Жолы» осы жерден бастау алды. Бүгін Гуанчжоу өзінің көтерме сауда орындарымен, арзан және сапалы тауарларымен, жыл сайын екі рет өткізілетін әйгілі сауда жәрмеңкелерімен туристерді мейлінше қызықтырып отыр. Қаланың тарихи-мәдени орындары да ешкімді бей-жай қалдырмасы анық. Қытайда өзінің сан алуан тарихи ескерткіштерімен ерекшеленіп тұрған бірден-бір қала Гуанчжоу болып табылады. Мұнда будда, мұсылман, католик діндерінің небір айтулы ескерткіштері және қолөнер жәдігерлері мейлінше сақталған. Мәселен, біздер 537 жылы салынып осы күнге дейін әрін жоғалтпаған Люжунсы Шіркеуін көрдік. Осы шіркеудің ішінде құдайға құлшылық жасайтын биіктігі 57 метр гүлмен өрнектеліп салынған арнайы орын бар. Будданың ең үлкен көне қола мүсіні де осы жерде. Сонымен бірге, 1636 жылы Мин династиясы кезінде Гуандун провинциясының 74 уезінде тұрған Чен отбасы әулеті қаражатына салынған Чен клан академиясында болудың сәті түсті. Академия қаланың батыс бөлігінде орналасқан, оның ауданы 13,2 мың шаршы метр болатын 19 ғимараттан тұрады. Бұл – дәстүрлі оңтүстікқытайлық сәулеттің үздік үлгісі және мұнда қолөнершілердің көптеген коллекциясы сақталған. Үкімет 1957 жылы академияны өз қорғауына алса, 1988 жылы Мемлекеттік Кеңес оны ҚХР тарихи ескерткіштерінің тізіміне енгізген көрінеді. Гуанчжоуда 2005 жылдан бастап биіктігі 610 метр болатын Қытайдағы ең үлкен телемұнара салынууда және ол 2010 жылы Азия ойындары қарсаңында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Мұнара күніне 10 мың туристке қаланы ең биік тұстан тамашалауға мүмкіндік беретін болады.

Аспан асты елінің сан ғасырлық шежіресінен сыр шерткенде тарихи тұлғаларды айналып өте алмайсың. Сонау императорлардан бастап бүгінгі көшбасшылардың түгел дерлігінің өткен тарихта өзіндік іздері бар. Оларға қазір тиісінше көңіл бөлініп отырғанын мен жоғарыда айтқан Императорлар сарайын аралағанда, кезінде күн көсем саналған Мао Цзедуннің мавзолейін көргенде, Қытайдың патриархы атанған Дэн Сяопинге деген жылы лебіздерді естігенде ерекше сезіндім. Қытайлықтардың, әсіресе, Дэн Сяопинге ықыласы бөтен-алаң. Оның себебі де жоқ емес. Дэн Сяопин Қытай реформаларының сәулетшісі ретінде мойындалған бірегей тұлға. Бірақ осынау жағдайға жету жолында Дэн Сяопин өмірдің бірталай қатал сынынан өтуіне мәжбүр болды. Біріншіден, ол Франциядағы «Пежо» зауытында қатардағы жұмыскер болып жүріп Қытай компартиясына 16 жасында кірген. Дәл сол жерде ол өмірдің капиталистік келбетін толығымен ұғынды. Одан кейін Қытайға қайта оралды. Өткен ғасырдың 40-шы жылдары Коминтерн бұйрығымен саяси қуғын-сүргінге ұшырады. 1966 жылы Мао Цзедунның бұйрығымен қайтадан қуғын-

сүргінге тап болды. Мао оны қытайлық Хрущев және бас ревизионист деп атады. Содан кейін Дэн Сяопин айдауға жіберілді. «Төрт қарақшы» кезеңінде ұзаққа болмаса да ол тағы да репрессияға шалынды. Қайтып келіп, ол бірден ашық есік саясатын жариялады. Сол кезде оның: «Мысықтың қандай түсті болғандығы маңызды емес, ең бастысы ол тышқан ұстаса болды» танымал нақылы дүниеге келді. Бірақ оған қарсыластар да болды. Солардың бірі Мао Цзедунның сенімді серігі болған, сондай-ақ Ұлы жорыққа қатысқан, қаржы министрі Уэнь Юн: «Қызғыш құс тек тордың арғы бетінде ғана жақсы ән салады», деп Дэн Сяопинге тойтарыс беруге әбден тырысқан. Қытайлықтар осылайша, өз елдерінің болашағы жайында дауласты. Аяғында Дэн Сяопин жеңді. Ол экспорттық аймақтар құрып, дұрыс заңдар қабылдау қажет, деді. Сөйтіп ол алысты тура болжай біліп, Қытайды дамуы жағынан әлемнің ең алдыңғы қатарына шығаруға көп еңбек сіңірді.

Ұлы Жібек жолымен

Әрине, осындай сан қатпарлы тарихы бар алып елмен етене араласуға, тату-тәтті өмір сүре отырып өзара тиімді байланыста болуға әркім мүдделі. Біздің жас тәуелсіз мемлекетіміз үшін жаратушының өзі көрші болуды нәсіп еткен Қытай елінің алар орны бөлек. Араға бес ғасыр салып қайта жаңғырған «Ұлы Жібек жолы» сан-салалы байланысымызды қалпына келтіріп қана қоймай, оларды барынша тереңдетуге зор мүмкіндік беріп отыр. Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған делегацияның осы бір ресми сапары соның айқын дәлелі іспетті. Енді бұл сапардан не күттік және не ұттық деген сауалдардың астарына үңіліп көрелік.

Астана қаласынан «Боинг» лайнерімен түске таман аттанған біздер бес сағат әуеде қалықтай ұшып екі сағаттық уақыт айырмашылығын есептегенде Бейжің әуежайына осы жер уақытымен кешкі 5-тен аса келіп қондық. Мұнда өңмеңіңнен өтетін қыстың қарсыз қара суығы бет қаратпайтындай екен. Бой тітіркеніп, бір сәт мазасыз күй кешіп қалғанымыз да жасырын емес. Алайда, табиғаттың бұл қатал мінезін қарсы алушы жақтың мейірімді де меймандос, ашық та жарқын көңілі, бізге деген ыстық ықыласы бір демде жуып-шайып жібергендей болды. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Қытай еліндегі елшісі Икрам Адырбеков мырзаға және елшіліктегі қыз-жігіттерге деген мол ризашылығымызды білдіре кеткеніміз жөн.

Ал Қытай тарапынан ресми сапардың өн бойында Қазақстанға арнайы көрсетілген қонақжайлылық пен зор ілтипат сайып келгенде шынайы саяси салмақтың елдің аумағының көлеміне немесе оның халқының санының азды-көптігіне байланысты емес екендігін анық көрсетіп берді. Мұндай ахуалға Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясаты арқылы қол жеткізіп отырғанымызды алып көршіміздің Бейжің, Гуанчжоу, Үрімші қалаларында болған ресми және биресми кездесулер барысында жоғары лауазым иелерінің әңгімелерінен айрықша байқадық та. Мәселен, Қытай Халық Республикасы төрағасы Ху Цзиньтао ҚР Парламент Сенатының спикері Қасым-Жомарт Тоқаевпен болған екеуара әңгімеде екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-

қатынастар құрылуының 16 жылы ішінде екіжақты байланыстардың терең әрі ойдағыдай дамып келе жатқандығын тілге тиек ете отырып, осы жылдары Қазақ елінде өзінің төрт рет болғанын, қазіргі кезеңде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевпен ынтымақтастықтың сапалы жаңа деңгейіне шыққанның мәлім етті. Халық Өкілдері Бүкілқытайлық Жиналысы Тұрақты Комитеті төрағасы У Банго болса бізді ежелгі достық байланыстырып отыр, жыл сайын өзара тиімді іс-шаралардың ауқымы кеңейіп келеді және осы жетістіктердің бәрі Президент Н.Назарбаевтың сіңірген жеке еңбегі деп санайтынын жеткізді. Ол сонымен қатар, Нұрсұлтан Әбішұлын қытайлықтардың аса құрметтейтінін және осы заманғы прагматикалық саяси көшбасшы деп танитынын айта келе, Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының даму келешегіне зор үмітпен қарайтынын жасырмады.

Әрине, қай заманда болмасын жеке адамдар және тұтас бір халық өзара араласып, бір-бірлерімен достық қарым-қатынаста болып, жақсылықтарымен бөлісе келе өзін байыту арқасында әлемді түрлендіруге ұмтылатыны белгілі. Тек осынау игі бастамалардың баянды болуы сол елдің басшыларына тікелей байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн тәрізді. Олай болса, Елбасымыздың және ол кісінің сенімді серіктерінің ел игілігі үшін бүгінгі жасап жатқан еңбектері ерен деп білгеніміз абзал. Бұл ретте, осы сапар барысында өзім куә болған сәттерді екшелей отырып Қасым-Жомарт Кемелұлының білімділігі мен парасаттылығына, ұшқыр ойлылығына, дипломатиялық тәсілдерді шебер меңгергендігіне мейлінше тәнті болғанымды айтқым келеді. Қытай Халық Республикасы Сыртқы істер министрлігі жанынан құрылған Халықаралық проблемалар институтында қытайлық белгілі дипломаттардың, саясаттану ғалымдарының және сарапшыларының алдында екі елдің арасындағы өзекті мәселелер төңірегінде Сенат төрағасы таза қазақ тілінде баяндама жасап, ана тіліміздің мерейін бір көтеріп тастаса, қытай тілінде қойылған сұрақтарға сол тілде мүдiрместен жауап беріп әккі саясаткерлерді риза етті. Мұнан кейін де әртүрлі деңгейдегі кездесулер барысында Қ.Тоқаевтың мерейі үнемі үстем болып жатқаны көңілге қуаныш ұялатты. Бір ғана мысал. Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының партком хатшысы Ван Лэцюанмен болған әңгіме барысында трансшекаралық өзендерді пайдалануға қатысты өзекті мәселе төңірегіндегі Қасым-Жомарт Тоқаевтың салиқалы да салмақты пікірлері ел мүддесіне сәйкес келетін шешімдер қабылдауға мүмкіндік туғызды.

Мінеки, осы іспеттес қарымды қадамдар түптеп келгенде екі елдің арасындағы байланыстарды барлық салалар бойынша жаңа сапалық деңгейге көтеруге септігін тигізуде. Айталық, Қазақстан мен Қытай жаһандық және аймақтық ұйымдар аясында бірлесіп жұмыс істеп, лаңкестікпен, экстремизм мен сепаратизм тәрізді алапатпен күресуде бірлескен іс-шаралар қабылдауда. Жан-жақты ынтымақтастықты нығайтуға Қазақстан мен Қытайдың Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) аясындағы бірлескен белсенді қызметі де сеп болып отыр. Жалпы, бүгінде «ШЫҰ факторы» - еуразиялық кеңістіктегі орнықтылықтың маңызды элементі деп айтуға толық негіз бар. Сондай-ақ, бұл тұрғыда Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес те өзінің оң ықпалын тигізуде.

Өзара ынтымақтықты нығайтуға екі елдің парламентшілері де өз үлестерін қосуда. Осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында қазір осы жылы Қазақстанда өтетін ШЫҰ елдері парламент басшыларының екінші кездесуінің мерзімі мен күн тәртібі келісіліп жатқаны белгілі болып отыр. Екі елдің сауда-экономикалық қатынастары жыл өткен сайын қомақтала түсуде. Өзара тауар айналымының көлемі бойынша Қазақстан Қытайдың сыртқы саудасында Орталық Азия мен Шығыс Еуропа елдерінің арасында Ресейден кейін екінші орында тұр.

Алдағы жазда Бейжіңде өтетін олимпиада да екі елді ынтымақтастыққа жетелейтін бірден-бір іс-шара деуге толық негіз бар десек қателеспейміз. Қазақстанның олимпиада алауы аумағынан өтетін мемлекеттер тізіміне енгені өз алдына, біздің еліміз Қытай елінің қалауы бойынша олимпиадалық Бейжіңге алау тапсыратын алғашқы бекет болып отыр. Бұл оқиға осы жылғы сәуірде болмақшы және бұл бүкіл халықаралық қауымдастық үшін маңызды шара болып есептелінбекші. Тағы бір назар аударарлық нәрсе, ол болашақ олимпиаданың Қазақстан мен Қытай жастары мен балаларының арасындағы өзара түсіністікті тереңдетуге және достық қарым-қатынасты нығайтуға игілікті ықпал етуіне саяды. Мәселен, қазақ тарихын, салт-дәстүрін, тілін тереңдете оқып жүрген Қытайдың атақты «Цяньмень» шет тілдер мектебінің оқушылары жазғы олимпиада ойындары кезінде қазақстандық құрамалар қатыстатын барлық жарыстарды тамашалап, оларға жанкүйер болады.

Руханият кеңістігіндегі үндестік

Көңілге медет болатын енді бір үлкен дүние, ол мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы айтарлықтай оң өзгерістер дер едік. Бүгінгі күні Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанынан Конфуция Институты ашылып екі елдің мәдени де рухани игілігіне арналған жұмыстар легі қолға алына басталды. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы тарапынан соңғы төрт-бес жыл көлемінде «Шетелдегі қазақтар» айдарымен 20-ға жуық кітаптар жарық көрсе, олардың ішінде Қытайдағы қандастарымыздың өмірлері жәйлі кітаптардың үлестері айтарлықтай. Мәселен, атақты Қажығұмырдың «Пана» романы, Сұлтан Жанболаттың «Елжау Күнби», «Қытайдағы қазақтар», Су Бихай деген қытай ғалымының «Қазақстан мәдениетінің тарихы» атты күрделі еңбегі жарық көріп, олар жер-жерге тегін таратылды. Осы ретте, Су Бихай туралы айта кетсек, ол өмір бойы қазақтың тарихын зерттеген ғалым. Қайтыс боларынан екі-үш жылдай бұрын төрт томдық «Қазақ тарихы» деген еңбегін қытай тілінде басып шығарып: «осы еңбегімді Қазақстанға жеткізіңіздер», деп өсиет ретінде айтып кеткен екен. Қазір оны оң шешудің жолы іздестірілуде. Қауымдастық сондай-ақ белгілі әншіміз Майра Мұхамедқызының әкесі Әбдіқадыр ақсақалдың Қытайдағы қазақ композиторларының нотаға түсірілген, тарихы мен аннотациялары жазылған жүзге жуық әндерін қамтитын бір томдық кітабын шығаруды қолға алып отыр. Қытайдан келген белгілі ғалым

Оразымбай деген ақсақалдың Қытайдағы қазақ фольклорының отыз томдығын шығару да күн тәртібінде.

Мұндай үрдістерді біз Үрімші қаласында қазақ халқының тарихы жайында мұрағаттық материалдар жинаумен айналысатын ғалымдармен кездесу барысында мейлінше аңғардық. Кездесуге қатысқан Қытайдағы қазақ ғалымдары, баспагерлері Гүлбахар Нығмет, Жақып Мырзақан, Шадыман Ахметұлы, Шәріпхан Әбдәлиұлы, Әкімбай Жапарұлы, Қабден Қадірұлы, Кәкеш Қайыржанұлы, Әбділдабек Ақыштайұлы, қытай зиялылары У Фухуан, Мяо Пушен, Тянь Вейцзян бірқатар ойларын ортаға салды. Атап айтқанда, олар өз зерттеулерін екі басты бағыт бойынша жүргізіп келе жатқандығынан хабардар етті. Оның біріншісі, қазақ халқы тарихы жайындағы мұрағаттық материалдарды жинап, оларды қазақ тіліне аудару болса, екіншісі, қазақ халқы мен Қазақстан тарихын зерттеулердің нәтижелері негізінде кітаптар шығару. Қазір Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының тарихын зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мұның өзі 14 томды құрап, алты миллионнан астам иероглифтен тұратын мол дүние екендігін ескерсек, оған екі ел ғалымдары мен үкіметтері күш-жігерін біріктіру қажеттілігі сұранып-ақ тұр.

Қазақ әдебиетін, сондай-ақ қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеу саласында да біраз жұмыстар атқарылуда. Қытай тарапынан берілген мемлекеттік тапсырыс шеңберінде он жыл бойы «Бүгінгінің жиырма алты тарихы» тақырыбында ғылыми-іздістіру жұмыстары бойынша зерттеулер жүргізілуде. Мұның сыртында, «Қазақ мәдениетінің айдыны» атты 4 томдық кітап жарық көріп, «Қазақстанның және басқа да Орталық Азия елдерінің тарихы» атты еңбек басып шығарылды. Кейінгі кезде Үрімшіде «Ежелгі Үйсін елі» және «Ұлы Түрік қағанаты» атты екі көлемді кітап, Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының Қоғамдық ғылымдар академиясының профессоры Ж.Мырзақан бастаған ғылыми топ «Чжуңго жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атты бес томдық еңбектің алғашқы екі кітабын жарыққа шығарды.

Бүгінгі күндері Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының Қоғамдық ғылымдар академиясының ғалымдары Аспанасты елінің іргелі классикалық әдебиетін қазақ тіліне аударуға кіріскендігін және олардың бұл жәдігерлерді ежелгі қытай тілінен қазақ тіліне толық аударып шыққанын атап өткен жөн. Бұл іске әлемде ешкім бұрын-соңды кіріспегендігін есепке алсақ, атқарылған еңбектің үлкен жетістік екендігін мойындамасқа болмайды.

Пікір алмасу үдерісінде қытайлық ғалымдар тәрпынан жеке арнайы бағдарлама қабылдаудың маңыздылығы атап өтілді. Олардың ойынша мұндай шешім жоспарлы негізде бірлескен ғылыми жұмыс жүргізуде ғана емес, сондай-ақ қаржыландыру мәселелерін шешуде де елеулі рөл атқарар еді. Ал, сенатор Ғарифолла Есім болса Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының Қоғамдық ғылымдар академиясы мен Қазақстанның Шығыстану, Әдебиет және өнер, Археология, Тарих және этнография, Тіл институттары арасында неғұрлым тығыз байланыс орнату керек деген ойын ортаға салды. Қазақстан Республикасының Қытай еліндегі елшісі Икрам Адырбеков өз кезегінде бұл мәселе төңірегінде Елбасы Н.Назарбаевтың тікелей

тапсырмасы барын және соған орай нақты істерді жүзеге асыруға елшіліктің мұрындық болатынын ескертті. Осынау пайдалы бас қосуды қортындылаған Парламент Сенатының спикері Қасым-Жомарт Тоқаев осындай мүмкіндік туғызып отырған Қытай басшылығы мен Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданы Үкіметіне алғысын білдіріп, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың кезінде қазақ халқы тарихын тікелей Қытайда, қытайлық ғалымдармен ынтымақтаса отырып, оның көпғасырлық мұрағатын зерттеу жөнінде нақты тапсырмалар бергендігіне назар аудартты. Осыған орай аталмыш бағыттағы жұмысты жандандыру қажеттігін атай отырып, Қ-Ж.Тоқаев қазақстандық тараптың «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясында да, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанындағы Конфуция Институты желісі бойынша да бірлескен жұмыстарға дайын екендігін мәлімдеді.

Сөз соңы немесе үлгілі істі үлгі ете алсақ

Шет елдерде болған сәттерде сол елдердің жақсы жақтарына көбірек үңілесің. Соларды шамаң келгенше зерттеп біліп елге жеткізгің келіп тұрады. Себебі, осы бір дүниелер кейіннен туған еліміздің игілігіне жараса екен деген пейіліміз де жоқ емес. Мәселен, Испанияның Барселона қаласында мына бір ұлағатты іс мені елең еткізіп еді. Бір қызығы менің осы тұрғыдағы айтпақшы ойымды таяуда республикалық «Нұр-Астана» газетіне сұхбат берген елімізге белгілі суретші Ерболат Төлепбаев тамаша айтып жеткізіпті. Ол былайша ой қорытады. Жүз жыл бұрын Испанияда Гауди деген сәулетші өмір сүрген. Сол сәулетшіні мемлекет елеп-ескеріп, ақшасын беріп қалауынша үй салғызды. Оның салып жатқан үйіне керек дегеннің бәрін тауып берді. Гауди үкіметтің ақшасына өзінің ойындағы үйін салды. Ал, қазір қарасаңыз, Барселонаға жыл сайын «Гаудидің үйін көреміз» деп 40 миллион турист келеді. Оның үйін көрсету үшін мемлекет жан басынан 17 еуродан ақы алады. Сонда Гаудидің бір ғасыр бұрынғы туындысы қазір жыл сайын 60 миллион пайда түсіреді. Міне, өнерді қолдаудан ешқашан мемлекет ұтылмайтындығын осыдан аңғару қиын емес.

Ал, Қытайда жүріп мен мынаған таң қалдым. Кабельді жүйедегі жұмыс істейтін теледидардың 60-қа жуық арнасының қайсысында болмасын атысшабысты көрсетіп жатқан қым-қуат телебағдарламалар жоқ. Тіпті, SNN, BBC арналарындағы хабарлар негізінен жаңалықтарға құралған. Сөйтіп хабарлар тек жақсы өмір сүруді насихаттайды. Сосын басқаларға ой түсіретін жеке тәжірбиелер мен жетістіктерді көрсетеді. Және бұл ахуал Азиядағы елдердің біразына тән деуге болады. Тағы Е.Төлепбаевтың Жапония елінен келтірген бір мысалына жүгінсек. Ол теледидардан теміржол бойында небәрі 8 шаршы метр жерде құрқылтайдың ұясындай баспанада тұратын жапондықтың жеке жетістігін көрсеткенде таң қалғандығын жасырмайды. Оның сыры мынаған саяды. Көсіліп жатса, аяғы сыртқа шығып қалатын мекенінде жапондық үйін еденнен төмен қарай қазады. Күнделікті теміржолдағы жұмыстан кейін үйіне келіп қазған тура үш қап топырағын үш жыл бойы арнайы орынға тасып

отырады. Санап жіберсең осы уақыт ішінде ол тура 3285 қап шығарыпты. Сонымен жер астынан алты қабат тік қуыс қазған жапондық оған жарық пен жылу тартады. Желдеткіш қондырғылар орнатады. Ақыр аяғында пәленбай қатар сөрелер жасап, саңырауқұлақтар өсіріпті. Одан күн сайын көшені жағалай орналасқан ресторандарға саңырауқұлағын өткізіп, өзі теміржолдағы жұмысына баратын көрінеді. Міне, теледидарда осыны жалықпай насихаттау үрдісі орын алған.

Мына бір жағдай да ойлантарлық. Күн сайын таңғы алтыда және кешкі сағат сегізде Қытайдың жүрегі саналатын ең басты Тяньаньмэнь алаңына сан мыңдаған адамдар жиналып Қытай Халық Республикасының мемлекеттік жалауын салтанатты түрде көтеру және түсіру рәсімін тамашалайды. Мұның өзі өскелең ұрпақты патриоттық сезімге тәрбиелейтін бірден-бір құрал екені дау туғызбас шындық. Және бұл әбден қалыптасқан дәстүр, сондықтан ол ешқашан бұзылуға тиіс емес.

Біз де осындай жақсылықтарға бет алсақ ғанибет болар еді.

Наурыз 2008 жыл

ТАҒЛЫМДЫ ДА ТАРТЫМДЫ ТУЫНДЫ

«Бал бөбекке бәсіре». Мен үшін аты тосындау осы кітап қолыма тиген тұста ерекше күй кешкенімді жасырғым келмейді. Ең алдымен осы кітаптың авторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Нұрлан Қалқаны жақсы білетіндіктен, оның бұл тіршілігі, әрине, мені қуантты. Осыдан он жыл бұрын сол кездегі Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде бірге жұмыс бастаған Нұрлан қазіргі күндері Қазақстан Республикасы Үкіметінде жауапты қызметкер.

Ол тек қызмет тұрғысынан өсіп қоймай, өз шығармашылығымен де алдыңғы қатардан көрініп келе жатқаны, сөз жоқ, барынша құптарлық дүние. Бұған дейін оның өлеңдерінің бір үзігі Қазақстан жас ақындарының анталогиясына енсе, енді бір дүрмегі республикалық газет және журналдар бетінде тұрақты жарияланып келеді. Мұның сыртында оның өлеңдер жинағы өз алдына жеке кітаптар болып та шығып жатыр. Соның бір жарқын көрінісі біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған кітап. Тек бұл кітаптың оның өзге шығармаларынан айырмашылығы сол, мұнда ұрпақ қамын ойлаған ұлт зиялылары мен балалар әдебиетімен ежелден етене айналысып жүрген ақын-жазушылардың еңбектері бір жерге ұтымды жинақталған.

Менің ойымша, аталмыш кітап көптің көңіліне дөп келетін шығарма. Оған негіз де жоқ емес. Өз басым осы уақытқа дейін мектепалды дайындық топтары мен бастауыш сынып оқушыларының ұғымына лайықталған және де бір жерге топтастыра отырып жазылған өлеңдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, нотаға түсірілген жаңа әндер жинағын кездестірген емеспін. Сондықтан да әр баланың ой-қиялына арналып жазылған бұл кітаппен танысқан және мұқият оқыған жасөспірім яки оқушы нақты рухани байлыққа, орны бөлек қымбат

казынаға тап болғандай шаттанатынына, көңілі қуанышқа кенелетініне кәміл сенемін. Тілі жеңіл осынау бір өміршең шығарманың балалар санасына нұр сәуле болып құйылып, олардың жүректерін ойлы сезімге бөлейтініне де еш күмәнсізбін. Керек десеңіз, балаларды тәуелсіз Отанымызды сүюге баулуға, сондай-ақ, егемендік, ел, жер, достық, ата-ана тәрізді қастерлі ұғымдардың мән-мағынасын жете түсініп, зерделеріне тоқып алуға да бұл кітаптың әсері мол болары сөзсіз. Сәл бұрын айтылғандай, Нұрланның бұл еңбегіне менің көңілімнің хош болуының сыры да осында жатса керек.

Кітаптың мұқабасы жұқа болғанымен, оның ішкі дүниелерінің салмағы һәм қалыңдығы қырық атан түйеге жүк боларлықтай. Осы орайда, Жүсіпбек Аймауытовтың «Тәрбие» атты еңбегінде келтірілген мына бір сөздерге назар аударар кетсек: «Рум халқын атақты, күшті қылған кім? Тәрбие. Ескендірді данышпан хәкім қылған кім? Аристотельдің тәрбиесі. Неронды залым қылған кім? Философ Сенеканың қате тәрбиесі. Неміс жұртының ұлтшылдық, бірлікшілдігі неден? Тәрбиенің қуаты. Адамды бұзатын да, түзейтін де тәрбие». Сөз етіп отырған «Бал бөбекке бәсіре» мән-мазмұны жағынан нақ осындай мәністі. Оның жеті тарауында да, сол тараудың ішкі тақырыптары мен мазмұндарында да бірінші кезекте бала тәрбиесіне жете көңіл бөлінгені барынша байқалады және сол тәрбиенің жан-жақты қырының ауыр жүгін бұл кітап толықтай арқалап тұр. Енді осыларға нақтырақ тоқталайық.

Кітап ұлы Абайдың: «Әсемпаз болма әрнеге,/Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге,/Кетігін тап та, бар, қалан!», - деген өлең шумағын эпиграф ретінде алып, ә дегеннен баланы асқақ армандарға жетелейді. Оның сегіз бөлімнен тұратын «Өлеңдер» деп аталатын бірінші тарауында Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мұқағали Мақатаев, Мариям Хакімжанова, Фариза Оңғарсынова тәрізді қазақтың кешегі және бүгінгі ақиық ақындары өз өлеңдерімен жас ұрпақты отансүйгіштікке, білікті әрі іскер болуға, еңбекқорлыққа, адалдыққа үндейді. Мәселен, «Ұланымын Отанның» бөлімінде туған жердің қадір-қасиеті өлеңмен әдемі өрнектеліп беріліп, отанды сүю отбасынан басталатыны туралы баланың тұла бойына сіңірілсе, «Ана тілің –ертеңің» атты бөлімде қазақ тілін қастерлеу қажеттілігі ұлт үшін ең маңызды мәселе екендігіне өскелең ұрпақтың назарын аударады. «Біз - өнерлі боламыз», «Жыл мезгілдері», «Түліктер жыры» бөлімдерінде жинақталған өлеңдер тізбегі балабақшалар мен мектептерде ұлттық ділі берік сақталған, отаншылдық рухы кемел жастарымызды тәрбиелеуге де оң ықпал етері анық. Ал «Би билейміз, ән салып...» атты бөлімде көтеріңкі көңілмен жазылған ән-жырлармен қауыша келе жас жеткіншектер Жаңа жыл, Наурыз мейрамы, Отан қорғаушылар күні, Республика күні, Тәуелсіздік күні сияқты еліміздің негізгі мерекелерімен де етене танысып қана қоймай, олардың қадір қасиетін ерекше түйсінуге толық мүмкіндік алады.

Қазақ халқының адами ресурстарының сапалы болуы ел тәуелсіздігінің кепілі десек, саналы ұрпақ тәрбиелеу мәселесі күн тәртібінен түспеуі қажет. Осы тұрғыдан келгенде де біз әңгіме етіп отырған кітаптың берері жетерлік. Атап айтқанда, кітаптың «Әріптер әлемі», «Санамақтар», «Жаңылтпаштар», «Жұмбақтар» атты тараулары баланың сауатты да салиқалы ойлау жүйесін

ертрек қалыптастыруға арналған. Бұл ретте, кішкене бөбектерге әріптерді үйрету мақсатында Нұрланның бар ынтасымен, шын жүрегімен жазылған әліппе-өлеңі ұтымды туынды есебінде бағалануға әбден лайық. Сондай-ақ, балалар әдебиетінің ақсақалы Мұзафар Әлімбаевтың өлең түрінде жазылған жұмбақтары мен жаңылтпаштары, Өтепберген Ақыпбекұлының «Ойлан тап» топтамасы бойынша дайындалған логогрифтері, шарадалары, анаграммалары балалар үшін таптырмас құндылық.

Ұлттық мектептерде әлі күнге дейін өгейсіген бір пән бар. Ол - ән-күй. Таяуда белгілі қаламгер Қали Сәрсенбайдың «Сөз сәулесі» деген атпен жариялаған ой-толғамдарын оқыған едім. Ол Балтық жағалауы елдерінің бірінде «Халық әні» деген ескерткіш бар екенін жазыпты. Сондай-ақ, бұл өңірдің мектептерінде ұлттық театрлану пәні жүріп, әрбір отбасы «Театр» журналын жаздырып алатынын айтсақ, біздің бүгінгі тірлігіміз соның мысқалына татымайтынын мойындағанмыз жөн. Осы олқылықтың орнын толтырмаса да, әнге көңіл бөлу керек екендігін біз әңгіме етіп отырған кітаппен танысқан көзі қарақты оқырман келісетіне еш күмән жоқ. Аталмыш кітаптағы нотасымен қоса беріліп отырған жаңа әндер сайып келгенде жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып қана қоймай, оның танымдық дүниесінің көкжиегінің кеңейе түсуіне оң әсері болары хақ. Ән сонымен қатар, әсіресе өзге ұлт өкілдері мен тіл білмейтіндер үшін, қазақ тілін тез меңгерудің бірден-бір төте жолы екендігін де ұмытпағанымыз абзал.

Әрине, шағын мақалада бұл кітапты толық саралап шығу мүмкін емес. Дегенмен, бір нәрсе айқын. Елімізде мектеп оқулықтарының сапасы сын көтермейтіні біраздан бері өзекті тақырыпқа тамызық болып жүргенін ескерсек, Нұрлан Қалқаның осы бір еңбегі назар аударарлық дүние деуге әбден негіз бар. Балабақша мен мектепалды топтардың тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдеріне қосымша оқу құралы ретінде бұл кітап оларға көп көмек болар еді. Ал, әзірше «Бал бөбекке бәсіре» кітабы Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасының қолдауымен «Зерде» орталығының баспаханасынан 1000 данаман ғана басылып шығарылып отыр.

Шілде 2008 жыл

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ӨНЕРКӘСІПТІ ЕЛДЕРГЕ КӨШБАСШЫ БОЛА АЛАДЫ

Кімнің болса да басы артық заты жоқ, бәрі өз ретімен жайғасқан, барынша адамның игілігіне бейімделген жәйлі үйде тұрғысы келеді. Дегенмен жұрттың бәрі мұндай мамыражай тұрмыс кешуге икемді емес. Өйткені, ол табиғи дарындылықты және көп нәрсені үйреніп игеруді қажет етеді. Сондықтан, ежелгі гректер мұны «экономика», яғни үйді, шаруашылықты басқару өнері деп таныған.

Осы ретте Қазақстанды әлемнің басқа мемлекеттерінен ерекшелендіріп тұрған бір тұс бар. Ол Қазақстан экономикасының тиісті дәрежеде сауатты құрылғаны және кез келген сынаққа төтеп беруге қабілеттілігі өте жоғары

екендігі жөніндегі бірқатар әлемдік халықаралық институттардың беріп отырған бағасы. Жақында ғана республиканың бұқаралық ақпарат құралдары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Үкіметтің дағдарысқа қарсы бастамаларын әлемдік зияткер қауымның жоғары бағалап, біздің мемлекетімізді бұрынғы кеңестік кеңістіктегі болашақ неғұрлым ықтимал қаржы орталығы ретінде қабылдап отырғанын жазды. Мәселен, Ресейдің «Дағдарыстан кейінгі әлем институты» қоры әлемнің 51 елінің 223 сарапшысының сауалдамасына сілтеме жасай отырып, Қазақстанның бүгінде дағдарыстан кейінгі әлемдегі «жаңа басты кейіпкерге» айнала бастағанын ескертеді.

Бұл кездейсоқ емес. Біздің еліміз ТМД-да ең алғашқылардың қатарында дағдарысқа қарсы бағдарлама қабылдап қана қоймай, оны жүзеге асыруға барынша мол қаржы салды. Міне осындай нағыз шешуші тұста кезінде жинақталған қаржының көмегі тиді. Соның арқасында Қазақстан дағдарыс ауыртпалығын аса сезіне қойған жоқ. Қазір белгілі болып отырғандай, әлемде 50 мемлекет банкроттық шегіне жетсе, енді бірқатары банкротқа ұшырады. Қазақстанның болашақта аймақтық қаржы орталығына айналу мүмкіндігіне мына бір факторлардың да елеулі әсер еткені анық. Біріншіден – Президент Н.Назарбаевтың әлемдік қаржы жүйесін реформалау туралы бастамасы. Екіншіден – біздің 2007-2009 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы саясатымыздың табыстары. Үшіншіден – Қазақстанның Халықаралық валюта қорына тәуелді еместігі. Төртіншіден – Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының бейбіт доктринасы мен көпбағыттылығы.

Бір сөзбен айтқанда, қазір біздің еліміздің жаңа өнеркәсіпті елдердің көшбасшысы болуына толық мүмкіндігі бар. Осы бір ахуалды ескере отырып Қазақстан экономикалық ресурстардан инновациялық экономикаға көшуге бет бұруда. Нақты іс-қимылдар да жоқ емес. «Жаңа индустрияландыру» президенттік бағдарламасы соның бір куәсі іспетті. Жаңа индустрияландыру саясатының ерекшелігі сол, ол бірден-бір инновациялық бағытта өрбиді, ал бұл ел экономикасын жалпы әлемдік тұрақсыздық жағдайында шапшаңырақ қалпына келтіруге игілікті ықпал ететін болады. Оған мына мысалдар куә. 2008 жылы республиканың барлық аймақтарында қаржыландырудың барша көздері есебінен 246 млрд. теңгенің 154 инвестициялық жоба пайдалануға берілді. Іске қосылған өндірістерде 11663 жұмыс орындары ашылды. Бүгінгі таңда жалпы сомасы 7,5 трлн. теңгені құрайтын, құны 5 миллионнан астам доллардың 97 ірі жобасының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Осыған орай 42 мың жұмыс орындарын ашу жоспарланып отыр. Биылдың өзінде 97 жобаның 378 млрд. теңгеге жуық қаржыны құрайтын 26 жобасы іске асуға тиіс. Бұл туралы, үстіміздегі жылғы 3-ші шілдеде Елбасы Н.Назарбаев пен Премьер К.Мәсімовтің қатысуымен өткен «телекөпір» барысында айтылды да. Онда телекөрсетімдер «тікелей эфир» арқылы еліміздің аймақтарында жаңа өндірістердің іске қосылуының куәсі болды, сондай-ақ, аймақтардың инновациялық дамуының белгіленген жоспарлары жайлы нақты ақпараттар алды. Солардың кейбіріне анықтама бере кетсек.

Мәселен, Астана қаласындағы локомотив құрастыру зауыты құрылысы арқасында Қазақстан Республикасымен қатар таяу шет елдердің темір жол

саласының да заманауи магистральдық локомотивтер жөніндегі қажеттері қамтамасыз етілмекші.

ТМД елдері үшін жаңа, күйдірілген жентек өндірісінің инновациялық технологиясын енгізу қордаланған ұсақ рудалар қорларын өнеркәсіптік игеру және Қазақстанның ферроқорытпа зауыттары үшін кесек рудалар жеткізілімі жеткіліксіздігін қысқарту проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.

Жаңа металл прокаты зауытын пайдалануға беру Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі темір рудасы шикізатын дайындайтын ірі кәсіпорын – Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігінің мұқтажын өнімдермен толық қамтамасыз етуге жол ашады.

Мұның бәрі, сайып келгенде, біздің ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз ете отырып, барлығымыз үшін жаңа мүмкіндіктер туғызатынын және ең маңыздысы – Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыра түсетінін байқау қиын емес. Көріп отырғанымыздай, бұл жобаларды жүзеге асыруда мемлекеттің рөлі айтарлықтай қомақты болмақ. Ол түсінікті де. Өзге де державалар сияқты, мемлекетіміз экономикадағы қиғаштықтарды еңсеру үшін жауапкершіліктің бір бөлігін мойнына алып отыр. Осыған байланысты жаңа жылдан бастап мемлекеттік жоспарлау жүйесі енгізіледі, атап айтқанда индустрияландырудың алғашқы бесжылдығы басталады. Бұл экономиканың нарықтық ұстанымынан алшақтауын білдірмейді, өйткені мемлекет ешқашан да шаруашылықты жүргізудің либералдық бағытынан ауытқымайды. Соның нақты бір көрінісі ретінде, бүгін шағын және орта бизнесті инфрақұрылым, энергетика салаларындағы ірі жобаларға қатыстырудың әртүрлі нұсқалары көзделуде. Нәтижесінде, бұл қадам дағдарыстан кейінгі кезеңде өндіріс пен кәсіпкерлікті дамытудың сенімді базасы болмақшы.

Маусым 2009 жыл

ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: НАҚТЫ ІСТЕРГЕ БЕТБҰРЫС

Таяуда теледидардан «Жаңа индустрияландыру – баршаға ортақ жаңа мүмкіндік» деген тақырыпта өткен телекөпір арқылы байтақ еліміздің жер-жерлерінен нақты қолға алынып жатқан игілікті істер жөнінде көзайым болуға мүмкіндік туды. Сөйтіп, «Саусақ біріксе, ине ілігетініне» тағы да бір рет көзіміз жетті. Сөз бен істің осылайша нық қауышуы: «дүниенің бәрі кері кетіп бара жатыр» деген тәрізді қоғамда орын алып отырған кейбір сыңаржақ пікірлердің түбіне су құйды десек те болады және мұнымен көзіқарақты әрбір азаматтың толық келісеріне күмәнім жоқ.

Әлемдік экономикада тоқырау орын алып отырған қазіргі жағдайда бұл саладағы оң сипаттағы біздегі осы бетбұрыстар Елбасымыз Н.Назарбаевтың ұстанып отырған саясатының дұрыстығының жарқын үлгісі деуге толық негіз бар. Нақтырақ келсек, Президенттің «Нұр Отан» партиясының XII съезінде

айтылған индустриалды-инновациялық жедел даму стратегиялық идеясы іске аса бастады деген сөз.

Осы ретте индустриалды-инновациялық президенттік бағдарламаның 7 басымдығын атап өткеніміз жөн. Солардың ішінде экономиканың қалыпты дамып келе жатқан секторы ретіндегі агроөнеркәсіптік кешеннің маңызы мейлінше зор. Бұл кездейсоқ емес.

Қазір дүниежүзінде азық-түлік қауіпсіздігі ең үлкен мәселе болып тұр, ал агроөнеркәсіптік кешен оны қамтамасыз етіп отырған бірден-бір сала болып табылады. Ал біздегі жағдай қалай? Енді осыларға аз-кем тоқтала кетсек.

Бірден айту керек, бұл салада соңғы жылдары қол жеткен табыстар аз емес. Ең бастысы, бүгін біз халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін негізінен шешіп отырмыз деуге болады. Мына бір деректерге жүгінсек. 2000 жылмен салыстырғанда ауылшаруашылығы өнімін өндіру көлемі 1,5 есеге дейін артса, агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігінің орташа жылдық өсу деңгейі 17,4 пайыз шамасында болып отыр. Егін шаруашылығында барлық дәнді-дақылдар түрлерін өндірудің жылдық орташа көлемі де ұлғаюда. Әсіресе, бидай өнімдерін өндіру көлемінің жылма жыл артып келе жатқанын атап өткеніміз жөн. Кеңес үкіметі тұсында миллиард пұт астық жинаймыз деп бүкіл ел дүрліксе, қазір ың-шыңсыз жыл сайын 16 миллион тоннадан астам егін жинап алу қалыпты жағдай болып отыр.

Мұндай нәтижелерге қол жеткізу, бірінші кезекте, мемлекеттің көмегі арқасында мүмкін болды десек қателеспейміз. Мәселен, жыл сайын мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіруге қомақты қаражат бөлініп келеді. Айталық, биыл республикалық бюджеттен өсімдік шаруашылығын субсидиялаудың барлық бағыттары бойынша 24,6 миллиард теңге бөлінді. Көктемгі егіс жұмыстары мен егін орағы науқанын өткізуді қаржыландыруға бөлінген қаржы 119,3 миллиард теңгені құрайды. Мұның сыртында, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге минералдық тыңқайтқыштарды екі есе арзан бағамен босату, егінмен айналысатындарға элиталық тұқымдарды сатып алуға, сондай-ақ су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында су жеткізуге кеткен шығындарға субсидиялар беру, елдегі фитосанитарлық жағдайға тұрақты бақылау жасау, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын көтеруге және асыл тұқымды мал басын көбейтуге тиісті қаржы бөлу тәрізді мәселелер оң шешімін тауып отыр. Сонымен қатар, Үкіметтің шешіміне сәйкес Ұлттық қор қаржысының есебінен ауылшаруашылық тауарларын өндірушілерден астықты бір миллион тоннаға дейін сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Бұл сатып алынған астық, қажет болған жағдайда ішкі нарықтағы бағаны тұрақтандыруда пайдаланылмақ.

Мына бір жағдайды да айтпай кетпеске болмайды. Таяуда Президент ауыл әкімдеріне 50 миллионнан 100 миллион теңгеге дейін бөліп беру керек деді. Бұл ауылда инфрақұрылымды күрт дамытуға толықтай мүмкіндік береді деген сөз. Мысалға, киім-кешек тігетін, кілем тоқитын, киіз басатын, құрақ көрпе жасайтын, әртүрлі қолөнер бұйымдарын шығаратын нендей бір

өндіріс орындарын ашып, ауыл адамдарын жұмысқа жұмылдыруға әбден болады.

Әрине, кемшіліктерсіз де емеспіз. Соңғы уақыттарда халық күнделікті тұтынатын кейбір азық-түлік тағамдарын өндіру көлемінің кемуі байқалады. Бұған жақын шетелдердің ұлттық валюталарының девальвацияға ұшырауына байланысты арзан импорттың көлемінің күрт өсуі, несиелер көлемінің азаюы, тұтынушылардың сатып алу қабілеттіліктерінің төмендеуі тәрізді мәселелер себепші болуда.

Біз бидайды экспорттаудан он ірі мемлекеттің қатарына кіреміз. Бірақ бидайдың әр гектарынан алатын өнімі жағынан көп елдерден кемшін түсіп жатырмыз. Жеміс-жидек пен көкөністерді сақтау мақсатында логистикалық орталықтар мен арнайы қоймалар салу жолында атқарылуы тиіс міндеттер де жеткілікті. Халықаралық деңгейдегі мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов кезінде Сталиннің алдына көптеген мәселелерді қоюмен қатар, «ет – валюта. Біз ет өнімдерінің сапасын арттырып, Еуропаға сатайық, одан түскен ақшаға өндірісте істейтін мамандарды дайындайық» деген екен. Міне, осы айтылған идея бүгінге дейін бір сәт те өзінің өміршендігін жойған жоқ.

Осыларды ескере отырып, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі дамыту мақсатында мемлекет еліміздің алдында тұрған **екі түйінді мәселені** шешуді қолға алмақшы. Ең бастысы, ол, жоғарыда атап өткеніміздей, **азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету**. Бүгінгі әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында бұл мәселенің ушығып тұрғандығы жасырын емес. Сондықтан, агроөнеркәсіптік сектордың жоғары тиімділікпен дамуын қамтамасыз ететін жүйе құрылу үстінде. Ол бір жағынан көктемгі егіс жұмыстарын және егін орағы науқанын қаржыландыруды көздесе, екіншіден ауыл шаруашылығына, сондай-ақ қайтадан өңдеу өндірісіне инвестиция тартумен айналысады.

Егін шаруашылығында негізінен күш саланы әртараптандыруға және ылғал ресурстарын үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы дәнді дақылдарды егу көлемін ұлғайтуға жұмсалынады. Осы іспеттес ахуалдар мал шаруашылығында және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында да орын алмақшы. Осы мақсаттарға «ҚазАгро» ұлттық холдингісі, сондай-ақ «Самрұқ-Қазына» ұлттық әлеуеттік қоры тараптарынан арнайы қаражаттар қарастырылып отырғанын атап өткен жөн.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға қатысты екінші мәселе **экспортқа бейімделген өндірістерді дамыту мен экспортты әртараптандыруға** тіреліп отыр. Осыған байланысты нақты инвестициялық жобаларды іске асыруға ерекше назар аударылуда. Мысал үшін солардың бір-екеуін келтіре кетсек. Айталық, майда жүнді қой шаруашылығын қайтадан қалпына келтіру арқылы Қазақстанның жеңіл өнеркәсібін аса құнды шикізат көзімен тұрақты қамтамасыз ете отырып, жоғары сапалы дайын өнімдер шығару өндірісін бір жолға қоюға мүмкіндік бар. Қосымша құны жоғары өнім алуға бағытталған астықты барынша өңдеуді дамыту жобасының да болашағы зор. Мұндай жобалардың қатарына сондай-ақ, жеміс-жидек өнімдерін өңдеу, жылыжай шаруашылығын ұйымдастыру, көкөніс сақтау орындарын салу мен ірі сүт-тауар фермаларының құрылысын қаржыландыру, ет дайындауға бағытталған

құс фабрикаларын жаңарту және салу тәрізді іс-шараларды толық жатқызуға болады. Бір көңіл бөлерлігі, осы және өзге де инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында Үкімет тарапынан 120 миллион теңге бөлініп отыр. Ендігі міндет осынау қыруар қаржылардың ретімен жұмсалып, алға қойған мақсат-мүдделердің үдесінен шығуды қамтамасыз ету. Сөйтіп ел іргесін нықтай отырып, әрқайсымыздың әл-ауқатымызды одан әрі жақсарта беруге молынан мүмкіндік туғызу. Олай болса, іске сәт дейміз.

Қыркүйек 2009 жыл

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ – ЕЛДІ ӨРКЕНДЕТУДІҢ БІРДЕН-БІР КЕПІЛІ

Жақында ескі танысымның бірі әңгіме барысында: «Өмір сүру қиын әрі күрделене түсті, есесіне сапалы және қызықтырақ», - деген ой білдірген еді. Шынында, онымен толықтай келісуге болады. Қарап отырсам, әсіресе соңғы жылдары, біздің менталитетіміздің айтарлықтай байығаны, ұлттық мінезімізден де жаңа бір сипаттың бой көтергені байқалады. Жаңа мүмкіндіктерге молынан ие болу, оның ішінде өзіңе жауапкершілік міндетін алу, өзіңді өзгеге таныта білу, сондай-ақ күрделі жағдайларда оңтайлы шешім қабылдауға деген нық сенімділіктің нышаны сезіледі. Сайып келгенде, мұндай ахуал еліміздің қазіргі кезде орын алған қиындықтарды еңсере алатынымыздың кепілі ғана емес, сонымен бірге мемлекетіміздің еңсесін көтеріп, бойына жаңаша бір күш жинай бастағанының да нақты көрінісі іспетті.

Осы тұрғыдан алып қарағанда 2009 жыл өте маңызды және оның үлкен өзгерістерді бастайтын кезеңге айналуы әбден мүмкін екендігін айтар едім. Мәселен, Елбасымыз Н.Назарбаев «Хабар» және «Қазақстан» республикалық телеарналарының журналистеріне берген сұхбатында осы жылғы наурыздан бастап экономиканың баяу да болса, өркендей бастауының байқалғандығын және мұндай жанды қозғалыстың ілгерілеу үрдісіне оң әсер ететінін атап өтті. Сондай-ақ, халықаралық Standard & Poors несиелік рейтингтік қызметі ТМД мемлекеттерінің арасынан бірінші рет біздің елімізді «жағымсыз» көрсеткішінен «тұрақтылық» рейтингісіне көшкенін де дүйім жұртшылыққа жария етті. Әрине, бұл өзінен өзі келе салған дүние емес. Шынтуайтында, мұның барлығы дағдарысқа қарсы нақты шаралардың дер кезінде әрі өте сауатты қолданғандықтың нәтижесі.

Атап айтқанда, салық, бюджет, әкімшілік және кеден саясаты секілді маңызды салалардағы дер кезінде қолға алынған реформалар, сонымен қатар дұрыс таңдалған икемді экономикалық модель мен Жол картасы ауқымында қабылданған адамдарды еңбекпен қамту Стратегиясы әлемдік экономикалық дағдарыстың келеңсіздіктерін жұмсартып қана қойған жоқ, керісінше аса бір қуатты индустриялық даму үрдісіне бет алуға мүмкіндік беріп отыр. Осыған байланысты «Нұр Отан» ХДП-тың кезектен тыс XII съезінде ҚР Президенті ұлтқа аса қажет индустрияландыруды қарқынды жүргізу мәселесін бірінші

кезектегі міндет ретінде айқындап берді. Әскери тілмен айтқанда, экономика саласындағы қол жеткен табыстарымызды нығайта отырып, күштерді қайта топтастыру және шешімді шабуылға шығу уақыты келді. Әсіресе, қазіргі кездегі ресурстардың арзандаған тұсында экономиканың барлық саласына озық инновациялық технологияларды енгізу жөніндегі бастамаларды қолға түсіруге нағыз қолайлы жағдай туып отыр.

Бір сөзбен айтқанда, қазіргідей күрделі жағдайдың өзінде Қазақстан алға қарай серпінді ұмтылыс жасап, сол арқылы дағдарыстан кейінгі әлемнің көшбасшы мемлекеттерінің қатарынан өзіне орын алуды жоспарлап отыр. Сондықтан, келесі жылғы қаңтардың бірінен бізді елімізді индустрияландыру жөніндегі аса маңызды жобаны жүзеге асыру міндеті күтіп тұр. Бірден айту керек, бұл ешқандай сталиндік үндеу емес. Бұл инновациялық технологияға негізделген ұлттық идеяны енгізуге арналған кешенді шара әрі мемлекеттің болашағы осы жобалардың жүзеге асырылуына тікелей қатысты.

Ал енді бұл міндеттің орындаларына мен бек сенімдімін, өйткені оған өткен күндеріміз куә. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарымызды еске түсіріп көрейікші. Еліміз не бір ауыртпашылықты бастан кешкен еді, бірақ соған қарамастан қазақстандықтар ешбір мойымады, өздері таңдаған көшбасшысы Н.Назарбаевтың жанына топтаса отырып, дамудың қарқынды сара жолына абыроймен шықты. Немесе Астананы алып қарайық. Айтыңызшы, осыдан он жыл бұрын провинциалды шағын қаланың орнына бүгінгідей ғажайып та, әсем Астана бой көтереді дегенге кім сене қойып еді? Сондықтан, бұл жолы да біздерді үлкен жетістіктер күтіп тұр, өйткені елімізді индустрияландыру мен экономикамызды әртараптандыру стратегиясы терең талданған, қомақты қаржы ресурстарымен бекітілген және ұзақ мерзімдік сипатқа ие. Мына бір жәйтті ескерген жөн. Бірінші кезекте қазір өзімізге қажетті деген өнімдерді шығаратын өндіріс орындарын құру басшылыққа алынып отыр. Атап айтсақ, өзімізде дәрі-дәрмек өндіру, локомотивтер мен вагондар құрастыру және оларға қажетті қосалқы бөлшектер жасау, сандық теледидарға көшу үшін TV-қосымшаларын өзімізде дайындау өндірісі тәрізді аса керекті дүниелер.

Негізінен отандық экономиканы инновациялық-технологиялық жүйеге қарай бұру жеті бағыт бойынша іске аспақшы. Олар: Агроөнеркәсіп кешені және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу; құрылыс индустриясы; мұнай өңдеу; металлургия; энергетика; химия өнеркәсібі мен фармацевтика; көлік және телекоммуникациялық инфрақұрылым. Мұндай таңдау тегін емес. Шындап келгенде дәл осы салалар ғана өзіміздің ішкі тұтыну қажеттілігін толығымен қанағаттандырып ғана қоймайды, сонымен қатар сыртқы рынокқа шығарылатын бәсекеге қабілетті өнімдерді молынан ұсынуды қамтамасыз етеді.

Осы тұста бір мәселеге түсінік бере кетуді жөн санап отырмын. Біздер 18 жыл бойы нарыққа үлкен үміт артып, нарықтық экономиканың либералды бағытын ұстанып келгенімізді жасырмаймыз. Қазір де осы ұстанымнан ұзап кеткеніміз жоқ, керісінше аталған құндылық өз бағасын ешуақытта жоймақ емес. Дей тұрғанмен, қазіргі әлемдік экономикалық ахуал бұрынғы еркін кәсіпкерліктің әруақытта тиімді жұмыс істей бермейтіндеріне Франция

Ұлыбритания, АҚШ секілді державалардың көздерін әбден жеткізді. Сөйтіп, олар еріксіз өз экономикаларында мемлекеттің рөлін күшейтуге мәжбүр болып отыр. Сондықтан, Қазақстан да осы бағытты ұстанып, аталған үрдіске белсенділікпен араласа бастады.

Бүгінгі таңда мемлекет активі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорына жинастырылды, жүйе қалыптастырушы банктердің үстінен бақылау орнатылды, бюджеттік қаржыны экономиканың нақты секторына жеткізудің мемлекеттік тегігі бекітілді. Биліктің кәсіпкерлер қоғамдастығымен тұрақты диалог жүргізуінің жаңа жүйесі жасалды, бизнес үшін әкімшілік кедергілер төмендетілді, шағын және орта кәсіпкерлікті тексеруге мораторий енгізілді, мемлекеттік сатып алуда «қазақстандық мөлшер» күшейтілді. Сәйкес кезеңге елді дамытудың аумақтық-кеңістіктік Сызбасы және өндірістік қуатты тиімді орналастыру Қартасы жасалып жатыр. Ең бастысы қолға алынып жатқан бұл игі шараларды, қазір жүзеге асырылып жатқан «Стратегия-2030», «2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму Стратегиясы» және «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламаларының шеңберінде қабылдаған жөн.

Қалай болғанда да, бүгінгі күн тәртібіне шығарылған мәселелердің оң шешімі түптеп келгенде дағдарыстан кейінгі әлемге сапалы секіріс жасау үшін жаңа мүмкіндіктер жасайды. Десек те, бір нәрсені есте ұстағанымыз жөн. Ол ауызбіршілік дер едім. Біздер амбициялық жоспарларымызды тек тұрақтылық, достық, демократиялық бірлік болған жағдайда ғана азат Қазақстанда жүзеге асыра аламыз. Осындайда «Нан тыныштықта өсіп өнеді» деген нақыл сөзді ұмытпағанымыз абзал. Сондай-ақ, бізге мемлекеттің қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі іспетті, әрқайсымыздың келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміздің экономикалық патриотизмге ұласып жатуы қажет-ақ.

Қыркүйек 2009 жыл

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Соңғы кездері билікке ылғи сыни тұрғыдан ғана қарайтын бірқатар республикалық басылымдарды қинала оқимын, тіпті оларға көңілім көп дауаламайтын болып жүр. Бұл менің қандай да бір еркін ойлар мен адами жан-сезімге деген қарсылығымнан емес. Тек, билікке деген жеке бастарының өкпесін өзінің туған елін жек көруге дейін баратын көңіл-күйлерге алмастырып алып жататын жағдайлар ойлантпай қоймайды. Әсіресе, бүгінгідей аса бір күрделі кезеңдерде. Дәл қазір бізге ауызбірлік, қиыншылықтарға топтаса қарсы тұру, жұмылған жұдырықтай бірігу қажет-ақ.

Осындайда Шыңғыс Айтматовтың атақты «Жанпида» романындағы бір көрініс еске түседі. Түсініктірек болу үшін сәл-пәл ұзақтау болса да содан бір үзінді келтіргелі отырмын. «...Қаншық өз тұңғыштарын үлкен сынға, ақбөкен аулаудың ұлы жорығына бастап келе жатты. Байтақ-баябан сахара ұйқыдан

оянып, көз жетер жердің селдір тұман тұтқан қиырынан ақбөкендер көрінді... Дәл сол сәтте әлдеқайда бір бүйірден және аспаннан бір түрлі бөтен гүріл естілді, оның соңын ала тағы бір сондай сұмдық самұрық көрінді. Бұл – вертолеттер еді.

...Төтеннен келе қалғаны сонша, жануарлардың есі шығып, басшысынан айрылып, сендей соқтығысып, тым-тырақай быты-шыты шықты. Дәрменсіз сорлылар ұшып жүрген темір тажалға не қауқар көрсетпек?! Мың-мың табын біріне-бірі қақтығысып, өмірі көріп білмеген сүргін сойқанға ұшырады. Киіктің жайы сол болғанда, сол киіктердің өмірлік қонсылары әм қас жауы қасқырлардың басына қара аспан, қара тажал төнді ғой. Енді ойлап қарасаң, олардың өздері ессіз дауасыз ұлы үркіншіліктің тұтқынына түсті.

Жаңа ғана қасқырлар киіктерді қуып жетіп, алқымдап, тас-талқанын шығарып, етін асап, қызыл тұмсық болмақшы еді. Енді сол киіктер дүрмегімен бірге, қоса-қабат қашуға мәжбүр. Тасмандай тағдыр тәлкегінің алдында қасқырлар мен киіктер бірдей күйге түсті».

Иә бүгінгідей жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс әсерінен бұған дейін адамзат баласының басына түспеген осынау ерекше құбылысқа әлемдік қоғамдастық душар болып отырғанда, осы қауіп-қатердің ауқымы жөнінде бізге де барынша дабыл қағатын кез келді. Қарап отырсақ, үлкенді-кішілі, бақуатты және кедей мемлекеттер, бұрыннан дос көңілді немесе бірін бірі аса жақтыра қоймайтын елдер де осынау сын сәтте бір кісідей жұмыла отырып, туындаған қиыншылықты бірлесе еңсеруге ұмтылулары кездейсоқ емес. Сондықтан да болар, өткен жылдың соңы мен ағымдағы 2009 жылдың басы жаһандық экономикалық дағдарысты еңсеруге бағытталған шараларды көздейтін G-20 саммиті, Азия мен Еуропа елдері халықтарының форумы, «Жаңа әлем, жаңа капитализм» коллоквиумы, Бүкіләлемдік экономикалық форум, «Жаһандық тәуекелдер жүйесіндегі Еуразияның экономикалық қауіпсіздігі» тақырыбындағы II Астана экономикалық форумы тәрізді жоғары деңгейдегі халықаралық кездесулер шоғырымен аталып өтті.

Биылғы 19-наурызда «Известия» газетінде жарияланған «Еуразиялық экономикалық одақ: теория ма, нақтылық па?» мақаласында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Мемлекеттеріміздің орнықты экономикалық дамуын біз тек бірлесіп қана қамтамасыз ете аламыз», - деп атап көрсетуі де кездейсоқ емес. Оның бастамасымен 2008 жылғы көктемде экономикалық және әлеуметтік дамудың өзекті проблемаларын шешу үшін әртүрлі елдердің экономист-ғалымдары мен практиктерінің күш-жігерін біріктіру мақсатын көздеген «Ғалымдардың еуразиялық экономикалық клубы» қауымдастығы құрылған болатын. Сондай-ақ, Н.Назарбаев өзінің «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаласында да әлемдік экономиканы тұңғық рецессиядан шығарудың жолдарын бірлесе іздестіруге шақырады. Осы орайда, аталмыш мақаланың Нобель сыйлығының лауреаттары Эдмунд Фелпс пен Роберт Манделланың, шетелдік және отандық саясаттанушылардың, ғалымдардың, талдаушылар мен сарапшылардың тарапынан жоғары бағаға ие болғанын атап көрсетуіміз қажет. Олар түптеп келгенде Қазақстан Президентінің жаһандық әлемдік валюта жасау туралы ұсынысын құптай отырып, ұлттық валютадан жоғары

тұратын жаңа валюта дүниені тұтастырып, сара жолға салады деп санайды. Сайып келгенде, әз-тағдыр Н.Назарбаевтың 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде ұсынған еуразиялық ықпалдастық тұжырымдамасының өзектілігін тағы бір дәлелдеп отыр. Және де бұл туралы жақында Еуразия ұлттық университетінде осы оқиғаның 15 жылдығына орай таяу және алыс шет мемлекеттердің беделді оқу орындарының 80-нен астам ректоры бас қосқан Университеттердің еуразиялық қауымдастығының XI съезінде ерекше аталып өтті.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында да отандастарын дағдарыс салдарын еңсеруге және одан кейінгі экономиканың дамуы үшін берік тұғыр қалауға шақырды. Оқтын-оқтын айналып соғатын әр деңгейдегі дағдарыстарға біз бұған дейін де төтеп беріп келгенбіз, деп атап өтті Елбасы. Расында да, өткен ғасырдың 90-ыншы жылдарының басындағы мемлекеттің өміріндегі ең ауыр сындарлы кезеңге бір сәт көз жүгіртіп көрсек. Ол кез қуатты Кеңес Одағы құлап, біз шын мағынасында ұлы империяның үйіндісінің астында қалған жағдайда едік. Кәсіпорындар тоқтап, мыңдаған адамдардың көшеде қалуы, бос сөрелер, шеті мен шегі жоқ кезек, ақшаның құнсыздана түсуі, инфляцияның жылына мыңдаған пайыздарға жетуі сол бір кездердің үйреншікті құбылысы болатын. Жаппай жетіспеушілік. Тіпті кір сабынның өзі халыққа талонмен берілгені әлі есте. Жұрттың көбі дүкендер сөрелерінде бағасы ұшып тұрса да, тауар болса екен деп армандағанын да ұмыта қойған жоқпыз. Менің бір танысымның көптеген кәсіпорындар тоқтап тұрған сол кезде: «Көшеге шыққанда шіркін зауыт мұржасынан түтін шықса екен деп тілеймін. Адамдар еңбекақысын, қарттар зейнетақысын алар еді, халықтың тұрмысы түзелер еді», - дегені бар.

90-ыншы жылдардың соңындағы азиялық қаржы нарығы тудырған әлемдік дағдарыс салдары да еліміз үшін оңай тиген жоқ. Мұнай бағасының бір баррелі тоғыз долларға дейін төмендеді. Жұрттың зейнетақысын, жәрдемақысын, еңбекақысын төлей алмаған кездеріміз болды.

Мінеки осылардың бәрінен халықтың ауызбіршілігінің, күш-жігерін жұмылдырудың, ел басшылығының дұрыс және сарабалд шешімдерінің арқасында ғана шығып, еңсе тіктей алдық. Қысқа мерзімнің ішінде түбегейлі экономикалық реформалар іске асты, нарықтық экономиканың негіздері жасалды, ауқымды жекешелендіру жүргізілді, жеке сектор жанданды, ұлттық валюта енгізілді, экономикалық құрылымда сервис пен тұтыну секторының үлестері күрт өсті, қандай да бір тауардың «жетіспеушілігі» деген ұғым келмеске кетті. Ең бастысы, адамдардың санасында тың серпіліс пайда болды және кеңестік жылдарда тұмшаландырылған бұқараның кәсіпкерлік жігерінің оянуына мол мүмкіндік туды.

Шындап келгенде, бұрынғы кеңестік дәуірді басынан өткерген елдерде экономиканы реформалау үдерістері бұрын-соңды бұл тұрғыдан тәжірибе болмағандықтан әрі-сәрі күйде жүргізілсе, қарапайым халық нарыққа көшу жағдайына мүлдем дайын емес еді. Олай болса тәуелсіздік алған тұста не нарықтық экономиканың заңдылықтарын, не халықаралық жағдайдың нақты

ережелерін бағамдай қоймаған әрі қандай да бір сыртқы саяси тәжірибесі жоқ жаңа мемлекеттер басшыларының нендей күй кешкендерін түсіну қиын емес. Міне, осындай бір күрделі кезеңде еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев туған елінің миллиондаған адамдары үшін жауапкершілік тізгінін өз қолына алды және қырық атан түйеге жүк боларлық бұл міндетті тамаша атқара білді. Батыстық инвесторлармен алғашқы келісімшарттардың жасалуы мәселен оның жеке басының зор беделі мен сіңірген еңбегінің бір өтеуі ғана.

Назарбаевтың КСРО кезінің өзінде «Шевронды» Қазақстанға «өткізуге» Горбачевтің көзін жеткізіп, тікелей келіссөздер жүргізуге келісімін алғанын екінің бірі біле бермес. Сол тұста ешкім де Қазақстанға құлшынып тұрмаған еді. Н.Назарбаев туабітті менеджер, өз мемлекетінің бас промоутері және бас ньюс-мейкері ретінде бізге деген сенімсіздік пен қорқынышты сейілте білді, сөйтіп, елімізге инвестициялар әуелі кішкене көлемде, кейін қуатты ағынмен құйылып, ұлттық өнеркәсіпті аяғына тік тұрғызуға молынан мүмкіндік берді. Бүкіләлемдік банктің бағалауынша, бүгін Қазақстан инвестициялық жағынан барынша тартымды саналатын әлемнің жиырма елінің қатарына кіріп отыр. Ал қазақстандықтар үшін мұнайдың не бергені және оның болашақта не беретіні жөнінде арнайы мақала жазуға тура келеді. Сондықтан мен мына бір жағдайды ғана ескерте кетсем деймін. «Қазынаны құдай жасайды, бірақ оны игеру, қоғам игілігіне айналдыру мәселесі нақты адамға байланысты», - деп тегін айтылмаған. Әрине, бұл кез келген адамның қолынан келетін іс емес. Ол үшін шынайы беделді Тұлға және осы тұлғамен бедерленетін Мемлекет қажет. Бұл тұрғыда Нұрсұлтан Назарбаевтың дарабоздығы мен шоқтығының биіктігі ешқандай талас туғызбайды.

Н.Назарбаевтың сіңірген зор еңбегі, сондай-ақ елдің ішкі және сыртқы проблемаларын өз халқының мүддесі мен мұқтаждары тұрғысынан байсалды шеше білуінде. Бір ғана мысал. Өркениет тарихында қырғынға ұшырататын қарулардың бастамашысы болған, сөйтіп «жоқ жерден жау іздеген» мемлекет басшылары жеткілікті. Ал адамзаттың ядролық қарудан өзінің еркімен бас тартудың алғашқы өнегесін тұңғыш рет біздің Президентіміз көрсетті. Бұл көшбасшысы мен халқы бірлесе отырып ядролық қарусыз мәртебеге таңдау жасаған әлемдік тәжірибедегі ең алғашқы және бірегей жағдай. Ең бастысы, бұл таңдау мемлекет дамуының тұрақты стратегиялық желісіне айналды.

Жалпы, тәуелсіздік алғаннан бері Н.Назарбаев көптеген перспективалық саяси идеялар мен бастамаларға мұрындық болып келеді. Атап айтқанда, ол ТМД құрылуының бастауында, «Орталық-Азия Ынтымақтастығы» ұйымы, Кедендік одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ сияқты құрылымдардың бастамашысы болды. Сонымен қатар, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін (АӨІСШК) және 2003 жылдан бері Астанада жүйелі өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін де Назарбаевтың ықпалдастық бастамаларына батыл жатқызуға болады.

Нұрсұлтан Назарбаев ТМД елдерінің кейбірінде орын алған ұлысаралық жанжалдарға, ішкі және мемлекетаралық қақтығыстарға жол бермеген, сөйтіп қазақстандықтардың шынайы сүйіспеншілігіне бөленіп, халықаралық

қоғамдастық тарапының таңданысын туғызған бірден-бір мемлекет басшысы. Мұның өзі, түптеп келгенде, мемлекеттің саяси салмағы жерінің аумағымен немесе халқының санымен ғана өлшенбейтінін көрсетсе керек. Бұл ең бірінші еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың зайырлы да салмақты саясатының заңды жемісі.

Мына бір жайтқа назар аударғым келеді. Көбіміз күнделікті қым-қуыт тіршіліктің қамымен жүріп, жақсы өзгерістерді солай болуы қажет сияқты қабылдаймыз. Көптеген ұстанымдардан айқын байқалатын Қазақстанның әлемдік үдерістердегі көшбасшылық ролін де өзгеше болуы мүмкін еместей көреміз. Ал, шындап келгенде, қарапайым үдерістер іспетті көрінетін мұндай ахуалдың астарында Мемлекет басшысының және оның серіктерінің орасан зор қажыр-қайраты мен жанқиярлық еңбегі жатыр.

Мәселен мені Парламент Сенатының спикері Қ.Тоқаевтың халықаралық кездесулерде қиядан жол таба отырып, дәйекті парасат-пайымымен өз елінің мүддесін аса ыждағаттылықпен қорғай білетіні марқайтады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың таза ағылшын тілінде мөлдіретіп сөйлегенін көрудің өзі, ал қытай тілінде берілген сұрақтарға оның қиналмастан сол тілде жауап қайтарулары қандай ғанибет десеңші. Сондай-ақ, Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаевтың қазақстандық қоғамның күрмеуі мол өзекті мәселелерін шешудегі көп қырлы қызметіне де риза боласыз. Үкіметтің басшылығына Кәрім Мәсімовті әкелуі Президенттің тағы да бір ұтымды шешімі деп санаймын және бұл пікірмен көпшілік келісер деген ойдамын. Әлдебір жымысқы ойлы адамдар ғана біздің Премьер мен оның Үкіметінің мүшелері әлемдік экономика құлдырауының елімізге әсерін еңсеруде күні-түні жұмыс істеп жатқанын байқамауы мүмкін. Шынтуайтында, Министрлер Кабинетінің шалымды жұмысының арқасында бүгінде дағдарысқа қарсы шаралар орайын тауып, жіті жұмыстар істелінуде, сондықтан да еліміз тағдырындағы жаңа өрістерге шығатын шұғылалы кезең алыс емес деп кәміл айта аламын.

Иә, билік басындағылардың халық сенімдерін ақтауы үшін тынымсыз жұмыс істеуі тиіс екені сөзсіз. Бұл – даусыз шындық. Сонымен қатар біздің әрқайсымыз да ортақ істен шет қалмай, азаматтық ұстанымымызды таныта білуіміз қажет. Негізі бәрімізде әлеует жеткілікті. Тек, осы мүмкіндікті әркім өз шамасында пайдалана бермейді. «Бізден де басқа ойлайтындар бар, солар істесін», дейтін пендешілік те қылаң береді. Ал, шынтуайтына келгенде, бар күшінді салып, жалқаулыққа бой ұрмай, еңбек ет те, міндет ет, білімге ұмтыл, сонда ғана көсегең көгереді, деген ұғым бар емес пе еді?! Оның үстіне бүгінде мемлекеттік деңгейде жұмыспен қамту стратегиясы жасалып отыр, оның арқасында жарты миллионға тарта Қазақстан тұрғындары еңбекпен қамтамасыз етілмек. Яғни, бәріміз бірлесе отырып өзіміздің ортақ үйімізді жайластыра білуіміз, сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономика сияқты келеңсіз көріністердің тамырына балта шабуға тиіспіз, ал ол үшін қоғамда рухани-адамгершілік құндылықтардың дәнін егу қажет.

Бұл арада тәрбиенің мәні мен маңызы тұрғысында айтпасқа болмайды. Кезінде халқымыздың көрнекті өкілдерінің бірі Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Тәрбие» деген мақаласында «Рум халқын атақты, күшті қылған кім? Тәрбие.

Ескендірді данышпан хәкім қылған кім? Аристотельдің тәрбиесі. Неронды залым қылған кім? Философ Сенеканың қате тәрбиесі. Неміс жұртының ұлтшылдық, бірлікшілдігі неден? Тәрбиенің қуаты. Міне, тәрбиенің зор ғылым екендігіне, адам баласын бұзатын да, түзейтін де тәрбие екендігіне дәлел осы», деп жазуы тегін емес.

Рухани құндылықтарды адам өз бойына жас шағынан сіңіре бастайды. Осындайда балалық шағым есіме түседі. Өзінің талайлы тағдырында ауыр тұрмыстың дәмін бір кісідей татып, жақсыны да, жаманды да біраз көрген менің ата-анам біздің бойымызға кісіліктің ізгі қасиеттерін сіңіруге ұмтылды. Кейін байқағанымдай, күн сайынғы көзге онша көріне бермейтін қарапайым адамдардың іс-әрекеттері шындап келгенде жоғары адамгершіліктің үлгісі екен және оған әлденеше мәрте көзім жетті. Әлі есімде, өткен ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында бізден теміржолмен арнайы вагондарға артып, басқа аймақтарға пресстелген шөптерді жөнелту қажет болды. Бұл жұмысқа біраз адам жегілді, ал ақысына сол шөп белгіленді (шарт бойынша берілуге тиіс шөптің мөлшері тиелген вагонның санына қарай байланысты болды). Ел болғасын әртүрлі адамдар бар. Біреулер вагонның бет жағын ғана қалқайтып, артық шөп алу үшін қулыққа барды. Біздің де осындай тірліктерге бастайтын әрекетімізді әкем тыйып тастап отыратын, ал өзі вагондарды кенересіне дейін нығыздап толтыратын. Әкемнің сондағы «Біреуді алдасаң, обалына қаласың, бұдан өткен күнә жоқ. Адамды алдауға болар, Құдайды алдай алмайсың!» деген сөздері мәңгі есімде қалыпты.

Иә, ар-ұжданмен өмір сүріп, қоғам игілігі үшін еңбек етуге не жетсін. Ендеше осы бір қағидатты берік ұстана отырып, ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төңірегіне топтассақ қана, біз дағдарыс салдарын ойдағыдай еңсеріп қана қоймай, одан бұрынғыдан да бекемденіп шығарымыз кәміл!

Қазан 2009 жыл

ПАЙДАЛАН ҚАЖЕТИҢЕ ЖАРАСА АЛАШ!

Суға кеткен біреу сал қармап, өлдім-талдым дегенде бір аралдан жазаға шықса, алдынан «Бұл жердің қожайыны мен. Осында келсең алдымен менен рұқсат алуың керек!», деген жазу шығыпты. Оң солына қараса ешкім жоқ. Аралды кезеді, онда да біреуді кезіктіре алмайды. Басына үйшік тұрғызып, тіршілік ете бастайды. «Сен қайдан келдің?» деген ешкім жоқ. Бірақ, әлгі адам өмір бойы «Аралдың иесі қашан келер екен?» деген ойдан арыла алмапты...

Сондықтан заң мәселесінде әрбір азамат өзін әлгі аралға шығып қалған жандай сергек те сезімтал ұстаса игі еді деген ойға қаласың. Еуропада болған бір танысым осы ойды әрі қарай қозғайтындай мынадай бір есте қаларлықтай әңгіме айтқан еді. Францияның Marly Le Roi қаласына сапарлай барғанда жолдың қилысындағы жолшыраққа тоқтайтын жерге «Сенде ерекше құқық жоқ» деген жазу ілулі тұрыпты. Жолсерік француздың айтуынша, бұл белгі кез-келген адамның санасында француз Ата Заңының түпкі мән-мағынасын

жаңғыртып, қоғамдық тәртіпті сақтауды талап етеді. Ешкімнің де заңнан аттап кетуіне болмайды. Сонда ғана қоғам ұзақ уақыт орнықты дамиды.

Біз де құқықтық мемлекет құруды алдымызға мақсат тұтқан елміз және бұл бағытта жасалып жатқан шаруалар да баршылық. Мәселен, біздер ТМД мемлекеттері арасында алғашқылардың бірі болып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы заң қабылдадық. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша Комиссия жұмыс істейді. Сонымен қатар, елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік бағдарлама жүзеге асуда. Астана қаласында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Форумның, сондай-ақ бұл тақырып бойынша халықаралық деңгейдегі конференцияның өткені белгілі. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты жұмыстан босатылған адамдарға өмір бойы мемлекеттік органдар мен ұйымдарда қызмет істеуіне қатаң тыйым салынған. Елдің жаңа бір есею жолын белгілеген «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Елбасының биылғы халыққа арнаған Жолдауында да ұйымдасқан қылмысты және өзге қылмыстарды ауыздықтайтын, демократиялық мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жаңа құқық қорғау жүйесін құруды көздейтін реформаларды жүргізу міндеттері айқындалған. Сайып келгенде, қоғамдағы кез келген заңбұзушылыққа қарсы тұру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі ретінде мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығына ие болып отыр.

Дей тұрғанмен, күнделікті өмірімізде заңға қайшы келетін әрекеттердің бой алып отырғаны жасырын емес. Ол туралы бұқаралық ақпарат құралдары айтып та, жазып та, көрсетіп те жүр. Өзгені айтпағанда, соңғы кезде көптеген жоғары лауазымды адамдардың қылмысқа бой беріп, істі болып жатқаны көп жәйді аңғартатыны анық. Алаяқтықпен айналысып талай адамның обалына қалғандар, атқа мінгеніне желігіп, заңды белінен басып, желден озбақ болып жүргендер, тамыр-таныстықпен майлы жілікке ие болып, өз күй-жайларын күйттеумен айналысатындар, істі нақты шешудің орнына сөз бұйдаға салып, жұртты әре-сараға түсіретіндер қатары сиремей тұр. Әрине, бұл тұста көп мәселе әрбір адамның жеке сана-сезімінің, ішкі жан-дүниесінің, ар-ұятының тазалығына байланысты екендігі құпия емес. Ұят ізгіліктің ұясы, ал ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безіну адамның жаратылыс пайымында бар құндылық десек, мәселенің мәнісі тәрбиеге келіп тірелері анық. Тәрбиенің қуаты туралы кезінде Жүсіпбек Аймауытов «Тәрбие» деген еңбегінде өте жақсы айтады: «Рум халқын атақты, күшті қылған кім? Тәрбие. Ескендірді данышпан хәкім қылған кім? Аристотельдің тәрбиесі. Неронды залым қылған кім? Философ Сенеканың қате тәрбиесі. Неміс жұртының ұлтшылдық, бірлікшілдігі неден? Тәрбиенің қуаты. Адамды бұзатын да, түзейтін де тәрбие». Ендеше, тәрбиеге от басы, ошақ қасынан бастап қоғам дамуының барлық сатыларында әр адам терең әрі түбегейлі мән беруі керек. Сондай-ақ, қоғамда кез келген келеңсіз көріністерге төзбеушілік ахуалын қалыптастыратын тетіктер ойластырылса құба-құп болар еді. Айталық, көрнекі құралдар арқылы заң бұзушылыққа жол

бергендер туралы, заңды елемеушіліктің түбі неге әкеліп соғатыны жәйлі ашып көрсететін нақты мәліметтер беріліп отырса...

Яғни бәріміз жұмыла кіріссек еңсерілмейтін нәрсе жоқ. Сондықтан, әр адам қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін толық сезінгені жөн. Өкінішке орай, әлі де болса, «үкімет өлтірмейді» деген масылдық пиғылдан толықтай арыла алмай жүрген жәйіміз бар. Бұл жөнінде осыдан екі жылдай бұрын «Ана тілі» газетінде (12 шілде, 2007 жыл) сол кездегі Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Гүлжана Қарағұсова мына мәліметтерді келтірген болатын: «Біз елімізде он бес жыл бойы жұмыс істемеген 180 мың адамның бар екенін анықтадық. Бұл – статистикалық мәлімет емес. Министрлік арнайы зерттеу жүргізіп, Қазақстанның әлеуметтік картасын жасады. Бүгінде жұмыссыздар халқымыздың 8 пайызын құрайды. Бірақ, үш жылдан бері жыл сайын 21 мың еңбек орны бос қалады. Ақиқатын айтсақ, елімізде әлеуметтік көмектер арқылы ғана өмір сүретін адамдардың тобы қалыптасты». Ал, әлеуметтік көмектер халықты енжарлыққа тәрбиелейтіні, адамның жұмыс істеуге деген ынтасын өшіретіні белгілі. Мәселен, АҚШ-та бір ғасыр бойы ата-бабасынан бері әлеуметтік жәрдемақылар арқылы күн көріп жүрген 2 миллион адам бар. Клинтон мемлекет басына келе салысымен сол әлеуметтік жәрдемақыларды қысқартпақ болған. Онысынан түк те шыққан жоқ. Ол күшті қарсылыққа тап болды. Және де мұны кездейсоқ деп айта алмайсың. Өйткені, талайлардың көкірегіне сан жылдар бұрын қадалған шірік шегені шығару әсте оңай шаруа емес. Ол үшін ар-ождан түбегейлі тазару қажет. Жаратылыс мақсатына қарай бет бұрмай, адам өзінің болмысын сақтай алмайтынын әрбір азамат жете түсіну керек.

Иә, мәнді де мағыналы өмір сүру қажырлы еңбекті, салауатты сана мен барынша ерік жігерді талап ететіні рас. Бірақ, ұрпағының жарқын болашағын ойлаған, туған елінің қуатты да табысты мемлекетке айналуына мүдделі кез келген адамға бұл талап алынбайтын қамал, бағынбайтын асу емес. Әсіресе, еліміздің алдағы онжылдықтағы экономикалық өрлеуін қамтамасыз етіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу мақсаты күн тәртібінің басты мәселесі болып отырған сәтте. Мәселен, 2010 жылы Жол картасы шеңберінде жоспарланатын іс-шаралардың негізгі мақсаттарының бірі – халықты жұмыспен қамтудың қол жеткен деңгейін одан әрі қолдау болып отыр. Ол үшін республикалық бюджеттен 100 миллиард теңге бөлінді. Жергілікті бюджеттер тарапынан инвестициялық бағыттарды қоса қаржыландыру 43,1 миллиард теңге шегінде болады деп күтілуде. Жол картасының барлық бағыттары бойынша ағымдағы жылы үш мың жобаны іске асыру кезінде шамамен 130 мың жұмыс орны құрылатын болады.

Әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар тәжірбиесі бағдарламалары шеңберінде 53 мың уақытша жұмыс орнын құру жоспарланып отыр. Осынау мақсаттарға 6,3 миллиард теңге бағытталмақ. Мемлекеттік бюджеттен бір қызметкерге айына бөлінетін аударманың көлемі жиырма мың теңгеге дейін көбейтілді. Мұның сыртында, Елбасының биылғы Жолдауында айтылғандай, Жедел индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша таяудағы үш жылда 200 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын

ашуға толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар, «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автокөлік жолын салу барысында, оның қазақстандық бөлігінде 25 мыңнан астам біздің азаматтардың жұмысқа тартылуы көзделуде. Сондай-ақ, алдағы бес жылда қуатты газ-химия кешенін, минералдық тыңайтқыштар өндіретін зауыттарды, бірқатар ірі электр-энергетикалық стансаларды – Балқаш ЖЭС-ін, Мойнақ ГЭС-ін, Екібастұз 2-ші ГРЭС-інің жаңа блогын және көптеген басқа кәсіпорындар пайдалануға берілетінін ескерсек, адами ресурстардың өте қажет екенін аңғарамыз.

Бір сөзбен айтқанда, жұмыс істеймін деген адамға тиісті жағдай жасалып жатыр. Ендігі жерде әрбір іскер қазақстандық осы мүмкіндіктерді ұтымды пайдалана отырып, инновациялық экономикадағы өз орнын табуға ұмтылуы қажет. «Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып» бірлесе еңбек етудің аса бір қажеттілігін Міржақып Дулатовтың мына өлең шумақтарымен түйіндегім келіп отыр:

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Жарты жаңқам қалғанша мен сендікпін,
Пайдалан қажетіңе жараса Алаш!».

Ақпан 2010 жыл

КЕДЕН ОДАҒЫ: ТҮЙТКІЛДЕР МЕН ШЕШІМДЕР

2010 жылғы 1-ші қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстан, Ресей және Белорус арасындағы Кеден одағы тәңірегінде түрлі әңгімелер мен сан-қилы пікірлер легі толастар емес. Ол түсінікті де. Өйткені, нарық та, адамдар да өздеріне белгісіз әрі түсіне бермейтін жағдаяттарды көбіне бастарына төнген қауіп ретінде қабылдайды. Бұл енді, адамдардың ішкі жан дүниесіне байланысты нәрсе. Психология ілімінде, егер белгілі бір мәселе тәңірегінде нақты деректер аз болған жағдайда, бірінші кезекте, адамдар оны жағымсыз жағынан қабылдауға бейімдірек тұрады.

Шынтуайтына келгенде, Кеден одағының, мәселен, бизнеске әсері қай дәрежеде болатыны жәйлі толық сараптама оның не жекелеген салалары, не жекелеген тауарлары мен қызмет көрсету сапасы бойынша күні бүгінге дейін жоқтың қасы. Бұл туралы таяуда Парламент мәжілісінде арнайы айтылды да. Мысалы, автокөліктердің бағасы өседі дейді. Бірақ ол неге және қаншалықты өсетіні жәйлі, әрі оның себептеріне жете мән беріп жатқандар әзірге шамалы. Осындай жағдай 2009 жылы ақпан айында теңгені девальвациялау кезінде орын алған еді. Сол бір тұста доллардың құны 180, тіпті 200 теңгеге дейін барады, инфляция өсімі 25 пайызды құрайды екен деген тәрізді алып-қашты әңгімелер елді дүрліктіргені есімізде. Енді қарасаңыз, нақты жағдай мүлдем өзгеше: инфляция деңгейі өткен жылдың қортындысы бойынша 6,2 пайызды құрап отыр, ал екінші қайтара болады деген девальвация сол бір сөз күйінде қалды. Негізінен алғанда, бағаның қымбаттауы жөнінде нақты әңгіме айту қиын. Оның себебі тауарлардың көптеген түрлері бойынша әлі тарифтер

анықталған жоқ, бұл болашақ келіссөздердің еншісіндегі нәрсе. Осы орайда, тұтынушылық бағаның төмендеуі болатынын да ескерген жөн. Айталық, біздің сүт өндіруші зауыттарымыздың дені Ресей мен Беларусьпен әкелінетін құрғақ сүтпен жұмыс істейтіні белгілі. Бұрындары бұл импорт кедендік рәсімдеуге жатса, ендігі жерде барлық кедергілер алып тасталады. Яғни, сүт өнімдерінің бағасы едәуір арзандай түседі деуге толық негіз бар. Немесе, Қазақстанға Ресей аумағы арқылы әкелінетін Беларусьтің тракторларын алайық. Мұнда да кедендік кедергілер болмағандықтан бұл тракторларды арзан бағамен сатып алуға мүмкіндік туары анық. Азаматтардың еркін жүріп тұруына, өзіне керекті сапалы әрі бағасы төмен тауарларды таңдау құқына ие болуына да жол ашылмақшы. Әрине, Кедендік одақтың қызметіне бірыңғай баға беру әлі де ертерек, өйткені оның негізгі тетіктері әзірге толығымен іске қосылған жоқ.

Жалпы алғанда, Елбасының «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдауында атап көрсетілгендей, Қазақстан ТМД-дағы интеграциялық үдерістердің белсенді қатысушысы болып табылады. Кеден одағының құрылуы – бұл қазақстандық барлық интеграциялық бастамалардың серіппелілігі. Елімізде интеграцияға, әсіресе экономикалық интеграцияға, барынша ден қойылуы кездейсоқ емес. Экономикалық интеграция дербес тәуелсіз мемлекеттер жағдайында бірден бір ішінара тығыз экономикалық ынтымақтастық орнатудың ең жоғарғы әрі барынша мүмкін үлгісі болып есептелінеді. Сондықтан да, әлемнің көптеген мемлекеттерінің аймақтық экономикалық интеграцияға ұмтылуы объективті әрі заңды үрдіс.

Әлемдік тәжірибеде интеграция төрт деңгейден тұрады. Ең алғашқысы еркін сауда аумағы десек, оның шеңберінде Ресеймен де, Белоруспен де біз бұған дейін жұмыс істеп келдік. Келесі – енді іске кіріскелі отырған Кедендік одақ. Бұл жерде тек кедендік тарифтерді рәсімдеу ғана емес, сонымен қатар сыртқы шекаралары сенімді қорғалған, 170 миллиондай халқы бар кеңістікте тауарлардың қозғалуы жеңілдетілген ортақ кедендік аймақ құру көзделеді. Мұның өзі түптеп келгенде бізге молынан инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Өйткені, бірлескен кәсіпорын құрғысы келген кез келген батыстық инвесторға сол өз кәсіпорны шығаратын өнімдерді мейлінше көп тұтынатын ортаның болуы барынша тиімді. Интеграцияның үшінші деңгейіне Біртұтас экономикалық кеңістік жатады. Мәселен, бүгіндері Парсы шығанағындағы және Анд тобына кіретін мемлекеттер осы принципті ұстанады. Капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы қамтамасыз етілетін интеграцияның бұл түрі 2012 жылғы 1-ші қаңтардан бастап Беларусь, Ресей және Қазақстан арасында қалыптасатын болады. Ал енді интеграцияның ең жоғары сатысы ретінде Экономикалық одақ танылады десек, оның бірден бір үлгісі Батыс Еуропа болып отыр.

Байқап көргеніміздей, қандай да бір мемлекет жабық есік жағдайында өмір сүруге мүдделі емес. Мемлекет қарқынды дамып отыру үшін оның ішкі нарығымен қоса сыртқы экономикалық байланыстары да кеңейе түсуі қажет. Әсіресе, жерінің аумағы аса зор, ал халқы 16 миллион ғана Қазақстанға бұл

өмірлік қажеттілік. Сондықтан, Елбасы өзінің биылғы Жолдауында Үкіметке Қазақстанның экономикалық даму басымдықтарына сай келетін жағдайларда Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру үдерісін жандандыруға арнайы тапсырма берді. Президент Н.Назарбаев сондай-ақ, қазірдің өзінде біздің кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктердің пайда болуын дұрыс бағалау, жаңа рыноктарға шығу жөніндегі тиімді стратегияларды әзірлеумен байыпты айналысу, бәсекелестік артықшылықтарды өсіре түсу аса маңызды екендігін де ескертті. Осы орайда, Елбасының «бәсеке жоқ жерде ұйқың жақсы, бірақ та өмірің нашар» деген ұтқыр сөзін қазақстандықтар қаперде ұстағаны жөн деп білемін. Өйткені, кез келген адамның жақсы жағдайда өмір сүргісі келетіні анық қой. Сондықтан, осы мақсатты жүзеге асыруға күш салу қажет. Оған толық мүмкіндік те бар. Мәселен, «Ата мекен» Одағы» ұлттық экономикалық палатасының төрағасы А.Перуашевтің келтірген деректеріне қарағанда, отандық астық өндірушілер үн экспорты бойынша үшінші жыл қатарынан әлемдік көшбасшы атанып келеді, қазақстандық «Меланж» және «TextyLine» тоқыма кәсіпорындары өзінің өнімдерін әлемнің ондаған елдеріне, оның ішінде тоқыма экспортының алпауыттарының бірі – Түркияға экспорттайды. «Рахат» кондитерлік фабрикасы болса өнімдерін Еуроодақ және Азия мемлекеттеріне өткізіп отыр. Мұндай кәсіпорындар үшін Кедендік одақ, әрине, айналымдарын ұлғайтуға жақсы мүмкіндік. Өйткені, Кедендік одақ шеңберінде нарық 11 есе артады (ҚазАқпарат, 10 ақпан 2010 жыл).

Жалпы, шетелдік сарапшылардың бағалауынша, біртұтас кедендік кеңістіктің құрылуы арқасында 2015 жылы Кедендік одақтың әрбір мүшесі өздерінің Жалпы ішкі өнімін 14 – 17 пайызға дейін ұлғайтуға мүмкіндік алады, ал ортақ табыс 400 млрд долларды құрайтын болады. Сондықтан Кеден одағына қатысушылардың ешқайсысы ұтылыста қалмайды. Мұның сыртында, Кедендік одақтың өзін бақылайтын арнайы ұлтүстілік комитет құрылып отыр. Ол үш елдің үкіметінің тарифке байланысты өзара келісілген межеден шығып кетпеуін қадағалайтын болады. Түйінді мәселе туындаса ол үш мемлекеттің премьер-министрлерінің орынбасарлары деңгейінде шешілуі тиіс. Олар да бір келісімге келе алмаса, онда мәселе мемлекет басшыларының қарауына беріледі. Мұндағы шешім тек толық консенсус жағдайында ғана қабылданады: біреу қарсы болса, ештеңе де шешілмейді. Яғни, Қазақстанның мүддесі кез келген шешім қабылданар тұста да толық ескерілетін болады.

Әрине, әрбір жаңа іс тәрізді, Кедендік одақта да түрлі кемшіліктердің орын алуы, небір қиыншылықтардың болуы әбден мүмкін. Мәселен, үшінші елдерден тауарлардың импортымен айналысатын кәсіпкерлер айтарлықтай ауыртпалықтар көретіні рас. Тіпті олар бұл саладан кетіп бизнестің басқа бір саласына ауысуға мәжбүр болуға әбден мүмкін. Дүкен сөрелері Ресей мен Беларусь елдерінен келетін арзан тауарларға толып, отандық өндірушілер бәсекеге қабілетсіз болып қалмай ма деген қауіп те бар. Одақтың Кедендік кодексі мен ұлттық кодекстердегі сәйкессіздіктерге байланысты мәселелер түйткілге айналуы кәдік. Бюрократиялық кедергілердің орын алмасына да толық сенім жоқ. Қалай болғанда да, интеграцияның жаңа деңгейіне өтуге байланысты, әсіресе бастапқы кезде, жекелеген қиыншылықтардан бірден

құтыла алмаймыз. Алайда, олардың оңтайлы шешім табатынына ешбір күмән жоқ. Оған саяси жігер де, экономикалық негіз де және адами ресурстарымыз да жеткілікті. Бұл туралы осы жылғы 26-шы ақпанда өткен ҚР Президенті жанындағы кәсіпкерлер Кеңесінің бірінші пленарлық мәжілісінде Елбасымыз Н.Назарбаев ерекше атап өтті. Ол кісі халқымызға, өзімізге сену әрі лайықты бағалау керектігіне, сөйтіп елді индустрияландыруға жұмыла кірісуге назар аудара отырып, Қазақстанның әлем елдерінің сапалық тізімінде жоғары тұратынына толық сенім білдірді.

Мен Нұрсұлтан Әбішұлының мұндай байламын халқының бойындағы ерекше мүмкіндік пен қасиетті көре білгендігінің нәтижесі деп қабылдаймын. Академик Ф.Байымбетовтың мына бір деректеріне көз жіберейікші. Белгілі ғалымның пайымдауынша, біздің мемлекетте дәл бүгінгі таңда халықтың сауаттылығы ең жоғары деңгейде. Тіпті, АҚШ, Германия, Франция секілді мемлекеттердің өзі сауаттылық жағынан Қазақстаннан «жоғарыдамыз» дей алмайды. Бұған қоса біздің елде ірі ғылыми әлеует бар. Оған мына мысалдар куә. Бүкіл дүниежүзі бойынша көмірден жанармай алу 300 атмосфералық қысым жағдайында болуына қол жеткізілген болса, оны біздің химиктер 100 атмосфералық қысым жағдайында ала алады. Кеніште уранды сілтілеп алу технологиясын қолданып жүрген еліміздің ядролық энергетика саласындағы қызметін халықаралық сарабдал сыншы МАГАТЭ ұйымының сарапшылары да мойындады. Тантал ұнтағын өндіруден өмірге қазақстандық жаңа технология енгізілді. Бұл енді әлемде теңдесі жоқ ғылыми жаңалық әрі Қазақстан ғылымының меншігі. Біз термоядролық ғылыми жұмысы бойынша да көп елдерден оқ бойы озып келеміз.

Яғни, қажет болған жағдайда біздің азаматтардың қандайда бір сынға дайын екендігіне, кез келген бәсекелестікке төтеп бере алатынына сенім мол. Ал, Кеден одағы барлығымызды көп жұмыс істеуге және оны ақылмен әрі зор ықыласпен атқаруға, сөйтіп шығынды азайтып, өнімділікті арттыруға үйретеді. Ендеше, іске сәт делік

Наурыз 2010 жыл

ИНДУСТРИЯЛЫҚ ДАМУ – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МІНДЕТ

Сонымен, көптен бері сөз болып, қолға алғалы жүрген шаруаның тұсауы кесілді. ХХІ ғасырдың екінші онжылдығының алғашқы бес жылын қамтитын үдемелі индустриалды-инновациялық бағдарлама бекітіліп, ондағы белгіленген шараларды толығымен жүзеге асырудың нақты стратегия, қаржыландырылу көздері, тиімді басқару мен жеке жауапкершілік, бизнеске қолайлы жағдайлар жасау, нәтижені бақылау және бағалау тәрізді қажетті шарттары анықталды. Сәтін салып, қолға алынғалы отырған істеріміз жүзеге асып жатса Қазақстан өз тарихында болмаған экономикалық серпіліс жасап, әлемнің дағдарыстан кейінгі алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің тізіміне ілінеріне еш күмән жоқ.

Әрине, бұл – біздің осы уақытқа дейін жасаған тіршіліктеріміздің бәрі болымсыз, өзгелердегінің бәрі керемет деген сөз емес. Шүкіршілік, біздің де басқаларға үлгі ғып тартар үрдістеріміз бар екендігі даусыз. Келімді-кетімді шетелдік әріптестеріміздің айтатын ортақ пікірі осындай. Мысалы, жапондық «Toshiba» корпорациясының өкілі Акихиро Такубо былайша пайымдайды: «Егемендігін жариялағаннан бергі қысқа мерзім ішінде өзінің дамуымен, сындарлы саясатымен, жарқын болашағымен бүкіл әлемді мойындатқан бірден-бір ел – Қазақстан». Дей тұрғанмен, дамудың табан жолынан енді-енді шығып, оның даңғыл жолына аяқ басып келе жатқан бізге бүгінгі жаһандану дәуірінде мейлінше жоғары сапа деңгейіне көтерілу үшін индустрияландыру үрдісін қолға алу ауадай қажет. Осы игі шара, түптеп келгенде бізге қосымша құны жоғары, бірінші кезекте өзіміздің отандастарымыз тұтынатын, өнімдер шығаратын өндіріс орындарын молынан ашуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ, индустрияландыру отандық өндірістің қарқынды дамуында шикізаттың үлесінің мейлінше азаюына септігін тигізеді. Бұл деген шикізат өнімдерінен мүлдем бас тарту емес. Бізге керегі, өзгелер тәрізді барды орынды пайдалана білу.

Атап айтқанда, соғыстан кейінгі жылдары Германияның экономикасын көтеруге мейлінше еңбек сіңірген, белгілі неміс экономисі Людвик Эрхард Маршалл жоспары бойынша бөлінген 1,4 млрд долларды тек шикізат алуға көздеген. Бізде бұл жағынан ешқандай мәселе жоқ. Бүгін, қазақстандықтар жерінің көлеміне шаққанда 0,2 пайызды құрайды, ал шикізаттың байлығы тұрғысынан әлемнің алдыңғы бестігі қатарында. Яғни, әрбір азаматқа келетін байлық жөнінен Қазақстан дүниежүзінде бірінші орында. Мұның өзі оның зор болашағын байқатады. Тек осыншама байлықты дұрыс ұқсата отырып, жаратқанның берген сыйының басым бөлігін келер ұрпаққа зор мұра ретінде қалдыру қажет. Сондықтан, алдағы онжылдықта тұрлаулы да теңдестірілген даму индустрияландыру бағдарламасы бойынша жедел әртараптандыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Нәтижесінде, 2020 жылға қарай ішкі жалпы өнімдегі (ІЖӨ) өңдеу өнеркәсібінің үлесі 13 пайыздан кем емес мөлшерін құрауы тиіс. Экспорттың жалпы көлемінде шикізаттық емес экспорттың үлесі 27-ден 45 пайызға дейін ұлғаюы, еңбек өнімділігі өңдеу өнеркәсібінде екі есе, ауыл шаруашылығында кем дегенде төрт есе артуы қажет. ІЖӨ-нің энергия сыйымдылығы 25 пайыздан кем емес мөлшерде төмендеуі, кәсіпорындардың инновациялық активтерінің үлесі 4-тен 20 пайызға дейін өсуі қарастырылып отыр.

Шыны керек, көзделіп отырған шаралардың жүзеге асуы оңайға түспесі анық. Бәрімізге белгілі, еліміздің ішкі жалпы өнімінде шикізаттың үлесінің молынан болуы академик Фазылхан Байымбетовтың сөзімен айтсақ, «атадан қалған мұра» іспетті. Танымал ғалымның айтса айтқанындай, КСРО кезінде, Қазақстанда өндірілген руда тіпті сол жер жынысы күйінде Ресейге немесе басқа да одақтас республикалардың біріне жеткізіліп, сонда өңделіп отырды. Қазақстан «КСРО асыраушысы» аталып келгенімен, миллиондаған гектар жерде өсіп шыққан миллиардтаған пұт алтын астықты жинайтын комбайндар

одақтас республикалардың бірінде жасалып, бізде соқа да шығарылмайтын. Қазақстан индустриясы негізінен әскери мақсатта дамып, зауыттарымыздың басым бөлігі Кеңес одағының қорғаныс саласының тапсырыстарына қызмет ететіндіктен, халық тұтынатын тауарларды шығарушы өндіріс орындары аса көп болмайтын. Бірақ олардың өздері КСРО ыдырағаннан кейін жұмыстарын доғарды. Мәселен, машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындарының көбі қазір тоқтап тұр. Кезінде 50 мың шынжыртабан тракторлар шығарған Павлодар трактор зауыты, тракторлар мен автокөліктердің поршеньдерін дайындаған Алматы «Поршень» зауыты тәрізді алпауыт кәсіпорындар осындай күй кешіп отырса, 60 пайыздай машина жасау кәсіпорындарында өндіріс жабдықтары әбден ескірген. Айталық, 10 жыл ғана жұмыс істеуге тиісті ондағы станоктар 30-40 жыл бойы пайдаланылып келеді. Әрине, кез келген шетелдік фирма өз өнімдерін мұндай кәсіпорындарда дайындатуға құлықты болмайтыны айдан анық. Осыған ұқсас жағдайлар басқа салаларда да орын алып отыр. Мысалы, теміржол бойында локомотив және вагон паркінің 70 пайызға жуығы толық жаңаруды қажет ететін ескі дүниелер. Шамамен 15 мың шақырымға созылған магистральді теміржолдың 70 пайызы жаңалануы керек. Елдегі коммуналдық шаруашылықтардың меншіктеріндегі дүниелер де ең бері алғанда 50-60 жыл бойы пайдаланылып келе жатқан нысандар. Біразы Хрущев түгіл, Сталин заманынан қалғандар. Мінеки, осындай жағдайда «енші алған» Қазақстанды алдыңғы қатарлы индустриалды мемлекетке айналдыру міндеті тұр.

Осы ретте, Елбасы Н.Назарбаевтың биылғы Жолдауында айтылғандай, еңбек өнімділігінің кешенді артуы аса маңызды міндет болып табылады. Қазақстанда, тұтастай экономика бойынша бір қызметкер жылына 17 мыңдай доллардың өнімін өндірсе, дамыған елдерде бұл көрсеткіш 90 мың доллардан асып отыр. Ауыл шаруашылығындағы ахуал да көңіл көншітерлік деуге келе қоймайды. Мұнда да еңбек өнімділігі көп төмен және жылына бір жұмыс істеушіге 3 мың доллар шамасында келеді. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 50-70 мың долларды құрайды. Ауыл үшін өсу перспективасы міне осында. Нарық қоғамында «тауар өтімділігі» дейтін ұғым бірінші кезекке шығатынын ұмытпағанымыз жөн. Экспорттық әлеует пен қамтамасыз етілмеген өндіріс орындарының өрісі тар. Тіпті, әлемге танымал алпауыт «Тойота», «Форд» компанияларының өздері шығынға батып жатқан кезде мұны ескермеуге болмайды. Ендеше, өркениет көшінде лайықты орын алу үшін біздің қоғамға аса қуатты инновациялық қозғалыс керек, яғни инновациялық үстемдік пен креативті үлгідегі тәртіп қалыптастыру қажет. Сонда ғана өндірістің жоғары өтімділігін қамтамасыз ете аламыз. Айталық, Израильдің бюджет кірісінің 60 пайызын ақпараттық технологияларға толығымен икемделген кәсіпорындар қамтамасыз етуде, сөйтіп өткен ғасырдың 50-ші жылдары қу мекиен даладан өзге ештеңесі жоқ бұл мемлекет қазір экономикасы қарқынды дамыған елге айналып отыр. Сондықтан, Елбасымыздың «білім – ғылым - өндіріс» тізбегін тұйықтау қажеттігі жөніндегі берген тапсырмасын орындауды Үкімет енді қолға алуы тиіс. Мәселен, Батыста университет – мұнай химиясы зауыты – мұнай өндірісі компаниясы тұтастықта жұмыс істей бастады. Демек, осындай

шара ғылымның барлық салалары бойынша қолға алынса іс нәтижелі болмақ. Біз сияқты халқының саны аз, экономикасы даму үстіндегі елге технология ауадай қажет. Сонда ғана әлемнің алып мемлекеттері мен төңірегіміздегі елдер бізбен санасады.

Үкіметтің, барлық деңгейдегі әкімдердің алдында тұрған нақты әрі келелі міндеттер міне, осындай. Осы жылғы 12 наурызда өткен Қазақстанның индустриалды өндірісін құруға арналған арнайы Кеңесте Мемлекет басшысы тағы да бір қабат олардың жауапкершілігін айтып өтті. Әсіресе, өңірлердегі басшылар алдында аса жауапты міндеттердің тұрғанына назар аударылды. Өйткені, индустрияландыру бағдарламасы аясында іске асатын жалпы құны 4,7 трлн тенге болатын 191 жобаның ағымдағы жылы 144-і облыстардың деңгейінде аяқталуы тиіс. Басты мәселе, нысандардың дер кезінде берілуін қадағалаумен қатар, оның толықтай жобалық қуатын игеруді қамтамасыз ету керектігіне тіреліп отыр. Мәселенің былай қойылуы кездейсоқ емес. Бізде соңғы уақыттарда саяси ұраншылдық пен науқаншылдықтың бел алып бара жатқаны ашы да болса - шындық. Тіпті көзбояушылыққа дейін жол берілетін жағдайлар көрініс беруде. Осыған байланысты Елбасының өзі алаңдаушылық білдіргенін білеміз. Ол кісі, мәселен, «Дженерал электрик» компаниясының технологиясы бойынша Еуразия континентінде тұңғыш рет локомотивтердің бесінші буыны болып саналатын жаңа тепловоздар шығару зауытының өткен жылы Астана қаласында алғашқы өнімін беру тұсаукесеріне қатысқанын, ал шындығында алғашқы тепловоздың қазір ғана толық құрастырылып біткенін айта келе, бұл іс-шараның әншейін алдау екендігін қатты сынға алды. Алдағы уақытта мұндай жөнсіздіктердің тамырына балта шабу қажеттілігін ескерте отырып, Президент барлық деңгейдегі әкімдерге өз аймақтарында бүгіндері жұмыс жасап жатқан және таяу болашақта іске кірістірілетін кәсіпорындарды тұрақты назарда ұстап, олардың ұзақ мерзімді тапсырыстар алуына ықпал етіп отыруын тапсырды. Елбасы сонымен қатар, барлық басшыларға халыққа жақын болу керектігін, олардың мұң-мұқтажын дер кезінде шешіп отыруды, әрбір қазақстандықтың жағдайының жақсаруына көмектесуін, жеке басының қарапайым болуын қатаң ескертті. Иә, бүгінгідей шешуші тұста тізгін ұстаған азаматтар тойдан гөрі ойға ден қойса, жағымпаздықтан гөрі жасампаздыққа бой ұрса, әсіре қызығушылықтан гөрі прагматикалық қадамдарды ұстанса ұпайымыз түгенделіп, шаруамыздың бүтінделетіні сөзсіз.

Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы мемлекеттік ресурстармен қатар барлық қазақстандықтар мен бизнесті жұмылдыруға да байланысты екендігін атап өткен жөн. Мынадай бір ақиқатқа назар аударсақ. Қай елдің болмасын, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы жекеменшік секторының, соның ішінде шағын және орта бизнестің үлесіне тікелей қатысты. Тауар өндірісін ұлғайтып, азық-түлік молшылығын жасайтын да, қызмет сапасын жақсартатын да – осы орта тап. Экономика тұрақты болуы үшін шағын және орта бизнестің үлесі 70-80 пайыз, кем дегенде 40-50 пайыз болуы керек. Ал, Қазақстанда бұл көрсеткіш 20 пайызға жетер-жетпес қана. Сондықтан, 2010 жылдан бастап өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөнінде бірыңғай бюджеттік бағдарлама іске кірісті және ол «Бизнестің жол картасы

– 2020» деген атауға ие болды. Бұл бағдарламаның мақсаты кәсіпкерліктің, бәрінен бұрын шағын және орта бизнестің жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу болады. Олай болса, жұмысқа ынталы әрбір азамат үнді халқының ұлы перзенті Джавахарлал Нерудің «Табыс кім батыл кимылдаса, соның үлесіне жиі түседі» деген қанатты сөзін қаперде ұстап, осы бір оңтайлы сәтті ұтымды пайдаланғаны жөн.

19 наурыз 2010 жыл

ҚАЗАҚСТАН – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Аңыз бойынша, Памир тауларында «И» деген бір ғана әріппен аталатын шағын тайпа өмір сүрген екен. Ол тайпаның ерекшелігі сол, олар тек өз тілінде сөйлеп, өз салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қатаң ұстанған. Осы орайда, өзін өркениетті деп санайтын кез-келген қоғамның борышы - бұл тайпаның барлық ерекшеліктерін сақтай келе оның жойылып кетпеуіне жол бермеуінде.

2006 жылдың көктемінде Мәскеуде жастардың «Еуразия шеңбері» I Халықаралық ақпараттық форумына қатысқан болатынмын. Сондағы Ұлттар үйінде Мәскеудің ұлттық-мәдени орталығы өкілдерімен әңгіме осы мысалдан басталып еді. Ең қызығы, сол жолы мен күтпеген ерекше бір оқиға болды. Мен сөз сөйлеп болғаннан кейін маған бір тәжік әйелі келіп, жоғарыда сөз болған тайпаның бүгінгі жалғыз өкілі екенін айтып ағынан жарылды және қазақстандықтарға қызыға да тамсана қарайтынын жасырмады. Көзіне жас үйірілген әйел, Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа ұлт мәселесінде сарабал әрі көреген саясат жүргізіп отырғаны үшін өзінің ризашылығын білдірді.

Барлығын салыстыра отырып, ұғынамыз ғой. «Бір ғана тілге басымдық беру арқылы коммунизмге аяқ басу» ұранын ұстанып, жалпы адамгершілік нормалардан ауытқушылық орын алған уақыт әлі естен кете қойған жоқ. Ол дәуірдің салдары баршаға аян. Егер 1926 жылы бұрынғы Кеңес Одағында 190 ұлт пен ұлыс тұрса, Одақ ыдырар кезде олардың саны 130 шамасында болған. Қазақ тілі де жоғалудың аз-ақ алдында қалды. Нәтижесінде, бізде тек орыс тіліне бағыт ұстаған адамдардың өзіндік ділі қалыптасты, сөйтіп атасы немересімен өз ана тілінде сөйлесе алмайтын жағдайға жетті, ал жастардың бір бөлігі ана тілінде сөйлесуді, тіпті өздерін қазақпыз деуді ар санауға дейін барды. Бүгінде қазақ тілінің өркендеу үдерісінің қиын да күрделі жағдайда жүріп жатқаны кездейсоқ емес. Ендеше, ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесі толық бекіп, қолданыс аясы кеңеюіне біршама уақыт керектігін түсіністікпен қабылдаған жөн.

Сталин басшылығы мақұлдаған Голощекиннің «Кіші октябрі» бізге, қазақтарға мол зардап әкелді. 30-шы жылдардағы күшпен ұжымдастыру мен голощекиндік геноцид 1,5 миллион қазақтың өмірін қиды. 1 миллион 300 мың қазақ елді тастап кетуге мәжбүр болды. 1930 жылы 5 миллион 873 мың қазақ болса, 1933 жылы 2 миллион 493 мың ғана қазақ қалған, яғни 2-3 жылда халықтың саны екі еседен астамға қысқарған.

«Халықтар тағдырын шешуші» көсемнің еркі бойынша Қазақстан көптеген халықтың қоныс аударатын орынына айналды. Тек сол жергілікті халықтың қайырымдылығының арқасында олар қоныс аударудың барлық дерлік азабынан аман-есен шыға алды. Ғасырлар бойы теперіш көріп келген қазақ халқы, туған жерінен қоныс аударудың, аштық пен қорлықтан зардап шегудің қалай екенін ерекше түйсінгендіктен, әрине. Иә, қазақ халқы өте көп қиыншылықтарды басынан кешірді. Бірақ олар халықты шынықтырды. Рас, қазақтар өз салт-дәстүрі мен тілін жоғалтып ала жаздады. Бірақ, білімге, өнерді дамытуға талпына отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Бүгінде мемлекет құраушы бірден-бір ұлт өкілі ретінде қазақтарға өздерінің рухани құндылықтарының негізінде республика халқының тұтастығын нығайту бағытында айырықша тарихи міндет жүктеліп отыр.

Қазақстан түрлі өзге ұлт өкілдеріне екінші Отан болып отыр. 90-шы жылдары Ресейге көшіп кеткен менің жақын досым және бұрынғы партиялас әріптесім Евгений Близнюков маған өз хатында былай деп жазады: «...Жаңа өмірге бейімделу, үйрену соншалықты қиын болады-ау деп еш ойламаппын. Отан - кіндік қаның тамған жер ғана емес, сені асырап, өсірген орта екенін іс жүзінде түсінесің. Өткеннің бәрін кері қайтаруға болатын болса – мен ешбір ойланбас едім. Біз бұл жерде бөтен адамдармыз. Мен болсам бәрін басқаша армандайтынмын. Бірақ, жоғалған нәрсең тек ертегіде ғана қайта оралатыны белгілі. Ең бастысы, мұнда өзіңнің ешкімге керегің жоқ екенін түсінесің...»

Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшесі, Қазақстандағы Орыс, славян, казак ұйымдары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Анатолий Чесноковтың да пікіріне құлақ ассақ. Ол «Экспресс К» газетіне берген өзінің сұхбатында, Қазақстанда төрт миллионнан астам славян ұлты өкілдерінің тұратынын, олардың көпшілігінің көшуді жоспарлап отырмағанын, өйткені мұнда барлық этникалық топтардың мүдделері толығымен қорғалған жақсы заңнамалық базаның жасақталғанын айтады. «Елбасы өзінің сөзінде тұрды. Ол кісінің егемендік алған тұста айтқан сөзімен бүгінгі жасап жатқан ісінде ешбір алшақтық жоқ. Республикадағы жағдай шын мәнінде бәрімізге жәйлі, сондықтан да ерікті қоныс аударуға көмектесудің ресейлік бағдарламасына қарамастан Қазақстаннан жаппай көшіп жатқандар жоқтың қасы», - дей келе, ол өз ойын осылайша түйіндейді.

Бұл, мемлекеттің этникалық тілдер мен ұлттық мәдениетті қолдаудың нақты саясатының заңды нәтижесі деуге толық негіз бар. Мына деректерге назар аударсақ. Елімізде 88 ұлттық мектеп бар, оларда өзбек, тәжік, ұйғыр, украин тілдері оқытылады. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде оқытылады. 30 этностың тілін үйрету жөніндегі 195 арнайы лингвистикалық орталықтар ашылған. Қазақ және орыс театрларынан басқа, төрт ұлттық театр - өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары бар. Олардың үшеуі - бүкіл ТМД бойынша жалғыз театрлар. Ақпараттық кеңістікте 35-тен астам этникалық газет-журналдар жұмыс істейді. 4 ірі этникалық республикалық газет мемлекеттің қолдауымен шығып отыр. 11 тілде - газет-журналдар, 8 тілде - радиохабарлар, 7 тілде - телебағдарламалар шығады.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңымыз Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Аз ұлттардың істері жөніндегі жоғарғы комиссарының талаптарына толықтай жауап береді. 2006-шы жылы еліміздегі тілдер саясатына жүргізілген зерттеудің қорытындысы бойынша Жоғарғы комиссардың кеңсесінде, Қазақстандағы тілдер саясаты - барша посткеңестік кеңістіктегі ең жәйлі саясат екені ашық жария етілген болатын. Жоғарыда атап өткендей, Елбасымыз еліміз тәуелсіздік таңы атқан кезде берген өзінің уәдесінде тұрып келе жатыр. Барлық халықтың лайықты өмір сүрулеріне, олардың өздерінің салт-дәстүрлерін, мәдениеттері мен тілдерін жандандыруына, ұлты мен тіліне қарамастан, барша қазақстандықтың өздерін Қазақстан азаматтары ретінде сезінулеріне жағдай жасалып отыр.

Бір сөзбен айтқанда, кезінде тарихтың тауқыметін бірдей көрген түрлі ұлттың адамдары бүгінде Қазақстанда ортақ тағдырлас. Әрқайсымыз өзіміз үшін еңбек еткенімізбен, нәтижесінде Қазақстанның экономикасына үлес қосып отырмыз. Әрқайсымыздың жетістігіміз - республикамыздың гүлденуіне қосқан үлесіміз. Сондай-ақ, ел экономикасындағы дағдарыстар біз үшін ортақ проблемаға айналатыны рас. Егер, елімізде саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім болмаса, олардың шешімі мейлінше күрделі болар еді. Дәлірек айтсақ, мүлдем басқаша өңге айналар еді және оған нақты мысалды алыстан іздемей-ақ қоялық. Жақын шетелдерде болып жатқан жағдайларға көз жіберсек те жеткілікті. Осы орайда, өз елінің нағыз азаматы - елінің тыныштығы мен гүлденуі жолында жан аямай еңбек ететін адам деп білемін.

Қазақстан - бай ел, ал байлықтың төңірегінде әрқашан қауіп-қатер қатар жүреді. Сондықтан да, тәуелсіздік тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде болуы, экономикамыз әлемдік нарықтың нән құбылмалы «мінезінен» зардап шекпеуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек. Қазақстан қоғамына тән халықтың бірлігі дәл осы жерде көрінуі керек.

Өткен жылдың басында қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының журналистеріне берген сұхбатында Нұрсұлтан Әбішұлы былай дегені бар: «Еске алсақ, тәуелсіздігімізді жариялаған кезде, қазақтардың саны халықтың 42 пайызын ғана құрайтын. Елімізді қуатты және күшті елге айналдыру үшін ұлтына қарамастан, барлық азаматтар еңбек етті. Мұны ұмытуға болмайды. Тәуелсіздік - Қазақстан халқының ортақ жеңісі, ортақ қуанышы. Тарихтың жазуымен, Қазақстан көпұлтты мемлекет ретінде қалыптасты. Бірақ бұл кемшілік емес, керісінше, елімізді ұлттық оқшаулаудан қорғайтын маңызды фактор. Және еліміздің барлық азаматтары қазақстандықтардың ортақтасуға бағытталған идеясын ұстануға міндетті».

Осы тұрғыда, Елбасының тікелей басшылығымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының ролі маңызды. Ассамблея – этносаралық қатынастар проблемаларын шешудің тікелей жолы мен нақты тетігіне айналды, ол 1990 жылдардың екінші жартысында нарықтық өзгерістерді табысты жүзеге асыру және елді біртіндеп кезең-кезеңмен демократияландыруға кірісуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі күндері Ассамблея этносаралық саладағы мемлекеттік саясатты табысты жүзеге асырудың маңызды тетігі, Қазақстанды мекен еткен барлық

ұлыстың өзара қарым-қатынастары толықтай қамтылып отырған үлкен алаң болып табылады. 2007-ші жылы жүргізілген конституциялық реформалар Ассамблеяның беделі мен саяси салмағын көтеруге мүмкіндік туғызды. Қазір толыққанды конституциялық органға айналған Ассамблея Ел Парламентіне 9 депутат сайлау құқына ие болды.

Егемен Қазақстанның алғашқы қадамдары - Семей полигонының жабылуы мен ядролық қарудан бас тартуы - жаһандық саясаттағы іс-қимылдың жаңа «моральдық стандартына» негіз болды. Республиканың барлық сыртқы саяси бастамалары - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары, Әлем діндерінің съезі және тағы да басқа бастамалар - Қазақстанды әлемге тек нарықтық экономика орнатып жатқан ел ретінде ғана емес, этносаралық сілкіністерден ада бола білген посткеңестік елдердің бірі ретінде танытып отыр.

Ассамблеяның қазіргі кездегі қызметі 3 басты міндетке - қазақстандық отансүйгіштікті тәрбиелеуге, төзімділік пен жауапкершілікке, мемлекеттік тілді игеруге бағытталып отыр. Жоғарыда айтып өткендей, бұл тұрғыда көп істер атқарылуда. Әрине, түйінді мәселелер де жоқ емес. Бірақ өмірдің өзі де түрлі реңктен тұрады емес пе? Жекелеген шешімдер мен атқарылған істер кейбіреулердің көңілінен шықпай жататыны жасырын емес. Мысалы, әлдекім мемлекеттік тілдің проблемаларын тек қана қазақтілді баспасөз жазады, қалғандарының «оның бізге қатысы жоқ деген сыңай танытып, үндемейді, деп санайды. Енді біреулердің пікірінше, кей мамандықтар мен кәсіптердің жекелеген баптарына қазақ тілін білу керектігі талаптарын қою мәселесін қарайтын «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңның 23-ші бабын күшіне енгізу мәселесі ұзын арқан, кең тұсауға салынып отыр. Жекелеген тұрмыстық бағыттағы небір кикілжіндерге саяси астарлар беріп, Ассамблеяның ролін төмендетуге талпынып отырғандар да жоқ емес. Әрине, өмір болған соң, ұсақ-түйек кикілжіндер мен кейбір проблемалардың орын алуы әбден мүмкін. Бірақ, ондай жайттар кез-келген, тіпті ең тату деген, отбасының өзінде болып тұрады. Әрине, тырнақтың астынан кір іздегендерге түймедей нәрсені түйедей етіп көрсету үшін көп ақылдың қажеті жоқ.

Сондықтан да азаматтар арасындағы қатынастар саласындағы ахуалға баға берер тұста өте мұқият және аса жауапкершілікті сезінуіміз керек. Елдің тәуелсіздігін көздің қарашығындай қорғаудың қажеттілігін бір сәтте де естен шығармағанымыз абзал.

«Қазақстан-2030» Стратегиясында Елбасы, біздің ұрпақтарымыз әлемге әйгілі елде тұратын болады, деген еді. Міне, сол күн туды. 2010 жылы біздің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық міндетіне кіріскеніміз - осының нақты айғағы. Бұл Қазақстанның көпұлтты халқының үлкен жеңісі, қазақтардың ұлы жетістігі. Бұл – еліміздің ішкі саясатының орнықтылығына, мемлекеттің ашықтығына, оның экономикалық қуаты мен демократиялық дамуына берілген жоғары баға.

Сәуір 2010 жыл

ПАН ГИ МУН: ҚАЗАҚСТАННАН ҮЛГІ АЛУҒА ШАҚЫРАМЫН!

Таяуда әлемдік саясат алаңында халықаралық мәнісі аса маңызды және галамдық өркениеттің дамуына тигізер әсері айтарлықтай ерекше бір оқиға орын алды. АҚШ-тың бас қаласы Вашингтонда болып өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммит дүйім жұртшылықты дүр сілкіндірді. 47 елдің басшыларының бастары түйіскен осынау ауқымды жиын бүкіл адамзат атаулыны алаңдатып отырған ядролық қару-жарақтарды таратпау, оларды түбегейлі жою мәселесін жан-жақты талқылады, сөйтіп бұл бағытта бірлесе күш біріктіре отырып ядролық қарусыз әлем құруға нақты қадам жасады. Осыдан 65 жыл бұрын өткен Ялта конференциясынан кейінгі көпшіліктің ортақ мүддесі тұрғысынан қабылданған осынау ерен шешімнің сайып келгенде бүгінгі және келер ұрпақтың жарқын болашаққа деген сенімін нығайта түсері анық.

Мәртебелі жиынның мұндай нәтижелерге қол жеткізуіне Қазақстанның басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың үлесінің мол болғандығы жөнінде бірінші кезекте айту парыз. Осы ретте, Ақ үйдің кеңесшісі Майк Макфолдың АҚШ Президенті Обаманың Қазақстан басшысын іш тартып, ядролық қауіпсіздік мәселелерінде «оған теңелуге ұмтылуға лайық көшбасшылардың бірі» және Вашингтондағы саммит «оның қатысуынсыз өтпес те еді» деп сипаттады, деген мәлімдемесі көп жайды аңғартары анық. Сонымен бірге, осы жаһандық саммит қарсаңында Семей ядролық полигонында болып, сынақ аймағындағы күйіп кеткен даланы, болған қасіреттің құжаттарын өз көзімен көріп қайтқан Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мун мырзаның «Қазақстан ядролық қарусыздануда ерекше артықшылығын аңғартуда. 1991 жылы Президент Н.Назарбаевтың Семейдегі ядролық полигонды жауып, ядролық қарудан бас тартуы үлкен ерлік. Бұл қадам көрегенділік, нағыз тәуелсіздікті жариялау. Мен барлық мемлекет басшыларын, оның ішінде ядролық державалардың басшыларын, Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын! Рухтану үшін олар Қазақстанның үлгісін байқау керек», - деп ағынан жарылуы тегін емес. Пан Ги Мун тіпті Нұрсұлтан Назарбаевты бүкіләлемдік ядролық атом қаруына қарсы күрестегі қозғалыстың басшысы болуға шақырды. Сондай-ақ, жаһандық саммит күндері Вашингтонда «Біз әлемдегі төртінші ядролық арсеналымыздан құтылдық. Сондықтан біздің үлгімізді ұстануға шақырамыз, қауіпсіз әлем үшін бұдан басқа балама жоқ», - деген Назарбаевтың сөздерінің арнайы плакаттарда ілініп қойылғаны Қазақстанға көрсетілген үлкен құрмет екендігін де атап өткен жөн.

Жалпы, Елбасының жаһандық саммитте баяндама жасаған алғашқы бес басшының бірі болуын және оның осында сөйлеген сөзінің халықаралық қауымдастық тарапынан барынша қолдау табуын, сондай-ақ 2010-шы жылғы екінші сәуірде «Известия» газетінде жарияланған Назарбаевтың «Алып әлем және ядролық қауіпсіздік» мақаласының әлемнің әккі саясаткерлері мен сарапшыларының, түрлі халықаралық ұйымдардың, журналистердің ерекше қызығушылығын туғызуын елімізге берілген үлкен баға деп қабылдауға әбден болады.

Ең бастысы, «Алып әлем және ядролық қауіпсіздік» атты мақалада көтерілген Елбасының бастамаларының бәрі дерлік Вашингтон саммитінде қызу талқыланғанын әрі оның қортынды құжаттарында көрініс тапқаны дер едім. Мәселен, Нұрсұлтан Әбішұлының Ядролық қаруды таратпау туралы келісімге (ЯҚТК) қатысты мақалада айтылған пікірлері төңірегінде саммитке қатысушылар өз ойларымен бөлісе отырып, Елбасының: «ЯҚТК өзіне артқан үміттерді ақтамады, өйткені міндеттерді тек ядролық қарусыз мемлекеттерге жүктеу қарастырылған. МАГАТЭ мен БҰҰ тарапынан кей мемлекеттердің халықаралық тексерушілерді өздерінің ядролық нысандарына жіберуден жалтару фактілеріне көңіл бөлудің анық және ұғынықты жүйесі де жоқ. Тіпті ЯҚТК өз мүшелерінің қол қоюшылар қатарынан у-шусыз шығуына жол береді» деген тұжырымымен толық келісетіндіктерін білдірді. Өзгеше болуы мүмкін де емес. Себебі, қалыптасқан жағдай қарсы көңіл-күйлерге, әлемнің кейбір аймақтарында «ЯҚТК-ның әділетсіздігі» сезіміне жел береді. Бәрінен бұрын, бұл жаппай қырып салу қаруын иеленуге ұмтылған мемлекеттерге де сылтау болуына, сөйтіп қарусыздану үдерісінің алға жылжуының барынша құлдырауына әкеліп соғады.

Елбасының әлемде белгілі жағдайлардалаңкестер қолына түсуі әбден мүмкін және күрделі мемлекетаралық шиеленістер басталуын туындататын, ядролық жарылыстар құрылғыларын жасауға әлі де жарамды, бөлшектенетін басы артық материалдардың бірталай бөлігі жинақталғанына алаңдаушылық білдіргені де көпшіліктің ойынан шыққанын айту ләзім. Сондықтан да олар бұл мәселенің оң шешімі ретінде, Назарбаевтың мақаласында келтірілгендей Қазақстанда далалық жағдайдағы сабақтар мен теориялық семинарларды өткізуге болатын, ядролық материалдың экспорттық және ішкі мемлекеттік бақылау, есептеу мен қатаң қорғау жүйелерін жетілдіру саласында Азияның шамасын күшейтуге бағытталған Халықаралық оқу ядролық орталығын құру туралы ұсынысын мейлінше дұрыс шешім ретінде қабылдап отыр. Ұсыныс нақты іске асу үшін неғұрлым көбірек мемлекет қатысу қажеттігі де күмән туғызбайды. Осы орайда, мақаладағы «Ядролық қарусыз әлем – олардың ядролық технологияларға ие немесе ие емес екендігіне қарамастан, барлық елдер мен халықтардың күш-жігерін біріктірген жағдайда ғана – шындыққа айнала алады», – деген Нұрсұлтан Әбішұлының ұтымды ойымен келіспеске шара жоқ. Үлкен және кіші мемлекеттердің тең жағдайдағы өзара іс-қимылы арқасында ғана көптеген аймақтардағы маңызды мәселелердің оң шешімін табары анық. Соның бір айқын дәлелі ретінде, жаһандық саммитте Мексика, Украина, Канада, Чили мемлекеттері өздерінде жинақталып қалған ядролық материалдардан бас тартатын ниеттері туралы шешімдерін ашық жария етті. Мұның өзі қандай да бір қауіпті шикізатты лаңкестердің қолына түсірмеу мүмкіндігін күшейтері анық.

АҚШ және Ресей тәрізді ядролық державалар да бұл мәселе бойынша нақты мысал бола алады. Олар жаппай қырып салу қаруын қысқарту туралы келісім-шартқа форум қарсаңында Прагада қол қойғандары мәлім. Саммит барысында бұл екі алпауыт мемлекет тек мұнымен шектелмей, 17 мың атом бомбасын жасауға шақ келетін бірнеше ондаған тонна плутонийді мүлдем

жойып жіберу туралы шешім шығарды. Сайып келгенде Н.Назарбаевтың өз мақаласында Барак Обама мен Дмитрий Медведевтің стратегиялық қару-жарақтар саласында жаңа келісім-шарт бекіту жөніндегі күш-жігерлеріне айрықша үміт артуы да бекер болмай шықты. Осы орайда, мақала авторының құрлығымыздың түрлі өңірлерінің аумақтарында тактикалық ядролық қару-жарақтардың айтарлықтай қорлары шоғырландырылған қазіргідей жағдайда стратегиялық ядролық қару-жарақтарды қысқарту саласында қол жеткізілген және күтілетін табыстар еш себепсіз эйфорияға апармауы қажеттігі туралы ескертуіне форумға қатысушылардың мейлінше ден қоюы түсінікті жағдай. Сол себепті, таяу болашақта тактикалық ядролық қару-жарақтарды қысқарту мен жою, ядролық қарусыз аймақтардың халықаралық-құқықтық мәртебесі туралы мәселелерді күн тәртібіне шығарып, шұғыл түрде талқылау, ядролық қарусыз әлем идеясына қарай аяқ басуға деген шешімін бейнелейтін Ядролық қарусыз әлемнің жалпыға ортақ декларациясын қабылдау жөніндегі Назарбаевтың ұсыныстары ризашылықпен қабыл алынды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бейбіт ядролық бағдарламаларды дамытуға қатысты мақалада айтқан нақты ұсыныстарының да саммитке қатысушылар тарапынан түсіністікпен қабылданғанын ескерген жөн. Қазақстан Президенті бұл мәселеге байланысты «ядролық қауіпсіздік саласында бүкіл адамзат үшін заңды және өмірлік маңызды бақылау шараларын қабылдай отырып, халықаралық қоғамдастық энергетика және жоғары технологиялар саласындағы жаһандық трендтерді назардан тыс қалдырмауы тиіс» деген болатын және ядролық терроризммен күрес саласындағы жаһандық күш-жігер мен халықаралық құқық тұрғысынан алғандағы ашық ядролық бағдарламалар арасында ойластырылған тепе-теңдік қажеттігін айтқан-тын. Ол кісінің пікірінше, мемлекеттерге ынталандырулар мен преференциялар беру арқылы, олардың халықаралық-құқықтық кеңістікте қалуын қамтамасыз ету керек және тек бейбіт бағыттағы ядролық бағдарламаларды дамыту олар үшін экономикалық тұрғыда тиімді болатынына көз жеткізу қажет. Табиғи уранның ірі қорларына, технологиялық базаға, дамыған инфрақұрылымға ие Қазақстан да бейбіт бағыттағы ядролық бағдарламаны дамытуға деген өзінің заңды құқығын пайдалану ниетін және Ресеймен бірге Ангарскіде Уранды байыту жөнінен халықаралық орталық құруға атсалысуға даяр екендігін жасырмайды. Өйткені мақалада атап көрсетілгендей Қазақстанға «МАГАТЭ аясында Ядролық отынның халықаралық банкіні құру идеясы мейлінше жақын және түсінікті». Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстанның аталған банкті өз аумағында орналастырып қана қоймай, сонымен бірге ядролық отынды тиісінше сақтауды қамтамасыз етуге дайын екендігін саммит барысында тағы да мәлімдеді. Елбасының бұл мәлімдемесі жаһандық саммиттің қортынды құжаттарының нақты бір нәтижесі ретінде қарастырылып отыр.

Қорыта айтқанда, Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің «Алып ауқымды әлем және ядролық қауіпсіздік» мақаласымен кезекті рет бүкіл халықаралық қоғамдастықтың, соның ішінде ядролық қауіпсіздік жөніндегі сәуір Саммитіне қатысушылардың, назарын ядролық қарусыз әлемге аударды және барша халықты құрлығымызда ядролық қарусыздануға жетуге шақырды. Бұл

әсіресе ядролық қарусыз әлем идеалдарына нақты ұмтылған ресми ядролық державаларға қатысты мәселе. Нақ осы елдер «қосарланған стандарттарды» қолданбай, ядролық қаруды таратпау және қарусыздану мәселелерінде басқа мемлекеттерге үлгі болулары тиіс. Турасын айту керек, мәселе құны аса қымбат. Егер нақты шара қолданылмаса, белгілі саясаткер Уолтер Мондейль айтқан: «Үшінші дүниежүзілік соғыста ардагерлер болмайды» деген дана сөздерін тура қабылдаудан басқа лажымыз қалмайды.

Сәуір 2010 жыл

КЕЗЕК КҮТТІРМЕС МІНДЕТТЕР

Қазақтың ертеңі екі нәрсеге байланысты. Бірі демографиялық тез өсуіне, екіншісі – сапалық көрсеткіштің жоғарлауына. Ал, қоғамның интеллектуалдық бағыт алуы білім дәрежесінің күрт көтерілуіне тікелей байланысты. Сондықтан, ұлттық сананы дұрыс бағыттау басты бағдар болуы қажет деген міндетті басшылыққа ала отырып Ата заңымызға «Зиялы қоғам құрамыз» деп жаздық.

Бір айта кетерлігі, қазақ халқы тәрбие көзі – дұрыс бағыт беру екенін әу бастан қолдаған ел. Мәселен, атақты Бөгенбай батырдың немересі Саққұлақ би бірнеше ғана сөзбен ұрпақ тәрбиесінің түгел бір педагогикалық жүйесін белгілеп берген: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық». Олай болса, халқымыздың жас ұрпағына ұлттық рухани тәрбиені сіңіру, сол бағытта тәлімдік жұмыстар жүргізу бүгінгі күннің ең маңызды әрі кезек күттірмес міндеті болып табылады.

Жалпы, қазақ – жаратылысынан шыдамды, қажырлы, жігерлі, қайсар әрі тәуекелшіл. Талантқа да кенде емеспіз. Тек олардың осы ерекше қабілетін ұштайтын, қолтығынан демейтін, ашылуына көмектесетін абзал жан алдынан шығу керек. Осыған байланысты өнеге тұтарлық бір әңгіме есіме түсіп отыр. Бүкіләлемдік тартылыс күші заңдылығын ашқан әйгілі Ньютонды әкесі тым бала кезінде «ақылсыз, топас» деп үйінен қуып жіберген көрінеді. Қаңғып қалған Ньютон Ұстазға жолықты. Физик аспаннан түскен алманы қағып алып жегенді ғана білетін адамдарға жерге түсу сырын ұлы адамға кезіккеннің арқасында түсіндіріп бере алды. Дарынды шәкірт пен сұңғыла ұстаздың жолы тоғыспағанда Ньютон бары да, жоғы да белгісіз, із қалдырмай өтетін адамдар қатарында жер бетінен үнсіз кетуі ғажап емес қой. Әрине, талантты танып білу үшін де талант керек. Сол себепті де қоғам осындай жандардың көбеюіне барынша мүдделі болуы әрі тиісті жағдай жасауы қажет.

Мына мәселеге де назар аударған жөн. Ұлттық мектептерде әлі күнге өгейсіген бір пән бар. Ол - ән-күй. Ұйқы қанып, сана жаңғырып тұрған сәтте жаныңа саумал әуезін себелеп қоя беретін халқымыздың сырлы саздары бүгінгі ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің ең басты құралдарының бірі емес пе? Ұлы ойшыл бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби бекерден-бекер былай демесе

керек: «Тәрбиелеу дегеніміз адамның бойына білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерлерді дамыту деген сөз».

Ал, Ахмет Байтұрсынов сонау 1913 жылы «Жұртқа білім үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болуы керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы болуы керек һәм халық арасына көп жайыларға керек», деп жазған екен. Демек, басты міндет – оқулық шығару. Әрине, бұл салада атқарылып жатқан жұмыстарды жоққа шығаруға болмас. Дегенмен, жеңістен гөрі жеңілістің ащы дәмін татып жүрген кездеріміз жетіп артылады. Қазақ тіліндегі оқулықтардың сапасы сын көтермейді. Елбасының өзі бұл жөнінде бірнеше дүркін ескерту жасаған болатын. Ол кісі осыдан бірекі жыл бұрын «Қазақ тілінде шығып жатқан кітаптар адамдарды қазақ тілін үйренуге емес, қазақ тілінен қашуға итермелейді. Осы салаға жауапты тиісті органдар нақты шешім қабылдауы тиіс» деп, арнайы атап өткенін де білеміз. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының Білім және ғылым министрлігіне 2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдаламаның шеңберінде заманаға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасауды аяқтауға, ал Үкіметке, мемлекеттік холдингтерге облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып кәсіптік-техникалық білім беруді одан әрі дамыту бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға, ел экономикасы үшін барынша қызығушылық тудырып отырған тиісті білім салаларына шетел ғалымдары мен оқытушыларын тартуға тапсырмалар бергені белгілі.

Мұндай шешімдердің қабылдануы кездейсоқ емес. Сарапшылардың есептеуінше 2006 жылы жаһандық деңгейде шығарылған ақпараттар көлемі бұрын-соңды жарық көрген кітаптардағы ақпараттардан 3 миллион есе артық болған екен. Бұл, осыншама ақпаратты қамтитын кітап бумаларының баспа форматымен алғандағы биіктігі, бейнелей айтқанда, жер мен күннің арасындай қашықтықты алады деген сөз. Болжам бойынша, 2010 жылы ақпараттар көлемі тағы алты есеге дейін ұлғаюы күтілуде. Әрине, мұндай ақпараттар тасқынында шырмалып қалу оп-оңай. Сондықтан, қазіргі заманғы білім беру жүйесінің ең басты міндеті кең көлемдегі ақпарат тасқынында өзін еркін сезінетін және сыни тұрғыда ойлана алатын азаматтарды дайындау болып табылады. Бұл оқыту жүйесін түбегейлі өзгертуді талап етеді. Атап айтқанда, мұғалім дәстүрлі тәсілмен сабақ беретін қарапайым сынып бөлмелерінен «электронды» сыныптарға толығымен көшу қажет. Әрбір оқушының, өзінің ғылыми және техникалық сауаттылығын ашу үшін компьютерді терең меңгере отырып, Интернет желісінде желдей есетін деңгейге көтерілуі арқылы білім алу көкжиегін барынша кеңейтуіне жағдай жасалынуы керек. Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге де баса назар аудару және бұл сатыны олардың шығармашылық әрі интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету де басты талаптардың бірі.

Осы мақсатта мемлекет тарапынан ауқымды шаралардың қолға алынып жатқаны көңілге зор үміт ұялатады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа арнаған биылғы Жолдауында әдеттегідей білім беру мәселесіне басымдық беріліп отыр. Нақты айтқанда, 2020 жылға қарай қалалық, сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтылатын болады. Мысалы, мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің әлеуетін ескере отырып мемлекеттік мекемелерге балама ретінде жекеменшік отбасылық балабақшалар мен шағын орталықтарды ашу көзделуде. Сол үшін Үкіметке әкімдермен бірлесіп үстіміздегі жылдың бірінші жартысында балаларды мектеп жасына дейінгі оқытумен және тәрбиемен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталған «Балапан» арнайы бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға тиісті пәрмен берілді. Сондай-ақ, 2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет қажетті шараларды қабылдауы қажет.

Ал, бүгінде оқушылардың түрлі санаттарының толыққанды білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, жоғары сынып оқушыларын олардың жеке қабілеттері мен білім алуды жалғастыруға қатысты ынта-ниеттеріне, еңбек нарығында өзін көрсете білуіне және өз орнын табуына сәйкес оқыту үшін жағдай жасау бағытында істеліп жатқан жұмыстар негізінен оң сипатқа ие. Қазір барлық мектептерді соңғы үлгідегі компьютерлермен жабдықтауды толықтай қамтамасыз ету, оларды Интернет желісіне қосу, оқыту жүйесінде интерактивті тақталарды қолдану жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Өткен жылдан бастап Елбасының тікелей тапсырмасы бойынша Астана және Семей қалаларында «Болашақ» жобасы аясындағы алғашқы интеллектуалды мектептер іске кірісті. Таяу болашақта мұндай мектептер еліміздің барлық аймақтарында ашылатын болады. Негізінен бұл оқу орындарында нақты және жаратылыстану ғылымдарын оқып үйренуге, креативті және сыни тұрғыда ойлауды дамытуға терең мән беріліп, еліміздің интеллектуалдық элитасын тәрбиелеуге ыңғайлы жағдайлар жасау көзделеді. Интеллектуалды мектептердің түлектері әлемнің кез келген университетінде оқу мүмкіндігіне ие бола алады. Әрине, бұл басқа мектептер көлеңкеде қалды деген сөз емес. Әсіресе, ауылдық мектептерде білім беру жүйесін жетілдіру мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Мұндағы білім деңгейін қала дәрежесіне жеткізу бағытында қашықтан оқыту тәсілін қолдану, ынталандыру жүйесін енгізу арқылы жас мамандарды тарту тәрізді жасалып жатқан шаруалар жеткілікті. Мәселен, өткен жылы «Дипломмен ауылға» бастамасы шеңберінде 5 мың 136 педагог ауылдық жерлерге аттанды. Осы ретте, Бағдарлама негізінде ауылға баратын мамандарға 70 айлық есептік көрсеткіштен кем болмайтындай, яғни 90 мың теңге шамасында «көтерме ақы» қарастырылған. 2010 жылдан бастап аталған мамандарға 630 айлық көрсеткіштен аспайтын пайызсыз несие беру жоспарланып отыр.

Ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін академиялық орталықтар мен оқу орындарын құру тұрғысында атқарылып жатқан істер де тұшымды. Оған мысал ретінде, ашылуы Астана қаласында биылғы жылға жоспарланып отырған «Жаңа Халықаралық Университетті» атауға болады.

Мұнда инженерлер мен техниктерді, генетика, биохимия, физика салалары бойынша мамандар дайындаумен бірге, Ұлттық биотехнологиялық орталық, Ұлттық нанотехнологиялық зертхана және өзге де қазіргі заманғы зерттеу орталықтары жұмыс істейтін болады. Жаңа Қазақстанның жаңа мамандарын дайындауда Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті бастаған тоғыз ұлттық университет, КИМЭП және Қазақ-Британ техникалық университеті отандық білім беру жүйесінің флагманы болып қала бермекші. Сайып келгенде, қолға алынған бұл шаралар Елді жаңғыртудың стратегиясын іске асырудың сенімді кепілі бола отырып, Қазақ елін өркениет әлемінің алдыңғы шебіне шығаруға лайықты үлесін қосарына сенім мол.

Маусым 2010 жыл

ОРЫНДАЛДЫ АТА-БАБА АРМАНЫ

Өткенімізден аттап кетсек, өскенімізді танымағанымыз болар. Ендеше кешегіміздің көзден кетсе де, көңілде өшпестей таңба қалдырған тұстарынан еміс-еміс әңгіме қозғап қою артықтық жасай қоймас. Осы орайда, ең алдымен ойға Елордамыз оралады. Оған негіз де жоқ емес. Енді бірер күнде біз мемлекеттігіміздің символы, асқақ абыройымыздың айғағы – Астанамыздың өзінің мүшел тойына аяқ басқан сәтінің куәгері боламыз. Біле білгенге Астананың 12 жылдығы – ел өміріндегі аса ірі тарихи оқиға, Қазақстан халқының айтулы мерекесі.

Бір қарағанда, бұған мұншалықты мән берудің қанша қажеттілігі бар деген сауалдың алдыңнан көлденеңдеп шығуы да мүмкін. Ал, шынтуайтына келгенде Мемлекет ұғымының өзі ең алдымен астанамен астасып жатады. Қай елді атасаңыз да ә дегеннен санаңызға ол елдің астанасының аты түсетіні сондықтан. Біздің қазақтың арғы-бергі тарихында Ордабалық, Суяб, Тараз, Баласағұн, Сығанақ, Жент, Сарайшық, Түркістан сияқты қалаларда ордалы жұрттың туы тігілген. Астананың дәл іргесінен табылған Бозоқ қаласы да үлкен орталықтың бірі болғанын ғалымдар дәлелдеді де. Ертедегі ер бабамыз Едігеден бастап, айбынды Абылайға дейінгі хандарымыздың бәрі осы Есіл бойында орда тіккендері тіпті де тегін болмаса керек.

Бүгінгі жағдайда келсек, біз еліміздің астанасын Алматыдан Ақмолаға ауыстырдық, елорданы Алатау бауырынан Арқа төсіне көшірдік деп айта салу аздық етеді. Бұл біз үшін өте дер кезінде, өз тағдырымызды белгілейтін сын сағатта істелген сәтті қадам болды. Шын мәнінде, біз еліміздің жаңа астанасын салуға кірістік. Сол арқылы іс жүзінде жаңа мемлекет құруға кірістік. Халқымыз жаңа да жас мемлекетінің астанасын өзінің қалаған жеріне, өзінің қалауы бойынша орнатты. Ең бастысы - өзінің кіндік қаласының құрылысына білек сыбанып, бар күш-қайратын, ынта-жігерін салды. Әр көшеге, әр үйге жүрек мейірін, перзенттік сүйіспеншілігін, жан жылуын жұмсады. Астана осылайша халқымыздың аялы алақаны, ыстық

мейірімімен тұрғызылды. Сондықтан да бұл қала бәрімізге ерекше қымбат, айрықша аяулы.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Астананың тарихы біздің Тәуелсіздігіміздің тарихынан ажырағысыз екіндігін тұрақты түрде тілге тиек ететіні бекер емес. Расын айтқанда, жаңа елордаға ие болу біз үшін ақиқат ашар сәтке, жаһандық тарихтың толқынында қазақстандық жолдың басталғанын байқатып тұратын маңызды мәреге айналды. Әрбір мемлекеттің өзінің рәміздері бар, оларды айтқан кезде азаматтардың жүрегі бұлқына соға бастайды, ал жанын өрлік пен мақтаныш кернейді. Біз үшін осындай рәміз – Астана.

Иә, астана таңдауды қай кезде болмасын мемлекеттің асқақ мүдделері айқындаған. Бізде де астананы көшіру ұлттың стратегиялық мүдделерінен туындады, онда геосаяси да, әлеуметтік-экономикалық та, рухани-тарихи астарлар болды. Алайда көшірудің мерзімі мен жағдайын есептей келгенде Астана феномені бүгінгі әлемде өзіне ұқсас белгі табу қиынға түсетін бірегей тарихи оқиға болып табылады. Елдегі экономикалық ахуал едәуір күрделі болып тұрған 90-шы жылдардың басында бізге бәрінен бұрын өзіміздің күшімізге сенімді орнықтыру қажет еді. Қазақстанды қуатты да өркендеген мемлекетке айналдыра аламыз деген сенім керек еді.

Бұл идеяны жүзеге асыру үшін ауқымды жұмыс атқаруға тура келді. Елдің бас қаласы 32 өлшем бойынша таңдалды. Атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, ауа райы, жер бедері, қоршаған орта, инженерлік және көлік инфрақұрылымының, коммуникацияның барлығы мен болашағы, құрылыс кешені, еңбек ресурстары және тағы басқа жайлар еске алынды.

Таңдауды қазіргі Астанаға түсіретіндей түйінді дәлелдер көп болып шықты. Астананы ауыстыру Қазақстанның геосаяси айқындамасын күшейте түсуге тиіс еді. Астана ел ортасында орналасқандықтан жақын маңайға да, әлемнің әр қиырына да бірдей ашық, сонысы арқылы біздің сыртқы саясатымыздың бейбітсүйгіштік сипатын танытып тұрады. Астананы тоғыз жолдың торабында тұрған қалаға ауыстыру Қазақстан экономикасын сауықтыру қажеттігінен, бүкіл экономиканың өсуі үшін керекті мультипликативті тиімділікті қамтамасыз етуге ұмтылудан да туындаған еді. Елорданы құрамы жағынан көпұлтты өңірге көшіре отырып, біз тұрақты полиэтностық мемлекет құруға және ұлтаралық келісімге басымдық беруге бағыт ұстағанымызды таныттық. Сайып келгенде, жаңа астана көшпелі ордадан бүгінгі заманғы республикаға дейінгі дамудың көп ғасырлық жолын жүріп өткен қазақ ұлтын өзін-өзі танып-білудің аса маңызды белесіне шығарды. Қазақ этносы қалыптасқан Дешті Қыпшақтың ежелгі жерінің қас жүрегінде орналасқан ел астанасы бүгінде номадтардың санғасырлық тарихи көшінің діттеген жеріне келіп тоқтауы, ұлттың кеңістік-тарихи ұйытқысының орнықты өлшемдерін анықтау сынды әсер етеді. Астана біздің ұлттық санамызды нағыз егемендік деңгейіне жеткізіп, қазақ этносын ұйыстырған идеялық символға айналды.

Әрине, тарих үшін он екі жыл дегеніңіз уақыттың қысқа ғана кезеңі. Дей тұрғанмен, Астанада бұл кезең бүкіл Қазақстанның және оның көпұлтты

халқының өмірін түбегейлі өзгеріске түсірген терең үдерістерге толы болды. Бүгінде әлемдік қауымдастық үшін Қазақстан мен Астана атаулары егіз ұғымға айналып кетті. Бұл ұғым қарыштап даму мен өрісті өркендеудің өнегелі үлгісі ретінде орнықты. Біздер, қазақстандықтар, Астананы асқақтату арқылы дүние жүзіне өзімізді келешегі кемел, әлеуеті қуатты мемлекет екенімізді таныттық. Осы жылдар ішінде Астана әлемдегі ең жас та танымал астаналардың бірі ретінде нақты елордалық ауқымға ие болып қана қоймай, бүгінгі күні мейлінше үздік дамып келе жатқан әлемдегі 30 мемлекеттер астаналарының ортасынан ойып тұрып орын алып отырған астананың біріне айналды. Ал, 1999 жылы ЮНЕСКО Астананы «Бейбітшілік қаласы» деп жариялады. 2008 жылдың сәуірінде Мәскеуде өткен «ТМД-ның таңдаулы қаласы» атты байқау-конкурста Астана 16 жүлденің 9-ын алды! Сөйтіп, Елордамыздың аты халықаралық сөздік қорына тез-ақ енді, әлем картасында өзіне-өзі сенімді мемлекет пайда болғанын аңғартатын маңызды мағынаны ала келді. Сондай-ақ, біздің елорда өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға үлес қосуы тиіс көптеген форумдарды өткізудің орнына айналды. Астана қазірдің өзінде жай ғана елорда емес, ол енді еуразиялық интеграцияның елордасы ретінде көрініп отыр. Нақ осы Астана өңірлік даму бойынша жаңа идеялардың, көзқарастардың, нақты бағдарламалардың генераторы болуда. Бұл қала жалпыәлемдік конфессияаралық үнқатысудың астанасына айналды. 2003, 2006 және 2009 жылдары мұнда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үш съезі өтті. Біз әлемге діндер арасындағы үнқатысу мүмкін екендігін көрсеттік, өйткені, олардың бәрі жасампаздық пен адамзаттың игілігі идеясына негізделеді. 2010 жылы Астанада соңғы он жыл бойы өткізілмей келген Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Саммитін өткізу көзделсе, 2011 жылы Астана VII қысқы Азия ойындарын және Ислам Конференциясы Ұйымына қатысушыларды қабылдайды. Түптеп келгенде, осының барлығы орасан зор сенімнің, дамудың «қазақстандық жолының» тиімділігін және қазақстандықтар толеранттылығының жоғары деңгейін танудың белгісі.

Жалпы алғанда, бүгінде Астана өмір сүріп, жұмыс істеуге барған сайын қолайлы, ыңғайлы болып бара жатқан мегаполиске айналды. Осы жылдар ішінде денсаулық сақтауға бөлінген қаржы - 32 еседен астам, білімге бөлінген қаржы - 22 есе, әлеуметтік қамсыздандыру мүддесіне бөлінген қаржы алты есе артты. Астанада ұлы ғалым және еуразияшыл азамат Лев Гумилев атындағы жаңа Еуразия университеті ашылып ол өңірдегі күшті оқу орындарының қатарына қосылды. Таяуда ғана ұлттық білім беру жүйесінің барлық артықшылықтары мен үздік әлемдік білім беру тәжірибесін үйлесімді қамтитын, Қазақстанның ұлттық брэндіне айналатын ерекше үлгідегі оқу ордасы – Назарбаев университетінің ашылу рәсімі өтті. Ағымдағы жылы Мемлекет басшысының шешімімен университет талапкерлері үшін бөлінген 500 оқу гранты студенттің тамағы мен тұрғын жайына жұмсалатын барлық шығындарды өтейтін болады. Қазір Foundation бағдарламасы бойынша студенттерді оқуға қабылдау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Астаналық медициналық кластер жайы да көңіл толарлықтай. Ол ең осы заманғы алты медицина институттарынан құралған. Қазір мұнда Ана мен бала орталығы, Балалардың сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Сонымен қатар, бүгінде Диагностикалық орталық, Нейрохирургия орталығы, Жедел медициналық жәрдемнің ғылыми-зерттеу институты іске қосылды. Осы орталықтардың негізінде біртұтас холдинг ретінде басқарылатын бірегей «Денсаулық қалашығы» құрылды. Ең осы заманғы озық медициналық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген мұндай кешен көптеген Еуропа елдерінде де жоқ. Қазірдің өзінде мұнда ауыр науқастарды емдеуге, бұрын тек шетелде ғана жасалатын аса күрделі операцияларды атқаруға болады. Барынша сапалы ем алу үшін бүкіл Қазақстаннан және көршілес елдерден адамдар Астанаға келуде.

Астана экологиялық мәселелерді шешуде осы заманғы көзқарастың үлгісіне айналуда. Елбасының тікелей өзі бастамашы болған Астананың айналасынан «жасыл белдеу» жасау жобасы қарқынды жүзеге асырылуда. Осы жылдар ішінде Астананың маңайында 71 мың гектар жерге орман отырғызылды, ол орман қала климатын едәуір өзгертіп, даланың желінен қорғап тұр. Елбасының мәлімдеуінше, ендігі мақсат – Астанадан Бурабайға дейінгі аумақты жасанды орманмен тұтастыру.

Ең бастысы, Астана ұлттық табыстың жарқын өнегесіне айналды, ол қазақстандықтарға қанат бітіріп, бізге күрделі өтпелі кезең арқылы жүріп өтуге көмектесті. Астана біздің кез келген міндетті іс жүзінде шеше алатынымызды, ең қияли дейтін мақсаттарға қол жеткізетінімізді көрсетіп берді. Сонау 90-шы жылдардың ортасында тың даланың төсінде көк тіреген үйлер бой көтеріп, осы заманғы қала салынатынына сенбеген де шығармыз. Алайда, бұған біздің «шамамыз» жетті. Бүгінгі Астана - қазақстандық ұлттық рухтың материалдандырылған жобасы. Біз сәтсіздіктерге жалтақтауды, өзімізді әлі де қаншама қиындықтарды еңсеруге тура келеді дейтін оймен мазалауды қойдық. Астана табыс үшін бізге мақсатты айқын көру ғана және оған қол жеткізу үшін күн сайын жұмыс істеу керек екенін көрсетті. Өйткені, Елбасымыздың үміті, асқақ арманының қаласы болып табылатын Астананың гүлденуі – ол Қазақстанның гүлденуі. Және бұл Астананың арқасында біз мықтап тұрып түсінген, бәлкім, ең маңызды тағылым болар.

«Біреуге қарап пікір ет, біреуге қарап шүкір ет», - дейді халқымыз. Пікір етсек те, шүкір етсек те орынды. Ірілі-ұсақты кемшіліктерден біз де құр алақан емеспіз. Бірақ, бүкіл дүние ойсырап жатқан тұста, бізде бәрі де құдайға шүкір. Елбасының сөзімен айтсақ, «Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманын орындадық. Сол үшін біз зор бақыттымыз».

Шілде 2010 жыл

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАППАЙ МЕҢГЕРУ – КЕЛЕЛІ МІНДЕТ

2010 жылғы маусымның 10-ында білім беруді дамыту мәселелеріне арналған республикалық кеңесте Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов «әрбір ата-ана өз баласына жақсы білім беруді армандайды – бұл оның өмірлік мақсаты. Ол үшін өмір бойы жұмыс істейді, қаржы жинайды. Көптеген отбасы баласының болашағына күнілгері қам жасайды. Демек біз осы сұранысқа лайықты білім беруіміз, олардың күткен үмітін ақтауымыз қажет», деген байсалды пікірін ортаға салды. Сондықтан да жақында дайындалған «2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» бұл міндетті шешуі тиіс.

Аталмыш бағдарламаны Мемлекет басшысы жеделдете индустриялық-инновациялық дамыту, денсаулық сақтау жүйесін дамыту және мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалармен қатар басымдықты төрт мемлекеттік бағдарламаның бірі ретінде бөліп көрсетті. Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес білім алушылар сапалы білімге, әлемдік бағдарламалық ресурстар мен технологияларға қол жеткізеді, коммуникативтік және кәсіби біліктілігін арттырады. 12 жылдық білім беру жүйесіне толық көшуді жүзеге асырумен қатар инклюзивтік білімді терең жетілдіруге, шағын жинақылы мектептер проблемаларын шешуге мүмкіндік туады. Сондай-ақ, педагогика мамандығының беделін арттырудың оңтайлы шаралары да көзделген.

Білім беру жүйесін түбегейлі жаңарту негізінен мектепалды міндетті даярлығынан, орта, жоғары және одан кейінгі білім беретін барлық оқыту нысанына қатысты. Мұнда ең алдымен білім берудің сапасына ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе, қазақ тілінде оқытудың мән-жайы тұрақты назарда болады. Бұл табиғи жағдай. Мемлекет бүгінде мемлекеттік тілді дамыту үшін барлық қажетті нәрсені жасауда. Баршаға белгілі, оның мәртебесі Ата Заңымызда белгіленген, қазақ тілін қолдау мақсатында жыл сайын миллиардтаған қаржы бөлінуде. Бүгінгі таңда республикамызда жүзден астам аймақтық, қалалық, аудандық қазақ тілін оқып-үйрену орталықтары жұмыс істейді. Жиырмадан астам компьютерлік бағдарламалар әзірленіп, барлық атқарушы органдар олармен толықтай қамтамасыз етілді. Қазақ тілінің ақпараттық кеңістігін кеңейту үшін Интернетте «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» web-порталы жасалды, онда балаларға арналған мультимедиалық кешендер, сөздіктер, оқулықтар орналастырылуда.

Тәуелсіздік жылдарында республикада 912 қазақ мектептері ашылып, жұмыс істей бастады. Бүгінгі таңда 7576 мектептің 3811-і таза қазақ тілінде білім береді. Ал бұл 50 пайыздың үстінде деген сөз. Оларда 1,5 миллионнан астам бала оқиды. Жылма жыл бұл көрсеткіштің арта түскені байқалып отыр. Сонымен қатар, басқа ұлт өкілдері балаларының қазақ тілін меңгеруге деген ынтасының артып келе жатқаны байқалады. Кейбір мәліметтерге қарағанда, олардың саны бүгінде жиырма мыңнан асқан. Кезінде қазақ зиялыларының Алматыда, ең болмағанда, бір қазақ мектебін ашу үшін қанша тер төккенін жақсы білеміз. Бүгінде 48 қазақ мектебі жұмыс істейді. Астанада да осындай жағдай қалыптасқаны мәлім. Әлі есімде, бұдан 12 жыл бұрын Астанаға көшіп

келгенімде балаларымды қазақ мектебіне орналастыру үшін әуре-сарсаңға түскенім бар. Ақыры оларды аралас мектепке беруге мәжбүр болдым. Енді міне, салыстырмалы түрде қысқа мерзімнің ішінде жағдай түбірінен өзгерді. Астанада бүгінде бұл проблема аса күрделі емес десе де болады. Қазір мұнда қазақ тілінде оқытатын 20 мектеп жұмыс істейді. Ерекшелігі сол, жыл сайын елордада, барлық дерлік облыс орталықтарында заманауи жабдықталған екі-үш қазақ мектебін ашу жақсы дәстүрге айналып келеді. Көптеген мектептер, соның ішінде қазақ мектептері де, кең жолақты Интернетке қосылған әрі бұл оқыту орындарында оқу үдерісін автоматтандыруға және әлемдік деңгейдегі сандық жүйеге қосуға қажетті жағдайлар туғызылған. Соның нәтижесінде қазақстандық оқушылар халықаралық түрлі пән олимпиадаларында жүлделі орындардан көрінуде. Қазақстанның осындай жетістіктері мойындалуының белгісі ретінде жақында Астанада ТМД елдері арасында тұңғыш рет 51-ші Халықаралық математика олимпиадасы өтті.

Бір атап өтерлігі, олимпиадалар жеңімпаздарының ішінде, сондай-ақ «Алтын белгі» иегерлерінің арасында қазақ мектептерінің оқушылары басым. Бұл қазақ мектептері оқушыларының білім дәрежесі орыс мектептеріндегіден кем соқпайтынының нақты дәлелі. Қайбір кездері, қазақ мектебіне балаларын берген кейбір ата-аналар балаларын орыс мектептеріне қайтарып алып жатыр деген сыбыстардың болғанын білеміз. Иә, мұндай жайттардың бірен-саран орын алғаны рас, бірақ ол жағдайлар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына тән құбылыс болатын. Ал қазір тарих дөңгелегі қазақ тілін биік белеске көтерді, бұл үдерісті енді ешкім де тоқтата алмайды.

Шынтуайтында, біз біртіндеп лингвистикалық үндесуге бет алып келе жатырмыз. Соның нәтижесінде республиканың 10 миллионға тарта азаматы қазақ тілін еркін меңгеріп отыр. 1999 жылы қазақ тілін еркін меңгерген азаматтардың 80 пайызын ұйғырлар, өзбектер, түріктер құрап, ұйғырлардың 10 пайызы қазақ тілін өз ана тілім деп санағаны белгілі. Бұл үрдіс бүгін де сақталуда. Яғни лингвистикалық ниеттің түзулігі, түптеп келгенде этникалық тұтастыққа ұласып, мемлекеттік тілді білу әркімнің аса бір өмірлік қажетіне айналары даусыз. Осыған байланысты, демограф Әзімбай Ғалидың мына бір уәждері назар аударалық. Белгілі ғалымның пікірінше, түптің-түбінде орыс тілді азаматтар қиналып қалмас үшін, қазірден бастап орыс мектептері ептеп қазақи тілдік ортаға бейімделе бастауы керек. Ол үшін 1-ші сыныптан 5-ші сыныпқа дейін қазақ тілін үдетіп оқыту көзделіп, 6-шы сыныптан бастап кей пәндерді тек қазақ тілінде оқытқан жөн. Сонда әрбір қазақстандық өздерінің азаматтық құқын, мәселен мемлекеттік тілді білуді міндеттейтін ел басқару мүмкіндігіне дейін, толық қамтамасыз ете алатын болады.

Бір сөзбен айтқанда, қазақ тілі ендігі жерде күш алып, басымдыққа ие бола береді. Бұл бізде басқа тілдерге көңіл аударылмайды деген сөз емес. Орыс тілінің маңызы біз үшін әрқашан да басым болып қала береді. Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев оны жаппай, еркін игеру – Қазақстан халқының жетістігі екенін айрықша атап көрсеткен болатын. Бұл ғылымның, білімнің, халықтар достығының тілі. Орыс тілін еркін меңгере отырып, біз

ұлы көршіміз – Ресеймен ежелгі тамаша қарым-қатынастарымызды тереңдете түсудеміз.

Ал ағылшын тілінің әлем тілі ретіндегі рөлін мойындамасқа болмайды. Оны меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі, әлем кеңістігіне алып шығады. Яғни, оны балаларға үйрету – уақыт талабы. Ең бастысы, әрбір адам уақыт шақыруына үн қосып, өркениет жолынан қалып қоймауы керек. Ата-балаларымыз «Жеті жұрттың тілін біл!» деп тегін айтпаған. Бүгінде одан көп тіл білсең, нұр үстіне нұр! Осындай жағдайда қазақ тілі топтастырушы рөл атқарып, тәуелсіздігімізді нығайтудың шешуші факторына айналуы тиіс. Ел Президенті Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша әзірленген 2011-2020 жылдарға арналған Тілдерді қолданудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты да осыған саяды. Аталмыш бағдарлама 26-шы шілдеде Үкімет үйінде Премьер-Министр Кәрім Мәсімовтің қатысуымен өткен кеңесте таныстырылған болатын. Осы бағдарламаға сәйкес соңғы он жыл ішінде қазақстандықтардың 95 пайызы мемлекеттік тілді еркін меңгеріп шығатын болады. Солай боларына өз басым кәміл сенемін. Өйткені, Елбасы айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!».

Тамыз 2010 жыл

МАҚСАТЫМЫЗ – ДАҢҚТЫ ҰЛТҚА АЙНАЛУ

Жас мемлекеттің іргесін мықтап бекітіп, шаңырағын шайқалтпау жолындағы саяси-интеллектуалдық күрес, дүниенің төрт бұрышынан жинақталған мемлекет құру тәжірибесін зерделеген ізденіс Елбасын үш ұлы пайым-тұжырымға және нақты қадамдарға әкелді. Атап айтқанда, Президент Н.Назарбаев 1994 жылғы наурызда М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде оқыған дәрісінде көрегендікке толы – Еуразиялық одақ идеясын ұсынды, сол жылы шілдеде елорданы Ақмолаға көшіру жөнінде түпкілікті шешім қабылдады. Ал 1995 жылғы тамызда, яғни осыдан тура 15 жыл бұрын Қазақстан Республикасының екінші Конституциясы бүкілхалықтық референдуммен мақұлданып, ел тағдырына қатысты барлық жауапкершілікті Нұрсұлтан Назарбаев өз мойнына алды.

Сөйтіп біз мемлекетті басқарудың президенттік жүйесіне қадам бастық. Оның себебі де жоқ емес еді. Осы ретте, Ата заңымызды дайындауға талмай тер төккен академик Салық Зимановтың мынадай пайымдарына ден қойған жөн. Заңгер-ғалым тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында билік тұтқаларының текетірістігі кесірінен, әрі сыртқы-ішкі «үрит, соқ» күштердің желпуімен бір бүтін елдің екіге бөліне жаздағанын айтады. Мәселен, Ертістің оң жағалауы сол жағалауына көз алартса, Жайық казачествосы шпорларын сартылдатып, Оралдың көшелерін шандатып жатты. Нақ осы кездері қазақстандық бір топ депутаттар Мәскеуге жиналып, өз алдына көлеңкелі үкімет пен Қазақстанның аумағын бөлшектеуді көздейтін ірткісалушы қозғалысты құруға бастама көтергендері жәйлі бұқаралық ақпарат құралдарынан белгілі болды және

олардың тараптарынан Президентті қызметінен кетіру, Үкіметті таратып жіберу, жергілікті өзін-өзі басқару құқына ие болу арқылы солтүстік облыстарды Ресейге беру жөнінде талаптар қойыла басталды. Мемлекеттің тұтастығын сақтап қалу қажеттілігінің осындай сын сағатында С.Зиманов ел басқару жүйесін бір ізге салу керек болғандығы, оның ең тиімді жолы тікелей президенттік билікті орнықтыру екендігі жөніндегі өз ойларымен баспасөзде бірнеше мәрте бөліскенін, «Бізге диктатураға мүлде жат, күшті президенттік билік керек» деген тақырыппен арнайы мақала да жазғанын тілге тиек етеді.

Жалпы алғанда, сол кез ұлттық мүдделерді аяқасты еткісі келгендердің қарқынын қайтару үшін мол күш-жігердің қажет еткендігін айтқан жөн. Осы орайда ҚР Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалиннің «Қазақ әдебиеті» газетінің 30 шілдедегі санында жарияланған «Сенім» атты мақаласында келтірілген мына бір мысалы көп жәйден хабар береді. Әлдебір шешеннің кезектегі бір жиында өрекіп тоқтау бермеген сәтінде Президент Н.Назарбаевтың шалт қимылдап, микрофон алғанын тілге тиек ете отырып, Н.Оразалин Елбасының «Әркім ел тағдырын өз тағдырындай көріп, сөйлеуі ләзім. Даудың арты жаулыққа апармауы тиіс. Жаулыққа барған елдердің боздақ ұландары қалай оққа ұшып, жазықсыздан-жазықсыз қырылып жатқанын көріп отырсыздар. Ұлт намысы отпен тең. Отпен ойнауға болмайды. Даудың құрбаны болған сол өзгенің ұлын өз ұлындай көріп, арынның алдында адал сөйле! Сонда ғана ісіміз оңға басады. Сөз – киелі дүние. Тауып сөйлесең – бағың жанады, ауып сөйлесең – астындағы тағың жанады. Бір ауыз сөз бәрін шешеді. Қуанышқа бөлейді, байқамасаң қанға батырады. Таулы Қарабақ қырғыны байқамай айтылған бір ауыз сөзден басталған. Сөзге жауапты болайық!» дегені айқайшыларға да, жанашырларға да қатты әсер еткені әлі есімде деп, ағынан жарылады. Сөйте келе «Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тарихтың аумалы-төкпелі осындай өтпелі кезеңінде ескі мен жаңаның мінезін тап басып ұстар, халық жүрегіне жол таба білер, қай ұлт үшін де күрделі кезеңде үміт отын өшірмей, сенім биігінен көрінер, «өрге салсаң – төске озар, ерте салсаң – кешке озар» қазақы ұғым тұрғысынан айтқанда, арғымақ бітімді, арыстан жүректі бір азаматтың көш тізгінін қолға алуы керек еді. Тарих сол керектің үдесінен шықты. Халық өз таңдауын қалай жаңылмай жасаған болса, Нұрсұлтан Назарбаев та ел көшін қиын-қыстау кезеңдерден солай аман алып өтіп, ел Сенімін арқалап келеді» деп ойын түйіндейді.

Сол жылдары Жоғарғы Кеңес депутаттарының арасынан қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына қарсылық көрсеткендер де болып жатты. Осыған байланысты мына бір жағдайды айтпай кетпеске болмайды. Канада жазушысы Эрнест Сатон-Томпсонның бір әңгімесінде аңшылардың соңына салған көп итінен қашқан елік, жаны қысылған соң сол адамдардың, яғни иттерді салып тұрған аңшылардың арасына келіп тығылатындығын мысал ете отырып Қадыр Мырзалиевтің «Орыс ағайындар, бүгінгі қазақ тілі сол аңшылардың итінен қашқан еліктің күнін кешіп отыр. Оның тағдыры тек сіздердің қолдарыңызда» деп жасаған баяндамасынан кейін ғана депутаттар екінші қайтара дауыс беріп қазақ тілі мемлекеттік тіл болып Конституцияға

кіргенін екiнiң бiрi бiле бермейдi. Бұл, әрине, Қадыр ағаның тапқырлығы мен бiлгiрлiгiнiң арқасы.

Байқасақ, 1993-те де, 1995 жылы да Конституцияның қабылдануы оңай шаруа болмапты. Ендi мiне, кезiнде қазақ қоғамының құқықтық тепе-теңдiгiн сақтауға ықпал еткен халықтық асыл қазыналар болып табылатын Өз-Тәуке ханның «Жетi жарғысы» мен «Қасымханның қасқа жолына» пара-пар келетiн Тәуелсiз Қазақ елiнiң Конституциясы мемлекеттiң дамуындағы өтпелi және даму кезеңiндегi заңдылықтарды ретiмен iске асырып келедi. Тоғыз бөлiмнен тұратын Конституцияда Қазақстан Республикасының азаматтарына толық жағдай жасалған. Ата Заңымыздың алғашқы бабының алғашқы тармағында-ақ, «Қазақстан Республикасы өзiн демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтiк мемлекет ретiнде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмiрi, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылғанын байқайсыз. Яғни, азаматтың өмiр сүруiне, бiлiм алуына, қызмет етуiне және зейнеткерлiкке шығып, демалуына, кәсiпкерлiкпен айналысуына мүмкiндiк берiлген. Жынысына, жасына қарамай, сондай-ақ ақсүйектiк пен қара топ деп ара жiгiн ажыратпай, елдiң әр азаматына адам баласына қажеттi тұрмыстық техника мен құралдарды қолдануға, медициналық ем алу құқығы берiлдi. Заң бұзса жазалануы мен жауапқа тартылуы да шен мен шекпенге бөлiнбей, сот орындары алдында кесiлген үкiммен шартты жазасын алады.

Мемлекеттiң жеке адамға деген қамқорлығының жарқын бiр мысалы ретiнде үлескерлер мәселесiн алайық. Әлемдiк экономикалық дағдарыстың құрылыс секторына керi әсерiнен, сондай-ақ үлестiк құрылысқа салынған қаржыны қалтаға басқан кейбiр басшылардың алаяқтық әрекеттерiнен зардап шеккен үлескерлерге мемлекет бей-жай қарай алмады. Елбасының тiкелей тапсырмасымен және қатаң қадағалауымен Ұлттық қордан қомақты қаржы бөлiндi. Нәтижесiнде жекелеген азаматтардың үй мәселелерiн толық шешуге мүмкiндiк туды. Бұл жерде, мемлекет жекеменшiк компаниялар мен жеке азаматтар арасында өзара жасалған коммерциялық келiсiмнен туындаған iске араласпаса да болатын едi. Өйткенi, нарықтық экономика талаптарына сәйкес көптеген елдер жеке азаматтар мен жекеменшiк компания арасындағы нақты мәселеге араласу орынсыз деп бiледi. Демек, бұл тәжiрибенi алғаш болып қолға алып, iске асырған да бiздiң ел болып отыр.

Кең қазыналы, ырысқа толы қазақтың ұлан байтақ жерi де Ата Заңнан тыс қалмаған. Нақтырақ айтқанда, мемлекет байлығын, қазынасын, iшкi және сыртқы тәртiбiн шетелдерге таныстырылуы түгел заңды түрде қамтамасыз етiлген. Осылайша халық пен мемлекеттiң жағдайын барынша кең қамтыған Конституция тармақтары бойынша тиiстi заңнамаларға сүйене отырып, ел игiлiгiне бағытталған iс-шаралардың толассыз атқарылуының нәтижесiнде көршi елдерден экономикамыз озық шықты. Жаһанды қамтыған дағдарыс қыспағынан Қазақстан халқы қиналмай өттi. Бұл жасы жиырмаға да толмаған мемлекет үшiн үлкен жетiстiк.

Ең маңыздысы, сан ғасыр бойы арман мен мұраттың жемiстi нәтижесi болып келген елiмiздiң егемендiгi оның бүкiл аумағын қамтитыны, мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлiнбеуiн қамтамасыз

ететіндігі Конституцияда анық көрсетілді. Ата Заң халқына кам жасап, жас ұрпақтың өскелең болашағын ойлаған мемлекетті – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп таныды. Ал, этникалық-ұлттық негізге сүйенген осынау біртұтас мемлекеттің болашағын баянды етудің сан-алуан жолы бар, әр кезеңге лайық тактикасы бар. Сол көп жолдардың бірі, әрі ең қарабайыры бұл тек қазақтың ғана жоғын жоқтау. «Мен қазақпын, сондықтан қазақты ғана қолдаймын, өзге ұлттар қазақтың ыңғайымен өмір сүріп, жұмыс істеуі тиіс» деген принципке сүйену. Төменгі буында белгілі бір дәрежеде іске асыруға болатын бұл принцип, мемлекеттік деңгейде үлкен соқтығысқа алып келеді. Республикамыздың халқының қырық пайызға жуығын құрайтын өзге ұлт өкілдері тықсыруға, төмендетуге шыдап отыра беретін қарабайыр тобыр емес, білімді, қажырлы, қазіргі заманның адамдары. Экономиканың бүкіл тізгінін шетелдіктерге беріп қойды дейтіндер де бар. Қазақтар аса пайдалы салалардан бос қалуда, экономикамыздың негізгі кілттері өзге ұлт өкілдерінің қолында деген сияқты тұжырымдамалар айтылуда. Иә, қазіргідей нарық заманы бәсекелестікке қабілетті білікті мамандарды қажет ететінін ескерсек, әзірге олардың дені өзге ұлт өкілдері екендігі жасырын емес. Демек бұл мәселені шешудің өзге жолдарын іздестіру керек. Оған Ата Заңда толық мүмкіндік беріліп отыр. Дәл осы Заңның 30-бабында көрсетілгендей, елімізде азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік берілген, ал мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқы бар болып саналады. Бұл – қоғамды білімді, сауатты адамдар түзсе, елдің де келешегі жарқын болатынын бейнелейді. Яғни, біздің ілгері өркендеп, теңдес және дамыған елдердің қауымдастығына нық қадам басамыз ба, әлде өткеннен жұбаныш тауып, өкпе мен өкінішке көміліп, тарих қалтарысында қаламыз ба – ол қазақ халқының парасатына байланысты. Олай болса, қазақ халқының алдында ұлтты ұйыстырудың алтын діңгегіне айналу жөнінде жаңа тарихи миссия тұр. Бүкіл елдің талқылауынан өткен Қазақстан Ұлт Бірлігі Доктринасы осы мақсатты көздейді.

Иә, біздің ұлы мақсатымыз – этникалық шығу тегімізге қарамай бірігіп, Даңқты Ұлтқа айналу және қолымызда тұрған ең бағалы құндылық – егемен, тәуелсіз Қазақстанды көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа аманат ету. Ол үшін біз әлі күнге дейін ынтымағымызға кедергі келтіретін болымсыз істерден және қолдан жасалған кедергілерден арылуымыз керек. Осы орайда конституциялық негізде кепілдік берілген сөз еркіндігін ретімен әрі орынды пайдалану аса маңызды. Жоғарыда Елбасы атап өткендей, сөзге деген жауапкершілік бәрінен де биік тұруы тиіс. Әрине, «Сын түзелмей, мін түзелмейді». Сөз еркіндігінің, жариялылықтың қоғамның өркениетті негізде дамуына тигізетін пайдасы мол. Мемлекеттік ақпараттық саясаттың басты көздегені де осы. Бүгінде еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының сексен пайыздан астамы мемлекеттік емес болып танылады. Оппозициялық және партиялық басылымдардың да саны айтарлықтай, ал олардың бір мезгілдегі таралымы саяси-қоғамдық бағыттағы БАҚ-тардың барлық таралымының жартысынан астам. Яғни, сынау жағынан келгенде кенде емеспіз және оның басым бөлігі билікке бағытталып жатқаны жасырын емес. Қайсыбір

басылымдар бетінен басынан аяғына дейін тек бірыңғай қаралау, жаппай жазғыру, адамдардың жеке басына тіл тигізу мен ар-намысына тиісу сыңайында жазылған дүниелерден көз тұнады. Олар жәйлі сөз болғанда ақын Күләш Ахметованың мына шумағы еске түседі.

Қазақты жамандама, қазақ бала,
Халық қой қазақ деген, аз-ақ қана.
Мәңгілік ай астында, жер үстінде,
Қазақтың қамын ойлар, қазақ қана!

Ендеше, бізді ыдыратуға және ынтымағымызды бұзуға бағытталған кез келген ықпалға белсенді түрде қарсы тұру үшін әрқайсымыздың бойымызда мығым мінез бен үлкен ұстамдылықтың болғаны ләзім. Сонымен қатар, Ата Заңды сыйлау, құрметтеу, әспеттеу, өз құқыңды жетік білу, мемлекетіңе, қоршаған ортаңа деген жарасымды сыйласымдылық болып табылады.

Тамыз 2010 жыл

ГЕОСАЯСИ ТОПЫРАҚҚА ЕГІЛГЕН АЛТЫН ДӘН

Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан үшін орасан зор тарихи оқиғаларымен ерекшеленген жиырма бірінші ғасырдың алғашқы он жылдығы аяқталып келеді. Еліміздің Тұңғыш Президентінің сөзімен айтқанда, осы кезеңде қазақ халқы өз тәл тарихында алғаш рет қазіргі шекарасында, ұшқан құстың қанаты талатын, жүгірген аңның тұяғы тозатын осыншама аумақта тәуелсіздігін жариялады және әлем мойындаған мемлекетке айналды. Қазақ халқы ұшы қиырына көз жетпейтін сайын даланың төсінде, ауқымды мемлекетінің қақ ортасында тарихта бірінші рет өзінің таңдауымен елордасын тұрғызды және Астанамыз әлемдік саясат көкжиегінде шолпан жұлдыздай жарқырады. XXI ғасырдың басындағы ең негізгі оқиға болған және планетамыздың Солтүстік жарты шарындағы елдердің басым бөлігінің арасындағы өзара түсіністікке қол жеткізу үшін «ұғынысу нүктесіне» айналған Астанадағы ЕҚЫҰ-ның жақында өткен Саммиті бұл сөзіміздің жарқын мысалы болады.

«Астана рухын» орнықтырған осынау халықаралық беделді форумның әлемдік мәні «Хельсинки рухының» жаңа тарихи жағдайда жанданғанынан ғана емес, сонымен қатар мұхиттан мұхитқа дейінгі барынша ауқымды аумақта қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне өту жолдарының көрсетілгенінен де көрініс тапты. Аталмыш оқиға тек Ұйым үшін ғана емес, сонымен бірге Еуро-Азиялық құрлық үшін де, әлемдік қоғамдастық үшін де нәтижесі әсерлі және мән-маңызы айрықша болды. Саммитте «Қауіпсіздік қоғамдастығына қадам» атты Астана декларациясының қабылдануы бүкіл еуроатлантикалық және еуроазиялық кеңістікте қауіпсіздіктің тиімді пішінін қалыптастырудағы сапалы жаңа кезеңге жол ашады, бұл дегеніміз - ЕҚЫҰ-ны түбегейлі қайта жаңартудың басталғанын білдіреді. Осылайша Қазақстан

ЕҚЫҰ төрағалығы лауазымында аса ауқымды жалпыұлттық жобаны нақты жүзеге асыра отырып, Ұйымның қызметіне тың серпін берді. Мұны ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің түгелге дерлігі, жетекші отандық және шетелдік саясаткерлер, дүние жүзіне танымал мемлекет қайраткерлері, халықаралық сарапшылар қоғамдастығы, еліміздің қалың жұртшылығы мойындап отыр.

Сонымен бірге заманалық ауқымдағы жаһандық Саммиттің маңызын кемітіп көрсетуге тырысқан жекелеген әрекеттердің, көбінесе идеологиялық әрі саяси құйтырлықтан ада емес сарапшылардың субъективті түйсіктеріне сүйене отырып бұл жиынға берген бағаларының да орын алып отырғанын айтпай кетпеуге болмайды. Мәселен, кейбіреулер төрт құрлықтағы ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің және оған серіктес мемлекеттердің 75 ресми делегациясының, қазақстандық және шетелдік БАҚ-тардың мың жарымға жуық өкілдерінің, 5 мыңнан астам қонақтардың қатысуымен өткен мұндай ауқымды форумды қатардағы іс-шаралардың бірі ретінде көрсетуге тырысып бағуда. Сонымен қатар, бұл шараны бар-жоғы Астананың саяси пиары деп сендірушілер де табылып жатыр. Билікті сынауға дайын тұратын бірқатар БАҚ-тар Саммитке кейбір мемлекеттер басшыларының қатыспағанын және бірқатар делегация жетекшілерінің ерте ұшып кеткен жекелеген фактілерін «олар тарапынан Саммитті елемеушілік болды» деген мазмұнда жерден жеті қоян тапқандай жар салып та жатыр. «ЕҚЫҰ этникааралық қақтығыстардың алдын алуға қабілетсіздік танытты» деген жазғыруларын алға тартуда. Ал, шынтуайтына келгенде көреген саясаткер Қазақстан Президенті Н. Назарбаев саммитке дейін-ақ бұл шарадан дайын рецептерді және барлығының көңілінен бірдей шығатын шешімдерді күту ағаттық болатынын нақты және ашып тұрып айтқан болатын.

Жалпы алғанда, қазақстандық төрағалық барысында көп міндеттердің айтарлықтай табысты орындалғанын атап өткіміз келеді. Мәселен, ЕҚЫҰ төрағасы лауазымына кірісерінің қарсаңында Қазақстан ұзақ жылдардан кейін бірінші рет Ұйымның бюджетін дер кезінде бекіттіре алды, бұны ЕҚЫҰ-ның барлық институттары және оған мүше елдер оң бағалады. ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы, ҚР Мемлекеттік хатшысы-Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев барлық қақтығыс аймақтарында болып, жағдайды реттеу үшін белгілі бір қадамдарға барды. Дәлірек айтқанда Приднестровьеде Молдова мен Украина арасында транзиттік дәліз қалпына келтірілді, Таулы Қарабақ қақтығысы кезінде қаза тапқан адамдардың мәйіттерін айырбастау жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді, Грузия басшысымен ешуақытта бір үстелдің басында отырмаймыз деген Ресей басшылығының мәлімдемелеріне карамай, бұл екі елдің президенттері Астана Саммитінде алқа-қотан отырды. Түптеп келгенде бұлар әзірге болар болмас қана ілгерілеушілік болғанымен, асылы барлығымыз үшін қажет бағыттағы батыл қадамдар екені даусыз. Бұл қатарға сондай-ақ Армения мен Түркия елдері арасындағы қытымыр қарым-қатынастың көбесі сөгілгенін де жатқызуға болады және бұл да біздің елдің батыл бастамаларының арқасында мүмкін болған дүние. Сонымен қатар, бүгін бәрі мойындап отырғанындай, Қырғызстандағы өрши бастаған саяси дағдарысқа ЕҚЫҰ-ның төрағасы ретінде Қазақстанның дер кезінде үн қатуы

және Қазақ елінің көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жедел әрі тікелей араласуы арқасында, аталмыш елдегі саяси жағдайдың одан әрі ушығуына жол берілмеді. Қазақстанның ауған бағытындағы жұмыстары да мейлінше табысты деп айтуға тұрарлық және бұл істегі негізгі назар ең алдымен проблемаларды бейбіт жолмен шешуге шоғырландырылғанын атап өткеніміз жөн. Бұл ретте Ауғанстанды сауықтыру және соғыстан кейін қалпына келтіру үдерісі Қазақстанның ең маңызды бастамаларының бірі болды. Меніңше, біздің ел ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің ішінде гуманитарлық салада Ауғанстанға көмек көрсету туралы нақты шешім қабылдаған жалғыз мемлекет болып табылады. Ауған студенттерін Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқыту үшін 50 миллион АҚШ доллары мөлшерінде қаржының бөлінгені осының айқын дәлелі бола алады.

Қазақстан ЕҚЫҰ қызметінің белгіленген үш бағыты бойынша Ұйым жұмысын ұйымдастыруға айтарлықтай теңгерімді және әділ қадам жасай алды. Яғни, Қазақстан адами өлшемді назардан тыс қалдыра отырып, үшінші себетті «семдіреді» деген болжамдар орындалған жоқ. Осы ретте Душанбеде, Варшавада, сондай-ақ Астанада өткен пікірталастардың тікелей қатысушысы болғандықтан, мен Қазақстан бұл бөліктегі өз міндеттемелерін артығымен орындады деп зор жауапкершілікпен мәлімдей аламын. ЕҚЫҰ кеңістігінде де және өз елімізде де қоян-қолтық әріптестікте жұмыс істей отырып, біздер ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюросының өз мандатын толыққанды орындауына жан-жақты ықпал еттік. ЕҚЫҰ тарихында тұңғыш рет іргелі еркіндіктер мен адам құқығы мәселелері бойынша үш деңгейлі Шолу конференциялары болды, оның екеуі Варшава мен Венада, ал соңғысы Астанада өтті. Сонымен қатар Астанада Саммиттің қарсаңында Үкіметтік емес ұйымдардың параллельді конференциясы өтті, онда үкіметтердің қатысуынсыз, еркін жағдайда Қазақстанда және ЕҚЫҰ-ға қатысушы басқа елдерде кездесетін демократиялық өлшемдерді ілгерілету саласындағы нақты проблемалар талқыланды. Сондай-ақ, ЕҚЫҰ Саммитінің қарсаңында АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон жергілікті және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесу өткізді. Сөйтіп төрағалық нәтижесінде біздер ЕҚЫҰ-ның пікірталас атмосферасын түбегейлі өзгерте алдық. Айталық, Астанадағы соңғы мәжілісте ЕҚЫҰ-ға мүше елдерінің делегацияларының 800-ден астам өкілдері БАҚ еркіндігі, мигранттарға, адам саудасына қатысты төзімсіздік мәселелерін талқылады.

Осы орайда, әсіресе, қазақстандық үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің адам қызығарлықтай белсенділігін айрықша атап өткім келеді, олардың басым көпшілігі өздерін туған елінің нағыз патриоттары, өнегелі мәдениет пен этиканы ерекше құрмет тұтушылар ретінде көрсетті. Қазақстан интернет қауымдастығы президенті Шавкат Сабыровтың, Бас редакторлар клубының вице-президенті Мірболат Күнбаевтың, Саяси зерттеулер институтының директоры Олеся Халабузарьдің, «Нұр Медиа» ЖШС бас директоры Қайсар Жанахановтың, «Прометей» қоғамдық қоры төрағасы Олжас Сыздықовтың, Бас редакторлар клубы мүшелері Лев Тараков пен Наталья Абсалямованың, «Жергілікті өзін-өзі басқару орталығы» қоғамдық қорының директоры Олег

Чернышевтың, «United Citizens Fund» қоғамдық бірлестігінің президенті Әбен Әбдірәсіловтың өз баяндамаларын жоғары кәсіби деңгейде, нақты мысалдар мен фактілерге негіздей отырып жасағандарына сүйсіндік. Бұл азаматтардың сөздері шетелдік аудиторияға Қазақстандағы сөз бостандығына қатысты істің нақты жағдайлары туралы барынша шынайы ақпараттарды жеткізуге толықтай мүмкіндік берді және қазақстандық оппозиционерлердің тұжырымдары мен пайымдарының бірбеткейлігін көрсетті.

Мәселен, форум қонақтары біздің елімізде оппозициялық басылымдар басылып, еркін таратылатындығынан, оларда жұмыс істейтін журналистердің биліктің барлық орталық органдарында аккредиттелгенінен хабардар болды. Сонымен бірге, телерадиохабар тарататын ұйымдар үшін оларды тіркеуге қою туралы тәртіптің мүлдем жойылғандығынан, сондай-ақ редакциясының мекенжайы мен редакторы ауысқан жағдайда газет-журналдар мен ақпарат агенттіктерін міндетті түрде қайта тіркеуден өткізу жөніндегі талаптың да күшін жоғалтқанына олардың көздері жетті. Сұхбат алу кезінде журналисті аудио және бейне жазбаны пайдалануға рұқсат алуды міндеттейтін норманың жоқ екендігін білді. Елімізде журналистің құқығы мен кәсіби мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейгені, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың сұратылған деректерді беруден бас тартқанына байланысты шағымдану үшін журналистердің сотқа өтінім жасау жолындағы бұрындары орын алған тосқауылдың алынып тасталынғаны туралы да оларға толықтай мәліметтер берілді.

Әрине, Қазақстан басты еркіндіктерді қорғау және қолдау саласында барлық биіктерді әлі түгелдей бағындыра қойған жоқ. Атап өтерлігі, бірде-бір мемлекет, соның ішінде ЕҚЫҰ кеңістігіндегі елдер де «міндеттемелердің бүкіл стандарттарын толыққанды орындауда нағыз үлгі болып табыламыз» деп мәлімдей қоюы екіталай. Айтпақшы, WikiLeaks сайтындағы ақпараттар жарияланған кезде АҚШ билігі өзін қалай ұстағанын сыртынан бақылау қызықты болды. Күні кеше ғана олар біздерді және басқа да көптеген елдерді кейбір сайттарға кіруге тосқауыл қойылғандығы үшін жерден алып, жерге салған еді. Қазіргі таңда интернеттегі сансыз компроматтарға тап болып отырған АҚШ билігі сайт иесінің ізіне түсіп, сайтқа кіруге тосқауыл қоюда. Сөйте тұра олар бүкіл әлемге демократия мен адам құқықтарын үйретуде. Иә, бұны олардың ұяттарына қалдырайық, ал біздер үшін ұмтылатын дүниелер баршылық және, ең бастысы, біз қандай да бір өткір мәселелерден әрі күрделі проблемаларды талқылауға дайынбыз. Айталық, шолу конференциясының варшавалық бөлігінде Бас редакторлар клубының арнайы Side-event, яғни кәдімгі дөңгелек үстел өткізгендігі кездейсоқтық емес, онда журналистерді қорғау, бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығын барынша тиімді қорғау үшін азаматтық қоғамның рөлін арттыру, БАҚ-қа қатысты ЕҚЫҰ-ның қазіргі міндеттемелерін орындау мәселелері төңірегінде пікірталастар болды. Нәтижесінде бұл отырысқа қатысушылар моральдық зиян өтемақысының теңдей шамалас деңгейін бекіту, БАҚ-тағы диффамация үшін қылмыстық жауапкершілікті жою, жарияланымдар бойынша талап-арыздың ескіретін

мерзімін бір жыл деп бекіту, бұқаралық ақпарат құралдарына арналған қосымша құн салығын жою туралы ұсынымдар әзірледі.

Ең бастысы, мемлекеттік органдар тарапынан бұл жағдайларға деген толық түсінушілік бар және осы бағыт бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп те жатыр. Сондықтан да болар, жоғарыда айтқанымыздай Еуразия ұлттық университетіндегі кездесуде Хиллари Клинтон атқарылған жұмыстар үшін үкіметтік емес ұйымдарға және үкіметке алғыс айтып, Қазақстан Үкіметі осы бағыттағы жұмысты жүргізуде өңірдегі кез-келген мемлекетке қарағанда үлкен прогреске қол жеткізгенін, бұл прогресті ілгерілету бойынша жұмысты жалғастыру үшін өз мойнына міндеттеме алғанын бекерден-бекер айтпаса керек. Өкінішке орай, тайға таңба басқандай көрініп тұрған мұндай айғақты оппозиционерлер мен Еуропадағы жекелеген әріптестеріміз көргісі келмей отыр. Ағымдағы жылғы 1 желтоқсанда «Литер» газетіне берген сұхбатында ҚР Президентінің кеңесшісі Ермұхамет Ертісбаев «бұндай белсенділердің халықаралық форумдардағы міндеті - Қазақстанға болсын-болмасын топырақ шашу, Қазақстанда диктатура, демократиямен адам құқығы жоқ деп айту» деп әділетті пікір білдірген. Сонымен қатар, Литваның Астанадағы елшілігі бөлімінің жетекшісі, министр-кеңесші Антанас Пятраускастың бірқатар қазақстандық оппозиционерлік БАҚ-тардың қызметіне қатысты берген бағасы да назар аударарлық. Кездесулеріміздің бірінде ол былай деп айтқан болатын: «Литва демократиялық республика болып табылады және бізде барлық баспасөз идеологияға тәуелсіз, алайда өте тәртіпті. Мен біздің БАҚ-тарда сіздердің оппозициялық басылымдарыңыздың әр санында байқалатын мемлекеттің басшылығына қатысты мейлінше өшпенділік пен тоғыз балдық сынды ешқашан да кездестірген емеспін. Менің ойымша олардың бұл ісі дұрыс емес». Өз кезегінде ол «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні» еске сала отырып, пікір еркіндігін пайдалану асқан міндет пен орасан зор жауапкершілік жүктейтінін тілге тиек етті, әрі өзге тұлғалардың абырой-беделін, құқықтарын және де мемлекеттік қауіпсіздікті қорғауға қатысты бірқатар шектеулермен келісетінін айтты.

Иә, биліктің қайсы істі дұрыс жасап жатқанын, қайсысын бұрыс істеп отырғанын көрсететін дәлме-дәл индикатор болуы қажет-ақ. Осы ретте, мені «Қазақстанға ұр да жық емес, сындарлы диалогқа бағдарланған ықпалды және күшті оппозиция қажет» деген Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанымы қанаттандырады. Сондықтан да Елбасының күш-жігері іскерлік, білікті, кәсіби пікірталастар үлгісіндегі мемлекет пен қоғамның сындарлы диалогына арналған аланды дамытуға бағытталғандығы кездейсоқтық емес. ЕҚЫҰ-ның төрағалығы міндетін атқару барысында біз бұған толық қол жеткізе алдық деген сенімдемін.

Қыркүйек 2010 жыл

ҒИБРАТЫ МОЛ «ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР»

«Жастардың бойында тарихи сананы қалыптастыру – біздің басты парызымыз. Тарихи сана ұлттық сананы қалыптастырады. Ал ұлттық сана болмайынша өз елінің нағыз патриоты болу, отаншыл болу мүмкін еместігін Елбасының өзі талай айтып жүр. Ал тарихи сана дегеніміз осы Берел, Есік пен Түркістан, Ұлытау секілді өткенімізді жарқыратып жарыққа шығарудан бастау алады».

2010-шы жылғы шілдеде Шығыс Қазақстан өңірінде өткен «Нұр Отан» ХДП-сының «Киелі мұрамызға тағзым» акциясы шеңберінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы, ҚР Президенті Әкімшілігі жетекшісінің орынбасары Мәулен Әшімбаевтың осы бір айтқандары астаналық «Фолиант» баспасы шығарған «Ғибратты ғұмыр» атты кітап таяуда қолыма тигенде есіме еріксіз орала берді. Жас ұрпаққа ғана емес, еліміздің кез келген азаматына қуана ұсынуға тұратын бұл кітап жүрегімізге ұлт құндылықтарын ұялататын, сөйтіп сананы сыналай отыра біздерді елжандылыққа, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелейтін бірден бір оқу құралы болатындай дүние десем қателеспеймін.

Ұлттық мұратымызды жаңғыртып, мәдениетімізді дәріптеуде халыққа берері мол, адамдардың рухани таным өрісін кеңейтуге ықпалы ерекше деуге лайық бұл кітаптың басты кейіпкері – Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, Ұлытау, Жезді аудандары мен Түркістан қаласының құрметті азаматы Мәкен Төрегелдин. Тіршілігінде атын маһруздың мәңгілік тақтайына алтын әріппен жазып кеткен абзал ағаның өмір жолының өзі – кейінгі ұрпақтарға үлгі. Ол өмірдің ащы-тұщы дәмін татты, ыстық-суығын сезінді, ой-қырынан сүрінбей өте білді, қан майданда от кеше жүріп, аман қалды. Бұғанасы толық қатпаған бозбала шағында Қаныш Сәтбаевтың қанатының астында жұмыскер болып бастаған Мәкен аға еселі еңбекке сабырлы ақылмен, ауқымды тәжірбие және біліммен кірісті. Жезқазған аудандық кеңесі атқару комитетінің хатшысы, Жезқазған аудандық ауылшаруашылық инспекциясының бастығы, Жезді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы – міне, қажырлы, жасампаз еңбегімен зор сенім арқалап, абыройлы әрі құрметпен өткізілген оның өмір өткелдері.

Ол кісінің үлкен-кішімен қарым-қатынастағы қарапайымдылығы, қажымас еңбексүйгіш ізденімпаздығы, ұқыптылығы мен жинақтылығы, ісіне мейлінше берілгендігі, жеке басының адалдығы өз алдына үлкен бір мектеп. Осы ретте, кезінде Ұлытау ауданының әкімі болған Баттал Мұқышұлының Мәкең жөніндегі мына естелік әңгімесіне ден қойсақ. «2003 жылдың көктем айында ағамыздың 80 жасқа толуын аудан халқы болып тойлауға дайындалдық. Сәуір айының басында Мәкеңнің үйінде болғанымда, ол кісі «Қазақмыс» корпорациясы басшылары Ким Владимир Сергеевичке және Юн Руслан Борисовичке 80 жылдық тойының шақыру билетін жеткізіп беруді маған тапсырды. Келесі күні, Ким В.С. іс сапарда екен, шақыру билеттерін Руслан Борисовичке табыстадым. Ол кісі: «Мәкен аға 80 жасқа келсе жақсы сый жасайық. Корпорация ол кісіге «Джип» автокөлігін немесе Жезқазған

каласынан жақсы коттедж үй берсе, қайсысын қалайды екен, сен соны сұрап біліп бер», дегесін бұл хабарды Мәкеңе айтып едім, ол: «Сен Руслан досыңа сәлем айт, менде автокөлік те, үй де бар. Ашық аспан астында музейдің экспонаттары жатыр, соның төбесін жауып берсін», деп бірақ түйді. Русланға келіп ақсақалдың сәлемін жеткізгенде ол маған қарап: «Баттал, біз осындай кісілерден үлгі алуымыз керек. Айтқан шаруасын орындаймыз», деді. Мінеки осындайда, жауапты орындарда Мәкен Төрегелдин тәрізді иманды азаматтар отырса, билік тұтқасын құдайға қараған адамдар басқарса, күн құрғатпай қақпанға түсіп жатқан жемқорлар, талайлар нәпсісін тыя алмаған парақорлық күрт азайып, біздің қоғам қазіргіден де нұрлана түсер еді деген ойға кетесің.

Мәкен Төрегелдиннің бұрынғы Жезқазған облысының Жезді ауданын кезінде 16 жыл бойы үзбей басқара отырып, ауданын сол кездегі Кеңес одағы көлемінде қатарынан үш бесжылдық жеңімпазы атандырғаны аса бір тамсана айтатындай іс болса, зейнеткерлікке шыққан сәтінен өмірінің соңына дейін жасаған дүниесі не дарыны, не арыны асқан адамдар ғана бара алатын тірлік. Атап айтқанда, шағын ғана Жезді кентінде ТМД-да теңдесі жоқ тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайын ұйымдастыруы соның айқын көрінісі іспетті. Оған тілге тиек болып отырған кітаппен танысып шыққан оқырманның көзі жететіне және қазақтың «мың адамның жұмысын бір адам істейді» деген сөзіне Мәкен ағаның тіршілігі толық дәлел бола алатындығына ешкім шүбә келтірмесіне сенім мол. Ғажабы сол, мемлекет санатындағы бұл мұражайдың бүгінгі 15 мыңдай экспонатының бір Мәкен ағаның өз күшімен жинақталып, олардың екі экспонатынан өзгесі бюджеттен бір тиын алынбай жасақталған. Ал, енді осыншама құнды дүниелерді музейге жеткізу оңай соқпағаны тағы анық. Мысалы, бүгінгі күні музей алаңындағы, ашық аспан астында тұрған ағылшындардан қалған паровозың, салмағы бірнеше тонна тартатын бағалы кен жартастарды, электр қуатын өндіретін динамомашинаның бөлшектерін, алғашқы мыс шөміштерін, жер асты техникаларын қаржысыз иен далаға жеткізіп көріңіз. Мұның бәрі Мәкен ағаның ерік-жігерінің, үлкен беделінің арқасында мүмкін болған жағдай. Осы орайда, Мәкен Төрегелдиннің кітапта айтылған жүрекжарды пікіріне зер салсақ: «Зейнет жасына келіп демалысқа шыққанда тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайын ұйымдастыруға бірден кірістім. Мұның өзі көптен көңілде жүрген, академик Қаныш Сәтбаевтың аруағы алдындағы борышым деп санаған қадамым еді. Содан Жезқазған, Ұлытау өңірінің мәдени, тарихи, материалдық мәдениетіне байланысты деректерді қағазға түсіре бердім, қолыма түскен жәдігерлерді жинау әдетіме айналды. Бүгін біздің мұражайда небәрі бірнеше сағатта көне дәуірлерден қазіргі ғарыш заманына дейінгі тарихты тамашалап, Сарыарқаны мекендеген көшпенділердің дүниелік, рухани мәдениетін тебірене түсініп, өзінді олардың заңды мұрагері деп түсінесің».

Расында, мұражай көне және орта ғасырлардағы тау-кен балқыту ісін көрсете отырып палеолит кезеңінен осы күнге дейінгі тарихты қамтиды. Тас, мыс, қоладан жасалған дүниелерден бастап ғарыш кемесінің фрагменттеріне дейінгі экспонаттар мұнда келушілерді бейжай қалдырмайды. Әсіресе, біздің дәуірге дейінгі үшінші, екінші мыңжылдықтарда сақтардың мыс қорытқан

пештері ерекше назар аударады. Осы ретте, кітапта егемен еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың мұражайға арнайы келіп, мұндағы игі істермен егжей-тегжейлі танысып, бабалар технологиясы бойынша ежелгі Милықұдық пешінде алынған балқымадан музейге арнайы экспонат құйып қалдырғаны, Елбасының құрметті қонақтар кітабына «музей ұйымдастырған азаматтардың еңбегі өте зор. Оларға таудай рахметімді айтамын» деп арнайы қолтаңба жазғаны кеңінен баяндалған. Реті келгенде айтқан жөн, Елбасының көне пеште мыс балқытқан осы сәтін бейнелейтін портретті мұражай ұжымы Мәкен ағаның 85 жылдығын атап өту іс-шаралары шеңберінде Астанадағы Президенттің мәдени орталығына салтанатты түрде табыстаған болатын. Ендігі жерде Жезді кентінде орын алған осы тарихи оқиға астаналықтардың және әсем қала Астанаға еліміздің барлық дерлік аймақтарынан, алыс-жақын шетелдерден келетін қонақтардың көзайымына айналады деген үміттеміз.

Мәкен Төрегелдиннің тікелей бастамасымен мұражай Қазақстанды өзге елдерге таныстыру бағытында да көп шаруалар тындырғаны жөнінде кітапта нақты дәйектемелер берілген. Мәселен, 1996 жылы мұнда 15 шетелдің 50-ден астам фирмаларының өкілдері Жезқазған облысымен кең тұрғыда танысуға мүмкіндік алса, 2001 жылы Лондонда өткен «Шығыс – Батыс – Шығыс. Британ – Қазақстан байланыстары» көрмесінде Жезді мұражайы Қазақстан туралы толыққанды әрі аса құнды деректер келтірген құнды мұражай ретінде мойындалып, мақтауға ие болды. Ал, кітаптың бірінші бөлімінде келтірілген М.Төрегелдиннің «Мой долг. Менің парызым» эссе-естеліктер жинағындағы мәліметтер қазақ елінің қадір-қасиетін Мәкен ағаның тағы бір өнегелі ісімен паш етеді. Қанды көйлек майдандас досы Николай Ельцовтың ата-анасымен, туған-туыстарымен ұзақ жыл іздеуден соң Краснодар өлкесіне Сарыарқадан арнайы барып жолыққан сәтте Николайдың әкесі Петр Павловичтің Мәкеңе: «Николаймен бірге әрдайым топ-топ ұлдар жүруші еді. Бірақ олардан ешкім келіп сәлем берген жоқ. Хат та жолдамады. Жоғары адамгершілік және ізгілік сіздің халықтың, қазақтардың қанына сіңген қасиет болар», - дегені көп жәйді аңғартары анық.

Кітапта, сондай-ақ Мәкен ағаның мұражайдың тәрбие ошағы ретіндегі мүмкіндігін аса бір шеберлікпен пайдалана отыра, жас ұрпақтың бойындағы патриоттық сезімнің қалыптасуына көп әсері болғандығы жөнінде айтылады. Бір ғана мысал. Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің құрметті профессоры Мәкен Төрегелдиннің осы оқу орнының студенттеріне, мектеп оқушыларына, жалпы көпшілікке арнап оқитын лекциялары адамдардың ой-санасын бірыңғай ұлттық негіздегі қалыпқа түсіру бағытында ғана өрбитін. Шыны керек, бүгінде сырттан қаптай еніп жатқан әрқилы жат бағыттар мен кейбір радио-телехабарлардағы нәпсіқұмарлық, дүниеқоңыздық, қатыгездік пиғылдарды насихаттау әрекеттері қазақ халқының қоғамдық ой санасы мен жастардың азаматтық тұлғасының қалыптасуына кері әсерін тигізіп жатқан тұста, маған Мәкеңнің осы ұлттық тәрбие сабағы жетпей жатқандай көрінеді.

Иә, тұтас бір халықтың бақытты һәм баянды болуы рухқа байланысты. Материалдық игілік пен рухани құндылықтарды егіз қатар алып жүрген елдің ғана әрқашанда өресі биік, өрісі кең болатынын жете түйсінген Мәкен аға сол

тұтастықты орнықтыру жолында аянып қалған жоқ. Осы мақсатта ол берері мол, тәрбиелік мәні аса зор көптеген мақалалар жазды. Солардың бірі, біз сөз етіп отырған кітаптағы Тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы арқылы өтетін саяхат бағыттарының сипаттамасына қатысты мақала дер едім. Әңгіме әлемдік талаптарға сай туристік қызметті жандандыруға қатысты болып отыр. Және бұл негізсіз емес. Жезді кенті – мемлекеттік мәртебеге ие болған мәдени мұралардың кіндігінде, «Ұлы Жібек жолының» тарихи ескерткіштерге толы бір тармағының үстінде орналасқан. Айта кету керек, таяуда республикалық «Айқын» газетінде Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нүрпейісов бастаған еліміздің бір топ игі жақсылары «Ұлытауды ұлықтай білсек...» атты үндеу-хат жариялап, ұлтымыздың ыстық ұясы болған Ұлытауды ұшпаққа шығарудың нақты жолдары мен жоба-жоспарларын көпшіліктің талқысына ұсыныпты. Мұнда да, тиісті жағдайлар туғыза алсақ еліміздің сан ғасырлық тарихын дүниежүзіне таныстырып қана қоймай, сонымен қатар шетелдік туристерден түсетін қаржы көзін молайтуға болар еді деген тұжырым жасалады. Әрине, көп болып жұмылған қажет-ақ. Сонымен бірге және ең бастысы Ұлытаудың атын иеленіп отырған ауданның экономикалық іргетасының нық болуы шарт. Олай болса, Жездінің әлі де сарқыла қоймаған өндірістік мүмкіндіктеріне жол ашу керек тәрізді. Бұл ретте, Жездіге қатысты деректердің бүгі-шігіне дейін білетін Мәкен Төрегелдиннің 2005 жылы айтқан мына бір пайымдары кітапта былайша келтірілген: «Сапалылығы жағынан Жездінің браунитті марганец кеніне тең келетін кен орны әзірше белгісіз. Ол кешегі сұрапыл (1941-1945 ж.ж) жылдары да, қазір де, болашақта да отанымызды жау оғынан қорғайтын камал бола алады. Сондықтан Отан қорғанысы үшін Жезді марганец кенін қазіргі иесіздіктен құтқарып, қорғаныс қажетіне пайдалану, сақтау, мемлекет тарапынан қорғау, қолдау керек». Мәселе, кезінде Мәкен ағаның КСРО Түсті металлургия министрі П.Ф.Ломакомен қатты сөзге дейін барып, кейіннен Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.Қонаевтың қабылдауында болып Қарсақпай зауытын екі дүркін жаптырмай аман алып қалғаны сияқты, Жездіге де бүгіндері тиісті орындар тарапынан жанашырлық көрсетілуіне тірелетін сияқты. Осы тұста, Қарағанды облысының әкімі Серік Ахметовтің үстіміздегі жылдың 9-шы тамызында «Дала мен Қала» газетінде Ұлытау өңірінің бүгінгі жағдайы оның тарихи рөліне сай еместігіне қатысты білдірген алаңдаушылығы аудан жұртшылығының үмітін үкілегендей. Жезді тұрғындарының осынау Алаштың ардақты азаматына тағы бір базынасы Тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайына Мәкен Төрегелдиннің атын беруді осы жылдан қалдырмауға саяды. Бұл шешім Елбасының биылғы Жеңістің 65 жылдығында: «Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне қандай да марапат жасасақ та – олар оған әбден лайықты» деген сөзіне дөп келері және анық.

Бір нәрсе айқын. Кешегі сұрапыл соғыстың ең шешуші майдандарының бірі болып саналатын Сталинград шайқасының белортасында жүріп, оны азат етуге қатысқан, бейбіт өмірде ерен еңбегімен көзге түсіп, терең білімімен, байсалды мінезімен, жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен таныла білген Мәкен Төрегелдин тәрізді тұлғалар көп емес. Ендеше оларды халқымыздың

алтын қоры деуіміз әбден орынды. Оны ашар күміс кілт керек. Мәкен ағаның сандаған жылдық тынымсыз еңбегін сол алтын сандықтағы мол мұра десек, «Фибратты ғұмыр» кітәбінің құрастырушысы, қаламы қарымды журналист, Мәкен ағаның құдай қосқан жары Зейпін Қазанбаева осы асыл қазынаның көзін ашып, халқына ұсынып отыр. Сөйтіп, Зейпін әріптесіміз өзінің осынау сүбелі еңбегімен Мәкен ағамыздың рухани әлемдегі өмірінің мейлінше ұзақ болуына нық қадам жасады. Иә, бұл құнды еңбекпен қатар Рүстем Мәкенұлы бастаған мұражай ұжымының бүгінгі қарқыны, оларға дем беруші Рымбала Омарбекова басқаруындағы Қарағанды облыстық мәдениет департаментінің қамқорлығы Мәкен ағаның мұрасын мәңгілікке айналдыратына күмән жоқ.

Қыркүйек 2010 жыл

БАҚ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ ӘЛЕМІ

Адам мүшелерінің атқарар қызметіне қарай, жүрек – бірінші, ми – екінші екен. Ми жүрекке әмір бере алмайды. Жүрек миға әсер етеді. Бұл медицинада дәлелденген мәселе. Олай болса, жүрекке не ұялатпақ керек?! Руханият мәселесі тұрғысынан келетін болсақ, адамның жүрегіне иман орын алып, көкірегінде сақталуы тиіс. Сонау атамзаманнан бері қарияларымыз жас өскіндерге алғысын «Иманды, ырысты бол», деп білдірулері кездейсоқ емес. Яғни, иманды ырыс байлықтан жоғары қойды, соны бала санасына сіңірді. Сөйтіп, бабаларымыз өз мәдени-рухани ортасын қалыптастырды, айналасын эстетикалық-ізгілікті негізде игеруге ұмтылды, өмірлерін қытымыр замана сынына бейімдей білді.

Осындай рухани-мәдени мүмкіндіктерімен қазақтар ХХ ғасырға батыл кірді. Мұның өзі шығыстанушы Потанинді «бүкіл шексіз де шетсіз қазақ даласы маған ән салып тұрғандай», деп тамсандырды. Кетбұғының «Ақсақ құлан» күйі, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Сегіз Сері, Мұхит, Біржан-сал, Ақан-сері, Жаяу Мұса, Мәди, Кенен тәрізді дәстүрлі музыка өнерінің алып шеберлерінің шығармалары орыс ғалымының осы бір сөзінің мәнісін ашып қана қойған жоқ, бұлар сонымен қатар біздің рухани дінгегіміздің мықтылығын және ұлттық мәдениетіміздің бірден-бір құрамдас бөлігі екендігін көрсетіп берді.

Жалпы, рухани азықтың тамыры сонау түркі дәуірінен бастап, қазақ хандығы мен қара сөздің майын ішкен ақын-жыраулар, би-шешен мен батырлар, ұлттық мәдениет пен әдебиеттен таралса, қазіргі жаһандану заманында жастарымыз халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесін, рухани құндылықтарын теледидарлардан, газет-журналдардан, Интернеттен және басқа да ақпарат көздерінен алуда. Осылайша, ұлттық патриотизмді өрістете келіп, халқымыздың ежелгі салт-дәстүрлерін сақтап, танып білуге жол ашылуда.

Бұл орайда, қазақи жақсы әдет-ғұрыптарды заман талабына сай қайта жаңғырта отырып, оны жетілдіру жолында, қазақстандық жалпы азаматтық сәйкестендіруді қалыптастыруда және елдің көп мәдениетті әлеуетін дамыту

бағытында алысқа ат айдалмаса да біршама жұмыстар атқарылуда. Мәселен, өзім қызмет жасайтын «Қазақ ақпарат агенттігі» жастардың ұлттық дәстүр-салтты, халықтың өткені мен бүгінін терең білуіне ұмтылыстарын ояту әрі ынталандыру мақсатында соңғы екі жыл бойы «Ұлттың ұлы тұлғалары» атты ақпараттық жобаны ұсынуда. Ал, таяуда «Қазақстан» телеарнасы жанынан ел тарихында тұңғыш рет таза қазақ тілінде «Балапан» атты телехабар дүниеге келіп, өскелең ұрпаққа ерте бастан тәрбие беру, тіл үйрету, өнеге көрсету тәрізді шараларды қолға ала бастады. Ізгіліктің нәрлі дәнін ұлттың бойына себуде өзге де республикалық бұқаралық ақпарат құралдары «Мәдени мұра» және тағы басқа рухани-танымдық бағдарламалар аясында нақты жұмыстар атқаруда.

Осы игі істердің халыққа жеткізілу деңгейі де көңілге демеу боларлық. Айталық, ҚазАқпарат жедел түрде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде бүкіл республика аумағына және елуге жуық шетелдерге күн сайын рухани-мәдени хабарлар легін үзбей жіберіп отырады. Мұның сыртында, бұл хабарлар латын ғарпімен және арабша төте жазу тәсілімен 30-дай жақын әрі алыс шетелдерде тұрып жатқан қазақ диаспорасына да ұсынылып отыр. Телерадио аудитория көлемі де ұлғая түсуде. Мәселен, «Хабар» телеарнасының аудиториясы 98,67 пайызды құраса, «Қазақстан» - 98,63 «Ел Арна» - 89,07, «ОРТ – Евразия» - 87,77 пайызды қамтиды. Қазақ радиосының тыңдармандары 88,74 пайыз болса, «Шалқар» радиосы - 61,31 % құрайды. Мемлекеттік емес КТК, НТК, «7 – Арна», «Астана – ТВ» тәрізді телеарналардың көрермендері 8-9 миллион шамасында. Ал, Internet Worzld Stats дерегіне сәйкес Қазақстанда Интернет пайдаланушылар саны 2,3 миллион адамға жеткен.

Әрине, бүгінде сырттан қаптай еніп жатқан әрқилы жат бағыттар мен кейбір радио-телехабарлардағы нәсіпқұмарлық, дүниеқоңыздық, қатыгездік пиғылдарды насихаттау әрекеттері де жоқ емес. Сондықтан, келер ұрпақтың санасына кері әсер ететін осындай ақпараттарды заңдылық тұрғыдан реттеу керек. БАҚ-тардан рухани азық болып саналатын, тәрбиелі ұрпақ өсіруге ықпал ететін бағдарламалардың, ақпараттардың көптеп берілуін қамтамсыз ету күн тәртібінің басты мәселесі болуы қажет. Әңгіме жоқ, бұлардың болуы шарт. Сонымен бірге, сөз басында айтқанымдай жүрек тазалығына көп нәрсе байланысты. Осы орайда, құрамына 100-ден астам республикалық және аймақтық БАҚ-тарды қамтитын «Бас редакторлар клубы» отырыстарында олардың назарын өзімнің мына бір пайымдарыма аударып та жүрмін.

Сонау 1989 жылы Мәскеуде Ш.Айтматовтың «Жан пида» кітабының тұсаукесері барысында сан-түрлі пікірлер айтылып, кеш соңына таман бір оқырманның «Роман аяқталмай қалған сияқты», деген сауалына Шыңғыс Төрөқұлұлы: «Барлық сұрақтарға жауап беру мүмкін емес. Мен бұл кітапта ақ пен қараның күресін көрсетуге тырыстым. Егер Сіз соны байқасаңыз және ақ жағын тандасаңыз, мен мақсатым орындалды деп білемін», деген жауабын алға тартты. Енді, мына бір әпсанаға ден қойсақ. Әлем неден бастау алады – деген сұраққа, ғұлама, - сенің екі көзіңнен деп жауап қатады. Иә, көздің негізгі міндеті – көру. Бірақ оның нені және қалай көретіні үлкен пәлсәпалық өз алдына бір тылсым дүние. Біреу үшін мәселен от өмірдің шырағы болып

танылса, басқаға ол ақырзаманның белгісі ретінде қабылдануы мүмкін. Бір нәрсе айқын: дүниеге, өмірге, адамдарға бір Алланың көзімен қарау керек. Бірақ жаратушыны ешкім көрген жоқ, оны толық түйсінген емес. Сондықтан барлық нәрсеге тәңіріміздің адамға берген ұят көзімен қарау керек. Ендеше, жүрегімізде тек ұят ұялап, ол қай уақытта да ақ жағында болсын! Сонда ғана біз рухымыз берік, санамыз сергек ұлт ретінде өркениет әлемінде өресі биік, өрісі кең ұлы мемлекетке айналамыз. Олай болса, рухани құндылықтарды материалдық игілікпен егіз қатар алып жүру біздің басты міндетіміз екендігін түйсінгеніміз жөн.

Қазан 2010 жыл

ҰЛТТЫ ҰШПАҚҚА ШЫҒАРАТЫН ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

«Ағылшындардың мәңгілік досы жоқ, ағылшындардың мәңгілік қасы жоқ. Ағылшындардың мәңгілік мүддесі бар». Мұны кейбір кісілер ағылшындардың ерекше пір тұтатын тұлғасы, лорд Уинстон Черчилль айтқан десе, тағы да біреулері бұл сөзді ағылшынның ұтқыр саясаткері, кезінде осы елдің үкіметін басқарған Пальмерстонның аузына салады. Дегенмен, әңгіме онда емес. Ең бастысы, егер ағылшындардың мүддесі мәңгілік болса, қазақтардың неге мүддесі болмауы керек және мәңгілік сипатқа ол да неге ие болмауы тиіс?!

Иә, ұлттық мүдде – мазмұны мен ауқымы мейлінше кең ұғым. Ұлттық мүдде міндетті түрде қорғалуы керек. Осы ретте, ұлтты ұшпаққа шығаратын азамат, ұлтқа шым тереңнен ойлайтын, тым қияннан болжайтын тұлға қажет десек әсте қателеспейміз. Бірер мысал. Алып Қытай жол айрығында абдырап тұрғанда ұлтын Дэн Сяопинь бастап, халқын қазір АҚШ-пен иық тірестіріп, Жапонияны және Германияны экономика жағынан көп артқа қалдырып отыр. Үндістан Ұлыбританияға жалтақтап қалғанда Махатма Ганди басын бәйгеге тігіп шықты. Ең демократияшыл деп саналатын Америкада Франклин Делано Рузвельт президенттікке қатарынан төрт мерзімге сайланса, Шарль де Голь есімі Франция тарихында мәңгілікке жазылып қалды. Түркия елінде Мұстафа Кемаль Ататүрік, Сингапурда Ли Куан Ю болып, әлемде осындай біртуар ұлт тұлғаларының есімдері жалғасып кете береді.

Қазақ қамы үшін де бабаларымыздың қаны аз төгілмеді, батырларымыз бүкіл өмірін ат үстінде өткізді. Ақтамберді жырау былай жырлапты: «Жауға шаптым, ту байлап, шепті бұздым айғайлап, дұшпаннан көрген қорлықтан, жылады жүрек, қан қайнап, елді, жұртты қорғайлап, өлімге жүрміз бас байлап». Яғни, ата-бабаларымыздың ұлы мақсаты тәуелсіздікті алу болды. Сол Тәуелсіздікті ХХ ғасырдың соңғы жылдарында алдық. Біз Тәуелсіздікті көшбасшымыз, ұлтымыздың ұлы перзенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен байланыстырамыз. Көзі ашық қазақ ұлты, Қазақстан елі мұны анық біліп, өз ұлтының тұлғасы Нұрсұлтан Әбішұлын барынша қолдап отыр. Оған кешегі өткен 2010 жылдың саяси шымылдығы жабылар сәтте Өскеменде қоғамдық қауымдастықтың бір топ өкілінің ҚР Президенті өкілеттігін он жылға ұзарту

жөніндегі бастамасына аз ғана күн ішінде халықтың бес миллионнан астамы, былайша айтқанда дауыс беру құқығы бар электораттың 60 пайыздайының қолдау білдіргендері толықтай куә бола алады.

Қол жинау мерзімі белгіленген заңға сәйкес кесікті болмаған жағдайда Елбасына деген сенім білдірушілердің саны абсолюттік көрсеткішке жетеріне еш күмән тумасы анық. Өз басым бұл ахуалды, оппозициялық көзқарастағы «белсенділердің» айтып жүргеніндей, биліктің қолдан жасап жатқан амалы, немесе жағымпаздықтың яки болмаса жеке басқа табынушылықтың көрінісі іспетті емес, халықтың көкейінде көптен жүрген мәселе, сондай-ақ Елбасы қызметіне берілген оң баға деп қабылдаймын. Өйткені, биыл 20 жыл толатын Тәуелсіздіктің қазаққа және қазақстандықтарға берген пайдасы, жақсылығы шаш етекпен. Мұны жүрегінде иманы мен аузында тәубесі бар әрбір адамның мойындары хақ. Әрине, көпшілік болған соң түрлі мінезді адамдар болады, оның үстіне адам пенде жақсылыққа бойын тез үйретіп, бола түскен үстіне бола түссе дейді емес пе. Сондай-ақ, елдің өмірі мен тыныс-тіршілігінде игі жақсылықтардың қандай күшпен келіп жатқанына кейбір адамдардың мән бергілері келмейтін де сыңайлы. Мұнайдың үстінде отырған араб елдеріндей неге шылқып байымаймыз дегендер де баршылық. Бірақ, олар қазақстандық әрбір жан басына шаққанда бар болғаны 4,8 тонна мұнай өндірілетініне, ал осы көрсеткіштің Біріккен Араб Әмиратында 122 тонна, Катарда 90 тонна, Сауд Арабиясында 20 тонна құрайтынына және бұл елдердің мұнайды игеру тарихы бізден әлдеқайда терең екеніне көңіл бөле бермейді. Шынтуайтында, егер кешегіміз бен бүгінгіні шынайы салыстыра білетін адам болса, көбірек шүкіршілік етер еді. Ал, енді сол шүкіршілік дегізетін нәрселердің артында мемлекет басшысының тәулік бойы тынбастан еңбек жасап, елінің тағдыры үшін мойнына тарихи жауапкершілікті жүктеп отырғанын, тіптен кез-келген ықтимал қауіп қатерді халқынан бұрын алдымен өзіне қабылдауға әбден белін бекем бұғанын, сөйтіп басын бәске тіккенін екінің бірі біле бермейді.

Мәселен, Мәскеудің ызғары қайта қоймаған сонау жылдары Назарбаев Кремльдегі саяси бюроның шешіміне мойынұсынбай Семей ядролық сынақ полигонын біржола жауып, орасан зор ерлікке пара-пар қадам жасады. Сәл кейін ядролық қарудан мүлдем бас тартты. Сол кезде қазақтың даласында дүниежүзіндегі ядролық қару-жарақтың бестен бірі орналасып, оның қуаты жер бетінің кез келген нүктесіне еркін жететіндей хәлде еді әрі тауын үгетіп, әрбір тасын құмға айналдыратындай жойқын күшке ие болатын. Сондықтан, «Ядролық қаруды уыстан шығармау керек», «Бүгіндері тек мықтымен ғана есептеседі», «Келісім-шарт жасасып, ядролық қаруды өзімізде қалдырайық», «Ядролық қаруды алпауыт мемлекеттің біріне берейік», деген тәрізді іштегі небір ақылшылармен қатар, Батыстың, әсіресе АҚШ басшылығы тарапынан Қазақстанға ядролық қаруды жоюды талап еткен ұсыныстар жеткілікті еді. Алайда, Назарбаев өзіне ғана тән ерекше саяси көрегендікпен еліне, жеріне шапағаты молынан тиетін сындарлы да салмақты шешім қабылдады және де оны өзгелерге мойындатты. Сөйтіп, 1994 жылғы 5-ші желтоқсанда Будапешт қаласында іргетасын тамыры Ұлы даладан бастау алатын дала қыпшақтары қалаған зәулім сарайда ел тарихына алтын әріппен жазылатын айтулы оқиға

орын алды. Қабырғалары алтынмен апталған, төбеден төмен қарай ілінген салмағы он тонна тартатын люстрамен көмкерілген бас айналатындай нән залдың ортасында біздің елдің президентін қаумалай бес елдің басшылары – Ельцин, Лукашенко, Клинтон, Кучма, Мейджор «Қандай да ядролық қару еш уақытта Қазақстанға қарсы қолданылмайды» деген кепілді растап қол қойды. Сонымен қатар, екі мың ядролық қаруды жоюға қажетті қаражат бөлініп, сонау Ұлы Отан соғысынан бері біздің мойнымызға ілініп келе жатқан қарыз қайтарылмайтын болып келісілді, елімізде барынша ыңғайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға толық мүмкіндік туды. Осы сәтке куә болғандардың толқығаннан тұла-бойлары шымырлап, көздеріне жас үйірілгенін, сондай-ақ әлемнің өзге елдері Қазақстанның бұл жарқын үлгісін қолдай отырып жаппай қарусыздануға жол ашылады деген сенімдерін ұмыту әсте мүмкін емес. Бірер айдан соң мұндай кепіл берушілердің қатары Қытай және Франция елдерімен толықты. Осылайша, Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық аренадағы тұңғыш әрі мәртебелі жеңісіне қол жеткізді, Қазақстанды бейбіт өмірдің символына айналдырды, ал БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун Қазақстан үлгісіне әлемді шақырамын деп ашық мәлімдеді. Нәтижесінде, 2010 жылдың 12-13 сәуірінде Вашингтонда ядролық қауіпсіздік мәселесі бойынша өткен әлемдік саммитке Нұрсұлтан Назарбаев арнайы шақырылып, еліміздің мерейін өсіріп қайтты, әрі осы жылы кеңес дәуірінен кейінгі кеңістіктегі мемлекеттер ішінде бірінші болып Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп қана қоймай, 11 жыл қатарынан өткізілмей келген ЕҚЫҰ-ның Астана саммитін мейлінше жоғары дәрежеде ұйымдастыра білді. Бір сөзбен айтсақ, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың аты адамзат тарихында өз еркімен ядролық қарудан бас тартқан және сонысымен Ұлы даланы бұл қауіптен құтқарған ең алғашқы мемлекет басшысы ретінде алтын әріппен жазылып, мәңгілікке сақталып қалары анық.

Назарбаевтың республика халқының тұтастығын нығайту бағытында үзбей атқарып келе жатқан жұмыстары да елдің мүддесіне орай жүргізілуде. Осы ретте, әсіресе, Елбасының тікелей басшылығымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы бөлек. Өз құрамына 130 этносты біріктіретін бұл Ассамблеяны бүгінгі күні «Кіші Біріккен Ұлттар Ұйымы» деп те атайды, себебі ол барлық этносаралық қатынастар проблемаларын шешудің тікелей жолы мен нақты тетігі болып танылуда. Осылайша Қазақстан қазір бұлардың барлығының екінші Отаны болып отыр. Қазақстандағы Орыс, славян, казак ұйымдары қауымдастығының мүшесі Анатолий Чесноковтың пікірінше Қазақстанда төрт миллионнан астам славян ұлты өкілдерінің мүдделері толығымен қорғалған, өйткені ол үшін жақсы заңнамалық база жасақталған. «Елбасы өзінің сөзінде тұрды. Ол кісінің егемендік алған тұста айтқан сөзімен бүгінгі жасап жатқан ісінде ешбір алшақтық жоқ. Республикадағы жағдай шын мәнінде бәрімізге жәйлі, сондықтан да ерікті қоныс аударуға көмектесудің ресейлік бағдарламасына қарамастан Қазақстаннан жаппай көшіп жатқандар жоқтың қасы»- дей келе, ол өз ризашылығын жасырмайды. Расында, Назарбаев ТМД-ның жекелеген елдерінде орын алған этносаралық қақтығыстарға, сонымен қатар ішкі және мемлекетаралық кикілжіңдерге жол

бермеген бірден-бір мемлекет басшысы. Сондықтан, конфессияаралық және ұлтаралық саясат жүргізудегі Қазақстанның теңдессіз тәжірибесін өзгелер де пайдаланса ұтылмасы анық. Мұны, ең алдымен, соңғы кездері шовинистік пиғылдары барынша қозып, исламофобия бел алып отырған европалық елдер қаперлеріне алса игі болар еді.

Нұрсұлтан Әбішұлының осындай әлемдік деңгейдегі салиқалы саясаты түптеп келгенде елін, жерін, бейнелеп айтсақ, «сырттағы жаудан және іштегі даудан» қорғаштай отырып, халқының әл-ауқатын жақсартуға қажетті деген түгел дерлік іс-шараларды жүзеге асыруға зор септігін тигізгенін айтқанымыз жөн. Соның арқасында еліміздің Ішкі жалпы өнімі (ІЖӨ) жыл өткен сайын артып келеді. Бүгін біз ІЖӨ көлемі жағынан экономикалық мүмкіндігі орасан зор, 50 миллиондай халқы бар Украинамен теңесек, бұл көрсеткіш Орталық Азия елдерінің Ішкі жалпы өнімінің барлық жиынтығынан бір жарым еседей артық көлемді құрайды. Бәрімізге белгілі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары инфляция 2000 пайызды құрап, мемлекеттің қазынасында бір тиын болмаған еді. Ал қазір Назарбаевтың бастамасымен құрылған Ұлттық қордағы қаржы 50 млрд. доллардан асып жығылады. Бір айта кетерлігі сол, соңғы он жылда бұл қорға жинақталған қаржының көлемі 25 есе өсіп, ол қазақстандықтардың игілігіне бағытталып отыр. Нәтижесінде, жүздеген кәсіпорындар пайдалануға берілуде, шағын және орта бизнес қарқын алуда, сөйтіп жүз мыңдаған жаңа жұмыс орындары пайда болуда, жастар оқу іздеп дүниежүзінің ең үздік деген университеттеріне аттануда, жаңа үлгідегі мектептер салынып, балабақшалар ашылуда. Жыл сайын бюджеттегілердің айлық жалақылары, зейнеткерлердің зейнетақылары, әртүрлі әлеуметтік топтардың жәрдемақылары өсіп келеді. Мәселен, соңғы он жылда қазақстандықтардың орташа табыстары бес есеге, орташа айлық жалақысы алты есеге өсті. Ал, 2011 жылдың 1-ші қаңтарынан Елбасының тікелей тапсырмасына сәйкес зейнетақы 30 пайызға өсіп отыр. Осы жылдың 1-ші шілдесінен бастап осынша көлемде бюджет саласындағы қызметкерлердің айлық жалақылары өсетін болады. Осы ретте, өзге елдерде мұндай шығындардың қысқартылып жатқанын есте ұстаған жөн. Жалпы, біз осындай оң өзгерістерді Елбасы ұстанған «Әуелі экономика, сосын саясат» тұжырымының жемісі деп қабылдауымыз керек. Ұлт Көшбасшысының бұл көрегендік саясаты кеше ғана орын алған әлемдік қаржы және экономикалық дағдарысты дүрбелеңге ұрындырмай, нық сеніммен еңсерді әрі елдің үдемелі индустриялы-инновациялық даму кезеңіне өтуіне мүмкіндік беріп отыр.

Әрине, жетістіктермен қатар кемшіліктердің орын алып жатқаны ешбір құпия емес. Әрбір адамның бойында міні болатыны сияқты, кез келген қоғам да келеңсіздіктерден ада тұра алмайды. Былайша айтқанда, өмір қиындықты еңсеру үшін беріледі, сондықтан адам мен қоғам алдында проблемалардың тұрақты туындап отыруын заңды үрдіс ретінде қабылдаған ләзім. Ең бастысы оларды шиеленістіре бермей немесе үлкен саясатқа айналдыруға тырыспай, қарапайым халықтың мүддесіне сай келетін дүниелерді қолға алу қажет және бұл тек бір биліктің ғана айналысатын шаруасы болмауы керек. Елбасымыз айтқандай, елге жаны ашитын әрбір азаматтың нақты істерге араласатын сәті туды. Оған толықтай мүмкіндіктер бар. Бүгіндері Қазақстанда заңды негізде

демократиялық институттар мен азаматтық қоғам үстемдік құруда. Мәселен, еліміздегі үкіметтік емес ұйымдардың саны қазір 18 мыңға жетіп, қоғамның сан-қилы мәселелерін шешуде көптеген жарқын істерге мұрындық болуда. Бұл үрдіс тұрақты даму үстінде. 80 пайыздайы мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары да қоғамға тың серпін беруге әзір. Ел болашағына ерекше көңіл бөлетін Елбасы оппозициялық көзқарастағыларды да қоғамға пайдалы іске жұмылдыруды бір сәт есінен шығарған емес. Ендеше, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жанына топтасып, алдағы он жылда халқымыздың әл-ауқатын мейлінше жоғары сапа деңгейіне көтеруге бірлесе күш салайық.

Ақпан 2011 жыл

ТАҒДЫРЫМЫЗ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Көрнекті поляк жазушысы Бруно Ясенскийдің мынадай бір сөзі бар: «Достарыңнан қорықпа, көп болса сатып кетер. Дұшпаныңнан қорықпа, көп болса атып кетер. Қорықсаң немқұрайлы адамдардан қорық. Дәл солардың үнсіз келісімінен жер бетінде сатқындық та, адам өлтіру оқиғасы да орын алуда». Иә, көп жағдайда «күл болмаса, бұл» болсын» дейтін немқұрайлықтың басты ережесі кедергісіз жұмыс істеп жатады. Кейбір адамдар айналысында болып жатқан оқиғаларға енжар қарап, қандай да бір шешімдер қабылдау кезінде «біздің дауысымыз аса маңызды емес» деген байлам жасайтыны да шындық.

Еліміз кезектен тыс президенттік сайлау қарсаңында тұрған сәтте бұл мәселе өте өзекті деп ойлаймын. Себебі, осынау жауапты кезеңде әрбіріміз мемлекетіміздің келешектегі тағдыры азаматтық ұстанымызға байланысты екендігін ұғынуға тиістіміз. Сондықтан, ел тағдыры таразыға түсіп жатқан шақта қарымды қуат, батыл бастама және азаматтардың жеке ұмтылыстары қажет. Бұл арада мен ешқандай да жаңалық ашып отырған жоқпын, өмірдің сындарлы белестерінде адамдарға «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару» тән екендігін тарлан тарих талай мәрте дәлелдеген. Күш-жігерді біріктіріп, жұмылған жұдырық бола білгендіктен қазіргі заманғы өркениет жаһандық қаржы дағдарысы, лаңкестік, азық-түлік пен ауыз су жетіспеушілігі, табиғи және техногендік апаттар, этникааралық және дінаралық негіздегі жанжалдар тәрізді көптеген қауіп-қатерлерге төтеп беру мүмкіндігіне ие болып отыр.

Тәуелсіздіктің жиырма жылындағы Қазақстанның жүріп өткен жолы да «тар жол, тайғақ кешуден» тұрғанын айтқан жөн. Парламент Мәжілісінің депутаты Уәлихан Қалижан өзінің мақалаларының бірінде былай деп әділетті атап көрсетеді: «Біз «азапты жолдан» өттік, мың өліп, мың тірілдік». Расында жол басындағы мемлекеттің жағдайын созылмалы дертке ұқсастыруға толық болатын. Қазына қалтасында көк тиын болмады, кәсіпорындардың көпшілігі көтерем малдың күйін кешіп жатты, инфляция деңгейі 1000 пайыздан асып, ауыл адамдары кәдімгі кір сабынды бір қойға сатып алуға мәжбүр болды, сөйтіп, жаппай тапшылық жағдайында жұрт арасында «бағасы қанша болса да, әйтеуір сөрелерде тауарлар тұрса екен» деген көңіл күй орын алды. Бір

сөзбен айтқанда, бұл кезең экономика жағдайы, адамдардың рухани дүниесі күйзелісінің ең биік шыңы болды. Осынау аса бір күрделі жағдайдан саяси партиялар, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдар, қарапайым азаматтар белсенді қолдауымен ел басшылығының жүргізген сауатты ішкі және сыртқы саясатының арқасында шыға алдық.

Осылайша «қазақстандық керуен» тамшы су табылмайтын шөл даладан абыроймен өте алды, сөйтіп биік белестерді біртіндеп бағындырып келеді. Қазақстан бүгінде өте жауапты шешімдер қабылданып жатқан бірегей елге айналды. АҚШ-тың Қазақстандағы бұрынғы елшісі Ричард Хоугландтың пікірінше, біздің мемлекет тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап нарықтық реформаларды жүзеге асыру; ядролық арсеналдан бас тартып, жаппай қырып-жоятын қарулар мен материалдарды таратпау жолына түсу; келешек ұрпаққа халықаралық стандарттар деңгейінде білім алуға мүмкіндік беру тәрізді төтенше маңызды әрі кемел келешекті көздеген үш маңызды шешімді қабылдады.

Бұл тұрғыдан көптеген жұмыстар жасалғанын ескерген жөн. Айталық, жаһандық қаржылық және экономикалық дағдарысқа қарамастан, мемлекет еш абыржымай, істің байыбына терең үңіле отырып, жағдайды уысына ұстай білді. Нәтижесінде, банктер жабылмады, тұрғын үйлерді салу тоқтаған емес, теңге құнын жоғалтқан жоқ. Сөйтіп 2010 жылы халықаралық ұлттық әл-ауқат рейтингісінде біздің ел Ресей, Украина және Беларусьті басып озып, 59-шы орынға дейін көтерілді. Соңғы бес жылда білім беруге, денсаулық сақтауға, әлеуметтік қамсыздандыруға қазынадан бөлінген қаржы екі еседен астамға ұлғайды. 2008 жылмен салыстырғанда 2012 жылға қарай бюджет саласы қызметкерлері жалақысының орташа мөлшері екі есеге өсетін болады. Қазір еліміз дүниежүзінің 126 мемлекетіне 200-ден астам дайын өнім түрлерін экспорттайды. Экспорттың көлемі 60 млрд. долларға жетті, бұл 1995 жылғы көрсеткіштен он бір есеге көп. Қасқағым сәтте еліміздің мүмкіндігінің және кемел келешегінің символына айналған жаңа елорда – Астана тұрғызылды. Еліміз халықаралық аренада да ауыз толтырып айтатындай табыстарға қол жеткізді. Қазақстан өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге сүбелі үлес қосып отыр. Бұған ЕҚЫҰ-ға төрағалығымыз және осы беделді ұйымның он бір жылғы үзілістен кейін 2010 жылдың желтоқсанында өткізілген Астана саммиті айқын дәлел. Ең бастысы – адамдар өзгерді, олардың көздерінде келешекке деген сенім пайда болды. Ашығын айту керек, бұл ерекше мақтан тұтарлық дүние. Анда-санда төңірегімізде болып жатқан оқиғаларға назар аудара отырып, біздер қазіргі күндерімізге тәубе келтіріп, шүкіршілік етсек артық емес. Егер тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезінде жағдай басқаша өрбігенде, бүгінгі жағдайымыз қалай болатын еді?

Әрине, өзге қоғамдардағыдай бізде де шешімін таппай жатқан түйткілі көп мәселелер баршылық. Әлі де болса экономикалық дағдарыстың салдары толық еңсерілген жоқ, жемқорлық та белсенді жүгендеуді қажет етеді, әзірге шикізатқа тәуелді ел ретінде қалып отырмыз, сонымен бірге жұмыссыздық жағдайын және жаңа жұмыс орындарын құру мәселесін де жылы жауып қоя алмаймыз. Бизнес-қауымдастығы, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер

барынша әрі пәрменді қолдауды қажет етіп отыр. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласындағы тарифтердің өсіміне тұрақты бақылауды, саудасаттықтағы бағаны өсіретін алыптасарлықпен күресті жүзеге асыру да күн тәртібінде. Білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы сапаны арттыру, еліміздегі демократиялық үдерістердің одан әрі дамуына мұқият назар аудару басты мәселелердің бірі болып табылады. Жан басына шаққандағы табыстың айтарлықтай өскендігіне қарамастан, инфляцияның салдарынан адамдар үшін ондай өсімнің әсері аса байқалмай отыр. Мұның сыртында, ешкім де, соның ішінде басқарушылық шешім қабылдайтындар да әдеттегі қателіктерден ада емес екендігін және олардан сақтандырылмағанын есте ұстаған жөн. Сондай-ақ өмірдің өзі күрестен, қиындықтарды еңсеруден тұратынын, сондықтан да әрдайым проблемалар болатынын қаперде болғаны ләзім.

Меніңше, проблемалық мәселелерді қоғам белсенділік танытқан кезде, сондай-ақ оппозициялық күштерді тарта отырып бүкіл мүдделі тараптардың қатысуымен ғана шешуге болады. Айталық, оппозиция тарапынан қазіргі жағдайды ескере отырып дағдарыстан кейінгі қарқынды даму бағдарламасы неге ұсынылмасқа? Сайып келгенде бұған биліктің де өзі мүдделі екендігіне сенімдімін, себебі билікке өзінің іс-қимылын дұрыс бағамдауға мүмкіндік беретін дәлме-дәл индикатор қажет. Иә, ол үшін оппозиция барынша күшті, сындарлы түрде қалыптасуымен қатар, оның балама ұсыныстары болуы тиіс. Өкінішке қарай, әзірше біз мұндай баламаны көре алмай отырмыз. Биліктің оппоненттері, жұқалап айтқанда, саяси бәсекелестік өз жеке амбицияларын қанағаттандыру үшін емес, қоғамның мүддесін қорғау және қоғамның атынан өкілдік ету үшін қажет екендігін ұмытып кетіп жатады. Жасыратыны жоқ, маған оппозицияның жекелеген іс-қимылдары мен мінез-құлықтары ежелгі дәуірдегі фурийліктердің заң шығарушысының «жаңа заңды күшіне енгізгісі келген адамды халықтың алдына мойнына арқан салып шығуға, егер оның жаңалығы бірауыздан қолдау таппаса, сол жерде асылып өлуге» шақыратын қылығын еріксіз еске түсіреді. Әрине, мұндай әрекет біздің таңдауымыз емес. Тек пікір алуандығы орын алған ашық қоғамда ғана біз әділетті мемлекет орнатамыз, экономикадағы, саяси және әлеуметтік өмірдегі, рухани саладағы теріс құбылыстарды азайтамыз. Бір қуанарлығы, мемлекет тарапынан бұл үшін барлық қажетті жағдайлар жасалынған. Бүгінде елімізде қоғамда болып жатқан әралуан құбылыстар мен оқиғаларға жеке көзқарасын білдіруге мүмкіндік беретін демократиялық институттар жұмыс істеуде. Мәселен, зауқы соққан кез-келген адам үкіметтік емес ұйымдар арқылы қоғамдық маңызы зор акцияларға бастамашы бола алады, сондай-ақ тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары әркімге қолжетімді. Қалайсыз ба, көзқарасыңызға қайшы келетін не бір жағдайды сынаңыз немесе істің жағдайын оңтайландыратын қандай да бір ұсыныстарыңызды айтыңыз. Әрине, мен идеалист емеспін және барлық адамды бірдей бақытқа кенелту оңай еместігін түсінемін, алайда ынта болса оң нәтижеге жетуге болатындығына сенімдімін. Бір нәрсе айқын. Осы мақсаттарға жету үшін сайлау өтетін 2011 жылғы 3 сәуір күні әрбір азамат дауыс беруі тиіс.

Наурыз 2011 жыл

ЕКІНШІ БӨЛІМ

АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕГЕ АРНАЙЫ СҰХБАТ

«ҚАЗАҚПАРАТ» ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

Құрметті Дәурен Кеңесұлы, «ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басшысы ретінде шет елдегі қандастарымызға арналған «Алтын бесік» журналына беріп отырған сұхбатыңызды оның негізгі мақсат-міндеттері жәйлі және алда атқаратын жұмыстарының төркінін ретімен таныстырудан бастасаңыз.

Көне түркі жұртынан көнермей келе жатқан бір ұлағатты әңгіме бар: «Әлдеқалай мол қазынаға кезіксеңіз, бұл туралы ешкімге тіс жармаңыз. Егер бір жақсы дос тапсаңыз ол жөнінде жақын туыстарыңызға айтыңыз. Ал енді бұрын соңды естілмеген сөзді естісеңіз оны дүйім елге жайыңыз». Мазмұны сәл пәл өзгешелеу болғанымен осынау бір ой-тұжырымның мағынасы біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болуға тұрарлық десем әсте қателеспеспін. Расында жақсы жаңалықтардың жаршысы болғанға не жетсін.

«ҚазАқпарат» агенттігінің мақсат-міндеттері де осыған саяды. Екі жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасы президенті сайлауы аяқталғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарымен ең бірінші кездесуін «ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясында өткізуі кездейсоқ емес деп білемін. Кездесу барысында Мемлекет басшысы ҚазАқпарат Қазақстандағы жағдайдың барлығын дүниежүзіне лезде жеткізіп отыратын үлкен агенттік болуы қажеттілігін ескерте келе: «2002 жылы Қазақстан журналистерінің I Конгрессінде мен басқа отандық бұқаралық ақпарат құралдарын ақпаратпен қамтамасыз етіп отыру үшін Ұлттық агенттікті қайта түлету идеясын ұсынған болатынмын, қазір осы идея ойдағыдай жүзеге асырылуда» деп, ерекше атап өтті. Елбасы тарапынан берілген мұндай бағаның бізге көрсетілген айрықша сенім мен зор жауапкершілік екендігін терең сезіне отырып, бүгіндері сол сенімді ақтауға барлық күшімізді жұмылдырудамыз.

Осы ретте, «ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясы» республиканың қазіргі ақпарат кеңістігінде қазақ тілінде төл ақпарат тарататын бірден-бір Ұлттық ақпарат агенттігі екендігін баса айтқым келеді. Еліміздің экономикасы мен әлеуметтік-мәдени өміріндегі барлық маңызды жаңалықтарды қазақ тілінде ғана емес, ағылшын, орыс тілдерінде бар әлемге жария етіп отырған да біздің мекеме. Сонымен қатар, шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдері үшін қазақ тіліндегі жаңалықтарымызды жеке Интернет бетінде академик Әбдуәлі Қайдардың нұсқасымен латын әліпбиінде ұсынып отырмыз.

Агенттіктің қазақ тіліндегі сайтының жаңалықтарына күнделікті 650-ге жуық, орысша жаңалықтарға 4000-нан астам, ағылшынша сайт хабарларына 900-ге дейін оқырмандар кіреді. Мұнымен қатар, үш тілдегі жаңалықтарды Ресейден, Қытайдан, Канада мен АҚШтан, Австралия мен Ұлыбританиядан, Жапония мен Сингапурдан, Түркиядан, Еуропа елдерінен тұрақты түрде тәулігіне 800-ге дейін адам оқып тұрады. Жалпы «ҚазАқпараттың» сайтына 50 мемлекеттен астам елдерде тұратын қазақ бауырларымыз оқырман ретінде тіркеліп отыр. Агенттіктің бұл тіршілігіне Голландия, Норвегия, Швеция, Қытай, Монголия және әлемнің өзге елдерінде тұратын қандастарымыз өздерінің ризашылықтарын білдіруде.

«ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясының өткен тарихы барынша бай, шежіресі ерекше мол. Шетелдегі оқырмандарға осы жөнінде қысқаша әңгімелей кетсеңіз.

Иә, бүгінгі «ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясы», кешегі Қазақ Телеграф агенттігінің (ҚазТАГ) түп тамыры өткен ХХ ғасырдың тарихи қойнауында жатыр. Нақтырақ айтар болсам, бұл мекеме 1920 жылғы тамызда РОСТ-ның Орынбор-Торғай бөлімшесі ретінде құрылды. 1925 жылы ҚазРОСТ, ал 1937 жылы ҚазТАГ болып өзгеріліп, Қазақ кеңестік социалистік республикасының Министрлер Кеңесінің қарауына берілді.

Кеңес үкіметі тұсында агенттік (ҚазТАГ) бірінші кезекте социалистік және коммунистік құрлыстың тәжірбиесін және көріністерін насихаттайтын идеологиялық рөл атқарды. Республика бойынша үкімет деңгейіндегі ресми хабар беру ҚазТАГ-тың ғана құзырында болатын, әрі ол кезде барлық радио, теледидар, газеттер ресми хабарларды тек ҚазТАГ арқылы алатын. Екінші жағынан, ҚазТАГ республикалық, облыстық, аудандық баспасөз беттерінде басылатын ресми, маңызды материалдардың қазақшасына жауапты болды. Яғни тікелей міндетті атқарумен қатар ҚазТАГ қазақтың ақпараттық публицистикасы мен аудармасын қалыптастырды. Өйткені мұнда ерекше дарынды аудармашылар істеді. Олардың басқалардан артықшылығы барлығының бірдей ілеспе аударма жасай алатындығында болатын. Осы азаматтардың арқасында көптеген термин сөздердің қазақша баламасы дүйім жұртқа таныс етіліп, қолданыстағы сөздік қордың аясын кеңейтуге мүмкіндік туды.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы отандық баспасөз ішінде ҚазТАГ-тың шоқтығы биік екендігін мейлінше ашып көрсетті. ҚазТАГ фототілшісінің желтоқсаншылардың сотынан түсірген суреті газетке басылғаннан кейін қоғамда едәуір дүрбелең болғаны жадымызда. Бір назар аудартар мәселе – 1986 жылдан кейін агенттіктегі қазақ тіліндегі хабарларға мән беріліп, ҚазТАГ-тың қазақша хабарлары да ширай бастады.

Сайып келгенде, өзінің тоқсан жылға жуық тарихында агенттік атын бірнеше дүркін өзгерткенмен негізін өзгерткен жоқ, басты мақсат-міндетінен тайған емес. Ол – жаңалықты дер кезінде жедел жеткізу, қоғам тіршілігіндегі оқиғаларды қалың бұқараға тиянақты дәлдікпен хабарлау.

«ҚазАқпараттың» құрылымдық жүйесі мен қызмет ауқымында соңғы жылдары біраз өзгерістер мен жаңалықтар болды. Алыстағы ағайындарды осы жаңалықтармен таныстырсаңыз.

1997 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен ҚазТАГ «Қазақ ақпарат агенттігі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» болып қайта құрылды. 2002 жылғы 8-ші қарашада бұл кәсіпорын Үкімет қаулысымен «ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясы» ашық акционерлік қоғамына айналды.

Құрылымдық өзгерістердің ақпараттық өндірісті жаңаша ұйымдастыруға мол септігі тиді. 1997 жылдан жаңа заманғы ақпараттық технологияға көшіп, телетайптық тәсілден электронды ақпарат тарату тәсіліне кіріскен агенттіктің қазір республиканың барлық облыстарында, Қытайда, Өзбекстанда, Ресей мен АҚШ-та, Бельгияда, Әзірбайжан мен Қырғызстанда меншікті тілшілері бар. Жедел де шапшаң ақпарат жасауды жетік меңгере білген бұл тілшілер мемлекеттік, аймақтық, халықаралық маңызды оқиғаларға қатысты биліктің ұстанымы мен саяси бағдары, мәселенің мән-жайы мен шынайы түп-төркіні төңірегінде оқырмандарға орнықты да нақты бағыт-бағдарлар беріп келеді.

Аударма ісінде де оң өзгерістер баршылық. Атап айтқанда, аударма редакцияларының қатары көбейіп, бір кездері тек орысшадан қазақшаға аударылса, қазір қазақ тіліндегі төл ақпараттар орысшаға, одан әрі тікелей ағылшыншаға да аударылып, әлемге таралуда. Бұл ақпараттар оқиға болған жерден тілшінің тікелей хабарлауы арқылы жасақталып, айналасы 15-20 минуттың ішінде сайтқа салынады, сөйтіп мейлінше шапшаңдықпен дүйім елге жетіп үлгереді. Себебі уақыт талабы – бәсекеде озу.

ҚазАқпарат сондай-ақ «Таңғы жаршы», «Ресми жаршы», «Ел, шетел жаңалықтары», «Қазақстан-Бизнес», «ҚазАқпарат-анонс», «ҚазАқпарат-фото» секілді жаңалықтар топтамалары мен «Елеулі оқиғалар, атаулы күндер, есімдер» күнтізбегі секілді ақпараттық-коммерциялық өнімдерін шығарып сатумен айналысады. Мұның сыртында, «ҚазАқпарат-логотип», «ҚазАқпарат-жүгіртпе жол», «ҚазАқпарат-баннер» тәрізді ақпараттық қызметтер көрсетіліп, өзінің Баспасөз орталығында түрлі бизнес-форумдар, дөңгелек үстелдер, брифингтер өткізуді қолға алып отыр.

Түйіндеп айтсам, «ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясы» замана лебімен мүлде жаңа деңгейге көтеріліп, мазмұны мен сапа тұрғысынан да айтарлық дәрежеде бірқатар жетістіктерге қол жеткізіп, нарыққа негізделген ақпарат кеңістігінде өзіндік орны бар екенін мойындатты. Нәтижесінде, бүгінгі күні «ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясы» Азия және Тынық мұхиты елдерінің ақпарат агенттіктері ұйымы, Түркі елдерінің ақпарат агенттіктері ұйымы секілді беделді қауымдастықтарға мүше болумен қатар, РАТА-ТАСС, «Ресей Ақпарат Агенттігі Жаңалықтары», Синьхуа, Би-Би-Си, Кабар, БелТА, Укринформ сияқты ақпарат агенттіктерімен серіктестік байланыстар орнатып отыр. Қазір Ұлттық компанияның өнімдері бір мезгілде 78 елге тарайды.

Жоғарыда айтқандай, «Алтын бесік» журналы негізінен шетелдегі оқырмандарға арналған. Міне осы ретте қандастарымызға Қазақстанның

жаңалықтарын жеткізуде «ҚазАқпарат» үлкен жұмыстар жүргізіп келеді. Сөз реті келгенде осы жөнінде кеңірек әңгімелесеңіз.

«ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясының соңғы жылдарда атқарған ауыз толтырып айтар ерекше бастамасы ретінде, оның республикада алғашқы болып, төл жаңалықтарын латын әліпбиімен таратуға кіріскенін атауға болады. Рас, біздің қоғамымызда латын әліпбиін қолданысқа енгізу мәселесі тәуелсіздік алғаннан бері талқыланып келе жатқанымен, оған біржола көшу жөніндегі шешім әлі қабылданған жоқ. Бірақ соған қарамастан, ҚазАқпарат 2004 жылдың сәуір айының ортасынан бастап, әңгімеміздің алғашқы сәттерінде айтқанымдай академик Әбдуәлі Қайдар жасаған латын әліпбиінің нұсқасымен өз жаңалықтарын Интернет бетінде бере бастады.

Ондағы ұстанған басты мүдде мен мақсат – кирилл әліпбиін пайдаланбайтын шетелдегі қандастарымызды тарихи Отаны – Қазақстанның тыныс-тіршілігінен хабардар етіп, алшақтап кеткен рухани байланысты, тілдік бірлікті жақындату болды. Бұған сол шетелдердегі қандастарымыздың әр кездері жазған хаттары және ауызша айтқан өтініштері де түрткі болғаны рас. Өйткені, сырттағы қазақ диаспорасына Қазақстаннан оқулықтар мен көркем әдебиеттер жетпейді. Арнайы алдырғаныңмен кирилл әліпбиімен басылған ол кітаптарды балалар оқи алмайды. Сондай-ақ, тікелей газет-журнал алу мәселесі де шешілмеген. Газет-журнал бармағасын елде болып жатқан жағдайдан, мәдени-рухани орталық жүрек қағысынан да хабарсыз қалады. Ал Интернет жүйесінде кирилл қарпімен жазылған қазақша Қазақстаннан тыс жерде дұрыс ашыла бермейді. Ашылған күннің өзінде латыншамен хат таныған диаспора үшін оны оқу қиын. Мұның соңы кейінгі жастың өз ана тілін ұмытуына соқтыруда. Шетелдегі қандастарымыздың бүгінгі таңдағы рухани тұрғыдан ең үлкен өзекті проблемасы осы болып отыр. Мұны Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың 2004 жылы Швецияға жасаған сапарында кездесуге келген жергілікті қазақ диаспорасының өкілдері ерекше айта отырып, Қазақстан латын әліпбиіне көшпес пе екен деген тілектерін де білдірген еді.

ҚазАқпарат өзінің латынша Интернет беті арқылы осы олқылықтың бір шетін ғана жамағандай болды. Олай дейтінім, латын әліпбиімен шыққан осы ұмтылыс шетелдегі қазақтар тарапынан елеусіз қалмай, олар редакциямызға арнайы хаттар да жолдады. Сонымен қатар, Suhbat.com мен ҚазАқпараттың өз сайтының форумдарында ерекше лебіздерін де білдірді.

Қазір латын әліпбиімен тарайтын қазақша жаңалықтардың оқырмандар қатары айтарлықтай көбейіп, оған деген қызығушылық артып келеді. Осы тұрғыдан қарағанда, ҚазАқпараттың бұл бастамасы болашақта латын әліпбиіне көшу туралы шешімнің қабылданарына бірден-бір себеп болады деген үміт те жоқ емес.

Шетелдегі қазақтар «ҚазАқпарат» Ұлттық агенттігімен қалайша байланыс жасай алады – бұл жөнінде не айтар едіңіз?

Бірінші кезекте, бүгінде алыс және жақын шетелдерде тұрып жатқан бес миллионнан астам қандастарымызға ақпараттық қолдау көрсетудің

маңыздылығын терең сезіне отырып бұл бағытта нақты істерге мұрындық болуға дайын екенімізді айтқым келеді. Бұл тұрғысында атқарылып жатқан шаралардың бір сарасын жоғарыда атап өттім де. Менің ойымша шетелдегі қазақ диаспорасына ақпараттық қолдау көрсетудің мүмкіндігі мен болашағы өте зор. Өйткені, бес миллионнан астам қазақ диаспорасының тоқсан пайызға жуығы елімізбен шекаралас мемлекеттерде, нақтылап айтқанда Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанда орналасқан. Мұның өзі түптеп келгенде олардың ҚазАқпараттың хабарларын Интернет жүйесі арқылы алып отыруға толық мүмкіндіктері бар.

Осы ретте мына бір мәселені айта кеткім келеді. Қазақстанның ақпарат құралдарының өнімдерін тек шетелдегі қазақтар ғана емес, ол елде тұратын өзге ұлт өкілдерінің де пайдалануына әбден болады. Мысалы, тілі, мәдениеті мен өнері, салт-дәстүрі жақын болғандықтан өзбек, қырғыз, түркімен халықтары, сондай-ақ, Қытай Халық Республикасының Шыңжан өлкесіндегі он миллионға жуық ұйғыр халқы да ҚазАқпарат ленталарында қазақ тіліндегі және латын әліпбиіндегі хабарларды еркін оқи алатыны даусыз.

Бұл қатарға Ресейдің орыс тілді тұрғындарын да еркін қосуға болады. Әсіресе, Ресейге қоныс аударған орыстардың Қазақстанның жаңалықтарына әрқашан қызығушылық танытары анық. Демек, ҚазАқпараттың шетелдегі отандастарға арналған өнімдері тек бес миллион қазақ диаспорасымен ғана шектелмейді. Керісінше, бұл хабарларды көріп тұтынушылар кемінде он бес – жиырма миллиондай болуы әбден мүмкін. Сондықтан біз қызмет көрсетуге әрқашан дайынбыз. ҚазАқпараттың хабарына қызығушылық танытқандарға оның сайтына www.inform.kz адресі бойынша кіре алатындарын ескертемін.

Шетелдердегі қазақ диаспорасы өкілдеріне айтар қандай тілегіңіз бар?

Тағдырдың жазуымен елден жырақ кеткен ағайындарды атажұрттан сіздерге деген қамқорлықтың бір сәтте толастамайтынына сендіргім келеді. Сіздерді қарқынды дамып келе жатқан Қазақстанның жарқын істерінен, жақсы жаңалықтарынан ұдайы хабардар етіп отыру біз үшін үлкен парыз. Өз тараптарыңыздан туған елімізді әлемдегі бәсекеге қабілетті іргелі елдердің қатарына қосылуына үлестеріңізді аямайтындарыңызға кәміл сенемін. Осы ретте ҚазАқпаратпен тығыз байланыста болып Қазақ елінің мүддесіне сай келетін жұмыстарды бірлесе атқаруға сіздерді шақырамын.

Қайда жүрсеңіздер де аман болыңыздар, қазақ деген қауымның жақсы атын шығара беріңіздер. Сіздерге баянды бақыт, отбасыларыңызға береке, бірлік тілеймін.

Шілде 2007 жыл

САЯСАТ ПЕН ЭКОНОМИКАНЫҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ

Елде жүзеге асырылған конституциялық реформалар мен өткен парламенттік сайлау Қазақстанның демократиялық даму мен саяси жаңару жолындағы жаңа кезеңнің бастамасы болып отыр. Сонымен бірге, олар саясат пен экономиканың арасындағы терең бірліктің және өзара іс-арекеттердің көрінісі болып табылады.

Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Әли Әшімұлы Әбішевтің сұхбатына осы мәселелер арқау болды.

Әрине, саясат пен экономиканың арасында сөзсіз өзара тығыз байланыс бар. Қоғамды қайта құру мен құрылымдаудың қазақстандық жолының табысты жүзеге асырылуы көбіне қоғамның бүкіл саяси жүйесінің қызметін ғана емес, оның біртіндеп дамуының негізін қамтамасыз етіп отырған экономиканың бастапқы басымдығының дұрыстығымен негізделіп отыр. Бірақ та, оған қоса, ол салалардың бір-бірімен байланыста екенін түсіну керек. Сондай-ақ қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси ілгерілеу көрсеткіші дамушы нысанның тұтастығына тәуелді. Дәл осы жүйелік тұтастық, жүйелік түйін және жүйелік толыққандылық кез-келген қоғамның ілгерілеуінің басты көрсеткішінің объективті іргетасын құрайды. Кезінде атақты философ Гегель айтқандай, кез-келген зат өзінің дамуында аяқталған, яғни дамыған форманы қабылдауға талпынады. Ал бұл дегеніміз, үдеріс барысында саяси жүйенің қайта құрылуы қамтамасыз етілген жағдайда ғана, экономикалық жүйені реформалаудың негізі бар. Және де орын алып отырған үлкен саяси бастамаларды осы тұрғыдан ұғыну, қабылдау керек.

Олай болса, қазіргі ауқымды саяси өзгерістерді елде жүзеге асырылып жатқан реформалардың заңды жалғасы деуге бола ма?

Ия, дәл солай. Орын алып отырған реформаларды бұған дейінгі 16 жыл бойы қоғамда жүзеге асырылып келе жатқан үдерістерден бөле-жарып қараған мүлдем дұрыс емес. Бұл саяси жаңару үдерісі алдына үлкен экономикалық мақсаттар қойған және әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіруді жоспарлап отырған еліміз үшін аса қажет. Өкілдікті органның өкілеттігін анағұрлым кеңейту фактінің өзі стратегиялық мазмұндағы ауқымды мақсаттарды жүзеге асыруға жаңаша және пәрменді серпін беруге бағытталған. Және бұл жерде, осы реформалардың, кейбіреулер айтып отырғандай, шолақ бастаманың салдары емес, Ұлттық комиссия аясында түрлі саяси партиялардың жасампаз жұмыстарының, қазақстандық қоғамды әрі қарай демократиялау мәселелері талқыланған түрлі диалогтардың жемісі екенін ерекше атап өткен жөн. Тағы бір айта кететін жайт, партиялар ролінің күшеюі. Депутаттар құрамын пропорционалды жүйе бойынша жасақтаудың жаңа қағидасының өзі жекелеген кандидаттарға емес, тұтас саяси партияларға өз бағдарламаларын

таныстыруға және үгіт-насихат шараларын ұйымдастыра жүргізуге мүмкіндік берді.

«Нұр Отанның» Сіз жетекшілік еткен аудандық штабы бойынша қандай жұмыстар атқарылды?

Шілденің 18-і мен тамыздың 16-сы аралығында «Нұр Отан» партиясын қолдап көптеген шаралар, кездесулер, жиындар, концерттер, турнирлер өткізілді. Алматыдағы М.Әуезов атындағы аудан ең үлкен аудардардың бірі болып табылады, сондықтан да біздің штабымыз жаңа сайлауалды саяси технологиялар негізінде үгіт-насихат шараларын өткізіп, халықпен жұмысқа үлкен назар аударды. Сайлаушылармен болған кездесулер бізге «Нұр Отанның» ХІ съезі бағдарламасының негізгі тарауларын түсіндіруде, сондай-ақ сайлаушылар тарапынан көптеген ұсыныс-кеңестер алуға мүмкіндік берді. Сайлауалды науқанының қызу ортасында болғандықтан, ел халқы гүлденген, бейбіт және бақуатты Қазақстандағы өз үміттерін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен, «Нұр Отан» партиясымен байланыстырып отырғанын айта аламын. Ал ЕҚЫҰ байқаушылары тарапынан берілген жоғары баға біздің аудандағы сайлау учаскелік комиссиялар жұмыстарының нақты ұйымдастырылғанын көрсетсе керек.

Қазақстандық экономиканы түбегейлі жаңарту жөніндегі маңызды міндеттердің жүзеге асырылуы жаңа деңгейдегі және біліктілігі жоғары кадрлар дайындаумен тығыз байланысты екені аян ғой ...

Қыркүйектің 1-інде біздің университетіміз Білім күнін салтанатты атап өтті және өз тарихында 45-ші рет жаңа оқу жылын бастады. Және бұл күн біз үшін рекордтық көрсеткішпен басталды. 4800-дей бозбала мен бойжеткен кезіндегі атақты Халық шаруашылығы институтының студенттері атанды. Әрине, бұл Білім және ғылым министрлігі дұрыс және түбегейлі жүргізген жоғары оқу орындарын оңтайландыру жөніндегі бастаманың нәтижесі екені сөзсіз. Нәтижесінде, талапкерлер мен олардың ата-аналары жұрт таныған, материалдық-техникалық және ғылыми базалары дамыған жоғары оқу орындарына бейілдік білдірді. Оған қоса, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті соңғы бірнеше жыл бойына өзін аса қарқынды дамушы және заманауи университет ретінде көрсетіп отыр. Бізде негізгі кәсіптік білім беру бағдарламаларымен қоса, магистратура және докторантура, біліктілікті жетілдіру, бизнеске бағытталған және корпоративтік бағдарламалар, Ресей, Жапония, Оңтүстік Корея, АҚШ, Түркия, Германия, Франция, Австрия, Украина, Болгария, Мажарстан елдерінің жетекші университеттері - шетелдік серіктестеріміздің халықаралық қатысуымен жүзеге асырылады. Біздің университетіміз сонымен бірге, Қазақстанда бірінші болып МВА бағдарламасын қолға алды. Университетте экономика, менеджмент, бизнес, қаржы және ақпараттық технологиялардың перспективалық бағдарларына бағытталған бірқатар инновациялық жобалар табысты жүзеге асырылуда. Қоғамды жаңарту үдерісін Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік салаларына еш

шектеусіз тарату міндеті қойылған Елбасы Жолдауын біз оң қабылдаймыз және университетте «ақылды экономика» негізін қалыптастыруға бағытталған білім беру-кәсіби бағдарламаларын түбегейлі жаңартуға талпынып жатырмыз.

Бұл жаңа термин нені білдіреді, экономистер оған қандай мазмұн береді?

«Ақылды экономика» ұғымы Қазақстан үшін әзірге жаңалық. Ол ХХІ ғасырдың тегеурінді талабы және онсыз ұлттық экономиканы дамыту, жаһандық экономикаға толыққанды атсалысу тіпті мүмкін емес. Әрине, ғылым мен оның жетістіктері бұған дейін де қоғам мен кәсіпкерлік ортада жоғары бағаланып келді және тәжірибе жүзінде қарқынды игерілуде. Бірақ экономикалық дәуірдің түбегейлі жаңа қыры – білім экономикасының қалыптасуы, білім, ғылым, өндіріс, бизнес біртұтас өзіндік дамушы организмге біріктірілген «ақылды экономиканың» пайда болуы болып отыр. Осы құрамдас бөліктердің әрқайсысын жеке-жеке емес, біртұтас және тірі жүйе ретінде қарастыру керек. Олардың тығыз ықпалдастығы ғана жетекші салаларды инновациялармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қалаймыз ба, жоқ па, қазақстандық экономиканың локомотиві қазір шикізат секторы болып отыр. Сөзсіз, бұл басымдық өзін ақтады және бізге экономикалық өсімнің жеткілікті жоғарғы қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бірақ шикізат бағасы да, әлемдік конъюнктураның өзі де өзгеруі ықтимал. Отынның жаңа балама түрлерінің, жаңа энергия көздерінің белсенді іздестірілуі нәтижесінде 40-50 жылдан кейін мұнай қазіргідей үлкен сұранысқа ие бола алмай қалуы мүмкін. Сондықтан да алдыңғы қатарлы ғылым мен технологияларға, яғни «ақылды экономикаға» негізделген экономиканың мүлдем жаңа түрін жасау керек. Дүниежүзілік банк қолданылып отырған әдістемелердің бірі экономикасы «ақылды» деген анықтамаға жақындау нақты елдерді анықтауға негізделген. Осы әдістеме негізінде білім индекстері мен білім экономикасы индекстері бойынша түрлі елдерді салыстыруға мүмкіндік беретін рейтинг жасалуы мүмкін. Бірінші индекс (Knowledge Index) елдегі білім дамуының жалпы әлеуетіне қатысты болса, екіншісі (Knowledge Economy Index) - елдің білім экономикасына бет алу көрсеткіші. Әлемнің 132 елін қарастырып отырған зияткерлік дамудың бұл рейтингінде Қазақстан 64-ші орында. Ал көшбасында - Швеция, Дания және Финляндия елдері тұр. Жалпы алғанда, біздің көрсеткішіміз жаман емес. Бірақ бұл, біздің әлеуетімізге қатысы ғана. Ал, егер институтционалды режим индексі, инновациялар индексі, білім индексі мен ақпараттық технологиялар индексі сияқты көрсеткіштерге негізделген білім экономикасы индексі бойынша, Қазақстан - 71-ші орында. Қарап отырсақ, бізде әлеует пен шынайы жағдайдың арасында айырмашылық бар. Жекелеген елдермен салыстырғанда, біздегі білім индексі көш ілгері, бірақ біз инновациялық, ақпараттық технологиялар, институционалды режим көрсеткіштері, патенттер және коммуникациялар құралдарына, яғни интернетке қол жетімділік көрсеткіштері бойынша кейін қалып отырмыз. Ал тарифтік және

тарифтік емес барьерлермен, реттеу сапасымен, заңнамалық базалармен байланысты жағдай мүлдем сын көтермейді. Яғни, әлеуетіміз жаман емес сияқты, бірақ, қалай жұмыс істетуге болады деген сауал алдымыздан шығады. Және осы бағытта бізді әлі үлкен жұмыс күтіп тұр.

Бірақ, бұл мәселе білім жүйесінде де, ғылымды ұйымдастыруда да жаңаша бағыт-бағдарларды қажет етеді емес пе?

Жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістерде жұмыс істеу үшін жаңа кадрлармен қамтамасыз етуге әлеуетті заманауи білім жүйесі керек. Ал бұл дегеніміз - ғылыми және білім ресурстарының тығызырақ ықпалдастыру, ғылым мен білімнің бизнеспен өзара байланысын қамтамасыз ету және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен жобалардың нәтижелерін жұмыс істетуді жеделдету деген сөз. Әзірге біздің ғылыми-білім әлеуетіміз маңызды мемлекеттік міндеттерді шешуде жеткілікті тиімді пайдаланып отырған жоқ, бұл өз кезегінде, ұлттық экономиканың өсуін кідіртуде, білім экономикасына ауысуды тежеуде. Мұның барлығы, ең алдымен, ғылым мен білімнің о бастан институционалды бөлек болғандығымен, ал оларды ықпалдастырудың балама экономикалық тетіктері мен пәрменді құқықтық базаның әлі жасалмауымен байланысты. Ең маңызды міндет - ғылымның жоғары оқу орындары секторын еліміздің ірі құрамдас ұлттық инновациялық жүйесіне айналдыру. Осы жағдайда жоғары оқу орындарының жаңа ролі - қоғамға білім беру және экономиканың сұранысын қанағаттандыру үшін мамандар дайындаумен шектелмейді. Заманауи университет әлеуметтік-экономикалық дамуға тікелей әсер ете алады және әсер етуі керек, сондай-ақ, ол іргелі білімдерге негізделген және инновацияларға бағытталған өзіндік генератор бола білуі тиіс. Себебі Батыста университеттер қоғам мен білім экономикасының ошағы ретінде таныстырылады, олар ғылымның, технологиялар мен бизнестің орталығы ретінде жұмыс істейді. Сондықтан да, бүгінде мемлекеттің алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттердің қатарында - іргелі ғылымдар мен университеттік білімдерді дамыту және оларға қолдау көрсету. Инновациялық білімдер мен ғылыми бағдарламаларды белсенді енгізіп отырған жоғары оқу орындарын ынталандыру бастамасы да түбегейлі жаңа қадам болып табылады. Білім беру саласын бөлек-бөлек емес, жалпы инновациялық жүйенің жетекші құрамдас бөлігі болуға негізделген біртұтас жүйе ретінде жанарту керектігін ұғынған жөн.

Сұхбат бергеніңіз үшін рахмет.

Қыркүйек 2007 жыл

«ШЫҒЫС-БАТЫС» ДИАЛОГЫ ЖАҢА ӨРІСТЕРГЕ ШЫҚТЫ

Қарашаның 21-22-сінде Испанияның Барселона қаласында «Шығыс-Батыс» диалогы аясында «Әлемге төнген жаңа қатерлер: қауіпсіздік саласындағы жаңа ығыттармен күрестегі адами өлшемдердің рөлі» тақырыбында халықаралық конференция болып өтті. Аталмыш Форумды ұйымдастырушылардың өтініші бойынша онда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының жетекшісі Қасым-Жомарт Тоқаев екі рет сөз сөйледі.

Форум аяқталғаннан кейін Сенат спикері «Шығыс-Батыс» диалогы төртінші мәжілісінің қорытындысы бойынша арнайы сұхбат берді.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! «Шығыс-Батыс» Диалогы Өркениеттер альянсы қамқоршылығымен өткені белгілі. Сол ұйым туралы, сондай-ақ біздің делегацияның аталмыш форумға қатысуындағы негізгі міндеттер туралы айтып өтсеңіз.

Өркениеттер альянсы - Испания мен Түркия үкіметтері бастамасымен құрылған ұйым. Бұл бастамашылық мәні түрлі діндер арасында диалогтар орнатуды жолға қою және ол бірқатар мемлекеттер тарапынан қолдауға ие болып отыр. Бұл ұйымды жас деп те атауға болады. Соған қарамастан, Өркениеттер альянсы Біріккен Ұлттар Ұйымы жанынан мәртебе алып отыр. Форумда қазір БҰҰ Бас хатшысының Өркениеттер альянсындағы Жоғарғы өкілі болып табылатын Португалияның бұрынғы президенті Жорже Сампайоның сөз сөйлегенін өздеріңіз көрдіңіздер.

Қазақстан осынау Альянсты қолдаушы достар деп аталатын топқа қосылып отыр. Менің міндетім - біз Қазақстанда өркениеттер диалогын қалай түсінетініміз, оны жүзеге асыру үшін іс жүзінде қандай шаралар қабылданып жатқандығы туралы әңгімелеп беру болды. Атап айтқанда, мен Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының съезін шақыру бастамасына тоқталып өттім. Яғни, бұл - Қазақстан бастап отырған жеке бір бағыт. Оған қоса, бұл Өркениеттер альянсына қайшы келмейтін өз міндеттері мен мақсаттары бар елеулі қосымша бағыт. Альянс БҰҰ жанынан мәртебе алып отырғандықтан, Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілері съезі мен Съезд Хатшылығының осынау ұйыммен тығыз және белсенді әрекеттесуіне біз мүдделіміз. Сондықтан да мен Өркениеттер альянсының өкілін Әлемдік және дәстүрлі діндер басшылары съезі Хатшылығының қызметімен егжей-тегжей танысу мақсатында Қазақстанға шақырдым.

Екінші бір міндет - көпшілікке бүгінгі таңдағы Қазақстанды кеңінен таныстыру болды. Қазақстан түрлі ұлттар мен діндер өкілдері мекен етіп отырған жер. Мен жасаған баяндаманың негізгі мақсаты - Қазақстан аумағында қалыптасқан тұрақтылықтың іс жүзінде аумақтық ауқымда тұрақтылықты қамтамасыз ету ісіне қосылған үлес екенін жеткізу болды. Аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздіктің осы бір құрамдас бөлігі

Қазақстанның аталмыш мәселеге қосқан қомақты үлесі екенін ерекше атап өткім келеді.

Үшінші және ең маңызды міндет - Елбасының бастамасымен Қазақстанның ядролық қарудан ерікті бас тартуының мәнін ашып көрсету болды. Бұл проблема төңірегінде бүгінгі әлемде не болып, не қойып жатқанынан барша жұрт хабардар. Және мен күрделі тарихи және геосаяси жағдайда қабылданған осынау бұрын-соңды болмаған шешімге лайықты баға беруге шақырдым. Қазақстанды бүгінде әлем жақсы таниды, бірінші кезекте, оған ядролық қару-жарақтан бас тарту туралы шешімі ықпал еткен болуы мүмкін деп айтар едім. Сыртқы істер министрінің орынбасары кезімде мен 1992 жылы Мәскеуде өткен келіссөздерге қатысқан болатынмын. Ол өте күрделі келіссөздер болды және ол екі кезеңде жүзеге асты. Бірінші жетістігіміз - Қазақстан ядролық қаруға уақытша иелік етеді деген түйіндемені тіркеу болды. Ол кезде не керек еді? Ең алдымен, қауіпсіздік кепілдігі қажет болды. Оның үстіне Қазақстан дүниеге жаңа келген нәресте сияқты еді және оған осындай кепілдік алу өте маңызды болды. 1994 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың күш-жігерінің арқасында жетекші ядролық державалардан аталған қауіпсіздік кепілдігі алынған кезде, Қазақстан ядролық дәуірдің барлық мұраларынан бас тарту жолын таңдап, мүлдем ядролық қарусыз мемлекетке айналды.

Әрине, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес арқылы да азиялық қауіпсіздікті нығайту маңызды іс болып табылады. Қазір бұл орган заманауи халықаралық қатынастардың нағыз факторы болып табылғанымен, осыдан 15 жыл бұрын бұл идеяға сенгендер шамалы болды. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес барысында бірегей құжат - Азиядағы сенім шаралары каталогы қабылданғанын білесіздер.

Біздің Барселонаға сапарымыздың негізгі мақсаттары осы болды және біз оларды толықтай шештік.

Иә, айтуыңыз дұрыс. Сіз алғашқы күні де, екінші күні де сөйлеген кезіңізде әлемдегі беделді көрнекті саясаткерлердің, ғалымдар мен дипломаттардың Сізді зор ынтамен тыңдағанын көру мен үшін ганибет болды. Сіздің Casa Asia – Азия Үйінде болуыңызға зор ықылас білдірді. Бұл орайдағы жеке өз басыңыздың әсерімен бөліспес пе екенсіз?

Қазақстандық делегацияның бұл форумға қатысуы пайдалы болды деп санаймын. Бізді жақсы қабылдады, Қазақстанның аты бәрнеше мәрте қайталанды, осы диалог алаңында біздер Орталық Азиядан алғашқы және бірден-бір өкіл болдық. Біз өзіміздің қатысуымызбен форум ұйымдастырушыларына қолдау көрсеттік.

Ал, Casa Asia – Азия Үйіне келер болсақ, бұл ұйым Испанияның Азия аймағындағы экономикалық мәселелерден мәдени жобаларға дейінгі тұтастай бірқатар бағыттарына ынтымақтастығын қамтамасыз етіп отыр. Бұл ұйыммен ынтымақтасу бізге де пайдалы болады деп санаймын, сондықтан да Азия Үйінің басшысын Қазақстанға келіп қайтуға шақырдым.

Мен өз сөзімде Қазақстан Casa Asia – Азия Үйін қолдайтынын атап көрсеттім, өйткені еліміздің аумағының бес пайызы Еуропада жатыр, ал бұл 100 мыңнан астам шаршы шақырым, сайып келгенде, орташа статистикалық еуропалық мемлекеттің аумағы деген сөз. Сондықтан біздің саясатымыз шын мәнінде көпжақты және көпвекторлы болып табылады. Бір жағынан біз АӨІСШК бастамаларын дамыта түсудеміз, екінші жағынан, ЕҚЫҰ төрағалығына ұмтылып отырмыз. Ал шын мәнінде біз Еуразиялық аймақтық мемлекетпіз және осы 15 жылдың ішінде Қазақстан Орталықазиялық аймақта баршаға танылған көшбасшыға айналды.

Кейде бізді орталықазиялық тәждің гауһары деп те айтып жүр. Тәуелсіздіктің таңы атқан шақта кезінде американдық танымал ғалым-саясаткер Збигнев Бжежинский Орталық Азиядағы нөмірі бірінші мемлекет Өзбекстан болады деген пікір айтқан болатын, олай болмай, аймақтың көшбасшысы тізгінін біз ұстадық, бұл орайда Елбасымыз Н.Назарбаевтың сіңірген еңбегі орасан. Ол қиын кезеңдерде экономикалық реформаларды сындарлы жүргізе білді, енді осы негізде қазақстандық қоғамды саяси түлетуге кірісті. Біз бұдан былай да осылайша биікте болуымыз үшін экономикада немесе саясатта болсын, көшбасшылық рөлімізді қамтамасыз етудің барлық шараларын қолға алуға тиіспіз. Соның ішінде осындай форумдардың да атқарар маңызы зор.

Менің ойымша, тағы бір маңызды мәселеге соқпай кете алмаймыз. Саяси топтарда өркениеттердің қақтығысы жайлы жиі айтылып жүр. Сіз бұл жағдайға қалай түсінік берер едіңіз?

Бұл терминді алғаш көтерген Хантингтон. Форумда экс-президент Жорже Сампайо, сондай-ақ БҰҰ өкілдері өркениеттер қақтығысы деген жоқ, Хантингтон қателесіп отыр дегенді айтты. Онымен де келісуге болады. Дегенмен де, діндердің, өркениеттердің қақтығысу элементтері бар, немесе, қақтығыс болмағанмен, діндердің қарама-қайшылығын жоққа шығаруға болмайды. Қақтығыс пен қарама-қайшылық – бүгінгі таңдағы ең бір күрделі мәселе. Міне, осы Альянс сондықтан да құрылып отыр, біз Съезд шақыру бастамасын дамытып отырмыз, басқа да форумдар өмірге келуде. Бүгінде адамдарға өзара төзімділік қажет екенін түсіндіру бұрынғыдан да ерекше маңызға ие болып отыр. Мәжілістен тысқары талқылаулар кезінде мен бірқатар шешендердің сөздеріне сын айтып, өз көзқарасымызды білдірдім. Әңгіме өркениеттер диалогы жөнінде болып отыр, біз сондықтан да БҰҰ-ның бірқатар өкілдеріндей мәнерлі философиялық сөзден аулақ болып, бұл тақырыпты нақты саясатқа құруымыз қажет. Әлбетте, олардың сөз орамдары жатық, бірақ та мұндай ұзын-сонар қызыл сөз университет кафедраларында айтылар сөзге лайық. Қайталап айтайын, нақты саясатқа табан тіреп айту қажет: қандай қорытындылар жасауымыз қажет, алда қандай қатерлер күтіп тұр, оларды болдырмау үшін не істеуіміз қажет деген сияқты. Сонда ғана неғұрлым ыңғайға келетін шешімдер қабылдай аламыз. Баршаға белгілі, табыс кепілі де сонда.

Қараша 2007 жыл

ҰЛТ ТАҒДЫРЫ - ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Міне 2007 жыл тарих қойнауына енді. Қазақ елі өркениет дамуында өзінің тағы бір сатысына көтерілді. Әлемде беделі мойындалып, өз ішінде халық тұрмысын жақсарту бағытына қатысты орасан зор істер тындырылды. Әрине, бір қайнауды қажет етер мәселелер де жоқ емес. Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты Алдан Смайылмен болған әңгіме осы тұрғыда өрбімек.

Құрметті Алдан Зейноллаұлы! Дүйім ел Сізді ана тіліміздің нағыз жанашыры деп біледі. Сонау сең бұзылмай тұрған тұстан бастап тіл майданының бел ортасында жүрдіңіз, күні бүгінге дейін қазақ тілінің мерейін үстем етуге тынбай еңбек етіп келесіз. Қазақ қауымы енді заңдарымыз төл тілімізде сөйлей бастайды деген сенімін көңіл төріне ұялатып отыр. Мұндай көңіл-күй қаншалықты негізді деп ойлайсыз және «Тілдердің үштұғырлығы» тұжырнамасына Сіздің көзқарасыңыз қалай?

Менің ойымша, мемлекеттік тіл әлде де ұзақ уақыт сөз болатын мәселе. Себебі оның беделі әлі де өз деңгейінде емес. Қазіргі қолданыстағы заң – Қазақстанның барлық тілдерін қамтитын «Тілдер туралы заң», ал онда көптеген кереғарлықтар бар. Әңгіме, мемлекеттік тілдің көсегесін көгертуге тұсау болып отырған баптарға саяды. Осы орайда, өз басым ресми тіл мемлекеттік тілмен тең қолданылады деген бапқа қосылмаймын. Бұл, кезінде біз ресми тілдің басын ашып көрсете алмағанымыздан туындап отыр. Меніңше, заң қабылдаған кезде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын нақтырақ, ал ресми тілдің қолданысын соншалықты асқақтатпай көрсету керек еді. Яғни, орыс тілі Қазақстан Республикасының ұлтаралық қатынастар тілі қызметін атқарумен шектелуі керек болатын. Ал біз болсақ оны мемлекеттік тілмен қатар қойдық. Сөйтіп, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейте алмай отырған жайдамыз.

Сондықтан, аталмыш заңға өзгерістер енгізуіміз керек, не мемлекеттік тілдің мәртебесі туралы жеке заң қабылдау қажет. Жалпы бұл мәселені соңғы төрт-бес жыл көлемінде біз тұрақты айтып та келеміз. Біздің ұсынысымыз негізінде белгілі заңгер Мақсұт Нәрікбаев тиісті заң жобасын да жасап, оны Үкіметке өткізген болатын. Сәл кейін үшінші шақырылған Мәжіліс депутаты Мұхтар Шахановтың қозғауымен тағы бір заң жобасы дайындалды. Сондай-ақ, Алматыдағы Тәуелсіз жастар ұйымы да заң жобасын әзірледі. Менің де ең алғаш жасаған депутаттық сауалым «Мемлекеттік тіл туралы» заң не болып жатыр деген мәселе болды. Сонымен қатар, Үкімет басшысы, Мәдениет және ақпарат министрі, Әділет министрі алдына бұл мәселені үзбей қойып келемін. Қазақтың зиялылары, өнер қайраткерлері, жазушылары, ақындары да мұны қайта-қайта көтеріп отыр. Парламент депутаттары да үнсіз отырған жоқ. Яғни мемлекеттік тілде сөйлейтін 10 миллионға жуық елдің бұл мәселені бәрі-бір аяқсыз қалдырмайтыны айдан-анық. Өйткені, мемлекеттік тіл елді ел ету үшін керек. Мемлекеттік тіл өзінің заңды тұғырына қонбайынша Қазақстандағы басқа тілдердің мәселесі еш уақытта

шешілмейді. Әрине, ұлт мүддесі сабырлылықты көздейді, бірақ солай екен деп осында түп қазық болып отырған, ата-жұрт есебіндегі қазақ халқының рухани мүддесін дәйекті етуді кейінге қалдыра беруге болмайды.

Мінеки, осы іспеттес уәждерді алға тарта отыра, Мемлекеттік тіл туралы заң қалай болғанда да Парламентке түсу керек деген талап қойдық. Сөйтіп, бұл мәселені Үкіметте қарауға түрткі болдық. Арнаулы құрылған комиссия құрамында Парламент Мәжілісі депутаты Бекболат Тілеухан, Мәдениет және ақпарат министрлігі басшылығы, осы министрлікке қарасты Тілдер комитетінің төрағасы Ерден Қажыбек және өзге де тіл жанашырлары болды. Сол кісілердің қозғауыменен және Үкімет басшысының орынбасары Өмірзақ Шөкеевтің қолдауымен заң жобасы 2009 жылы Парламентке келіп түседі деп жоспарланып отыр. Менің ойымша, бұл үлкен жетістік. Өйткені, заң жобасын 2008 жылға дайындауға қаржылық және ұлтаралық мәселелерді алға тартқан қарсылықтар аз болған жоқ.

Әрине, «Мемлекеттік тіл туралы» заң да өмірге келер, тек ендігі жерде оны жүзеге асыру үшін үлкен дайындық қажет. Яғни, бұл заңды күшейтетін қосымша заңдар қажет. Бірінші кезекте, «Ономастика туралы» заң керек дер едім. Мұны мемлекеттік орындардағы беделді қайраткерлеріміз қостап отыр. Бұл жөнінде мен де Үкімет басшысына депутаттық сауал жолдап, Мәдениет және ақпарат министріне екі-үш рет құлаққағыс жасадым. Қазір ономастика туралы бізде тұжырымдама ғана бар. 90-шы жылдары қабылданған оның қағидалары бүгінде ескірген. Қазіргі тәртіп бойынша, әр жекеменшік иесі өзі салған ресторан, мәдениет сарайы және өзге де нысандарға қандай ат қойса да еркі. Бонапарт, Рим, Париж деп қойсын, оған еш қарсылық жасай алмаймыз. Сөйтіп, көше аттары мен онда орналасқан нысандар ағылшынша немесе басқа тілдерде жазылып келеді, ал жер атауларына өз тарихи атауы толық қайтарылмай отыр. Тіпті, Алматы, Астана және тағы басқа қалалар «сити», «патиларға» толып кетті және оларға еш тоқтау болар емес. Мұндай ахуал заңдылық тұрғыдан реттелмегендіктен, латын, ағылшын және басқа да әріппен жазылғандардың бәрі балалар мен жастардың көз алдында сайрап тұр. Бұл баршамызды қатты ойландыратын жағдай.

Мына мәселеге де көңіл аударған жөн. Қазақ тілі қазіргі электрондық ақпарат құралдарының тілі болмай отыр. Қазақша интернет сайтына шығу өте қиын. Қолыңыздағы ұялы телефонда қазақша әріп болмағандықтан, жастар бір-бірімен ағылшынша және латынша әріптермен ақпарат беріп сөйлесіп жатады. «Электронды үкімет» бағдарламасына да қазақ тілі енбеген. Спутниктер арқылы алатын хабарларымыздың бірде-бірін қазақша жібере алмайсыз. Себебі, оның электрондық алфавиті жасалуы керек. Ол туралы әлі ешкім ойланған жоқ. Сондықтан, қазақ тілін электрондық ақпарат құралдары тілі ету үшін арнайы мемлекеттік бағдарлама қажет. Оған қыруар қаржы талап етіледі. Мысалы, компьютер бізге сырттан келеді. Сондықтан сол компьютерді шығаратын елмен келісім жасап, қазақша бағдарламаны енгіздіріп әкелуіміз керек. Ұялы телефонды жасап жатқан Финляндия болса, қазақ әліпбиін сол жерде енгіздірген жөн. Ал, бұл мемлекеттік бағдарламасыз жүзеге аспайды. Мен осылардың барлығын Үкімет басшысына, Білім және

ғылым министріне жолдаған депутаттық сауалымда айтып, олардан бұл мәселе бойынша тиісті шара қолданамыз деген жауаптарын алдым.

Енді «Тілдердің үштұғырлығы» дегенге келсек, меніңше, бұл ұғымнан үрке жөнелуге болмайды. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде әлі де керек. Ол шындық. Екінші жағынан, қазір Қазақстан көптеген жаһандық экономикалық-саяси ұйымдарға мүше, Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымына кіруге дайындық жасалуда, ғаламдану үрдісі жүріп жатыр. Соған орай білімімізді әлемдік деңгейге шығару парыз. Шетелдің бізден бәленбай ғасырға озып кеткен электрондық және басқа да технологиясын меңгергіміз келеді. Осыған байланысты ағылшын тілін білу керек. Бар мәселе менің ойымша мынада: үш тілді бірдей бірінші сыныптан бастап үйретуге болмайды. Мәселен, Жапонияда бала 12-13 жасқа келгенше басқа тіл үйретілмейді. Өз ана тілінің байлығын түгел бойына меңгергеннен кейін барып басқа тілді сіңіре бастайды. Осы тәсілді алсақ, егер 12-13 жыл тым көп деген күннің өзінде бастауыш мектепті ана тілінде бітіртіп, сонан кейін 5-ші кластан бастап орысша, ағылшынға үйретейік. Сонда «Тілдердің үштұғырлығы» деген өте дұрыс дүние болады. Тілді білудің үш жағы бар. Бірінші – қызметтік бабында, екінші – тұрмыстық деңгейде білу және үшінші - барынша терең білу. Егер «үштұғырлықты» бірінші сыныптан бастап жіберсек, бала бастапқы екі деңгейді меңгерер. Бірақ терең білмейді. Осы жағынан біз баланың обалына қалуымыз мүмкін.

Тіл туралы әңгімені Парламент Мәжілісіне қатысты түйіндер болсам, бұл тұрғыда оң өзгерістер орын алып келе жатқанын айтқым келеді. Әсіресе, депутат Бекболат Тілеуханның Мәжілісті қазақша сөйлетуге деген ұмтылысы ерекше. Бұл жөнінде мен де депутаттарға Үндеу жаздым. Оған 20-ға жуық депутат қол қойды. Қазір Мәжілісте едәуір бетбұрыс байқалады. Бүгінгі күні «Нұр Отанның» тізімімен өткен депутаттардың басым көпшілігінде ұлттық рух бар деп мен толық айта аламын. Мәжіліс төрағасы Аслан Мусин жалпы отырыстарды бастан-аяқ қазақша жүргізіп отырады. Бір қуантарлығы, қазіргі жас министрлердің көбісі Парламентке келгенде қазақша сөйлеуге тырысады. Қай тілде сауал берсең, сол тілде жауап беруге ұмтылады. Айтар мәселесін алдымен қазақша жазып әкеледі. Ендігі жерде бар түйткіл, осы бір үлгіні үлкен жауапкершілікпен ары қарай баянды ете білуде.

2008 жылы Астана қаласының он жылдығы тойланғалы отыр. Қазір еліміздің бас қаласы маңызды саяси шешімдер қабылданатын, экономиканың қалыпты дамуын қамтамасыз етіп отырған орталыққа айналды. Мәселе енді ұлттық зиялы ортаны қалыптастыруға саятын сияқты. Бұл тұрғыда не айтар едіңіз?

Астана ресми түрде 1997 жылы жарияланғаны белгілі. Тура сол сәттен бастап Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Астананың мәдениетін қатар алып жүруге бетбұрыс жасады. Мен оны нық сеніммен айта аламын. Елбасының пәрменімен Күләш Байсейітова атындағы опера және балет театры ашылып, оған Алматыдан көптеген өнер қайраткерлері тартылды. Әлем әртісі атанған скрипкашы Айман Мұсақожаеваға Қазақ Ұлттық музыка академиясын өмірге

әжелуге зор қамқорлық көрсетіліп, Академия музыка саласынан классикалық тәрбие мен білім беретін үлкен бір ошаққа айналды. Әзірбайжан Мәмбетовты алдырып Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ театрын астаналық деңгейге көтеруге барлық жағдайлар жасалды. Дәл сол жылдары Астана қаласының филармониясы ұлғайтылды. Ұлттық аспаптар оркестрі және симфониялық оркестр құрылды. Алматыдан, республиканың өзге де аймақтарынан танымал әншілер мен домбырашылар жиналды.

Мұнда ұлттық әдебиетіміздің қаймағы саналатын Кәкімбек Салықов, Шерхан Мұртаза, Фариза Оңғарсынова, Әбіш Кекілбаев, Ақселеу Сейдімбек, Қойшығара Салғара, Әнес Сарай, Әкім Тарази сияқты классик ақындар мен жазушылар келді. Олардың барлығына да ресми билік барлық мүмкіндіктер туғызды. Үй-жай, қызмет жағынан қамтамасыз етілген. Бұл қамқорлық әлі де жалғасуда. Атап айтқанда, Қазақстан жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин, ҚР Президенті Әкімшілігінде қызмет істеп жатқан Төлен Әбдіков, Әлібек Асқаров, Парламент Сенатында отырған қайраткер ағамыз Қуаныш Сұлтанов, Президент Әкімшілігі жетекшісінің орынбасары Мәулен Әшімбаевтың қолдауыменен ақын-жазушылардың қаламақы мәселесі шешілейін деп жатыр. 2008 жылдың бюджетіне сол мәселе бойынша 192 миллион теңге енгізілді.

Мәселе осы ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлерінің мүмкіндігін ұтымты пайдалануда болып отыр. Менің ойымша осы жағы кішкене кемшін. Ол өнер орындарының әлі де азшылығынан. Мен біраз жыл Қазақстан жазушылар одағының Астанадағы филиалын басқардым. Сонда ғимараттың жоқтығынан іс-шара өткізу үлкен мәселеге айналатын. Осы орайда, Астанада 2008 жылы «Шабыт» шығармашылық үйі салынып пайдалануға беріледі деген әңгімеден зор үміт күтіп отырмыз. Олай болса, ақын-жазушылардың ол жерге үзбестен жиналып өлеңдерін оқуға, халықты рухани сусындандыруға мүмкіндік туар күн де алыс емес.

Мәдени ортаның қалыптасуы мәдениет мекемелерінің басында кімнің отырғанына тікелей байланысты. Мәселен, Мырзатай Жолдасбеков Еуразия Ұлттық университетінің ректоры болып тұрған кезде оқу орнында әртүрлі әдеби, мәдени кештер, ақындардың кештері, сондай-ақ өнер қайраткерлерінің музыкалық бағдарламалары өтіп жататын. Еуразия Ұлттық университетінде талай айтыстардың өткеніне өзіміз куәміз. Мырзекен Президенттік мәдениет орталығына келгеннен кейін де оның жанынан Ұлттық дәстүр театрын ашты. Онда спектакльдер, пьесалар, драмалар Несіпбек Айтөв сияқты ақындардың көмегімен жазылып, сахналанып жатыр. Президенттік мәдениет орталығында ақын-жазушылардың шығармалары да талқылана бастады. Таяуда сол жерде Дархан Қыдырәлі деген жігіттің Мұстафа Шоқай туралы жазған кітабын талқыладық. Әрине, Президенттік мәдениет орталығы сондай дүниелерді ұдайы өткізуге лайықталмаған да шығар. Сондықтан «Шабыт» шығармашылық үйі тәрізді өзге де мәдени ошақтар мейлінше көп болса дейміз.

Астананың мәдени ортаға айналуы ақын-жазушылар мен сазгерлерге, олардың шығармашылық өнімділігіне тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан

келгенде ешкімге тұсау салынып жатқан жоқ. 97-ші жылдан бері осында келген ақын-жазушылардың талай кітаптары жарыққа шығып жатыр. Өз басым Қазақстан жазушылар одағының қалалық филиалын басқарып жүргенімде «Астана жазушыларының кітапханасы» атты серия аштым. Бірінші кітап Президенттің астаналық идеологиясына арналды. Онан кейін шыққан алты кітап Астана қаласы мен осы өңірдің төл тарихын қамтиды. Біз Ресейдегі және басқа шет елдердегі әлі күнге белгісіз болып жатқан құжаттарды жинай отырып, өз алдына жеке томдар қылып шығардық. 2007 жылы шыққан кітаптардың ішінде «Қанжығалы қарт Бөгенбай» туралы жинақты айтуға болады. 75 жасқа толған белгілі ақындарымыз Кәкімбек Салықов, Нұрғожа Оразовтардың кітабын шығарып бердік. Бұған «Астана жыр шуағым» деген елордаға арналған өлеңдер менен әндердің жинағын қосыңыз. Астанадағы жас ақындардың өлеңдерін топтастырып жатырмыз. Астананың 10 жылдығына Астана қаласы туралы энциклопедия шығару қолға алынған. Енді бірер күнде «Гидрологическое описание южной части Акмолинской области» деген кітап қолымызға тиеді. Ресей ХІХ-шы ғасырда Козырев деген инженерін осы өңірдің картографиясын түсір деп арнайы жіберген екен. Ол қанша өзен, көл, тау барын, олардың қайдан басталып, қалай аталатынын, сулардың тереңдігі мен тұщылығын мұқият зерттей келе, 40 баспа табақтай еңбегін шығарған. Соның орысша нұсқасын қазақ алфавитіне түсірумен өзім айналыстым.

Ал, Астана туралы қаншама поэмалар жазылып, әндер шығарылып жатыр. Міне осы үрдісті өзіміз көбейте түсуіміз қажет. Қалибек Қуанышбаев атындағы драма театрында астаналық ақын-жазушылар дайындаған керемет драмалар, елордаға арналған шығармалар қойылып, Күләш Байсейітова атындағы опера және балет театрында біздер жазған либреттоға музыкалық опералар жүріп жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Енді шет елдердегі отандастарымыз жөнінде әңгіме өрбітсек. Бұл салада әлі де болса ілгерілеуден гөрі шешімін таппай жатқан дүниелер баршылық. Соған бірер пікір білдіре кетсеңіз.

Соңғы кездері шет елдердегі отандастарымызбен рухани-мәдени байланыстардың ортақ кеңістігін қалыптастыру және оны одан әрі дамыту мәселесі өткір қойылып жүр. Бүгінде дүниежүзіндегі бүтін қазақтың үштен бірі өздерінің тарихи атамекені – Қазақстаннан тысқары жерлерде тұрады. Олармен бір рухани кеңістікте болу мәселесі бұрын ресми түрде жүзеге аса алмай келді. Қазақстан өз тәуелсіздігін алған уақыттан бастап қана шетелдегі отандастарымызға мәдени-рухани жағынан демеу жасау, оқу-білім саласы бойынша көмек көрсету мемлекеттік тұрғыдағы саясат ретінде қолға алынды. Дегенмен атқарылар шаралар әлі де жетерлік. Мәселен Өзбекстанда 1,5 миллион қазақ екі елдің оқу бағдарламаларының алшақтығынан зардап шеге бастады. Өзбекстанда қазақ мектебін бітіргендер кейіннен Қазақстандағы жоғары оқу орындарына түсе алмайтын болады. Тіпті түскен күннің өзінде біздің диплом Өзбекстанда жарамсыз деп танылуы қазірден басталды. Бұрын Өзбекстанға Қазақстанның жоғары оқу орындары комиссия жіберіп

абитуриенттер қабылдайтын еді, бұл үрдіс тоқталды. Сөйтіп, көрші мемлекеттегі мындаған жастар ата жұртында білім алу мүмкіндігінен айырылды. Демек осы елдегі отандастарға бөлінетін квотаны көбейту керек. Түркіменстанда 60 мыңнан астам қазақ бар. Мұнда бір де бір ұлттық мектеп жоқ. Визамен келіп-кету тәртібін енгізгеннен кейін Түркімен елінен ағайындарымыздың бізге келуі барынша сиреді. Айта кету керек, Ресей Түркіменстанмен өз отандастарына қос азаматтық алу жөнінде келісім жасаған.

Қытайдағы екі миллионға жуық қазақтар да көптеген қиындықтарды бастан кешіп отыр. Қандастарымыз шоғырланған Шыңжаң-Ұйғыр автономия ауданына ішкі Қытайдан елдің көптеп ағылуы қазақтардың соларға сіңіп кету қаупін туғызуда. Мектептерде екі тілде оқыту жүйесін енгізу саясаты да оған ықпал етуде. Соңғы уақыттарда Қытайдағы ағайындардың елге келіп кетуі күрделенді.

Өкінішке орай, осы мәселелерді реттейтін заңдық күші бар құжаттар бізде жеткіліксіз. Осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы Жарлығымен бекітілген «Шетелдегі отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жұмыс істеп келді. Енді оның да мерзімі бітті. Сондықтан, алдағы уақытта осындай бағдарлама қабылдау қажет. Тіпті Ресейдің үлгісімен арнайы заң әзірленсе де артық емес. Мәселен, мен «Ресей Федерациясының шетелдегі отандастарға байланысты мемлекеттік саясат туралы» заңымен танысып, көршілерге дән риза болдым. Онда сырттағы ағайындарды мемлекеттік тұрғыда қолдау мен қорғаудың барлық шаралары белгіленген.

Осы ретте, мен аталған мәселеге мемлекетшілдік тұрғысынан мейлінше жанашырлықпен қарайтын уақыт жетті деп есептеймін. Өйткені, әлемдегі әрбір халық қауымдасып, жаһанданудың ашқарақ аранына жұтылып кетпеуге жанталаса қарсылық көрсетіп жатқанда, шетелдердегі бес миллион қазақтың ұлт ретіндегі тағдыры олардың түпкі Отаны – Қазақстанды қазіргіден де терең ойлантуға тиіс.

Мәнді де мазмұнды әңгімеңіз үшін көп рахмет

Қаңтар 2008 жыл

САПАР ТАБЫСТЫ АЯҚТАЛДЫ

2008 жылғы қаңтардың 23-і мен 28-і аралығында ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған қазақстандық парламенттік делегацияның Қытай Халық Республикасына ресми сапары болды. Сапар бағдарламасы бойынша Қытайдың жоғары басшылығымен, тәжірибелі дипломаттарымен, ғалымдарымен және елдің өсіп келе жатқан жас ұрпағымен кездесулер өтті. ҚР Парламенті Сенатының спикерінің осы туралы және жалпы сапардың қорытындысы жайлы сұхбатын ұсынамыз.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Сапардың барлық күндері еліміз үшін, Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үшін мақтаныш сезімінде жүргенімді білдіргім келеді. Қытайдың жоғары басшылығының Сізге қалайша құрмет көрсеткенін бақылау да мәртебемізді өсірді. Әрине, бұл көктен түскен сый емес, бұл – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың көреген саясатының заңды нәтижесі. Сіздің де көрнекті мемлекеттік қайраткер, әлем масштабындағы дипломат ретіндегі қосқан үлесіңізге сай құрмет екені белгілі. Сондықтан біз үшін Сіздің жақында өткен сапарды бағалауыңыз маңызды.

Тұтастай алғанда мен сапардың қорытындысын жақсы деп бағалаймын. ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен жемісті келіссөздер өтті. Ол Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының қазіргі жағдайы мен келешегіне тыңғылықты сараптама жасады. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен жақын, достық, әрі сенімді қарым-қатынаста екендігін атап көрсетті. Бұл – барлық салалардағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы жетістігінің кепілі болып табылады. Ху Цзиньтаоның өткен жылғы тамыз айында Қазақстанға жасаған сапары кезінде аса маңызды құжаттарға, оның ішінде – ынтымақтастық бағдарламасына қол қойылды. ҚХР Төрағасы аталмыш бағдарламаны жүзеге асыруды алға шығаруға көмек болатын бірқатар нақты құжаттарға қол қою қажеттілігін атап көрсетті. Ол нақты жобаларды жүзеге асыру жөніндегі үйлестірілген бірлескен жұмыстардың қажеттілігіне баса назар аударды.

Екі жақты қарым-қатынастардың күн тәртібінде – бірқатар аса маңызды стратегиялық жобалар бар. Ең алдымен, Кеңкияқ-Құмкөл мұнай құбырының екінші бөлігін бітіру жайында, екіншіден, газ құбыры құрылысын бастау жайында сөз болды. Қытайдың СІТІС инвестициялық компаниясының біздің «Қазына» қорымен ынтымақтастығының келешегі зор. Олар шикізаттық емес сипаттағы жобаларды қаржыландыру үшін бірлескен қор құру туралы келісімге қол қойды. Біз үшін әлем нарығындағы жағдай жайсыз болғандықтан, бұл маңызды, ал өз нарығының жеткілікті қуаты бар Қытай Қазақстанда жағдайды тұрақтандыруда және біз үшін тиімді жобаларды жүзеге асыруда маңызды роль ойнай алады.

Бір сөзбен айтқанда, екі ел арасындағы дамудың қарқыны жоғары. Жылдың басында мұнда біздің Президент бейресми сапармен болып қайтты. Одан кейін Сенаттың парламенттік делегациясы болды. Көктемде Қазақстанның Премьер-Министрі болады деп күтілуде. Аталмыш сапар кезінде ҚХР Төрағасы айтқан нақты келісімдерге қол қойылады. Бұл – біздің қарым-қатынастарды одан да орнықтыра түсетінін көрсетеді. Мен олардың барлық салаларда, яғни, сауда-экономикалық салада ғана емес, сонымен бірге мәдени-гуманитарлық салада да тереңдеп келе жатқанын атап көрсеткім келеді.

Осыған байланысты құрметті Төраға, екі елдің парламентаралық байланыстарының деңгейі қандай деп ойлайсыз? Атап айтқанда, Халық

өкілдері Бүкілқытайлық Жиналысы Тұрақты Комитетінің төрағасы У Бангомен өткен келіссөздер кезінде қандай мәселелер қозғалды?

Менің ойымша, өте қызықты келіссөздер өтті. Парламентаралық байланыстар – екі жақты ынтымақтастықтың маңызды құрамды бөлігі деген бір пікірге келдік. Мен У Бангоны осы күзде, ШЫҰ-ға қатысушы-мемлекеттері Парламент басшыларының отырысы қарсаңында Қазақстанда ресми сапармен болуға шақырдым. Бұл – оның біздің елімізге алғашқы сапары болмақ. Ол Қазақстан мен Қытай арасында парламентаралық байланыстарды нығайту ісіне көмек болатыны сөзсіз.

Біз ең жоғары деңгейдегі парламентаралық байланыстардың маңыздылығын, комитеттер басшыларының арасында тығыз байланыс орнатуды ғана емес, сонымен бірге сауда-экономикалық немесе гуманитарлық саладағы кең ауқымды мәселелерді талқыладық. У Банго өткен жылы сауда көлемі 14 млрд. долларға жетіп, 2006 жылмен салыстырғанда 65 пайызға өскен фактіге қанағаттанарлық білдірді. Ол жоғарыда айтылған жобаларға қатысу үшін Қазақстанға келетін Қытайдың техникалық ұжымына лицензия беру және визаларды рәсімдеу режимдерін жеделдету мәселесін көтерді.

Мен өз кезегінде, нақты ведомстволар, ең алдымен екі елдің сыртқы істер министрліктері өз мойындарына нақты міндеттерді ала алатын тиісті келісімдер дайындауды ұсындым. Мен У Бангоға аталмыш мәселе маңызды екенін айттым. Сондай-ақ трансшекаралық өзендерді ұтымды пайдалану жөнінде бірлескен жұмысты жалғастыру мәселесін көтердім. Бұл салада айтарлықтай алға жылжу мен толық өзара түсіністік бар екендігін атап өткен жөн.

Сонымен бірге, мен екі ел арасындағы ынтымақтастықтың өзіндік көпірі іспетті Қытайда тұратын қазақ диаспорасы мен қазақтар жайындағы мәселені көтердім. Сондай-ақ, Қазақстанға тұрақты тұру үшін көшкісі келген қазақтардың ешқандай кедергілерге тап болмауы туралы ұсынысын айттым. Менің ойымша, ол бұл мәселені түсіністікпен қабылдап, ешқандай проблема болмайды, деді. Сонымен қатар біз де өз кезегімізде, оралмандар үшін тиісті жағдайлар жасауымыз керек.

Мәдени байланыстар жайында не айтуға болады? Осы қарым-қатынастардың келешегі қандай?

Қазақстанда Конфуций институты ашылғандығын сіздер білесіздер. Бұл – екі ел арасындағы мәдени байланыстарды дамытуға көмектесетін маңызды оқиға. Шынында да, Қазақстан жастары бүгінде Қытай тарихы мен қытай тілін қызығушылықпен оқиды. Бұл табиғи құбылыс, өйткені Қытай – бізге көрші мемлекет, солай болып қала береді де. Сондықтан, біздің ұлттық мүддемізді сақтай отырып, осындай бастамаларға тиісті қолдау көрсету әділетті болар еді. Мен Бейжіңде немесе басқа да қалада Қазақстанның Мәдениет клубын немесе Мәдениет орталығын ашуды қарастыру мәселесін көтердім. Бұл Қытайда біздің мүддемізді алға шығару тұрғысынан өте маңызды.

Мәдени байланыстарға қатысты сапар барысында бірнеше кездесулер өтті. Сіз оқушылары біздің еліміздің тарихы мен тілін оқитын Бейжіңдегі «Цяньмэнь» шетел тілдері мектебінде бізді жылы қабылдағанын өзіңіз көрдіңіз. Менің Қытай халықаралық проблемалар институтында сөйлеген сөзім де қызығушылықпен тыңдалды.

Бір миллионға жуық қазақ тұратын Шынжаң-Ұйғыр автономиялық өңірінің әкімшілік орталығы – Үрімші қаласында мұрағаттық материалдар негізінде қазақ халқы тарихын зерттеген ғалымдармен кездесу өтті. Мұндай кездесу мен үшін бірінші рет өтті және ол өте пайдалы болды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында да, Конфуций институты аясында да тығыз ынтымақтасу жөнінде шешім қабылданды. Екі мемлекеттің басшылары – Нұрсұлтан Назарбаев пен Ху Цзиньтаоның көреген саясаты арқасында осы елдегі қандастарымыз – қазақтар бүгінде өздерін еркін сезінетінін, жоғары мемлекеттік лауазымдарда да істейтінін, оларға кез келген салада жұмыс істеу үшін барлық жағдай жасалғандығын қанағаттанарлықпен атап өттім.

Мәдени бағдарлама аясында, сондай-ақ Гуанчжоуға танысу сапары өтті. Гуанчжоу – Гуандун провинциясының әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы. Дәл осы жерден «Ұлы Жібек жолы» басталады. Мен 17 жылдан бері осы қалада болған емеспін, содан бері ол қатты өзгеріпті.

Олимпиада жылында Бейжің олимпиадасын айтпай өтуге болмайды. Бұл тақырып Сіздің Қытай басшыларымен өткен кездесулеріңізде тұрақты сөз болды. Аспан асты еліндегі оған дайындық барысын қалай бағалар едіңіз?

Иә, бұл тақырып ҚХР Төрағасымен өткен кездесу кезінде сөз болды. Ху Цзиньтао Олимпиада ойындарына дайындық ең жоғары деңгейде бақылауға алынып, мемлекеттік маңызды іс ретінде қарастырылатынын атап көрсетті. Олар оған қаражатты аяп жатқан жоқ. Олимпиада нысандарына 32 миллиард доллар инвестиция салынды. Қытай олимпиадаға дайын деп те айтуға болады. Мамыр-маусым айларында негізгі нысандарда алдын ала халықаралық жарыстар өткізіледі. Сол 32 миллиард доллар қайта ма десеңіз, оған қытайлықтардың өздері де жауап бере алмайды. Ең бастысы – елдің мәртебесі. Оның үстіне, бұл нысандарды ешкім алып кетпейді ғой. Тағы не маңызды? Бас мердігерлік және қосымша мердігерлік компаниялар – тек Қытайдікі. Яғни, қаражат басқа жаққа емес, осы елдің ішінде қалады. Мен Бейжіңдегі Олимпиада ойындары Олимпиаданың бар тарихындағы ең күштісі болады деп ойлаймын.

Қытай тәжірибесі Азия ойындарына дайындалып жатқан, ал болашақта Қысқы олимпиада өткізуге ұсынылатын біздің еліміз үшін пайдалы екендігі сөзсіз.

Аспан асты елінің тіршілігін ішінара білетін адам ретінде осы ел туралы толық айтып беруіңізді сұраймын.

Бүгінде 1 миллиард 300 миллион халқы бар Қытайда жан басына шаққанда 2 мың доллардан табыс бар. Бұл - өте жоғары көрсеткіш. Жыл сайын Қытай 70 миллиард долларға жуық шетел инвестициясын тартады. Қазір олар шетел инвесторлары үшін преференцияларды жоятын заңды қабылдады. Қалай болғанда да, инвесторлар әлі де мұнда келуде. Өйткені нарық тұрақты, заңдары жақсы. Сол заң қазір Қытайдың инвестициясын сыртқа шығаруға жағдай жасап отыр. Соның нәтижесінде бүгінде олар Африканы, Латын Америкасын, Еуропаны белсенді игеріп келеді.

Әрине проблемалар да бар. Бұл ел сыбайлас жемқорлықтан бос емес, олар оны өздері де мойындайды. Дегенмен, сыбайлас жемқорлықпен айналысатын адамдарға қатысты ауыр жаза қолданылады. Сондай-ақ табысты тең бөлісу мәселесі де жоқ емес. Өте бай және өте кедей адамдар бар.

Мен Қытай реформаларының сәулетшісі – Дэн Сяопин жайында бір-екі ауыз сөз айтқым келеді. Бұл – бірегей тұлға. Біріншіден, ол Франциядағы «Пежо» зауытында жұмыс істеп жүріп компартияға 16 жасында кірген. Дәл сол жерде ол өмірдің капиталистік келбетін толығымен ұғынды. Одан кейін Қытайға оралды. Өткен ғасырдың 40-шы жылдары Коминтерн бұйрығымен саяси қуғын-сүргінге ұшырады. 1966 жылы Мао Цзэдунның бұйрығымен қайтадан қуғын-сүргінге тап болды. Мао оны қытайлық Хрущев және бас ревизионист деп атады. Содан кейін Дэн Сяопин айдауға жіберілді. «Төрт қарақшы» кезеңінде ол тағы да репрессияға шалынды, дегенмен ұзаққа емес. Қайтып келіп, ол бірден ашық есік саясатын жариялады. Сол кезде оның: «Мысықтың қандай түсті болғандығы маңызды емес, ең бастысы ол тышқан ұстаса болды» танымал нақылы дүниеге келді. Бірақ қарсыластар да болды. Қытайлықтар осылайша, өз елдерінің болашағы жайында дауласты. Аяғында Дэн Сяопин жеңді. Ол экспорттық аймақтар құрып, дұрыс заңдар қабылдау қажет, деді. Мен ол алысты тура болжай білді, деп ойлаймын.

Сұхбатыңызға рахмет.

Ақпан 2008 жыл

КӨЛІК САЛАСЫ ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҮШІН АШЫҚ

Көлік қатынасы стратегиялық сала ретінде еліміз экономикасының күретамыры іспетті. Ел аумағы арқылы Шығыс пен Батысқа ерсілік қарсылы ағылып жатқан көлік қатынастары ежелден қалыптасқан, әрі оның бүгінгі қарқыны да үдей түспесе бәсеңсіген жоқ. Біздің міндетіміз - елдің көлік кешенінің әлемдік нарықтағы бәсекелестік қабілетін қамтамасыз етіп, ел аумағы арқылы өтетін сауда тасқынын арттыру. Көлік саласын бұдан әрі реформалау, жаңа сызбаларды енгізу, нарықтық қайта құруларды, бәсекелестікті, транзитті көлік дәліздерін, мемлекеттік және жеке әріптестік тетіктерді, халықаралық көлік желілеріне

ықпалдастықты дамыту - міне осы жайлардың бәрі дерлік ҚР Көлік және коммуникация министрі Серік Ахметовтің бұл сұхбатында жан-жақты көрініс тапты.

Құрметті министр мырза! Әңгімені өзіңіз басқаратын министрліктің өткен 2007 жылғы жұмыстарының қорытындысы туралы сөз қозғай отырып бастасақ.

Ең алдымен, қазіргі уақытта көлік саласы нарық жағдайына толықтай бейімделгенін және жеке инвестициялар үшін ашық екенін баса айтқым келеді. Бұл жағдайға біз мемлекет саясатындағы көлік және инфрақұрылым мәселелеріне деген басымдықтың арқасында қол жеткіздік. Өткен жыл Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан!» атты Жолдауын басшылыққа ала отырып өтті. Еліміз Президенті біздің саланың алдына бірқатар маңызды міндеттерді қойды. Нақтылап айтқанда - ұлттық инфрақұрылымдарды халықаралық деңгейде ықпалдастыру, өңір орталықтарының экономикалық белсенділіктерін дамыту. Осы бағытта 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының Көлік стратегиясын іске асыру бойынша жүйелі және жоспарлы жұмыстар жалғасын тапты. Көлік саласын дамытудың мынадай негізгі:

- ел экономикасын және халықты қауіпсіз, сапалы көлік қызметтерімен қамтамасыз ету;

- ақырғы өнімнің бағасындағы көліктік құрамдауышты төмендету;

- еліміздің жағрапиялық ерекшеліктерін көліктік әлеуетін дамыту арқылы бәсекелестік артықшылығына айналдыру тәрізді басымдықтары айқындалды.

Көлік стратегиясын іске асыруды қолға алғалы бері екі жылға жуық уақыт өтті. 2007 жылғы көлік-коммуникациялық кешеннің жұмыстарына талдау негізгі көрсеткіштер бойынша 2006 жылмен салыстырғанда өсу байқалды. Озық технологиялар қолданыла бастады. Атап айтқанда, Астана-Щучинск жол құрылысында өнімділігі жоғары техникалар мен жабдықтар қолданыла отырып, цемент-бетон жабынының құрылысы жүзеге асырылуда. Ол - жолдың қызмет ету мерзімін ұзартады және пайдалану шығынын азайтады. 2007 жылы автомобиль жолдары саласына бөлінген қаражат толық көлемде игерілді. Осының есебінен 4 мың шақырымнан астам жалпы пайдалану жолдарының, оның ішінде 2,4 мың республикалық желі бойынша автомобиль жолдарының техникалық жағдайы жақсартылды.

«Эйр Астана» ұлттық әуе тасымалының әуе паркі «Боинг» және «Эйрбас» үлгісіндегі алты жаңа жайлы ұшақпен толықтырылды. Шымкент қаласы әуежайының ұшу-қону жолағын, Ақтөбе қаласы әуежайы кешенінің әуе айлағын қайта құру аяқталды. Астанадан Венаға, Дубайға және Калининградқа, Алматыдан Тель-Авивке, Прагаға және Ашхабадқа қатынайтын жаңа бағыттар, сондай-ақ бірқатар өңірлік рейстер ашылды. Су көлігі саласында Ақтау, Баутино және Құрық айлақтарын дамыту бойынша кешенді жұмыстар, сондай-ақ кеме жөндеу және кеме жасау зауыттарының құрылысы жүргізілуде.

Елбасы өзінің 2008 жылдың ақпанындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында теміржол және автомобиль жолдарының құрылысын салу және жаңғыртуды қамтамасыз ету қажеттілігін нақтылы атап көрсете отырып, көлік проблемаларына көңіл бөлді. Осы орайда, саланы жаңғырту үшін Сіз қандай шараларды қолдануды көздеп отырсыз?

Қазақстан Республикасының темір жол саласының жоғары қарқынмен дамуын тек мемлекет пен жеке сектордың тығыз ынтымақтастығы жағдайында ғана қамтамасыз етуге қол жеткізуге болады. Мысалы, Шар - Өскемен жаңа темір жол желісі құрылысының жобасын іске асыру 2005 жылғы тамызда Қазақстан теміржолы саласында тұңғыш рет концессиялық негізде қолға алынды. Бұл жобаның біздің республикамыз үшін мәні айрықша деп айтсақ та болады. Жаңа темір жол қолданылып отырған Локоть стансасы арқылы бағыттың қашықтығын 311 шақырымға қысқартады. Екі рет кедендік бақылаудан өту және басқа мемлекет (Ресей) аумағы бойынша 82 шақырым қашықтықты жүріп өту қажеттілігін жояды. Жобаны іске асырудың таңдалған кестесіне сәйкес мемлекет концессионерге жоба шеңберінде салынатын құрылыс нысанын ұсынады. Концессионер концессия туралы шартта айқындалған мерзім ішінде сол нысанды пайдалана отырып, инвестициялық шығындарын ақтайды және шарт мерзімі аяқталған бойда нысан мемлекет меншігіне қайтарымсыз беріледі. 2007 жылғы желтоқсанның 7-сінде құрылысы қарама-қарсы бағыттарда жүргізілген темір жол рельстерінің екі тармағының түйісуі болды. Осы теміржол желісіндегі құрылысты ағымдағы жылдың қыркүйегінде аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, концессиялық негізде Маңғышлақ-Баутино, Ералиев-Құрық, Хоргос-Жетіген темір жол желілерінің құрылыстары және Мақат-Қандыағаш арасындағы темір жолды электрлендіру жүзеге асырылады. Маңғышлақ - Баутино (ұзындығы 135,1 шақырым, құны 22 759 млн. теңге) темір жол құрылысын салу қажеттілігі Каспий теңізінің табанындағы теңіз мұнай-газ операцияларына қызмет көрсетуге, құрлықтағы қазақстандық кен орындарынан мұнайды және теңізден алынған мұнайды тасымалдауды Баутино айлағы арқылы экспортқа шығаруды қамтамасыз етуге байланысты туындап отыр. Ол сондай-ақ, өңірдің мұнай-газ секторындағы көлік құралдарына деген өсіп отырған қажеттіліктерін және салынып жатқан теңізден мұнай игеруді қолдау базасын қажетті материалдармен қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта осы жоба аясында тендерлік негізде концессионерді анықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Салынып жатқан Ералиев-Құрық (ұзындығы 14,4 шақырым, құны 7 568 млн. теңге) темір жолы Құрық айлағына жүкті жеткізуді жақсарту, сыртқы саудаға қазақстандық мұнайды шығару бойынша еліміздің мүмкіндігін арттыру, Ақтау айлағының шамадан тыс жүктемесін азайту мақсатында іске асырылуда. Жоба айлақ инфрақұрылымы объектілерін салу кезеңінде болжамдалған жүк тасқынын өткізуді қамтамасыз ету және мұнайдың экспорттық жүк тасқынын бұдан әрі өткізу міндетін шешеді. Осы жоба бойынша 2007 жылғы желтоқсанның 14-інде концессионермен, яғни «Астана-АРЭК» ЖШС-мен концессия шарты

жасалды. Шарт талаптарына сәйкес объекті құрылысының мерзімі - 2012 жылғы желтоқсанның 31-і (30 ай), ал концессия мерзімі - 2031 жылғы қаңтардың 1-і не дейін (20 жыл). Қазіргі уақытта құрылыс бойынша даярлық жұмыстары жүзеге асырылуда. Атап айтқанда: құрылыс салуға жер телімдерін беру, қаржылық мәселелерді шешу және т.б. Қорғас-Жетіген (ұзындығы 298,4 шақырым, құны 89 561 млн. теңге) темір жолының құрылысы Еуропа-Азия бағытында Қазақстанның транзитті әлеуетін арттыру мақсатында іске асырылуда. Жоба Аспан асты елімен екінші халықаралық шекаралық темір жол өткелін ашу арқылы Қытайдан транзиттік тасымалдаудың өсіп отырған көлемін игеруді қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта тендерлік негізде концессионерді айқындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Электрлендірудің айрықша басымдығын ескере отырып концессиялық негізде Мақат-Қандыағаш (ұзындығы 392 шақырым, құны 35 705 млн. теңге) темір жол учаскесін электрлендіру жобасын іске асыру қолға алынады. Темір жолды электрлендіру темір жол көлігі жұмысының экономикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін маңызды техникалық шаралардың бірі болып табылатынын айта кеткен орынды. Мысалы, электровагондарды пайдалану арқылы отын 33 пайызға үнемделеді, оларды пайдалануға екі есе аз шығын жұмсалады. Электр қуатын пайдалана отырып тасымалдау отын қуатына қарағанда өзіндік құны 1,6 есе аз. Тепловоздардың орнына электровагондарды енгізу үлкен мөлшердегі пайдаланылған газ, топырақты ластайтын тепловоз дизель отыны түріндегі кемшіліктерді жояды. Осы жоба бойынша 2007 жылғы желтоқсанның 14-інде концессионермен, яғни «Nurzhol Energy» ЖШС-мен концессия шарты жасалды. Шарт талаптарына сәйкес темір жол желісі құрылысының мерзімі - 4 жыл; концессия мерзімі - 22 жыл; нысанның бірінші іске қосу кешенін пайдалануға беру күні - 2009 жылғы желтоқсанның 30-ы; нысанды тегіс пайдалануға беру күні - 2011 жылғы желтоқсанның 30-ы; концессияның аяқталу мерзімі - 2030 жылғы қаңтардың 31-і. Қазіргі уақытта концессионерлер ықтимал инвесторлармен - «Maquarie-Renaissance» қорымен (Англия) және «Қазына» орнықты даму қорымен келіссөз жүргізуде. Жалпы алғанда, техникалық құжаттамаларды өңдеуді, құрылыс салу және пайдалануға арналған мердігерлерді айқындауды, қажетті келісімдерді келісуді және қол қоюды, қаржыландыруды ұйыдастыруды және т.б. қоса алғанда барлық даярлық шараларының кешені 2008 жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Министр мырза, «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізін дамытудың техникалық-экономикалық негіздемесі даярланғаны мәлім. Елбасы өзінің биылғы Жолдауында осы жобаны іске асыру қажеттілігі туралы атап өтті. Осы бағытта қандай жұмыс жүргізілуде?

Халықаралық транзиттік дәліз Батыс Қытай мен Батыс Еуропаны жалғастыруы тиіс. Нәтижесінде Орталық Азия мен Еуропа елдері, сондай-ақ Қытайдан шығу және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері Ресейдің Батыс

өңірлерімен және одан әрі Еуропаға көліктік байланыспен қамтамасыз етіледі. Бағыттың ұзындығы 8445 шақырымды құрайды, Қазақстан аумағы бойынша 2552 шақырым қайта құруға жатады. 2007 жылы техникалық-экономикалық негіздеме жасалды. Шекаралас мемлекеттерге арналған барлық шығу жолдарын есепке алғанда жобаның болжамды құны - 900 млрд. теңге (7,5 млрд. АҚШ доллары). Жобаны іске асыру үшін халықаралық банктермен келіссөздер жүргізілді. Алдын ала мәліметтер бойынша Дүниежүзілік қайта құру және даму банкі «Ақтөбе облысының шекарасы - Қызылорда - Шымкент» учаскесін, Азия даму банкі «Оңтүстік Қазақстан облысының шекарасы - Тараз - Қордай» тармағын және Еуропа даму және қайта құру банкі «Алматы-Қорғас» тармағын қайта жөндеуді қаржыландыру ісіне қатысуға ниет танытып отыр. 2005 жылы Ақтөбе-Қарабұтақ және Алматы-Бішкек ұзындығы 429 шақырым телімдері қалпына келтірілді. 2007 жылдан бастап республикалық бюджет есебінен ұзындығы 215 шақырым болатын «Қарабұтақ-Ырғыз-Қызылорда облысының шекарасы» тармағында жұмыстар жүргізілуде. 2008 жылға арналып 2 млрд. теңге бөлінді, оның есебінен 25 шақырымдық жұмыс орындалатын болады. Ағымдағы жылы «Ташкент-Шымкент-Жамбыл облысының шекарасы» телімінде ұзындығы 213 шақырым, құны 112,1 млрд. теңге болатын автомобиль трассасын қайта құру жоспарлануда. Мердігерлерді таңдауға арналған ашық конкурс сәуірдің басында өткізуді және маусым айынан жол-құрылыс жұмыстарын бастауды жоспарлап отыр. Ағымдағы жылға арналып бөлінген 5 млрд. теңге қаражат даярлық және жарылыс жұмыстарына, жер сатып алуға, коммуникацияларды қайта құруға, материалдарды жұмылдыру мен әзірлеуге бағытталады. Құрылыстың нормативтік мерзімі - 4 жыл. Жобалау-іздеу жұмыстарына арналып 2,5 млрд. теңге бөлінді. 1 882 шақырымға арналып жобалау-сметалық құжаттамалар даярланды, олар 4 облыс бойынша жүргізіледі, атап айтқанда: Қызылорда облысы бойынша - 817 шақырым; Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша - 245 шақырым; Жамбыл облысы бойынша - 480 шақырым; Алматы облысы бойынша - 340 шақырым.

Министрліктің өткен алқа жиналысында Сіз кейбір республикалық маңызды автомобиль жолдарында ақылы жүйе енгізу мәселесін еске алдыңыз. Осы мәселе туралы толығырақ айтуға бола ма?

Қазіргі уақытта «жолдарды пайдаланушылар есебінен ұстау» принципіне көшу мақсатында автомобиль жолдарының ең көп салмақ түсетін учаскелерінде жүру ақысын алу мәселесін қарастыру қажеттілігі пісіп жетті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі бірқатар шетелдердегі ақылы автомобиль жолдарының қызметтеріне талдау жүргізді. Іс жүзінде, зерттелген әр мемлекетте автомобиль жолдары бойынша жүргені үшін ақы енгізу жол жобаларын іске асыруда сапалық жаңа деңгейге көтерілуге мүмкіндік берді, ең бастысы - жол шаруашылығы өзін-өзі ақтау режиміне көшті. Әлемдік тәжірибенің көрсетіп отырғанындай, бірінші кезекте, ақылы жол жүру автомобиль қатынастары ең тығыз магистральдарда енгізілуі тиіс.

Жол қозғалысының жоғары қарқындылығы тек құрылыс, қайта құру және жолдарды ұстау шығындарын өтеп қана қоймайды, жеке сектор өкіліне де, мемлекетке де белгілі бір дәрежеде пайда әкеледі. Еліміздегі автомобиль паркінің айтарлықтай өсуі - болашақта тәулігіне жиілігі 20 мыңнан астам автомобиль қозғалысы жасалатын, мейлінше артық жүктеме түсетін жолдарды бірінші техникалық санатқа ауыстыруды қажет етеді. Ал бұл жолдар өз кезегінде сапалы деңгейде ұстап тұрау керек.

Елбасының Жолдауына сәйкес мемлекет бюджетіне түсетін ауыртпалықты азайту үшін концессиялық негізде жолдарды бірте-бірте ақылы пайдалануды енгізуді кешеуілдетпеген жөн. Осы мақсатта бірінші кезекте Астана-Бурабай, Астана-Қарағанды, Алматы-Қапшағай, Алматы-Қорғос автомобиль жолдарының, сондай-ақ Үлкен Алматы айналма жолының құрылысы және қайта құру жұмыстары қолға алынады. Бұл ретте, ақылы автожолдарды пайдаланғаны үшін ақы төлеуден әлеуметтік жағынан аз қорғалған жекелеген азаматтарды босату жөнінде заңнамалық негізде жеңілдіктер қарастырылатын болады.

Соңғы уақыттары ұшу кестесінің бұзылуына байланысты «Эйр Астана» ұлттық әуе тасымалдау компаниясына қойылатын талаптар жиілеп кетті. Еліміздің әуе тасымалы саласындағы жағдайға тоқталып өтсеңіз?

Азаматтық әуе тасымалының тұрақтылығына жасалған талдау қорытындысы 2007 жылы 29 мың әуе рейсінің орындалғанын көрсетті. Авиарейстердің 70 пайызы тұрақты негізде жасалған. «Эйр Астана» әуе компаниясының өткен жылғы ұшу тұрақтылығы жалпы алғанда 76 пайызды құрады. Батыстық әуе кемелерін жиі пайдалану жағдайында әуе айлағы немесе әуе компанияның кінәсінен бір авиарейстің кешігуі басқа рейстердің тізбекті кешігуіне әкеліп соғады. Біз әуе рейстерінің тізбекті кешігуін одан әрі туындататын жағдайдың бастапқы себебін анықтадық. Мысалы, күрделі метеожағдайға байланысты ұшудың кешігуі - әуе рейстерінің 35 пайызын; әуе айлақтарының қызметтеріне байланысты - (бортқа жүктің кешіктіріп жеткізілуі, тиеу құрал-жабдықтарының және персоналдардың жетіспеуі, ұшаққа отынның уақтылы құйылмауы, әуе кемесі үшін жердегі қызмет көрсету құрал-жабдықтарының (жүргізуші, тіркеуге алатын мәшине) жетіспеуі, әуе қауіпсіздігі мән-жайына арналған алдын ала тексеру бекеттерінде жолаушылардың жиналып қалуы) - 37 пайызды; әуе кемелерін пайдалануға байланысты (жолаушыларды тіркеу технологиясының бұзылуы, әуе кемелерінің техникалық ақауы) әуе компаниясы қызметтерінің жұмыстарына және техникалық себептер – 11 пайызды; шекарадан өткізу – 9 пайызды; ресми делегацияларды қабылдауға байланысты әуе айлақтарының шектелуі, әуе кеңістігін пайдалануға арнайы режимнің енгізілуі - 8 пайызды құрайды. Бұл жағдайда басты себеп - қажетті арнайы техникалардың: автобустардың, сатылардың, ұшақ бортына тағамдарды тиеуге арналған автолифттердің, жанармай құюшылардың және әуе кемелерін арнайы

сұйықтықпен өңдеу мәшинелерінің тиісті мөлшерде жетіспеуі болып табылады.

Көлік және коммуникация министрлігі ұшу тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін үнемі бақылау жасап отыратынын айта кеткен орынды. Мысалы, 2007 жылы осы мәселе бойынша сала субъектілерімен сегіз рет кеңес өткізілді. Ұшу тұрақтылығының бұзылуына әкелген ашылған кемшіліктерді жою жөнінде тапсырмалар берілді. Әуе айлақтары мен әуе компаниялары қызметтері басшыларының және персоналдарының жауапкершіліктерін арттыру бойынша іс-шаралар әзірленді. Сонымен қатар, азаматтық әуе қатынасы саласында әуе тасымалының өсу қарқыны жоғары күйінде қалып отырғанын да атап айтқан жөн. 2007 жылы еліміз әуе компаниялары 2,7 млн. жолаушыны тасымалдады, ол 2006 жылмен салыстырғанда 38 пайызға артық. Өсіп отырған сұранысты қамтамасыз ету үшін Эйр Астана операциялық лизинг негізінде төрт әуе кемесін сатып алуды жоспарлап отыр, ал олардың әуе кемесі паркіндегі ұшақтардың жалпы саны жыл соңында 22 бірлікті құрайды. Сонымен қатар, Эйр Астана компаниясының меншігіне «Эйрбас-320» және «Боинг-787» тоғыз әуе кемесін сатып алуға арналған шарт жасасу жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Өңірлік әуе желілері бойынша қатынайтын жолаушылар әуе кемелерінің паркін жаңғыртуды қажет етеді. Қазіргі уақытта Көлік және коммуникациялар министрлігі «Бомбардье» және «Эмбраер» үлгісіндегі өңірлік ұшақтардың компания-өндірушілерімен келіссөздер жүргізуде. 2012 жылға дейін жаңа ұшақтарға деген қажеттілік шамамен 20 бірлік болады деп жоспарлануда. Жаңа өңірлік ұшақтарды операция жүргізу және қаржылық лизингтерді қолдана отырып сатып алу көзделіп отыр. Ол үшін еліміздегі түрлі қаржы институттарының қаражаттарын тарту жоспарлануда. Жеті негізгі әуе айлақтарының ұшу-қону жолақтары Халықаралық авиация ұйымдарының талаптарына сәйкес келеді. Қазіргі заманғы жолаушылар терминалдары Астана, Алматы (екінші терминал құрылысы салынуда), Қарағанды және Ақтөбе (терминал құрылысы аяқталуға жақын) бар. Ақтау және Қостанай қалаларының (концессиондық негізде), сондай-ақ бюджеттік қаражат есебінен Қызылорда қаласының әуе айлақтарын жаңғырту орта мерзімді кезеңге арналған басым жоба болып табылады. Алдағы уақыттары ұшу-қону жолақтарын, аэровокзал кешендерін қайта құру (салу) және өңірлік әуе айлақтарын арнаулы техникаларын жаңарту бюджеттік инвестициялардың есебінен, сондай-ақ жобаның қайтарымдылығы туралы сараптама қорытындысы бар болған жағдайда концессиялық жағдайда кезең-кезеңде жүзеге асыру көзделуде. Қазіргі заманғы өңірлік әуе кемелерін сатып алу және әуе айлақтарын жаңғырту ішкі әуе қатынастарын дамыту үшін қажетті жағдайды қамтамасыз етеді деп айтуға толық негіз бар. Бүгінгі таңда тұрақты ұшу рейстері 40 ішкі әуе бағыттары бойынша, оның ішінде бюджеттік қаржыландыру (жылына 660 млн. теңге) есебінен тоғыз бағыт бойынша жүзеге асырылады. Жыл сайынғы мемлекеттік қаржыландырудың көмегімен ішкі әуе қатынасын одан әрі дамыту үшін әлеуметтік маңызы бар жаңа он екі облысаралық әуе рейсін ашу көзделіп отыр. Субсидиялауға жұмсалған шығындардың бір бөлігі

салықтардың есебінен қайтарылады. Әуе тасымалына арналған тарифтер ішкі бағыттардың басым бөлігінде 2002 жылдан бері өзгеріссіз қалды. 2007 жылы мұнайға деген әлемдік бағаның өсуіне байланысты авиакеросиннің бағасы орта есеппен 17-20 пайызға өсуі әуе билеттері құнының өсуіне әсер етуі мүмкін. Одан басқа, Қазақстандағы авиация отынын өндіру көлемі саланың талабын қанағаттандырмайды (авиация отынының 60 пайыздан астамы Ресейден әкелінеді). Осы жағдайларды ескере отырып, саланы тұрақты авиаотынмен қамтамасыз ету бойынша мынадай:

- авиаотын нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ете алатын «Самұрық» холдингінің құрамына енетін ұлттық компанияларды авиаотын жеткізіп беру нарығына енгізуді;

- авиакеросинді шығару көлемін арттыру мақсатында қолданыстағы мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту және жаңасын салуды ұсынатын іс-шаралар әзірленді. Жалпы, министрлік ұсынып отырған саланы дамыту бойынша іс-шаралар 2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы азаматтық авиацияны одан әрі дамытудың кешенді шаралар жоспарында көрініс табатын болады.

Жылжымалы құрамының тапшылығын азайту үшін биыл отандық көлік-машина жасау саласын дамытудың кешенді іс-шараларын әзірлеп, оны іске асыруға кірісу керектігі жөнінде Елбасының айтқан сөздері айрықша маңызды болып табылады. Бұл жөнінде Сіздің пікіріңіз қандай?

Жүк вагондарының паркі әбден тозып, бүгінде оның деңгейі 70 пайыздан асуы көңілді көншіте қоймайды. Соңғы төрт жылда жеті мыңнан астам жүк вагондарын сатып алдық. Бұл ретте, 200 миллионнан астам АҚШ долларына жер үсті құралдарын тарттық. Вагондарды жалдау ақысының төмендігі инвестициялық қажеттіліктерді қамтамасыз етуге және қажет көлемде вагондар құрамын сатып алуға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, вагондардың құны жыл сайын өсе түсуде. Мысалы, 2005 жылы жартылай вагондардың бағасы шамамен 5 млн. теңге болса, 2007 жылы олардың бағасы 7 млн. теңгеден асып түсті, яғни 33 пайызға қымбаттады. Қазіргі уақытта республикамыздағы тасымалдауға жарамды жүк вагондарының жалпы саны 78 760 вагонды құрайды. Бүгінгі таңда теміржолда меншік иесіндегі парктердің вагондары жұмыс істейді. Олар жалпы көлемнің 15 пайызын қамтиды. Вагондар құрамының орын алып отырған тапшылығын ескере отырып, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы» АҚ көрші елдердің темір жол әкімшіліктері жүк вагондарының паркін тартуға мәжбүр болып отыр. Олардың көлемі 28 пайызды құрайды. Тағы айта кететін жағдай, Қазақстан Республикасының Көлік стратегиясына сәйкес 2015 жылы Қостанай-Железнодорожная, Мақат-Қандыағаш, Алматы-Ақтоғай, Ақтоғай-Достық, Ақтоғай-Мойынты, Тобыл-Қандыағаш теміржол тармақтарын электрлендіру көзделген. Бұл тармақтарға қызмет көрсету үшін қосымша 84 электровоз қажет етіледі. Сондықтан алдағы уақыттары локомотивтер тапшылығы орын алуы мүмкін.

Локомотивтердің қызмет ету мерзімі айтарлықтай ұзақ. Ғылым мен техникалық прогресс локомотивтерге деген жаңа техникалық талаптарды айқындайды. Бұл жағдай, сондай-ақ техникалардың моральдық ескіруіне де әкеледі. Локомотив паркін жаңарту мынадай: жаңа локомотивтерді сатып алу, жаңғырту арқылы пайдалану мерзімін ұзарту, күрделі жөндеуден өткізу арқылы мерзімін ұзарту секілді бағыттарда жүргізіледі. «Астана-Алматы-Астана» бағыттары бойынша жүрдек жолаушылар тасымалын қамтамасыз ету мақсатында Қытайда жасалған, KZ сериялы жолаушылар тасымалына арналған бес жүрдек электровоз сатып алынды. Мәселені шешудің ең оңтайлы жолы - пайдалану мерзімі бойынша есептен шығарылған локомотивтерді қайта жаңарту болып отыр. Ол жаңа локомотивтерді сатып алуға қарағанда арзанға түседі және электровоздарды күрделі жөндеуден өткізгеннен гөрі қазіргі талаптарға сәйкес техникалық-пайдалану көрсеткіштерін арттыру әлде қайда жоғары болады. 2003 жылдан бастап күш жабдықтарын Дженерал-Электрик (АҚШ) компаниясының дизель-генератор қондырғыларына ауыстыру арқылы 162 тепловоз пайдалануға енгізілді. 2006 жылдан бастап екі секциялы магистральды электровоздарды жаңғырту шарасы Атбасар электровоз жөндеу зауытында қолға алынды. Агрегаттары мен желілерін жоғары технологиялық және қызмет көрсетуде үнемді жабдықтармен ауыстыра отырып, электровоздардың пайдалану мерзімін 20 жылға дейін ұзартуға болады. Бұл мәселені түбегелі шешу үшін Үкімет қаулысымен Астана қаласында локомотивтерді құрастыру зауытын салу көзделіп отыр. Зауыттың жобалық қуаты жылына 150 бірлік болып табылады. Жаңа зауыттың құны 125,792 млн. АҚШ долларын құрайды. Оның құрылысы «Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы» АҚ қаражаты есебінен салынады. Зауыт құрылысы 2008 жылғы 2 тоқсанда басталып, 2009 жылғы 4 тоқсанда аяқталады деп, 1,5 жылдық мерзімге жоспарланып отыр. 2008 жылы АҚШ-та жасалған «Evolution» сериялы 10 тепловозды Щербинкада (Ресей, Мәскеу) сынақтан өткізу жоспарлануда.

Мазмұнды әңгімеңіз үшін рахмет!

Наурыз 2008 жыл

СЫРЫ МЕН ЖЫРЫ МОЛ, ЕҢСЕЛІ ДЕ ЕКПІНДІ ҚАРҚАРАЛЫ

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімі Н.Омарбековпен бұл сұхбат екі айдан астам уақыт бұрын дайындалған болатын. Еліміздің маңдайалды басылымдары ретінде саналатын бір-екі газеттің иелері аталмыш сұхбатты өздерінде жариялауға ниет білдіргеннен кейін, олардың алдарына шығуды жөн көрмеген едік. Алайда уәде созыла бергендіктен және сұхбатта көтерілген мәселелердің уақыт өтсе де өз маңыздылығын

жоймайтындығын ескере отырып оны жариялау қажет деп шештік. Танысып көріңіз.

Құрметті Нихан Иманғалиұлы! Қазақ тарихынан мол сыр шертетін жерлердің бірі деп біз Қарқаралыны айтамыз. Әңгімеміздің басында рухани құндылықтарымызға тоқтала келе, осы бір киелі өңірден шыққан атақты тұлғалар туралы айтсаңыз.

Біздің өңір, әлемнің ұлы кемеңгері – ойшылы, үш бидің бірі болған, мемлекет істеріне елеулі ықпал етіп отырған қабырғалы би, ұлағатты сөздері ұрпақтан ұрпаққа жеткен Қаз дауысты Қазыбек биді берген.

Қарқаралы жері – шертпе күйдің атасы Тәттімбеттің, Шөже ақынның, от ауызды, орақ тілді Кенже бидің елі.

Бұл өңірді аралап, тамаша қолжазбаларында естелік қалдырған қазақтың біртуар ұлы, тұңғыш этнограф, зерттеуші-ғалымы, Абылай ханның шөбересі, Шоқан Уәлиханов тамаша табиғаттың әсемдігіне керемет сүйсінген екен. Шоқанның Қарқаралыға екі рет келгені белгілі.

Ұлы Абайдың әкесі Құнанбай қажы – Қарқаралыда көктөбелі, күмбезді мешіт салдырып, өз атын ұрпақтарына мәңгілік ескерткіш қылыш қалдырып кеткен кемеңгер.

Қаламыздың тарихы Абайдың есімімен де тығыз байланысты. Қарқаралыдағы «Абай тоқтап түскен үй» өңдеу-жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен соң, түрленіп, әсем қалпына енді. Бұл ғимарат та тарихи-мәдени, архитектуралық ескерткіш ретінде мемлекет қорғауына алынған. Абайдың өсіп, ер жетіп қалыптасуына Қарқаралы қазақтарының да халық шығармашылығы мен ауыз өнері ықпал жасағанын Мұхтар Әуезов «Абай жолында» әсерлі жазған.

Қаланың мәдениеті мен экономикасының өсіп нығаюына Қоянды жәрмеңкесі зор ықпал еткен. Қоянды жәрмеңкесі, қазақ ұлттық мәдениетінің рухани орталығына айналып, кезінде «Ұлттық өнердің Меккесі» атанған.

Қарқаралыда Ахмет Байтұрсыновтың жүрген жерлерімен күнде жүреміз. Ақтерек ауылында ол кісінің салдырған, білім берген мектебі бар. Таяу арада өңдеу, жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары да аяқталмақшы.

Қарқаралы десек, қазақ халқының мақтанышы, сол заманның білімді адамдарының бірі, публицист, қоғам және саяси қайраткер, «Алаш» көсемдерінің бірі Әлихан Бөкейхановты айтамыз. Қарқаралыда оқыш, көзқарасы қалыптасқан Әлекең, қиын да қайғылы ғұмыр кешіп, 30-шы жылдары саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Санкт-Петербург университетін алтын медальмен бітірген қазақтың тұңғыш құқықтанушы-заңгері Жақып Ақбаевтың Қарқаралыда білім алып, болған үйлері сақталған.

Қарқаралының тағдырында, білім беру саласының дамуына айтулы үлес қосқан, қазақтың бір туар ұлы, ғалым-математигі әрі мемлекет қайраткері Әлімхан Ермековтің алар орны ерекше. Ол осы өңірде туып, Қарқаралыда мектеп бітіріп, білім алып, кейін қайта оралып келіп қызмет істеп, мектеп салдырып, педагогикалық техникум ашқызды. Сол бір қиын

кезеңде, В.И.Ленинмен бірнеше рет кездесіп, Ресей өкіметінің отырысында бұлтартпас дәлелдер келтіріп, баяндама жасап, Қазақстанның территориялық біртұтастығын сақтап қалуға, бүгінгі күнгі шекарасын бекітуге қол жеткізген Әлімхан Ермеков еді.

Қарқаралы – ақындар елі. Қарқаралы - найзағайдай жарқылдап өткен, сазгер, сері, ақын Мәдидің елі.

Атыңнан айналайын, Қарқаралы,

Сенен бұлт менен қайғы тарқамады.

Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай,

Мен Мәди қуғын көрген Арқадағы, - деп шырқап кеткен Мәдидің атағы мен даңқы сол кезде шынында таң қалуға тұрарлық еді. «Бүкіл Қарқаралы өңірі Мәдидің әнін салуда...», - деп жазған екен Григорий Потанин 1914 жылы өзінің күнделіктерінде. Атақты «Қаракесек» әніне профессор Ахмет Жұбанов та өте жоғары баға берген.

Дауылпаз ақын Қасым Аманжолов Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында қарумен қоса қолдан қаламын да түсірмей, жырлап өткен.

Қасым туралы, ұлы Мұқаң: «Қасым Аманжолов – ғажап ақын! Ол жазған өлеңдерді сүйіп, қастерлеп оқыңыздар!» - деген. Қарқаралының ортасымен көк тауларға барып тірелетін әсем бір көше бүгінде ақын есімімен аталады.

Қасиетті өлкені «Батырлар елі» деп тегін айтпаған. Ұлы Отан соғысы жылдары Қарқаралыдан мыңдаған жерлестеріміз қан майданға аттанып, небір ерлік үлгілерін көрсеткен. Жалындаған самолетін жау әскерінің төбесіне жасындай қылып түсіріп, Отан үшін жанын қиған, Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің ерлігі ұрпақтар есінде мәңгі сақталады. Ұлы Отан соғысында Днепр өзенін алғашқылардың бірі болып өтіп, ерлік көрсеткені үшін Кеңес Одағының Батыры атанған жерлесіміз, биыл 100 жылдығы аталып өтіп жатқан Мартбек Мамыраев, соғыстан кейін туған жерге сан рет келіп елімен қауышқаны есімізде.

Соғыс жылдары Ленин орденімен, үш рет Қызыл Ту, Александр Невский ордендерімен марапатталған және Кеңес Одағының Батыры атағын алған жерлесіміз, гвардия майоры Петр Иосифович Теряевтің ерлігін Қарқаралылықтар шын мақтаныш етеді.

Бүгінде көзі тірі, Түркістан қаласында тұрып жатқан асыл ағамыз, хас батыр, Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңес Одағының Батыры атанған Рәсіл Есетовтің де тегі Қарқаралыдан.

Ерлік дәстүрі бүгінде жалғасын табуда. Шежірелі өлке, қасиетті Қарқаралы жері – ғаламшар кеңістігіне қазақтың қыраны, Кеңес Одағының Батыры, «Халық Қаһарманы», Австрия мемлекетінің батыры, Тоқтарды ұшырды. Тоқтар Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері, ал дүние жүзі ол адамды әлемде санаулы ғана болған, нағыз тума талант, сынақшы-ұшқыш ретінде ертеден-ақ таныды.

Еліміз егемендік алғаннан соң Қарқаралы шежіресінің жаңа парағы басталды. Көптеген қарқаралылықтар бұл күндері мемлекеттік қызметтерде,

экономика мен бизнес саласында жемісті қызмет атқарып туған жері мен отанына пайдасын тигізуде.

Міне, Қарқаралы осындай тұлғалар туған қасиетті өлке!

Кешегісі көпке өнеге өңірдің бүгінгі өміріне де тоқтала кетсеңіз. Олай болса, аудан экономикасын өркендетуде нендей істер тындырылуда?

Елбасы Н.Назарбаевтың биылғы жылғы Қазақстан халқына жолдауы барша қазақстандықтардың алдында үлкен мақсаттар мен міндеттер қойып отыр. Біз де мұндағы межелеген мақсаттарды жүзеге асыруға күш салып жұмыс ұйымдастырудамыз. Атап айтқанда, бюджетке осы жарты жылда 376,9 млн. теңге қаржы түсті. 2007 жылдың осы уақытымен салыстырғанда бюджет кірісі 21,2 пайызға көбейіп, оның ішінде, аудандық бюджетке түсімдер 32,6 пайызға өсті.

Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2130,5 млн. теңгені құрап, өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 147,7 пайыз болды.

Мал басы өсіп келеді. Негізі біздің ауданда облыстағы мал санынан 22 пайызы шоғырланған.

Қарқаралы ауданы бойынша биылғы жылы барлық егістік көлемі 75 мың гектарды құрады. Егін шаруашылығымен аудандағы 117 шаруашылық құрылымдары айналысады, оның ішінде 4 заңды тұлғалар, 113 шаруа қожалықтары.

«Қарқаралы» несиелік серіктестігі арқылы 59,6 млн. теңге қаржы берілді, яғни 24 шаруа қожалығы несие алды, оның ішінде мал шаруашылығына 17,1 млн. теңге, егін шаруашылығына 42,5 млн. теңге берілді.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан» аудандағы 14 селолық округтерден 76 отбасы мал сатып алу үшін, 20,2 млн. теңге көлемінде несиелік қаржы алды және жалғасын табуда.

Ауданда ағымдағы жылы ауылшаруашылық өндірушілерін сақтандыру бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді. Өздеріңіз білесіздер, бұрынғы жылдары ауылшаруашылығы құрылымдары облыстық сақтандыру компанияларынан сақтандыру төлемдерін ала алмаған болатын. Осыған байланысты ауданда былтырғы жылы «Береке» деп аталатын өзара сақтандыру қоғамы құрылды. Оның құрамына биылғы жылы 109 шаруа қожалығы кіріп отыр және қазірдің өзінде 73,1 мың гектар егістік көлемі сақтандырылды. Сақтандыру қоғамының биылғы жұмысы көп болады деп ойлаймын.

Жалпы, Қарқаралы ауданының экономикасының облыстың басқа ауылшаруашылық аудандарынан өзгешелігі қандай?

Басқа аудандарға қарағанда бізде ірі өндіріс ошақтары шоғырланған Қарағайлы өңірі бар. Кейінгі жылы ауданымызға ірі инвесторлар келіп, кезінде тоқырап қалған өндіріс орындарына жан бітіп, жақсы дами бастады. Бұл ауданның әлеуметтік саласында өзінің оң ықпалын тигізуде.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі аудан бойынша 1195,3 млн. теңгені құрап, былтырғы жылмен салыстырғанда осы көрсеткіш – 108,9 пайыз болды.

«Өркен» кәсіпорнының жыл басынан өндірген өнімінің көлемі 523,0 мың тонна болып, өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 100,1 пайыз болды. «Бексамат» кәсіпорнында өндірілген мәрмәр ұнының көлемі 500 тоннаны құрады немесе жоспар 100 пайызға орындалды.

Негізгі капиталға инвестициялар былтырғы жылдың осы уақытымен салыстырғанда 330,5 млн. теңгеге өсіп, 1107,0 млн. теңгені құрады.

Жалпы салынған инвестициялар көлемі, барлық қаржыландыру көздері мен негізгі әлеуметтік бағдарламалар есебінен 2,7 млрд. теңгені құраса, оның ішінде бюджеттік қаражаттар - 1,7 млрд. теңге және бюджеттік емес қаражаттар - 1,0 млрд. теңге көлемінде болып отыр.

Аудандағы шағын бизнестің жағдайына тоқтала кетсеңіз.

Аудан әкімі ретінде менің міндетіме шағын және орта бизнесті дамытуға жағдай туғызып, қолдау көрсету жатады. Бұл саладағы көрсеткіштеріміз де жаман емес. Барлық шағын бизнес субъект санын – 533 шаруа қожалықтары мен 401 сауда орындары және тағы басқалары құрайды.

Осы салада 2979 адам жұмыс істейді, бұл экономикалық белсенді тұрғындардың 9,8 пайызы. Жалпы бұл көрсеткіш 2007 жылдың осы уақытымен салыстырғанда 15 пайызға өсіп отыр.

Жыл басынан бері осы саламен өндірілетін өнім көлемі 787,2 млн. теңге құрайды, 2007 жылмен салыстырғанда 30,1 пайызға өсіп отыр. Бюджетке төленетін төлем 23,4 млн. теңгені құрап, жоспар 106,4 пайызға орындалды.

Аудан кәсіпкерлерінің жылдан жылға жағдайлары жақсарып келеді. Қала басында, ауылдарда сауда үйлері, тойханалар, дүкендер ғимараттарын салу жақсы үрдіске айналып келеді.

Бүгінгі күні Қарқаралы қаласында „Молдақаш“ моншасының жанынан 50 орынға жазғы кафе ашылса, жыл басынан қала орталығында жаңа фотосалон мен екі дүкен өз жұмыстарын бастады, 2 қабатты сауда үйі мен тойхананың құрылысы жалғасуда. Көктас ауылында жаңадан 2 кафе ашылып өз қызметтерін көрсетуде. Ынталы, Балқантау, Бақты, Қырғыз, Қаракөл селолық округтерінің наубайханаларын іске қосу жоспарланып отыр. Шағын бизнесті дамытуда ауданда әлі де көп резервтер бар.

Әкім мырза, ауданыңыз табиғаттың тамаша аясында орналасқан екен. Туризм саласының жайы қалай?

Дұрыс айтасыз, біздің табиғат талайларды тамсандырып, көптеген аңыздарға арқау болған ғажайып өлке. Ауданымыздың табиғаттың көрікті жерінде орналасуына орай, туризм саласын дамытуға да қолайлы екенін білесіздер.

Қазіргі уақытта туризм саласын дамыту мақсатында аудан әкімшілігімен осы салада бизнесті дамытуға құлшынған кәсіпкерлердің ірі инвестициялық жобалары қаржы институттарына берілді.

Былырғы жылдан бастап, сырттан ірі кәсіпкерлер келіп, халықаралық стандарттарға сай келетін «Тасбұлақ» демалыс үйіне қайта қалпына келтіру жұмыстары мен жаңа нысандардың құрылысы жалғастыруда.

Қарқаралы қаласында жаңадан «Заңғар» қонақ үйі ашылып, келген қонақтарға қызмет көрсетуде, «Қарқаралы» қонақ үйінің жөндеу жұмысы аяқталуда.

Біздің аудан 30-31 мамыр аралығында Қарағанды қаласында өткен екінші халықаралық инвестициялық форумға қатысты. Туризмді дамытуға арналған семинарда біз потенциалды инвесторларға демалыс және туризм саласында негізгі үш бағыт бойынша әртүрлі жобалар ұсындық.

Біріншісі: бұл Мемлекеттік Ұлттық табиғат паркі базасында, туризмді дамытудың бас жоспары, оның ішінде Ұлттық парктің аумағын 160 мың гектарға дейін ұлғайту бар.

Екіншісі: қала маңы аумағында туризмді дамыту. Былыр осы мақсатта қала аумағын толық функционалды аймақтандыру жүргізілді, ал биылғы жылы Қарқаралы қаласының басты жоспарына өзгертулер енгізілуде. Нәтижесінде қалада негізгі аймақтар анықталды, онда демалыс және туризм саласының түрлі нысандары құрылысын жүргізу жоспарлануда: қонақ үйлер, кафе, шағын демалыс үйлері, автокемпингтер және басқа да нысандар.

Үшіншісі: **«Қарқаралы – ашық аспан астындағы мұражай-қала»**. Бұл бағдарламаның бастамасы, қаланы көркейту жұмысының кең көлемде жүргізілуінің басталуы болып табылады. Бұдан басқа осы бағдарламаның негізгі бағыттарын жетілдіру мақсатында, А.Е.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті және Мемлекеттік Техникалық университетімен бірлескен жұмысы басталды. Бұл біздің ірі туризм кластерін, ЕЭА құру жөніндегі алғы шарт жұмыстарымыз. Сондықтан, біздің жазиралы өңірдің де туризмді дамыту бағытындағы келешегі зор екеніне сенімдімін.

Тарихи аудан болған соң, келешекте туризм дамыған кезде басқа салаларға көңіл бөлу қажет болмай ма? Ол жағы қалай болып жатыр?

Әрине, «Ашық аспан астындағы мұражай-қала» жасау үшін қаламыздың әлеуметтік мәселелері де өз деңгейінде болуын біз үнемі басты бағытта ұстаймыз. Көркіне көшесі сай, көшесіне ғимараттары сай, әрбір тасы тұнып тұрған тарих, көне Қарқаралыға мұқият және білікті, сапалы деңгейде қызмет көрестуді талап етеді және біз үнемі осы талап деңгейінен көрінуге тырысудамыз.

Аудан әкімі ретінде менің негізгі бір міндетім халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жасау. Бұл салаға келсек, кейінгі жылдары біраз шаралар қолға алынып, жұмыстар атқарылды.

Атап айтсақ, коммуналдық шаруашылық, құрылыс салалары бойынша 2008-2009 жылдардың жылу беру маусымына дайындық жұмыстары жоспарлы түрде атқарылып жатыр.

Биылғы жылы қала басындағы қазандықтарды жөндеуге – 7,4 млн. теңге, ауданның елді мекендерін ауыз сумен қамтамасыз етуге – 5,4 млн.

теңге, жарықтандыру жұмыстарына – 8,7 млн. теңге, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізуге – 7,3 млн. теңге, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына – 3,7 млн. теңге бөлініп отыр.

Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы ауданда жоғары деңгейде іске асырылуда.

Осыған орай, биылғы жылы Қарқаралы қаласында 8 пәтерлі несиелік тұрғын үйдің құрылысына республикалық бюджеттен 36,0 млн. теңге және 12 пәтерлі жалдамалы тұрғын үйдің құрылысына 48,0 млн. теңге бөлініп, тиісті жұмыстары басталды.

Сонымен қатар осы үйлердің инженерлік коммуникацияларының құрылысына облыстық және аудандық бюджеттен 10,8 млн. теңге бөлінді.

Осы құрылыс нысандары бойынша жұмыстар кестеге сәйкес, уақытында атқарылып жатыр.

Бірнеше жылдан бері ауданымыздың елді мекендерінің ауыз су мәселесін жүйелі түрде шешіп келеміз. Тек биылғы жылдың өзінде аудан бойынша биылғы жылы су жүйесін қайта қалпына келтіру жұмыстарына 258,1 млн. теңге қаралды.

Бірнеше жылдан бері ауданымыздың әлеуметтік нысандарына күрделі, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуді жүйелі түрде жүзеге асырып келеміз.

Биылғы жылы білім беру саласында күрделі жөндеу жұмыстарды жүргізуге 36,0 млн. теңге қаралды.

Облыстық бюджеттен бөлінген қаржы арқылы Егіндібұлақ селосындағы бұрынғы орта мектептің ғимаратын мектеп жанындағы интернат ретінде қайта қалпына келтіру жұмыстары жалғастырылуда (60,0 млн.теңге).

Биылғы жылы Матақ ауылындағы мектептің құрылыс жұмыстарының 2 кезегіне облыстық бюджеттен 60,0 млн. теңге қаражат бөлінді.

Қарқаралы қаласындағы кәсіптік техникалық мектептің құрылысын аяқтауға республикалық бюджеттен 452,0 млн. теңге бөлінді

Республикалық, облыстық және жергілікті бюджет арқылы білім беру нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 37,9 млн.теңге бөлінді. Оқулықтар сатып алуға 17,1 млн.теңге қаржы қаралды.

Сонымен қатар осы жылы Жарлы ауылының № 10 орта мектебіне жаңа автобус, Бесоба ауылының № 8 орта мектебіне УАЗ автокөлігі алынып берілді. Бұл жұмыстар әлі де жалғасады.

Осындай жүзеге асырылған ауқымды шаралардың қайтарымы да жаман емес шығар?

Жеріне қарай елі де сай болады деген ғой. Біздің ауданның білім мен мәдениеті де ежелгі ата-бабаларымыз салып кеткен дәстүрлі жолдан айнымай, жоғары деңгейден көріне білуде.

Біздің аудан биыл қатарынан төртінші рет Ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысымен аудандар арасында облыстың алдында келеді. Биыл да ол аудан бойынша жоғары ұйымшылдықпен өтіп, орташа балы -72,91,

облыстың аудандары орта мектептерінің арасында ең жоғары көрсеткішке ие болды. Облыс бойынша барлық орта мектептер арасында тек Қарағанды қаласына жол беріп 2-ші орынға қол жеткізді.

Ауданымыздың мәдени ошақтарының да ғимараттарын үнемі назарымызда ұстап отырамыз. Осы жылы 15 мәдениет нысандарында (клубтар және кітапханалар) 10,0 млн.теңгеге күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Кітаптар сатып алуға 4,6 млн.теңге бөлінді.

Қарағайлы кентіндегі мәдениет үйін күрделі жөндеуге 120,0 млн. теңге бөлініп, негізгі жұмыстары аяқталуда. Бұдан басқа, осы жылы жөндеу жұмыстарын аяқтауға „Қазақмыс Корпорациясы“ демеушілік көмек жасап қосымша 78,0 млн. теңге беріп отыр.

Былтырғы жылы Қарқаралы қаласында ашылған жаңа аурухана кешені сапалы медициналық қызмет көрсетіп келеді. Теректі, Балқантәу ауылдарының отбасылық-дәрігерлік амбулаторияларына демеушілер қаражаты есебінен жедел жәрдем автокөліктерді сатып алынып, берілді. Сонымен қатар, облыстық бюджет есебінен 3 ауылдың амбулаторияларына автокөлік сатып алу жоспарлануда.

Биылғы жылы «Қазақтелеком» мекемесі оптикалық талшықты байланыс жүйесін енгізу үшін кең көлемде жұмыстар атқаруда, бұл жұмыс арқылы Көктас, Матақ, Ынталы, Жарлы, Әубәкіров селоларына сандық байланыс станцияларын орнатуды қамтамасыз етеді. Бұған жалпы көлемі 400.0 млн.теңге инвестиция жұмсалады. Сонымен бірге Бақты ауылына сандық АТС орнатылуда.

Енді аудандағы жалпы ахуалға тоқтала кетсек. Сонымен қатар, алдағы жоспарларыңыз туралы айтып өтсеңіз.

Біздің мақсатымыз халықтың көңіл-күйі дұрыс болуын қамтамасыз ету. Аудан халқына Елбасымыз Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының мәнісі мен маңыздылығын жеткізуді өз деңгейіне ұйымдастырып, аудан экономикасын көтеру жолында еңбек ете беру. Міндетіміз айқын, шешу жолдарын білеміз.

Ауданның бірінші кезекте шешуді қажет ететін маңызды мәселелер туралы облыс әкімі Н.Нығматулин мырза биылғы жылдың сәуір айында ауданға іс-сапармен келгенінде тапсырмалар берді. Кейін облыс әкімінің арнайы мәжілісі өтті.

Осындай көмек, көңілдің арқасында, биылғы жылы республикалық, облыстық деңгейде бірнеше мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

Барлық жүргізілген шаралардың арасынан, мамыр айындағы қастерлі жәдігер - Қазбек би шапанының Астана қаласындағы Президенттің мәдени орталығына берілуі, ең маңыздысы болып табылады. Бұл шараға 40-тан астам мәдениет, өнер, Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткерлері қатысты. Мысалы, жиналған жұртшылық Халық жазушысы, сенатор Әбіш Кекілбаев, белгілі қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков, саясаткер, сенатор Қуаныш

Сұлтанов сияқты бірқатар зиялы қауым өкілдерін көріп, лебіздерін тыңдап қуанып қалды.

Осындай айшықты шараларды өткізуге әрине аудан халқының ауызбірлігі, жарасқан ынтымағы негізі болып табылады. Өйткені қазіргі таңда ауданымызда жақсы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптасып отыр. Бұл әрине өздігінен келген жай емес. Бұл, ақсақалдарымыз бен ардагерлер ұйымдары үнемі жүргізіліп келе жатқан тәрбие жұмысы, жастарымыздың еңбекке, білімге, спортқа деген ынта мен талпынысы, діни қарым - қатынастардың дұрыс қалыптасуының нәтижесі деп есептейміз.

Осындай жұмыстардың арқасында, ауданымызда кейінгі жылдар ішінде қылмыспен күресу, қылмыстық оқиғалардың алдын алу жұмыстары өз жемісін беріп келеді.

Халықтың хал ахуалын білуге, оның тыныс-тірлігімен толғанып жүрген мәселелерін ортаға салып, ортақ пікірге келу мақсатында біз жыл сайын барлық ауылдарда әр жылдың қортындысымен тұрғындардың жалпы жиналысын ұйымдастырып, оған әкімдер мен аудан мекеме басшыларын қатыстырып, есептерін бергізіп кездесулер өткізуді жолға қойғанбыз. Аудан әкімінің, ауыл әкімдерінің «Ашық есік күндерін» өткізуді жыл сайынғы дәстүрге айналдыруға тырысудамыз.

Жаңа құрылыстар салынып жатыр, көптеген әлеуметтік маңызы бар нысандарға жөндеу жұмыстарын жүргізу жалғастырылады. Экономиканың нақты секторын дамыту бойынша, шағын бизнес пен туризмді дамыту жұмыстары одан әрі жалғастырылмақ. Аз қамтылған азаматтарды қолдау және әлеуметтік көмек бойынша да шаралар атқарылады.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың Қазақстанды бәсекеге барынша қабілетті дамыған елу елдің қатарына енгізу міндетін орындау мақсатында қолдағы барлық резервтерді іске қоса отырып, аудан экономикасын көтеру жолында әлі көптеген жұмыстар атқарыла береді.

*Құрметті Нихан Иманғалиұлы! Тартымды әңгімеңізге көп рахмет!
Еңбегіңізге жеміс, еліңізге тыныштық пен береке берсін деп тілейміз!*

Қыркүйек 2008 жыл

ДАМУ ҮРДІСІ ДАҒДАРЫС АРҚЫЛЫ ДА ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Әлемдік қаржы және экономикалық дағдарыс кезеңінде елдегі өндірістік және инвестициялық белсенділікті қолдау мен ынталандырудағы мемлекеттік ресурстардың ролі артады. Осындай жағдайда негізгі қызметі өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымдар салаларын инвестициялық несиелеу, сондай-ақ экономиканың шикізаттық емес секторына жекеменшік капиталды тарту болып табылатын Қазақстанның Даму банкінің қызметі ерекше өзектілікке ие болуда. «Қазақстанның Даму банкі» акционерлік

қоғамының президенті Жанат Жақановпен болған сұхбатта осы бағытта жасалып жатқан нақты қадамдар сөз болды.

Құрметті Жанат Шәмшіұлы, Сіз бен біздің кездесуіміз жаңа жылдан кейін өтіп отырғандықтан, сөзді Өзіңіз басқаратын ұжымның өткен 2008 жылғы қызмет қорытындысы туралы әңгімеден бастасақ. Жыл, әрине, оңай болған жоқ. Дегенмен, қандай істер атқардыңыздар, қандай істерді толық атқара алмадыңыздар, сол туралы айтып өтсеңіз.

Жыл әрине барлық банктер үшін оңай болған жоқ. Дегенмен, 2007 жылдың соңындағы алғашқы дағдарыс толқыны барысында алған тәжірибелер бізге үлкен қиындықтарға дайындалуға мүмкіндік берді. Біз тәуекелдерді басқарудың жүйесін қайта құрып, инвестициялық саясатқа түзетулер енгізіп, және ең бастысы қор жасап, биыл «турбуленттік аумағына» еніп отырмыз.

Қиыншылықтарға қарамастан, Қазақстанның Даму банкі тиімді шартпен 1,2 миллиард АҚШ долларынан астам соманың шетелдік заемдарын тарта алды және 700 миллион АҚШ доллары сомасына несиелік желі беру туралы келісімдер жасады. Осының барлығы бізге 2008 жылы өнеркәсіптің шикізаттық емес салалары мен инфрақұрылымдарды несиелеудің жоғарғы қарқынын сақтап қалуға мүмкіндік берді. 2008 жылдың басынан бері екінші деңгейлі банктердің экономика салаларын несиелендіру көрсеткіші тек 7,3 пайызға өссе, Қазақстанның Даму банкінің несиелік қоржыны 130 пайыздан астамға өсіп, 2008 жылдың аяғына қарай 1,7 миллиард АҚШ долларына жетті. Активтер 165 пайыздан астамға артып отыр. Өңдеуші өнеркәсіптің барлық негізгі саласы мен инфрақұрылымдар секторын инвестициялық несиелеудегі Қазақстанның Даму банкінің үлесінің орта есеппен 43 пайыздан 53 пайызға көтерілуі осы жетістіктердің нақты көрінісі болып табылады.

Ағымдағы жылы біз 12 өндірісті іске қостық. Олардың қатарында Қарағанды облысындағы металл кремнийін өндіру зауыты, Ақтөбе мен Шығыс Қазақстан облыстарындағы құрылыс материалдары өндірістері, Алматыдағы көлік-логистикалық орталығы, Ақтаудағы металл-прокат өнімдерін өндіру зауыты, Ақмола облысындағы ет өнімдері комбинаты, Оңтүстік Қазақстандағы тоқыма өндірісі бар. «Солтүстік-Оңтүстік» электр желісінің құрылысы бойынша жобаның бірінші кезегі жүзеге асырылды, «Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысы» жоғары кернеулі желісі пайдалануға берілді, «Өзен-Жетібай» газ құбыры тармағы тартылды. Қысқасы, барлық қиыншылықтарға қарамастан, 2008 жыл біздің банкіміз үшін табысты болды.

Ал егер толық жүзеге асыра алмаған істерге тоқталар болсақ, біз барлық несие өтінімдерін қанағаттандыра алған жоқпыз. Бұл капиталдың сыртқы рыногының жабылуымен байланысты. Біз сараптама жұмыстарын жүргізіп, электр энергетикасы, металлургия, химия сияқты маңызды салаларда 29 жаңа жобаны мақұлдағанбыз. Дейтұрғанмен, қорлардың жасалуын қамтамасыз еткенше, оларды қаржыландыруды кейінге қалдыруға тура келді.

Өз ісіңіздің тәжірибелі және жоғары білікті маманы ретінде біздің еліміздің банк жүйесінің қазіргі жағдайына қандай түсіндірме берер едіңіз? Өзіңіз басқарып отырған банктің бүгінгі жаһандық дағдарыс жағдайындағы халі қандай?

Банктердің салыстырмалы түрде арзандау шетелдік капиталды белсенді тартуы 2000 және 2007 жылдардың аралығындағы кезеңде Қазақстан экономикасында несиелік экспансиясының кең орын алуына сеп болған-тын. Осы кезеңде банктердің несиелеу көрсеткіштерінің орташа жылдық өсу қарқыны 60-70 пайызға жетіп еді. Бірақ та, несиелеу көлемінің өсу қарқынына қарамастан, коммерциялық банктердің өндіріс саласын қаржыландыру әлеуеті толық жүзеге асырылмады, оған капитал қамтымының ауқымдылығы, қаржының өтелу мерзімінің ұзақтығы, өңдеу саласы мен инфрақұрылым секторындағы жобалардың кіріс нормаларының жоғары болмауы сияқты факторлар себеп болды.

Банктердің несиелік қоржындарын әртараптандыру жағдайындағы несиелеудің жоғары рекордтық көрсеткіші келешекте жоғары болмаса да, тұрақты кіріспен қамтамасыз ете алатын, өнеркәсіптің шикізаттық емес саласы мен инфрақұрылым секторындағы жобаларды банктік қаржыландырудың өсуіне біртіндеп сеп болады деп күтілген еді. Бірақ 2007 жылдың жаз айларындағы әлемдік қаржы дағдарысы өз түзетуін енгізді. Өтімділік проблемалары, сыртқы қарыздардың қымбаттауы, актив сапаларының нашарлауы, несиелік рейтингтерінің төмендеуі мен банк жүйесіндегі басқа да бірқатар тәуекелдер әсерінің күшеюі сияқты мәселелер екінші деңгейлі банктердегі несиелік саясатының қайта қаралуына әкеп тіреді. Олардың несиелік саясатын қатайтуы елдегі банктік несиелік көлемінің күрт төмендеуіне әкелді.

ҚР Ұлттық банкінің мәліметтері бойынша, 2008 жылы екінші деңгейлі банктер берген несиелердің көлемі, 2007 жылғы көрсеткіштен екі есеге аз. Әсіресе, негізгі капиталға салынатын инвестициялардың маңызды көзі болып табылатын ұзақмерзімдік несиелер үлесінің азаюы экономикаға қатты әсер етіп отыр. Тағы бір айта кететін жайт, банктік несиелік дағдарысы құрылыс саласынан гөрі, өңдеу саласындағы ең әлсіз өндірушілерге қаттырақ әсер етуде. Коммерциялық банктердің өтімділік дағдарысы біздің жобаларға да әсерін тигізді. Біздің әрбір клиентіміз сонымен бірге өзінің ағымдағы қызметін қамтамасыз етіп отырған коммерциялық банктердің бірінің клиенті болып табылады. Біздің көптеген жобаларымызда коммерциялық банктер тең кредитор болып отыр.

Әрине, коммерциялық банктер тарапынан қаржыландыру құнының шектелуі біздің жобаларымызға теріс әсер етпей қойған жоқ. Көптеген кәсіпорындар айналым қаражатынсыз қалып отыр. Қазақстанның Даму банкі өз клиенттері бойынша осынау ағымдағы проблемаларды шамасы келгенше шешуде, бірақ жалпы алғанда, бұл жүйелі мәселе болғандықтан, біз келешекте заңнамалық тұрғыдан өз қызметімізге белгілі бір түзетулер енгізуді белгілеп отырмыз.

Ал ҚДБ-ның өзіне келер болсақ, ол өз жұмысына тән ерекшелікке байланысты, барлық дерлік коммерциялық банктердің басына түскен бірқатар проблемалардан аман қалды. Атап айтқанда, біз тұрғын үй құрылысы жобаларын, ипотекалық және тұтынушылық несие бағдарламаларын қаржыландырмаймыз. Жалпы алғанда, біз коммерциялық банктерге бәсеке туғызбастан, жоғары рентабельді коммерциялық жобаларға кіріспеуге тырыстық, негізінен өнеркәсіп пен инфрақұрылымның ірі жобаларына назар аудардық. ҚДБ-ның коммерциялық банктерден айырмашылығы - өтімділік дағдарысы ұзаққа созылған жағдайда, ол халық салымдарының азаю тәуекеліне ұшырай қоймады.

2008 жыл қорытындысы бойынша, жоғарыда мен айтып өткен нәтижелер банктің ең маңызды деген инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз етіп, жаһандық дағдарыс жағдайында өзінің тұрақтылығын қамтамасыз ете алуының тағы бір айғағы. Оған қоса, біз инвестициялық жобалар үшін заемдардың бөлігін қайта қаржыландырып, коммерциялық банктерге қомақты қолдау көрсеттік. 2008 жылы біз 7 банкке 340 миллион доллар соманың 17 жобасы бойынша өтімділігін қайтардық. Ең қызығы, дағдарыс кезеңі ҚДБ-ның қаржы және экономикалық жүйедегі ролін нақтырақ көруге мүмкіндік беріп отыр.

Даму банкі еліміздің экономикасы үшін жайлы кезеңде, 2001 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен құрылған болатын. Ол кезде бизнесмендер тарапынан скептикалық және сыни әңгімелер аз айтылған жоқ. Алғашқы жылдары біз тәуекелге бел буып, ірі инвестициялық жобаларды бастадық, кейіннен олардың көбісі коммерциялық банктерге кетіп қалды. Қазіргі үрдіс керісінше, клиенттер Қазақстанның даму банкіне оралуға немесе ауысуға тырысуда. Бизнес мемлекеттің және оның институттарының ролін әдетте, тек қиын-қыстау кезеңде есіне алады ғой.

Қаржылық және саяси тұрғыдан бейтарап Даму банкі бизнеске қолдау көрсетуін жалғастыруда. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің бір түрі ретінде Қазақстанның Даму банкін құру көреген және ойластырылған шешім болғанына бүгінде баршаның көзі жетіп отыр.

Әлемдік несие жүйесі дағдарып тұрған кездегі, Қазақстанның Даму банкінің нақты экономиканың үдеткіш күші ретіндегі ролін айтпай кетуге болмайды. Қазақстандағы инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға Даму банкінің қатысу деңгейі қандай, осы туралы айта кетсеңіз?

Экономиканың шикізаттық емес секторына салынатын инвестициялардың негізгі ағымы өндірістік, көлік, коммуникациялық және энергетикалық инфрақұрылымның қамтылу жағдайына байланысты екені жақсы мәлім. Оның үстіне әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, еліміздің инфрақұрылымын құру және түрлендіру жөніндегі жобаларды жүзеге асыру дағдарысты кезеңдерде экономикалық белсенділікке қолдау көрсету мен еңбекпен қамтамасыз етудің ең оңтайлы тетігінің бірі болып табылады. Осының нәтижесінде, Даму банкі инвестицияларының ауқымды бөлігі

Қазақстандағы стратегиялық инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға тиесілі.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру көрсеткішінің басым үлесі энергетика, көлік және коммуникация саласына келеді. Қазақстан Даму банкінің қатысуымен жүзеге асырылып отырған инфрақұрылымдық жобалардың қатарында стратегиялық маңызы зор нысандар аз емес. Бірінші кезекте, олар - Ақтау халықаралық теңіз сауда айлағын кеңейту, Астана-Алматы учаскесінде талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту, «Солтүстік-Оңтүстік» және «Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе» электр желісін салу, Алматы облысында Мойнақ су-электр стансысын салу жобалары. Алматы мен Астанада көлік-логистикалық орталықтарын ұйымдастыруға, Қандыағаш газ-турбиналық электр стансысының құрылысы мен Жаңажол газ-турбиналық электр стансысын кеңейту, «Шымбұлақ» таң шаңғысы курортын кешенді дамыту сияқты жобаларды да осылардың қатарына жатқызуға болады.

Қазақстанның Даму банкінің қызметіндегі перспективалық бағыттар қандай?

Қазіргі уақытта Даму банкі қызметінің барлық негізгі бағыт-бағдарын біздің акционеріміз - «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры анықтап отыр және алдағы кезеңдегі біздің жұмысымыз Үкіметтің дағдарысқа қарсы іс-қимылдар жоспарын жүзеге асыруға бағытталады болады. Қор өте пәрменді басқарушы командаға ие және барлық шешімдер қалыптасып отырған жағдайларға байланысты жедел қабылдануда.

Біздің банк көптеген инвестициялық холдингтердің жұмысына атсалысуда және өз қызметінде бірінші кезекте белгіленген басымдықтарды ұстанатын болады. Атап айтқанда, Үкімет бағдарламасы аясында инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға «Самұрық-Қазына» қорына 1 миллиардқа жуық АҚШ доллары бөлінеді және 2009 жылы 3 миллиард АҚШ доллары көлемінде тікелей инвестициялар тартылып отыр. Осы жағдайға байланысты біз өзіміздің перспективалық қоржынымызды қайта қарап шығып, ағымдағы жағдайда ең маңызды деген басым жобаларға күш саламыз.

Қор жасау мәселесі ерекше маңызға ие болады және бұл бағытта да біз мемлекеттік қаражаттан басқа, сыртқы ресурстарды тарту жөніндегі жұмыстарды, оның ішінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының Банкаралық бірлестігі аясындағы жұмыстарды жалғастыра береміз.

Біз «Внешэкономбанкпен», Қытайдың Даму банкімен және «Эксимбанкпен», басқа да серіктестермен жақсы іскерлік қатынас орнатып отырмыз. Біз коммерциялық заемдарды синдикациялау жөніндегі жұмыстарды да жалғастырамыз. Байланыстырылған займ алу ісі де дамиды болады. Бұл - бүгінде қолжетімділік сақталып отырған ресурстардың бірі. Бізде өтініштер мен сәйкес ұсыныстар пакеті бар. Коммерциялық банктерді қайта қаржыландыру жөніндегі жұмыстарды да жалғастырамыз.

Даму банкінің қайта қаржыландырылатын жобаларға қойып отырған негізгі талабы - жобалардың Банктің салалық және инвестициялық басымдықтарына сәйкес келуі. Банктің әлеуметтік-жауапкершілікті инвестициялық саясатында қатаң ұстанып отырғандықтан, алкогольдік өнімдер, темекі өнімдерін, қару-жарақтар, есірткі және жарылғыш заттарды өндірумен айналысатын жобалар қайта қаржыландыруға жатпайды. Ал заем сомасы 5 миллион доллардан кем болмауы, ал жобалар бойынша заем мерзімі - 5 жылдан кем болмауы керек.

Қараша айының соңында Қаржыгерлер қауымдастығының қолдауымен біз банктерге тиісті ұсыныстар жасадық. Қазақстанның Даму банкі бүгінде жалпы сомасы 1,2 миллиард АҚШ долларының инвестициялық жобаларын қайта қаржыландыруды мақұлдады, олардағы Банктің қатысу үлесі 800 миллион доллардан астам. Бізде ағымдағы жылда жағдайдың бәрі реттеле қалады деген иллюзия жоқ. Алайда бүгінгі дағдарысты біз даму жолындағы кезекті сынақ ретінде қарастырып отырмыз. Сонымен қатар, бұл өз жұмысымызға жаңаша баға беретін кезең де. Бірақ біз Қазақстан экономикасы осынау кезеңнен шынығып шығатындығына сенеміз. Біздің экономикамыз дағдарыс арқылы да дами бермек. Ол үшін біз қолымыздан келгеннің бәрін жасайтын боламыз.

Қаңтар 2009 жыл

ЕҚЫҰ – ҚАЗАҚСТАНҒА ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АШАДЫ

Жақында ғана ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қ. Тоқаев бастаған қазақстандық делегация Австрияның Вена қаласында ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы VIII сессиясының жұмысына белсене қатысты. Осы маңызды саяси оқиға алыстаған сайын Қазақстан үшін бұл сапардың маңызы арта түседі. Шынтуайтында, бұл ЕҚЫҰ «үштігі» жұмыс төрағаларының мүшесі ретінде ғана емес, біздің мемлекетіміздің осы Ұйымның болашақ төрағасы ретіндегі өзіндік бір күш-қарымын байқау іспетті болды. Мұның біз ойлағандай болғанын атап өткен жөн, өйткені, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының құрметті төрағасы, Швеция Парламентінің халықаралық істер жөніндегі комитетінің төрағасы Й.Леннмаркердің Қазақстан - Еуразия кіндігіндегі үздік ел ретінде көп ұзамай ЕҚЫҰ үлкен отбасының назарында болады, деген пікірінің өзі көп нәрсені аңғартты. Мұның сыртында ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының төрағасы Ж.Соарештің, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының Орталық Азия бойынша өкілі К.Кильюеннің, Еуропарламенттің басқа да салмақты өкілдерінің дуалы пікірлерін қосуға болады. Қазақстанның және оның көшбасшысы Н.Назарбаевтың атына Австрия жоғары басшылығының тарапынан жылы лебіздер білдірілді. Сапардың барысына шетелдік ақпараттық агенттіктер оң тұрғыдан түсініктемелер берді. Әдетте ішкі сезімін сыртқа шығара бермейтін, халықаралық ауқымдағы дипломат

*Қасым-Жомарт Кемелұлының өзі де журналистермен кездесуде, өзінің зор халықаралық байланыстар тәжірибесіне қарамастан, сапар ол үшін барлық жағынан да қызықты, барынша мазмұнды, жемісті болғанын және оның нәтижелеріне риза екенін айрықша мәлімдеді. Сондықтан да болар, ҚР Парламенті жоғарғы палатасының спикері **Қасым-Жомарт Тоқаев** бұл тақырыпқа толығырақ әңгімелесуге ықылас білдірді.*

Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Сіздің ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясында таза ағылшын тілінде сөйлеген жарқын сөзіңіз, ҚР Парламенті делегациясы атынан жасалған тамаша қабылдау мен Қазақстан өнер шеберлерінің қызықты концерті, Сіздің Австрия Республикасының президентімен және парламенттегі әріптестеріңізбен ойдағыдай өткен келіссөздеріңіз көп жағдайда Венада бізге достық пен ізгі ниетті рәуіштің орнауына зор ықпал етті. Осынау игі сезім менің есіме бұдан жарты ғасыр бұрынғы жайды еріксіз еске түсіріп отыр. Сол кезде Лондонда халқымыздың даңқты ұлы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өзінің сымбатты тұлғасымен, кенен ақыл-парасатымен жаһандық ауқымдағы саясаткер Уинстон Черчилльдің таңданысын тугызып, қазақ ұлты жөнінде жарқын әсер қалдырған болатын. Парламенттік делегацияның осы бір сапарының мақсаттары мен міндеттері туралы айтып берсеңіз?

Жылы лебізіңіз үшін рахмет. Ал сапардың өзіне келетін болсақ, оны екі түрлі кеңістікте қарастыруымыз қажет. Біріншісі - ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының қысқы сессиясы отырыстарына парламенттік делегация басшысы және ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының вице-президенті ретінде қатысуым. Сессия барысында біз «Еуропаға жол» бағдарламасын таныстырдық. Екіншісі - Парламенттің қос палатасының спикерлерімен екіжақты келіссөздерді, сондай-ақ Австрия президенті Хайнц Фишермен кездесуді қамтыды. Алғашқы мәселеге байланысты айтар болсам, қысқы сессияға қатысуымыз ойдағыдай болды. Таныстырылым тиісті деңгейде өтті. Қалай болғанда да, таныстырылым аяқталғаннан кейінгі айтылған пікірлер ойға алған мақсатымызға жеткенімізді аңғартады.

Еуропалық қоғамдастықтың пікірінше, біз осы жолдың бастауында тұрмыз және болашаққа үлкен негіз қаладық. Әрине, Еуропалық қоғамдастық біздің оның мүшесі болуға ұмтылысымызды және ЕҚЫҰ стандарттары мен құндылықтарын жақтайтынымызды жоғары бағалайды. Сонымен бірге, ЕҚЫҰ «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы мүлтіксіз жүзеге асырылуға тиіс деп санайды. Иә, бізден «Еуропаға жол» бағдарламасын күткен болатын және оны тыңдауға ерекше ықыласты болды. Бағдарламаны қысқаша түрде баяндадық, өйткені оның кеңейтілген нұсқасы өзге де Қазақстан жайлы таныстырылымдық материалдар сияқты еуропалық парламентшілер арасында алдын ала таратылғанын ескердік.

Мен өз сөзімде Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға болашақ төрағалығындағы басты басымдықтарға тоқталдым. ЕҚЫҰ-да, атап айтқанда, парламентшілер арасында бұл тұжырымдар лайықты қабылданды. Біз Ұйымда қандайда бір түбегейлі өзгерістер жасау мақсатын көздемейміз. Біз ЕҚЫҰ әлеуетін

нығайта түсу жөніндегі жұмыстарды жалғастыруды, қауіпсіздіктен бастап экономикалық, қоршаған ортаны қорғау, соның ішінде әрине, адами өлшемдерді қоса алғанда, әртүрлі бағыттарда оның мандатын күшейтуді жақтаймыз. Мен бұл бағыттардың бірде-бірін жоққа шығармайтынымызды мәлімдедім. Керісінше, біз осы үш өлшемді ілгері қарай жылжытып, нығайта түсетін боламыз. Иә, аймақтағы қауіпсіздіктің үлкен маңызы бар. Атап айтқанда мен Ауғанстанды мысалға келтірдім, ал шындап келгенде ЕҚЫҰ тұрғысынан Орталық Азия аймағы келешекте ынтымақтастықты дамыту тұрғысынан алғанда тиісті назар аударуды қажет етеді. Екіжақты байланыстар жөнінде айтар болсам, маған үлкен әсер еткен Австрия президенті Хайнц Фишермен кездесуімді ерекше бөліп көрсеткім келеді. Ол Гарвардта оқыған және ағылшын тілін еркін меңгерген. Сондықтан біздің келіссөздеріміз ағылшын тілінде өтті. Мен біздің Президентіміздің оған сәлемі мен игі тілектерін жеткіздім және екі жақты ынтымақтастықты жалғастыру үшін Қазақстанда австриялық президенттің сапары асыға күтіліп отырғанын атап өттім. Осы ретте мына бір жайға көңіл бөлген жөн. Австрия жас Қазақстанға елеулі қаржылай көмек көрсеткен алғашқы мемлекет болды - сол кездегі Австрия канцлері Враницкийдің шешімімен 300 миллиондық несие берілді. Біздің осы бір игі іске деген ыстық ықыласымыз Вена тарапынан ризашылыққа бөленуде. Бұл түсінікті де. Жақсының жақсылығын айту, қалай болғанда да, адамның нұрын тасытып, жанын жадырататыны құпия емес. Біз екіжақты қатынасымызда біраз нәтижеге қол жеткізгенімізді қанағаттанғандық сезіммен атап өттік. Қазір сауда айналымы бір миллиард доллардан асып отыр.

Австрияның энергия ресурстары қажеттілігінің 20 пайызы Каспий құбыр консорциумы арқылы Қазақстаннан өтеледі. Бүгінде қазақстандық нарықта 50-ге тарта бірлескен кәсіпорын табысты жұмыс істеуде. Мәселен, австриялық «Vamed» медициналық компаниясы Астанадағы Ана мен бала орталығына менеджмент жасау үшін оңтайлы келісімшартқа отырды. Астана мен Вена арасында тікелей әуе қатынасы ашылып, екі ел арасындағы қатынастардың елеулі серпін алуына оң ықпал тигізіп отыр. Австрия «Nabucco» жобасын жүзеге асыруға мейлінше мүдделі болғандықтан мен Қазақстанның бұл тұрғыдағы принциптік негізге құрылған ұстанымын толық күйінде ұсындым.

Жалпы Қазақстан мұнай құбырларының көп болғанын жақтайды. Сондықтан біз де «Nabucco» жобасына елеулі маңыз беріп отырмыз. Бұл мәселе Еуроодақ ұйымының төрағасы, Чехия Премьер-министрі Мирек Тополанектің жақында болған Астанаға сапары кезінде де егжей-тегжейлі талқыланған болатын. Мен Австрия президентіне бұл жобаны жүзеге асыру үшін Каспий теңізінің түбімен құбыр тарту қажет екендігін және Ресей мен Иранның бұған деген ұстанымдарын ескере отырып, түйінді мәселелер туындайтынын айттым. Мұның сыртында мына бір бір мәселені де ескеру қажет, ол - бірқатар орталықазиялық елдердің басқа елдерге энергия ресурстарын жеткізу жөніндегі міндеттемелері. Атап айтқанда, әңгіме Түркіменстанның Ресейге едәуір көлемде мұнай мен газ беріп отырғанын

және ҚХР-ға 40 млрд. текше метрге дейін газ жеткізу жөніндегі міндеттемесі туралы болып отыр.

Жалпы алғанда шешімін табуға тиісті мәселелер жеткілікті. Дейтұрғанмен, Қазақстан бұл мәселенің оң шешімінің түрлі нұсқаларын талқылауды жалғастыруға әзір. Бұл тақырып біздің Австриямен екіжақты қатынастарымызда да үнемі көтеріліп отырылатын болады. Саяси тұрғыдан келгенде, біз көптеген халықаралық ұйымдарда бірлесе іс-қимыл жасаймыз. Қазақстан Австрияның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретіндегі кандидатурасын қолдағаны белгілі. Австрия тарапынан біздің бұл шешіміміз зор алғыспен қабылданғанын Хайнц Фишер ерекше атап өтті. Австрия президенті «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасына зор ықыласын білдірді. Ол бұл бағдарламаны таныстыру барысында менің баяндамада қандай негізгі мәселелер жөнінде айтылғаны, Қазақстан өзінің ЕҚЫҰ-ға болашақ төрағалығы кезінде қандай басымдықтарға назар аударатыны жөнінде кеңінен айтып беруімді өтінді. Ол сонымен қатар орталықазиялық аймақтағы жағдайға, ядролық қаруды таратпау режимі бойынша, атап айтқанда Иран және оның ядролық бағдарламасы бойынша біздің ұстанымымызға да ден қойды. Көтерілген мәселелер төңірегінде оған толыққанды ақпарат берілді. Біз Австрия президенті Қазақстанға өзіне қолайлы уақытта келуі жөнінде уағдаластық. Менің Австрия парламенті палаталарының скиперлерімен болған келіссөздерім де мазмұнды, пайдалы және қызықты болды. Біз Қазақстан мен Австрия арасындағы екіжақты қатынастардың жалпы кешенінде парламенттердің өзара үн қатысуы өте маңызды екеніне келістік.

Олардың парламенттік ынтымақтастық пен диалогқа мүдделі болып отырғанын атап өткен жөн. Біздің Сенат пен Мәжілістегі сияқты олардың Парламентінде де ынтымақтастырушы топтар жұмыс жасайды. Сондықтан да, менің ойымша, парламенттік ынтымақтастық алдағы уақытта өзінің оңтайлы жалғасын табады.

Қысқы сессияның тағы бір тақырыбы туралы әңгімелессек. Мәселе Ресей мен Франция президенттерінің еуропалық қауіпсіздіктің жаңа сәулетін жасау жөніндегі бастамалары туралы болып отыр. Жалпы бұл тақырып қызу пікірсайыс туғызғанын және парламентшілердің пікірі екіге жарылғанын айту қажет. Егер бір жақ ЕҚЫҰ-ны түбегейлі реформалауды ұсынса, екінші жақ Ұйымды реттеу тетіктері онсыз да жеткілікті екенін алға тартты. Бұл тұрғыдан Қазақстанның ұстанымы жайлы не айтуға болады?

Жоғарыда атап өткенімдей, біз ЕҚЫҰ-ның әлеуеті жетілдіріле түсуі үшін оны жаңартуды жақтаймыз. Яғни Ұйымды бүлдіруге әкеп соғатын түбірлі өзгерістер жөнінде әңгіме болуы мүмкін емес. Ресей ұстанымына, атап айтқанда оның президентінің француз президентімен бірлескен тұғырнамасына келетін болсақ, біз "Медведев-Саркози" жоспарына оң қараймыз. Расында да, Ұйымда реформалар жасау қажет. Шындап келгенде біз бұл мәселені Ресейден де, Франциядан да бұрын көтерген болатынбыз.

Жалпы ЕҚЫҰ-ны әртүрлі кезеңдерде өздерінің жеке мүдделерін өткізу үшін құрал ретінде пайдалануға тырысқан сәттердің болғаны кұпия емес. Егер Ресей 90-шы жылдардың басында ЕҚЫҰ-ны НАТО-ға қарсы күш есебінде қарастырса, АҚШ оны сайлау үдерісін және басқа да мәселелерді бақылайтын таза гуманитарлық ұйымға айналдыруға күш жұмсады. Бірақ та жағдай өзгерді, бұл Ұйымға деген көңіл толмаушылық ұлғая берді. Осы уақытқа дейін заңгерлер Варшавадағы Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросының қаншалықты заңды екендігі туралы пікір таластыруда. Югославияның мемлекет ретінде таралуы, оның бұрынғы аумағындағы жаңадан пайда болған мемлекеттердегі электоралдық үдерістер де өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Қазір пікірталастар мүлдем басқа арнада өрбүде, атап айтқанда таяу болашақта Ұйым қандай болмақшы және жалпы алғанда Еуроатлантикалық қауіпсіздік дегеніміз нені білдіреді?

Ресейдің негізгі ұстанымы - қауіпсіздіктің бөлінбейтіндігіне саяды. Бұл орайда Қазақстан Ресей Федерациясын қолдауы тиіс және мен бұл ұстанымның жеткілікті негізі бар деп санаймын. Сондықтан да біз ЕҚЫҰ ауқымында да Ресейдің жақтасы болып қала береміз. Ресейдің ЕҚЫҰ-ға артатын негізгі кінәсі - Казказдағы жанжалдар кезінде ол қарекет жасамады, сөйтіп, өз миссиясын орындамады. Мұнымен де келісуге болады. Алайда, бұл орайда біздің ұстанымымызда да белгілі бір түйткілдер бар, оның мәнісі мынада: біріншіден, біз ЕҚЫҰ қызметінің шеңберіне Орталық Азияны тартқымыз келеді, екіншіден, нақты шешімдер қабылдауда олардың тиімдірек болғанын қалаймыз. Бұл әрине, Ұйымды толықтай жаңартуды қажет етеді.

Бірегей географиялық жағынан алғанда Ванкуверден Владивостокқа дейінгі аралықты алып жатқан ЕҚЫҰ-ға Қазақстанның қатысуы орынды деп білеміз, өйткені біздің аумағымыздың бір бөлігі Еуропада жатыр. Басқа орталықазиялық республикалардың 90-шы жылдардың басында бұл ұйымға кіруі талас туғызғаны рас. Дегенмен бұл Ұйымның мейлінше ерекше екендігін ескерсек, күн тәртібінде бұл мәселе қазір тұрған жоқ, керісінше, олардың бұл Ұйымда болуы оның күш-қуатын арттыруда. Соңғы кездері ЕҚЫҰ қызметінде бетбұрыстар бар. Егер бұдан бес жыл бұрын ЕҚЫҰ-да тек қана электоралдық үдерістер, демократия мәселелеріне көңіл бөлінген болса, бүгінде оның күн тәртібінде қауіпсіздік, экономикалық, қоршаған ортаны қорғау сияқты жаңа өлшемдер пайда болды және олар күн өткен сайын күш ала түсуде. Мұның өзі оң құбылыс ретінде қабылдауға тұрарлық, сондықтан да біз бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыра беруге ниеттіміз.

Осы өзгерістерді ескере отырып, Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросының перспективалары жөнінде не айтуға болады. Парламенттік Ассамблеяның осы институтпен қарым-қатынасы бұдан әрі қалай құрылады?

Менің пікірімше, гуманитарлық өлшемдер, яғни адам құқықтары ЕҚЫҰ үшін әрқашан да өзекті болмақ. Алайда ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы мен Демократиялық институттар және адам құқықтары

бюросының арасында белгілі бір кедергілер бар және олар ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының қысқы сессиясы отырысының ашылуы кезеңінде де байқалды. Парламенттік Ассамблея өзін толыққанды қабілетті орган санайды және сайлауға бақылау жүргізу сияқты мәселеде штаб-пәтері Варшавада орналасқан Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросына басымдық беруге ниетті емес. Бұл орайдағы Қазақстанның ұстанымы айқын. Біз Парламенттік Ассамблея өзінің маңызды ролін атқаруы тиіс деп санаймыз, оның үстіне мен осы құрылымның вице-президентімін ғой. Дейтұрғанмен, Бюроның да маңызын жоққа шығаруға болмайды, сондықтан да Қазақстан онымен барлық кешенді мәселелер төңірегінде ынтымақтасуға әзір. Мен өз сөзімде Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросының мандатын толық қуаттайтынымызды арнайы атап көрсеттім. Жалпылай айтқанда, бейресми және жеке әңгімелерде, бейресми басқосуларда біз туралы «Қазақстанның ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясындағы орны ерекше» деген пікірлер жиі естілді. Мұндай баға әрине, біздерді марқайтып қана қоймай, тың салада белсендірек әрекет етуімізге итермелеуге тиіс.

«Жақсы сөз - жарым ырыс» деген ғой. Дегенмен, алда тұрған міндеттердің де аз емес екендігі белгілі. Оның үстіне Қазақстан ЕҚЫҰ «Үштігіне» кірісіп кетті. Бұл жөнінде бүгін қандай да бір нәтижелер туралы айтуға бола ма?

Шынында да, 2009 жылғы қаңтардың 1-інен бастап Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы төрағалығының «Үштігі» құрамына енді. ЕҚЫҰ рәсімдерінің ережелеріне сәйкес «Үштік» Ұйымның қазіргі (Грекия), бұрынғы (Финляндия) және келесі (Қазақстан) төрағаларынан құралады. «Үштік» іс-қимылдарды үйлестірудің және ортамерзімдік жоспарлаудың маңызды құралы болып табылады. Бұл орган Ұйым қызметінің сабақтастығын қамтамасыз етеді және қазіргі қызметтегі төрағаға кеңес береді. Қазақстан тарапынан жұмыстар басталды және ол Сыртқы істер министрлігі тарапынан жүргізіліп отыр.

Сыртқы істер министрлігінде арнайы топ құрылып, ағымдағы мәселелермен айналысуда. Жалпы төрағалық ету деген мейлінше жауапты іс екендігін ашып айтқан жөн. Ол барлық еуроатлантикалық кеңістіктегі он тоғыз миссия қызметіне шолу және бақылау жасау деген сөз. Мұның өзі жалпы жағдайды ғана біліп қоймай, ЕҚЫҰ-ның ерекшеліктері туралы да деректерді меңгеруді қажет ететінін сөзсіз. Біздің миссиямыз қызметін қамтамасыз ету үшін техникалық тұрғыдан да жарақтануымыз қажет. Кім біледі, мүмкін, біздің «Үштікке» қатысуымыз, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіміз Қазақстанда электрондық үкіметті құру үдерісін жеделдетуге септігін тигізеді. Қалай болғанда да, Қазақстан үшін ЕҚЫҰ-ға төрағалық тарихи оқиға ғана емес, құрметті әрі жауапты миссия.

Сонымен қатар 2011 жылы Ислам Конференциясы ұйымына да төрағалық ететінімізді естен шығармауымыз керек. Мен өз сөзімде бұл туралы арнайы атап өттім. Менің бұл мәлімдемем едәуір сілкініс тудырды,

көбі Ислам конференциясы ұйымына төрағалық ететінімізден хабарсыз болып шықты. Ал бұл ұйым сипаты жағынан ЕҚЫҰ-дан мүлдем өзгеше. Қорыта келгенде, Қазақстан өзінің сыртқы саяси ұмтылыстары бойынша көпфункционалы мемлекет екенін көрсетеді. Ең керегі де - осы.

Мен бәрімізге ізгілікті ұмтылыстарымызға табыс тілей отырып, Сізге мазмұнды сұхбатыңыз үшін рахметімді айтамын!

Наурыз 2009 жыл

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС: ҚАЗІРГІ ЗАҢНАМАҒА ӨЗГЕРІСТЕР ҚАЖЕТ

2010 жылғы 4-ші қараша күні «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес парламентаризм институтымен, БҰҰ-ның Даму бағдарламасымен және ЕҚЫҰ-мен бірлесіп, алдағы он жылға арналған Жемқорлыққа қарсы тұру жөніндегі жаңа стратегияның жобасы талқыланған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізген болатын. Бұл стратегияның басты міндеті - мемлекет пен қоғамның жемқорлықты тугызушы жағдайларды азайтуға бағытталған күш-жігерін біріктіру. Форумда «Бас редакторлар клубы» вице-президенті, «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес мүшесі Мірболат Күнбаев сөз сөйлеп, нақты ұсыныстарын айтты. Төмендегі сұхбат солар жәйлі.

Мірболат Тоқмырзақұлы, менің білуімше, жемқорлықпен күрес «Бас редакторлар клубының» әрдайым назарында. Бұның мәнісі неде және қазір осы індетпен күресте ауыз толтырып айтатындай қандай да бір нәтижелер бар ма?

Шынында да, «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігі 2007 жылдың қоңыр күзінен бері, яғни ресми тіркелген сәттен «Нұр Отан» партиясының жемқорлықпен күрестегі қызметіне белсене араласып кетті. Бұл түсінікті де. БАҚ арқылы жемқорлық қылмыс фактілерін жариялау және оған қатысы бар кез-келген дәрежедегі шенеунікті әшкерелеу, мықты журналистік зерттеулер сияқты біздің қоғамда жемқорлық көріністеріне төзбеушілік жағдайын және жазаның қолданылмай қалмайтындығына сенімділікті қалыптастыруға көмектеседі.

Бәріміз білетіндей, «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес 2008 жылдың 3 наурызында құрылды. Ал 10 күннен соң кеңес пен «Бас редакторлар клубы» арасында жемқорлықпен күресте қоян-қолтық жұмыс істеу туралы Меморандумға қол қойылды, онда жариялылық, өзара сенім және бір-бірінің ішкі істеріне араласуға жол бермеу негізінде ынтымақтасудың қағидаттары көрініс тапқан. Яғни, «Нұр Отан» партиясының орасан зор саяси әлеуетінің және қазақстандық БАҚ-тың ауқымды мүмкіндіктерінің біріктірілуі жүзеге асты.

Атап өтерлігі, партия мен БАҚ-тың өзара әрекеттесуі «Нұр Отан» ХДП жанындағы Жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі медиа-орталықтың құрылуына ғана емес, сондай-ақ жемқорлықтың көптеген фактілеріне жариялылық берген жемқорлыққа қарсы бағыттағы журналистік пулдардың құрылуына ұласты. Сонымен қатар журналистер арасында жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбындағы үздік материалдарға, лауазымды тұлғалар жемқорлығының нақты фактілері бойынша - журналистік зерттеулер жүргізуге үйрететін семинарлар үнемі өткізіліп тұрады. Баспасөздердегі көптеген мақалалар мен айдарлар, сондай-ақ журналистік зерттеудің қорытындылары бойынша түсірілген сюжеттер мен телеарналардағы арнайы бағдарламалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпқа арналды.

Дейтұрғанмен, БАҚ халықты құқықтық тұрғыдан оқыту жөніндегі бағдарламаларды жасау, жағымсыз әлеуметтік көрініс ретінде қоғамда жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын қалыптастыру тұрғысында әлі де көп еңбектенуі қажет. Менің ойымша, жемқорлықпен күрес тақырыбындағы телевидениедегі арнайы бағдарламалар мен баспасөздердегі айдарлардың жеткіліксіз қаржыландырылуы - бұл бағыттағы жұмысты ілгерілетуге кедергі болып тұрған себептердің бірі. Осыған байланысты, ақпарат бойынша мемлекеттік тапсырысты жасайтын мемлекеттік органдар аталмыш мәселеге ыждаһатпен қараса нұр үстіне нұр болар еді.

Бұл әлеуметтік індетпен күрестің тиімділігі тек бұқаралық ақпарат құралдары жемқорлыққа қарсы қызметті тиімді көрсеткенде, журналистік зерттеулерді мұқият жүргізгенде ғана емес, сонымен бірге құқық қорғау органдары жүргізіліп жатқан тексерулерді, қозғалған қылмыстық істерді кеңінен жариялай отырып істі аяғына дейін жеткізгенде, тергеудің барысы туралы хабарлап және сот үдерістерінің ашықтығын қамтамасыз еткенде ұлғаятын болады.

Қайшылықтарға қарамастан, өткір мәселелердің барлығын бірлесіп шешу қажеттігімен келіспеу қиын, бұл - біздің ортақ ісіміз. Алайда оларды шешу кезінде көптеген кедергілерді де еңсеруге тура келеді. Мәселен, БАҚ қызметкерлері журналистік зерттеулерді жүргізу барысында қандай қиыншылықтарға тап болады?

Мемлекеттік органдардың байланысқа түсуді қаламауы және материал дайындау барысында, әсіресе «мундирдің абыройына» нұқсан келген немесе «іштегі кикілжіңді» тысқа шығаруды қаламайтын кезде, қол ұшын созбаулары әлі күнге дейін басты мәселе ретінде қалып отыр. Шенеуніктер баспасөзбен байланысқа селқос түседі, сұхбатқа арналған уақытты барынша созады, жоқ жерден сылтаулар табады. Бірқатар мемлекеттік органдарда баспасөзбен қарым-қатынас жасаудың «жасырын тәсілі» жолға қойылған, мұндайда олар түсініктеме беруден бас тартпайды, ақпаратты бір ай ішінде беру туралы заң нормаларына сілтеме жасап, жазбаша сұрау жіберуді өтінеді. Әрине, бұндайда журналистің қолынан келетін қайран жоқ, себебі бұдан кейін ресми «сырғытпа жауап» келеді, не болмаса дәл қазір қажет ақпарат кеш берілетін болады.

Сондай-ақ кейбір БАҚ-тардың жергілікті атқарушы органдармен «қарым-қатынасын бұзғысы келмейтін» мысалдар да бар, бұл әсіресе жергілікті мемлекеттік органдардың тікелей өзіндегі, не болмаса оған бағынысты органдардағы жемқорлық тетікті зерттеу туралы әңгіме қозғалған жағдайларда білінеді. Көбінесе, бұл көптеген БАҚ-тардың жергілікті әкімдіктің мемлекеттік ақпараттық тапсырысына байланып отырғандығынан болып жатады. Олар үшін «іштегі кикілжіңді» тысқа шығару әрекеті қолайсыз, өйткені келесі жылғы кезеңге арналған мемлекеттік тапсырыстың тағдыры қыл үстінде қалуы ықтимал.

Осыған байланысты «Нұр Отан» ХДП және Жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес бұндай БАҚ-тарға жемқорлыққа қарсы күрес қызметінде қандай да бір «қауіпсіздік кепілін» беруі тиіс деп есептеймін. Егер шенеуніктің жемқорлыққа қатысы бар болса, БАҚ-тардың оның лауазымына, дәрежесіне, бұрынғы еңбегіне қарап жалтақтамай, батыл қимылдауы үшін бұл, яғни «қауіпсіздік кепілі» биік мінберден мәлімделгені жөн.

Ал Байланыс және ақпарат министрлігі жергілікті жерлердегі жемқорлыққа қатысты зерттеулерді жүргізу үшін республикалық бюджеттің қаржысын мейлінше кеңінен іске қосуы қажет. Тіс қаққан шетелдік журналистерді шақырып немесе өзіміздің журналистерімізді әлемнің жетекші телеарналарына тәжірибеге жіберіп, арнайы семинарларда журналистік зерттеулердің шеберлерін тұрақты негізде дайындаған жөн.

Иә, Сіздің дәлелдемелеріңіз жемқорлыққа қарсы туру жөніндегі «Нұр Отан» ХДП бағдарламасымен қисынды қабысып жатыр. Партия үшін жалпы алғанда БАҚ саласында, сондай-ақ журналистер жұмысын қалыпты жағдаймен қамтамасыз ету тұрғысында тағы қандай мәселелерді маңызды деп есептейсіз?

Журналистің қызметіне қатысты айтатын болсақ, біздің көзқарасымызша, заңнаманың мына ережесін: жасырын камерамен түсіруге, сұхбат беруші шенеуніктің алдын-ала келісімінсіз сұхбатты диктафонға жазуға тыйым салынған бөлігін қайта қарастыру қажет. Және БАҚ-тағы диффамация үшін журналисті қылмыстық жауапкершілікке тартуды біржолата жою қажет. Қазақстанның журналистік қоғамдастығы БАҚ үшін қосымша құн салығын жоюды да жақтайды және бұл мәселеде еліміздегі жетекші саяси күш ретінде «Нұр Отанға» үлкен үміт артады. Еске сала кетейін, Президенттің жарлығы бойынша жеңілдіктің бұндай түрі бұрын Қазақстанда үш жыл бойы қолданыста болды және БАҚ-тың экономикалық тәуелсіздігінің нығаюына әрі медиа-нарықтың пайда болуына ықпал етті. Қазіргі экономикалық жағдайда БАҚ үшін бұндай жеңілдікті қалпына келтіру дер кезіндегі шара болар еді. Оның үстіне ДСҰ-ға мүше елдердің, мәселен Норвегия мен Қырғызстанның Конституциядағы сөз еркіндігі мен ақпаратты тарату еркіндігі туралы нормалардың үстемдігін ойға түйе отырып, аталмыш жеңілдікті өздерінің БАҚ-тарына қолданып жатқан мысалдар бар. Қазіргі таңда БАҚ-тардың сот процестерінің барысын

көрсетуге сирек бел буатыны құпия емес, не болмаса қолданыстағы заңнамада сотқа ықпал еткені үшін жауапкершілікке тарту қарастырылған.

Алайда осы «ықпалдың» нақты заңдылық анықтамасы жоқ. Сондықтан да азаматтардың ақпарат алу құқықтарын, соның ішінде сот мәжілісінің залынан, ескере отырып, заңнамалық нормаларды пысықтау қажет. Сондай-ақ жемқорлық фактілері туралы ақпараттарды жинауды және таратуды жүзеге асыруда БАҚ-қа кедергі келтіретін лауазымды тұлғаларға қолданылатын жауапкершікті тайға таңба басқандай етіп жазу, журналистердің ақпарат алатын көздерінің құпиялылығын сақтау институтын күшейту қажет.

Тағы бір өзекті мәселе - қазіргі заңнамада моральдық зиян және абыройы мен қадыр-қасиетін қорғау ісі бойынша БАҚ-қа талап мерзімі бекітілмеген. Сондықтан талаптың шекті мерзімі бір жылды қалпына келтіруді ұсынамыз. Біздің көзқарасымызша, моральдық зиян жөніндегі істер бойынша БАҚ-қа талап-арызды қою кезінде шамаластық қағидатын заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет. Бұл миллиондаған талап-арыздың БАҚ-тардың бүлінуіне алып келмесі үшін қажет, ал теріске шығару жарияланымы азаматтың абыройы мен қадыр-қасиетін қалпына келтірудегі негізгі дәлел бола алады.

«Нұр Отан» масс-медианы құқықтық қорғаудан басқа, журналистік ұйымдармен бірлесіп журналистердің әлеуметтік қорғалу мәселесін де пысықтай алады деп есептеймін. Журналистер үшін баспана алу түйткілді мәселе күйінде қалуда, редакциялар үшін кеңселерді жалға алу өткір проблема, газеттерді тарату «Қазпошта» АҚ сынды монополист нарықты жаулап алған жағдайда жүзеге асырылуда, бұл олардың таралымының төмендеуіне әсер етуде. Журналистер өздерінің кәсіби міндеттерін орындау кезінде қоғамдық көлікте тегін жүрумен қамтамасыз етілмеген.

Айтқандарыңызды сараласақ, «Бас редакторлар клубы» дәйекті дамулары үшін бүкіл БАҚ-тың қамын іс жүзінде күйттеп жүргенін байқаймыз. Сіздің БАҚ өкілдеріне айтатын қандай тілегіңіз бар?

Сөз жоқ, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда және жемқорлыққа қарсы қызметті дәріптеуде БАҚ-тың рөлі зор. Және БАҚ қашан да жоғары талаптардың деңгейінен табылуы тиіс. Сонымен бір мезгілде дүдәмал және жалған ақпараттарды таратқаны үшін қоғам алдында жауапты екенін журналистердің есіне салғым келеді. Соттың шешімі заңдық күшіне енгенге дейін адамдарға жемқор атауын таңуға және тек қылмыстық істің қозғалғаны бойынша күнібұрын теріс қоғамдық пікір қалыптастыруға болмайды. Қозғалған іс әрдайым айыптау үкімімен аяқталмайтынын және күдіктінің кінәсі сотта дәлелденбей жататынын тәжірибе көрсетуде. Сондықтан да - кінәсіздік презумпциясы тергеу сатысындағы негізге алынатын қағидат болып табылады және азамат айыпты ма, жоқ па оны тек сот қана анықтайды. БАҚ бұл туралы еш уақытта ұмытпауы тиіс!

Қараша 2010 жыл

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ЖАРҚЫН ЖҮЗДІ ЖАНДАРҒА ЖЫЛЫ ЛЕБІЗ

ШОҚТЫҒЫ БИІК, ЖҮРЕГІ АДАЛ, ЖАНЫ ТАЗА

Ұлы Абайдың қара сөздерін тағы бір қайтара парақтап отырып, назарым оның он төртінші сөзіне түсті: «Қазақ та адам баласы зой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүрекке жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады». Осы бір сөзге ден қояр болсам, мен өзімді өмір жолымда жолықтырған адамдардың алдында қарыздар санаймын. Әр адам өз алдына бір әлем, оның өзіне ғана тән тұла бойына туа біткен қадір-қасиеті, тылсым дүниесі, ерекше болмысы бар. Яғни, жаны жайсаң, жарқын жүзді, рухы биік адамдардың саған берер сыйы мол әрі шексіз.

Сондай бір мінезге бай, көркіне көз сүйсінер сырбаз азаматтардың бірі – өзіміздің Нүрекен, Нұрперзент Домбай. Өткен жүзжылдықтың еншісіндегі 58-дің ерте көктемінде маңдайын күннің нұрлы шуағына шомылдыра отырып, дүние есігін ашқан азамат бүгінде «ердің жасы елуге» келіп отыр.

Нұрперзенттің азамат болуына, өмірге құштар болып өсуіне оның туып өскен ортасы – кезінде оғыз қағанатының орталығы саналған Жаркент орын тепкен, яғни тарихы әріде жатқан қасиетті өлке Қазалы топырағы өлшеусіз үлес қосты десем, әсте қателеспеймін. Бұл өңір сонымен бірге аса көрнекті мемлекет қайраткері Самарқанды 40 жыл билеген әйгілі Жалаңтөс Баһадүрдің, жергілікті халық айбын, пір тұтатын атақты Жанқожа батырдың дүниеге келген жері. Қазалы кешегі жастардың жалынды жетекшісі болған Ғани Мұратбаев, бұлбұл әнші Роза Бағланова тәрізді елімізге танымал талай азаматтарды өмірге әкелді. Осындай қазақи табиғатты, қазақтың рухани дүниесін Нұрперзенттің сонау балдаурен балалық тұстан, қиялға толықсыған жасөспірім шағынан бойына сіңіріп өскендігіне кәміл сенемін. Кейіннен оның өзіне өмірлік серік болатын мамандық таңдауына да осы бір ахуалдың оң әсері болған тәрізді. Сөйтіп ол баға жетпес қару – сөз қуатын өрнектейтін журналист мамандығын игерді. Осы ретте, біздің Нүрекеннің бүгінде жұртты тәнті етерлік терең танымалдығы мен ерекше бір білім парасаттылығының атақты Қазақ мемлекеттік университетінің қабырғасында қалыптасқанын атап өткеніміз жөн.

Мына бір құдіретке қараңыз. Тағдыр өз перзентіне Құдайдың нұрымен жаратып, жердегі ақынның жырымен өрнектелген киелі Ұлытаудың дәм-тұзын татуға жазыпты. Нұрперзенттің университетті

тамамдаған соң, өзінің еңбек жолын ұлы тарихтардың куәсі – Ұлытауда бастағаны оның кейінгі өмірінде ерекше бір із қалдырды, үлкен белестерге жетеледі. Аудандық «Ұлытау өңірі» газетінің қатардағы тілшісінен редактордың орынбасарына дейін көтеріле отырып, журналистік шеберлікті бір кісідей меңгеріп те алды. Көп ұзамай Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетіне бөлім меңгерушісі қызметіне шақырылып, бес жыл бойы оның қазанында қайнады.

Бар болмысты, бар құбылысты өз көзімен ғана көріп, өз сөзімен ғана жаза алатын қаламы қарымды журналист ретінде Н.Домбай еліміздің беделді басылымы "Егемен Қазақстан" газетінің Жезқазған облысы бойынша меншікті тілшісі болып осы облыс жабылғанға дейін істеді. Соңғы он жыл бойы «Мысты өңір» газетінің бас редакторы қызметін атқарып келе жатқан Нұрперзенттің осы бір басылымға сіңірген еңбегінің мейлінше мол екендігіне өз басым куә. Мәдениет және ақпарат министрлігінде қызмет істеген жылдары Нұрперзенттің басшылығындағы «Мысты өңір» газетінің назарымда тұрақты болғаны жасырын емес. Нұрперзент газетке келген жылдары оның таралымы 2-3 мың ғана болса, қазір ол 10400 дананы құрап, 4-5 есеге дейін көтерілді. Осы орайда «Мысты өңір» газетінің Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының 1999 жылғы лауреаты болғанын да атап өткен жөн. Ол басқарып отырған ұжымның халқымыздың мәдени дәстүрлерін, рухани дүниесін, ана тіліміздің мерейін үстем етуге, тұрақтылықты, әлеуметтік және ұлтаралық келісімді нығайтуға, жаңа заман адамдарының жаңа экономикалық, құқықтық және саяси мәдениетін қалыптастыруға қосып отырған үлесі де айтарлықтай. Ел үшін тер төгіп жүрген Нұрперзенттің жанкешті еңбегі де лайықты бағасын алуда. Н.Домбай – Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, ҚР Президентінің Алғыс хатымен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталып, «Болашақ бүгіннен басталады» атты журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдары арасында өткізілген ұлттық байқаудың (2003 жылы) «Қазақ тілді баспасөздің үздік журналисі» атанды.

Нұрперзент басшылық қызметті ақындық һәм жазушылық өнерімен де әдемі ұштастырып келеді. Оның қаламынан шыққан «Жүрек үні» өлеңдер жинағы, «Елбасы және ел», «Адалдықтың ақ жолы», «Адамдық айнасы» атты публицистикалық кітаптарының қай-қайсысы болмасын оқырманға берер ғибраты мол. Ұйқасы мен мағынасы үйлесім тауып ағылып жатқан, ұғымға жеп-жеңіл, бірақ түпкі айтар ойы салмақты Нұрперзенттің өлеңдерін оқыған тұста өзіңнен өзің риза боласың. Сөйтесің де, әрбір қазақ көңілі желпінгенде осындай шумақтарды неге төгілдіріп жібермейді екен деген ойға бөленесің. Әй, бірақ, лүп етіп көкейіне келген иірімді сол заматында жырға айналдырып айта салатын өнер жүздің бірінен табыла қоймас.

Өлеңдері тәрізді, Нұрперзенттің кітаптары да оқуға жеңіл, адамды бір мезетте баурап аларлық қасиеттен ада емес, тақырыптарының негізгі желісі ел бірлігі, ана тіліміздің жәйі, ұлттық сана, адамгершілік, адалдық тәрізді қадау-қадау мәселелерді қамтиды. Өзім оның кітаптарын бас алмастан оқып шықтым, шығармаларына арқау болған басты кейіпкерлерінің күйін кештім,

олардың жеке өмірлерінің қыр-сырына мол қаныға отырып, тек бір азаматтың немесе әулеттің ғана емес бүкіл еліміздің тамырының бүлкілін толық сезгендей болдым. Мәселен, Нұрперзенттің «Адамдық айнасы» кітабындағы басты кейіпкер Қарсақбай өңірінен шыққан тұңғыш инженер-байытушы, кезінде Жезқазған байыту фабрикасының директоры, республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Қабжан Күсенов маған етене таныс. Ол кісінің өзін де, әулетін де бір кісідей білетін тәрізді едім. Дейтұрғанмен, кітаптың соңғы бетін жапқанда ол кісімен қайтадан табысқандай болдым, сөйттім де Нұрекеңе іштей ризашылығымды білдірдім. «Адалдықтың ақ жолы» деректі шығармасының кейіпкері туған елінің ардақты азаматы, партия, кеңес, шаруашылық қызметтерінде, ауыл шаруашылығы ғылымы саласында мол тәжірибе жинақтаған білікті басшы, іскер маман, бес бірдей орденнің иегері Нұртаза Ибраевпен болған сыр-сұхбатпен толық танысып шыққан адам өмір өткелдерінің небір сатыларын еңсеруде адалдық пен жанқиярлық еңбектің баға жетпес құндылығын мейлінше ұғына алады.

Ал, Нұрперзенттің Қазақстанның Тәуелсіздігінің он жылдығына арнап жазған «Елбасы және ел» атты кітабы меніңше, еліміздің жаңаша тарихының энциклопедиясына татырлық дүние. Кітаптың ерекшелігі сол, онда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының Тәуелсіздіктің он жылы ішінде Жезқазған өңірінде он рет болғанын тиек ете келе, еліміз қандай да кезеңдерде болмасын тұңғыш Президентіміздің айналасына топтаса отырып, небір қиыншылықты еңсергені тұрғысында жан-жақты баяндалады. Соның бастауында қазақтың өз ішіндегі бірлігі, елімізде мекендейтін барлық халықтардың түсіністігі мен келісімі, достығы тұрғаны айтылады. Осы орайда, менің жадымда, кезінде ұстазым болған Ақжібек Есжанованың бұл кітапта берілген «Нұрлы ақыл» деген өлеңінің мына бір шумағы жатталып қалыпты:

О, Адамзат, Нұрағанды сөкпеші,
Кейбіреудің бар да шығар өкпесі.
Басшымыздың Ұлылығын күндемей,
Денсаулығы мықты болсын, тек, деші!

Маған Нұрперзенттің шығармашылығының шымырлығы ең бірінші оның адамгершілік қасиетімен шындалған сияқты болып тұрады. Оның ішкі жан-дүниесі мен барлық болмысы тек өзінің жүрген ортасын байытуға ғана бағытталатын тәрізді. Нұрекең керек кезінде сырлас дос, жанашыр бауыр болса, қажет тұста жүгіріп, жас балаша шауып, аңқылдап қызмет жасауға да дайын. Бұл тұста ер-азаматын қолтығынан демеп, ажарын аша түсетін құдай қосқан қосағы Тоғжан да оның қасынан табыла кетеді. Тірліктері жарасқан оларға қарап, Нұрперзенттің ақындығының түпкі сырына қанғандай боласың және тек ақындық емес, домбыраны шерте отырып, әдемі әуезімен әнді де құйқылжытатынын аңғарасыз. Осындай сегіз қырлы, бір сырлы азаматымыз көрген-түйгенін, білген-тергенін дүйім жұртшылыққа ғана емес, артынан ерген Тәуелсіздікпен құрдас ұлы Нұрсұлтан мен сүйікті қыздарына, ата өнегесін жалғастырар немереге жалықпай айтудан жалыққан емес және еш жалықпайды да.

Ақпан 2008 жыл

ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛАНЫ

Таяуда жұмыс орныма белгісіз біреу сыртында еш белгісі жоқ бір хат тастап кетті. Таң қалған кейіппен ішін ашсам сонау Жезқазғаннан келген шақыру қағазы болып шықты. Көптен сыйлас азамат Батырбек Мырзабеков асқаралы алпыс жасқа толған мерейтойын бірге атап өтуге шақырған екен. Осы бір жылы жаңалыққа көңілім бір демделгеннен кейін, мерейтой иесімен әр кездегі аралас-құралас жүрген сәттерім де көз алдымнан көлбеңдеп жүре берді...

Шынын айту керек, бір кісі жайында терең әрі тиянақты жазу үшін де, ол адамды өте жақсы білуің керек. Оның жан-дүниесінде жүріп жатқан небір нәзік нәрселердің өзін аса жақын сезінуің керек. Алғашында мен Батырбекті сыртынан ғана біліп, сирек болса да, ішінара кездесіп те қалып жүрдік. Оның Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінде жарық көріп жүрген өткір де өзекті мақалаларымен қоса қызыл тілге құшырын төге құрышыңды қандырар өлеңдерінен хабардар мен үшін Батырбек осы басылымның белді қызметкері ретінде ғана емес, сондай-ақ ойлы ақын есебінде де таныстын. Біздің етене араласуымызға осыдан он жылдан астам бұрын Жезқазған облысының жабылып қалуы себепкер болды. Сол бір тұста Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымы төрағасының орынбасары ретінде белгіленген тәртіп бойынша аталмыш қоғамдық ұйымның барлық дерлік іс қағаздарын мемлекеттік мұрағатқа, ал өкілеттілігін Жезқазған қалалық ұйымына өткізіп, өзімнің басыма жұмыссыздықтың қамыты киілген еді. Әу басында «болашақ жұмысың жәйінде еш қам жеме, бәрін өзіміз шешіп береміз» деп уәде берген сол кездегі облыстық деңгейдегі басшылардың бір қатары жеке бастарын күйттеп кетсе, енді біреулері сені танымайтын сыңай танытып жатты. Сөйтіп жүргенде Ұлытау ауданының әкімі Серік Тілеубайұлы тарапынан мен үшін күтпеген ұсыныс түсіп, араға бірер ай сала отырып ол кісінің әлеуметтік және идеология мәселелері жөніндегі орынбасары қызметіне кірісіп кеткен едім. Осы сәттен бастап Батырбек екеуміздің арамызда мейлінше тығыз байланыс орнады. Әр түрлі себептермен. Ең басты себеп:

«Ұлағатын ұғып өскен ұлының

Қанып ішкен «Тасбұлақтың» тұнығын

Шынымды айтсам, бақыттымын мен шексіз

Жай тау емес, Ұлытаудың ұлымын!», - деп өз дерегін өз өлеңімен өрнектеп беріп, жүрекке жылы сезім ұялататын ақын Батырбектің исі қазаққа киелі саналатын Ұлытаудың төл тумасы екендігінде жатыр десем әсте қателеспеймін.

Орыстың атақты жазушысы Алексей Толстой сені кім тәрбиеледі, тегің қайдан дегенде, тегім де, талантым да орыс табиғатында жатыр депті. Сол секілді Батырбектің азамат болуына, өмірге құштар болып өсуіне осынау бір қасиетті жердің табиғаты, оның рухани дүниесі өлшеусіз үлес қосқанын айтқан жөн. Мұны Батырбектің өзі де мойындайды әрі: «Бүкіл саналы ғұмырымда қол жеткен жетістігім болса, ұлан далам Ұлытауымның арқасы»,

деп ағынан жарылады. Расында кейін байқағанымдай, сайын даланы көру, онда жүру ғажап әсерге бөлейді екен. Сосын да болар Батырбектің:

«Қымбат маған Ұлытаудың әр тасы,

Ақ қайыңы, жасыл терек, аршасы.

Саф ауасы, самал желі сағымы,

Ақпандағы аппақ қары, баршасы», - деген өлең шумақтары жанға жәйлі тиіп, оның арты ақынды өзіме жақын тұтуға, рухани достастыққа ұласты.

Әлі есімде, бірде ұзына жолдың бойында келе жатып Батырбек екеуміз ұзын-сонар әңгіме барысында абыз Ұлытауды былайғы дүйім жұртшылыққа барынша таныту мақсатында неге арнайы журнал ашпаймыз деген ойға келдік. Ең бастысы, кейін бұл ойымызды аудан әкімі Серік Тілеубайұлы бірден қолдай кетті. Ал мұны естіген Батырбектің шаттығында шек болмады. Екі езуі екі құлағына жетіп, әлем өзімен бірге күліп тұрғандай, аса риза кейіппен ұшарға қанаты ғана жетіспей жүрді. Сөйтті де, бір өзі журналист те, редактор да, корректор да болып сол журналды өмірге келтірудің барлық жағдайын жасауға кірісті. Айтысты да, тартысты да, ойға да барды, қырға да барды. Ақыры Алматыдан бірақ шығып, «Өлке» баспасының басшысы, үлкен жүректі азамат Мереке Құлкеновтың тікелей көмегінің арқасында «Ұлытау» ұлттық, әдеби, мәдени, тарихи этнографиялық журналын Ұлытау өңірінің сан ғасырлы тарихында тұңғыш рет өмірге әкеліп, айды аспанға бірақ шығарды. Бұдан кейін де оның келесі сандарын шығару үшін, журналды тарату және жаздырту жолында аянбай күресті. Мұнысы өзіне кейін қамшы болып тиді. Әлдебіреулердің көрсетулерімен өзінің әділдігін дәлелдеу үшін күресуіне тура келді және дәлелдеп те шықты. Дегенмен, тасада тұрып тас атқандар журналды жаптырып тынды. Өкінішті-ақ! Бұл басылымның алдына қойған мақсаты сайын далаға табан тіреп, рухани дүниеге арқа сүйеп өскен қазақ деген қауымның жақсы қасиеттерін, атап айтқанда: еш уақытта есігіне құлып салмайтын, адамы жоқ үйге ұят болады деп бас сұқпайтын, ұят деген сөзді биік қоятын құндылықтарды өскелең ұрпақтың санасына сіңіру еді.

Бір тәуірі сәтсіздіктерге сыр бермей тауы шағыла қоймайтын қасиеттен кенде емес Батырбектің еңсесі түспей, керісінше соны ізденістердің ізіне түсуден бір сәтте жаңылған жоқ. Жезқазған қалалық тәуелсіз «НАЗ» және «Дауа» атты газеттерін ашып, жариялылықтың жарқын үлгісін көрсете білді. Соңғы бес жылға жуық уақыт бедерінде «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қарағанды облысы бойынша өкілі ретінде ұлттың ұлылығын, елдің бірлігін насихаттауда да қал-қадірінше үлесін қосып жүрген жәйі бар. Қай кезде де шығармашылықтан бір қол үзген емес. Бүгінде ол «Тас бұлақ», «Ұлытаудың ұлымын», «Қазақтың мысы – халықтың ырысы», «Белестер белдеуі», «Ұлытау ұлттың ұясы», «Аңшының әңгімелері», «Алты елдің асуы» жинақтарының авторы ретінде оқырмандарын нәзік лиризммен, терең философиялық ой-толғамдарымен тәтті етуде. Әдеби ортадан алыс болса да, кейіпкерлерінің ортасында үлкен беделге ие болып жүрген жәйі бар.

Батырбектің осынау бір тынымсыз тіршілігі сонау бала жасынан бастау алды деуге толық негіз бар. Сүйікті анасы, кешегі жойқын соғыстан мүгедек

болып елге аман-есен оралғанымен, бұл фәниден ерте аттанған марқұм әкесі Тыныштықбайдың жоқтығын жалғыз ұлына сездірмей, оны еркелете жүріп, еңбекке баулыды. «Балам бейнетсіз зейнет болмайды. Ер дәулеті – еңбек. Адалдықпен еңбекті жолдас қылсаң, қатарыңнан кем болмайсың. Елің қадірлейді, қатарластарың құрметтейді», деген анасының ақылын жадынан бір сәт жаңылдырмады, сөйтіп өмір атты осы бір ұзақ сапарда Батырбек ана ұлағатына адалдық танытып келеді. Бүгінгі шыққан биігі де сол қарапайым еңбектің арқасы. 1995 жылғы Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, сондай-ақ «Таң шолпан» республикалық әдеби журналының 2006 жылғы проза саласындағы үздігі атақтарына ие болуы, Елбасымыз Н.Назарбаевтың алғыс хатымен марапатталуы да сол еңбектің нәтижесі. Ақар-шақар әулеттің бүгінгі тірегі ретінде ол бар бақытын қарапайым еңбектен тауып отыр.

«Аттың да аты бар, қазанаты бір бөлек,

Ердің де ері бар, азаматы бір бөлек.

Қазанаттың белгісі: шапсаң – жүйрік, сатсаң – пұл,

Азаматтың белгісі: әрі мырза, әрі құл».

Тура осы тәмсіл біз сөз етіп отырған кейіпкеріміз сияқты ерлерге қарап айтылған дерсің. Батырбек керек кезінде ақылшы аға, сырлас дос, жанашыр бауыр болса, оның қажет тұста жүгіріп қызмет жасап, жасының үлкендігіне қарамай, жас балаша шауып кететіні де бар. Сонымен бірге Батырбектің сырт болмысы бірде адуынды, бірде жайдары, кейде түнеріңкі көрінетіні де рас. Адамға сүзіле, шаншыла қарап, қыңырлау сөйлеп қалатын әдеттен де ада дей алмайсың. Жалпақтап, жарамсақтанып, есіл уақытын жағынып жалбарынуға жібергісі келмеген ақынның өр мінезі өзіне тиесілі моншақ-маржандардан да шеттетіп келеді. Бәрбір Батырбектің шығармашылық сұсы басым. Ешкімнен кем еместігін оның іші сезеді. Ел-жұрты да оны пайымдайды. Ұлытау ауданы жұртшылығы оған бірауыздан «Ұлытау ауданының Құрметті азаматы» деген атақты беруі соның жарқын куәсі. Халқының құрметінен артық не бар? Олай болса осы жолдан таймай, елің мен жеріңе сіңіретін еңбегің сан жылдар өтсе де сарқылмасын деген тілекпен арнау сөзімізді түйіндегіміз келеді.

Қараша 2008 жыл

ОНЫҢ МҰРАТЫ: ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Эйнштейннен кішкентай ұлы даңққа бөлену себебін сұрағанда, ол былай деп жауап қайтарыпты: «Байқасаң, соқыр қоңыз шардың үстімен жорғалап келе жатып, өзінің жүріп өткен жолының иіліп жатқанын байқамайды. Ал менің бақытым, оны, керісінше, байқай алғаным». Көп адамдар тура әрі біркелкі қозғалыс жоқ екенін біле тұра, евклид геометриясымен пайымдайды. Жер үлкен, ал адам болса, оның көзге көрінбейтін кішкентай гана бөлшегі, сондықтан да тіке жүріп келе жатырмын деп ойлайды. Алайда ең қарапайым және табиғи қозғалыс - айналмалы қозғалыс екендігі қашаннан мәлім.

Қаби Оқаұлы Оқаев - өзгеше жан. Мұны мен оның ғылымның қия шыңдарына көтеріліп, Қазақстан жоғары мектебі академиясының академигі, Еуразия Халықаралық экономикалық академиясының академигі, профессор, экономика ғылымдарының докторы болғандығы үшін айтып отырғаным жоқ.

Оқаевты тамаша шығармашыл ойлау қабілеті, ой-өріс кеңдігі, проблемаларды көре біліп, оларды шешуде қиядан жол табатын озық дарыны ерекшелендіреді. Ол тереңнен тамыр тартқан сапалы тектік қасиет иесі, керек десеңіз Қаби атты есім арабша «күшті, мықты, қуатты» деген мағынаны білдіреді екен.

Бұған он бес жылдан бері таныс-біліс болып жүргенімде талай рет көз жеткіздім. Қаби Оқаұлы тағдырына түбегейлі ықпал еткен, алдына қойған өрелі мақсаттарына қол жеткізуге, батыл қадам басуға мүмкіндік берген бірнеше сәттерді атайды. Ең алдымен, Жаратқан оған мықты денсаулық берген, екіншіден, ата-анасы ерінбей еңбек етуді ұқтырған, ізгілік атаулы ана сүтімен дарыған, қазақтар ондайда «уызына жарыған» деп айтады. Біздің бәріміз де бала болғанбыз, сондықтан да «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», деген халық даналығында айтылғандай, ата-ана өнегесінің алар орны үлкен.

Қаби Оқаұлы туған жердің тұма бастауларының өмірлік белсенді ұстанымдарына әсерін ерекше бағалайды. Ол Гурьев облысының Теңіз ауданындағы Өтері (қазіргі Атырау облысының Құрманғазы ауданы) деген шағын ауылда дүние есігін ашқан. Ресеймен шектесетін осы жерде Қиғаш өзені сылдырай ағады. Дауылпаз ақын Махамбеттің «Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылдық», деп келетін жырларындағы Қиғаш - осы өзен. Оның тайдай тулаған балығы мен аң-құсы соғыс алдындағы ауыр жылдарда және майданның сұрапыл кезеңдерінде Қаби сияқты талай жанның таңдайын жібітіп, қиыншылық құрсауында аш өзекке әл берген. Нарын құмының етегіндегі осы ауылда бейнетті еңбектің дәмін татты, өмірдің бағасын ұққандай болды. Бала шағынан Исатай мен Махамбеттің толарсақтан қан кешіп, ат ойнатқан дүбірлі жортуылының ерлік баянын, Құрманғазы мен Динаның, Сейтек пен Дәулеткерейдің күй құдыретінің сарынын құлағына құйып өсті.

Әскер қатарындағы міндетті азаматтық борышты өтеу кезеңі ер жетіп, ат жалын тартып мінген, нағыз ерлік мектебі болды. Төрт жыл бойы Сібірдің қытымыр аясында Иркутск облысының Братск қаласында қызмет атқарды. Осында орта мектепті бітіріп, білімге бас қойды: таңдайы қаңсып бір тамшы суды аңсап, шөліккеген жолаушыдай білімге, көрсем-білсем деген құмарлығы алға жетеледі. Шаруаның отбасынан шыққан жас жігіт шетсіз-шексіз сахарадан сонау алыс көкжиектерге көз тікті. Осынау үлкен өмір мектептері ірі ағартушы, ғалым, қоғам қайраткері болып қалыптасуына жол ашты. Мұның бәрі, ерінбей тер төгіп, аса күшті қабілет-қайрат жұмсауды талап етті.

Қазақ мемлекеттік университетінің студенті атанған кезінде ұзақ күндер мен түндер көңілін ғылым жолына жұмсап, тас қияға өрлеп, санаулы лениндік стипендиат атанғандардың бірі болды. Сол кездің өзінде ғылымға

ден қойып, ғылыми конференцияларда баяндамалар жасады, ғылыми пікірсайыстардың бел ортасында жүрді. ҚазМУ-ды бітіргенде оның ұшқан ұясында еңбек-ғылым жолын жалғастырудың тамаша мүмкіндігі туды. Содан бастап, қазақ жоғары мектебінің қара шаңырағында ғылыми-педагогикалық баспалдақтармен ілгері ұмтылды.

Еңбек жолын ассистент болып бастаған білімпаз ғалым жиырма бір жыл екі ірі - жоспарлау-экономика және есеп-экономика факультеттерінің деканы болды, отыз бір жыл бойы үздіксіз кафедра басқарды. Бүгінде Қаби Оқаев Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономика университетінің экономика кафедрасының профессоры. Сөйтіп, өзі жүрек қалауымен тандап, жалынды жастық шағын, бүкіл саналы ғұмырын қазақстандық жоғары экономикалық мектепті қаз тұрғызуға арнаған Қаби Оқаұлы осы салада жарты ғасыр бойы жемісті және жанқиярлықпен еңбек етіп келеді.

Кешегі студенттен бүгінгі аузы дуалы құрметті ғалым-оқытушыға айналғанға дейінгі ұзақ жолда оның басынан талай оқиғалар, жарқын белестер өтті. Бірақ та бір елеулі сәт мәңгі есінде қалған. Баулып, қанаттандырып өсіретін, жүрегінің жылуын, сапалы қасиеттерді бойыңа сіңіретін шынайы Ұстазды кездестіру кез келгеннің пешенесіне жазылмаған. Қаби Оқаұлының ұстаздан жолы болды. Оның айтуынша, есінде мәңгі өшпейтін із қалдырған мұндай үлкен жүректі ұстаз - Қазақстан тарихындағы алғашқы жоғары экономикалық оқу орнының - Алматы халық шаруашылығы институтының бірінші ректоры Александр Иванович Белов болатын. Оның әкелік қамқорлығы мен даңғайыр білімі, азаматтық келбеті Қаби Оқаұлының бағын ашып, кейінгі шығармашылық-ғылыми өрісті жолына сәулесін түсірді. Шәкірт те Ұстазын жерге қаратқан жоқ.

Оқаевтың ғылыми мансабы ойдағыдай болды - ғылым кандидаты, соңынан ғылым докторы. Оның тағы бір қыры - тамаша педагог бола білді. Қаби Оқаұлының профессор атануы да - ғалым еңбегіне берілген лайықты баға. Ол республикамызда экономикалық ғылыми мектептің қалыптасуына, осы саладағы мамандардың үлкен шоғырын оқытып-тәрбиелеуге елеулі үлес қосты. Сонымен қатар мемлекеттің ғылыми-зияткерлік әлеуетін толықтырып, сол ортаны қалыптастыруға зор ықпал етті.

Ол ғылыми кадрларды қалыптастыратын қуатты базалық кафедраны құра білді, сол арқылы осы жерде ондаған докторлық және кандидаттық диссертациялар сәтті қорғалып жатты. Олардың арасында - бүгінгі ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Тимур Құлыбаев, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ректоры Жексенбек Әділов, экономика ғылымдарының докторы Бекболат Әубәкіров сияқты көптеген ел таныған, тәуелсіз Қазақстанның дамуына соқталы үлес қосып жүрген көрнекті азаматтар бар.

Қаби Оқаевтың басшылығымен жоғары білікті мамандардың - экономистер мен менеджерлердің үлкен шоғыры даярланды, олардың арасында танымал мемлекет қайраткерлері, көрнекті ғалымдар, өндіріс ұйымдастырушылары, кәсіпкерлер аз емес. Оның тәрбиелеп ұшырған

шәкірттері бүгінде еліміздің игілігі жолында көптеген басқару құрылымдарында жемісті қызмет атқарып жүр.

Қаби Оқаұлы атақты «Нархоздың» негізін қалаушылардың бірі ғана емес, ол негізгі қорлардың ұдайы өндірісі проблемалары бойынша ғылыми мектепті жасаушы. Оның ұзақ жылдар бойы зор қажыр-қайратпен жасаған еңбектері көптеген заңнамалық актілер жасалымдарының негізіне алынды. Қазірде отандық өндірісті қалпына келтіру, негізінен Қ.Оқаевтың әдістемелік ұсыныстары бойынша жүргізілуде. Бүгінгі таңда оның ғылым жұмыстары республикада кәсіпкерлікті дамытуға, нарық жағдайындағы өнеркәсіпті дамытудың теориялық және практикалық қырларына бағытталған. Қ.Оқаевтың көптеген елдердің танымал ғалымдарымен жеке өзінің тікелей байланыстары республиканың экономикалық өміріне жаңа технологияларды енгізуге, жоғары оқу орындары арасындағы байланыстарды кеңейтуге жердемдесіп келеді.

Оның қаламынан 250-ден астам ғылыми жұмыстар туындады, оның ішінде 18 монография, кітаптар мен кітапшалар бар. Ол - оқытудың заманауи технологияларының әдістемелері жасалымдарының авторы. «Қазақ энциклопедиясының» экономика жөніндегі редакциялық кеңесінің төрағасы болды. Бүгінде «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының экономика жөніндегі кеңесшілер тобына жетекшілік етеді.

Профессор Қаби Оқаұлының экономикалық ғылымның теориясы мен практикасында қазақ тілін қолдану саласын кеңейтуге зор қажыр-қайрат жұмсап келе жатқанын ерекше атап өткім келеді. Оның тікелей қатысуымен және басшылығымен «Бухгалтерлердің орысша-қазақша сөздігі», «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік», «Қазақ тілі терминдерінің салалық түсіндірме сөздігі. Экономика және қаржы» кітаптары басылып шықты.

Көптеген экономикалық жоғары оқу орындары мен факультеттерде профессор Оқаев даярлаған «Экономика және халық шаруашылығын басқару», «Экономика және кәсіпорындарды басқару» «Экономика» мамандықтары үшін қазақ және орыс тілдеріндегі оқу-әдістемелік кешен үлкен сұранысқа ие болып отыр. «БИКО» баспа үйі, міне, 13 жылдан бері Қаби Оқаұлының редакциялауымен қазақ тіліндегі «Бухгалтер бюллетені» апталығын шығарып келеді, ал оның мамандар үшін маңызы баға жеткісіз.

Қаби Оқаұлы үшін жоғары мектеп ісі атақ пен абырой ғана емес, оның өмірінің басты мәні де. Оның сіңірген еңбегі жоғары үкімет наградаларымен - кезінде Кеңес үкіметінің «Знак почета» орденімен, медальдармен және құрмет грамоталарымен аталып өтті. Ол жоғары білім үздігі деп танылып, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағына ие болды. Дегенмен ең басты марапат және оның үлкен бақыты - жерлестерінің, туыстары мен жақындарының сүйіспеншілігі. Қаби Оқаұлы Оқаев - Атырау облысындағы Құрманғазы ауданының құрметті азаматы.

Оның екі ұлы да ер жетіп, өз тағдырларына ие болды, бұл да - үлкен бақыт. Айталық, тұңғышы Ермек көп жылдардан бері «БИКО» баспа үйін басқарып келеді, қазір оның өнімдері Қазақстанға кеңінен танымал және

елдің ақпараттық кеңістігінен лайықты орын алып отыр. Кіші ұлы Еркеблан бизнес саласында еңбек ете жүріп, докторлық диссертациясымен айналысып жүр. Үлкен келіні Ғалия болса, мамандығы бойынша экономист-психолог, отбасында діни құндылықтардың таусылмас шарапатын тигізуде. Отбасының ғылыми дәстүрлерін кіші келіні - Алтынай одан әрі жалғастыруда. Ол экономика ғылымдарының кандидаты әрі «экономика магистрі», Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жұмыс істейді.

Отбасының шырайын келтіріп, балалары мен немерелеріне жан жылуын беріп, қадірменді отанасы, үлкен бір әулеттің алтын діңгегі болып отырған сүйікті жары Фазила Әмірғалиқызының орны ерекше. Бүгінде Оқаевтардың өнегелі шаңырағында жеті немере балқұрақтай өсіп келеді. Олардың арасында білім қуып, Отанынан жырақта жүрген ең үлкен немерелері - Баянның орны бөлек. Жастығына қарамастан қазірдің өзінде ол Англия колледжін бітіріп, Францияда білімін жалғастырды. Бүгінде Шотландиядағы Эдинбург университетінде психолог мамандығына оқып жатыр. Баян алты тілді меңгерген. Сірә, жеті жұрттың тілін білген, сегіз қырлы, бір сырлы, деп халық осындайда айтқан болар.

Өткенді оймен шола отырып, бүгінгі жеткен жетістігімізді бағамдаймыз. Әсіресе, ол өскелең ұрпақ үшін керек тәмсіл. Ұрпақ сабақтастығы тіні үзілмеуге тиіс, бүгін жас құрақтай желкілдеп өсіп келе жатқан жаңа буын - біздің ертеңіміз, болашаққа түрен салып, елін ертеңге бастайтын - солар. Әр адам өзінің биігіне ұмтылады, сол жолда шамшырақ болып жол нұсқайтын нағыз Ұстаздар болады. Солардың бірі - талай жас адамдардың жанына жалау, өміріне темірқазық іспетті бағыт сілтеген, экономист деген қиын да жауапты мамандықтың тізгінін ұстаған жас түлектердің айтулы тәлімгері - Қаби Оқаұлы Оқаев болары кәміл!

Қазан 2009 жыл

БЕРЕРІ МОЛ АЗАМАТ

Орыстың Шкловский дейтін керемет оқымыстысы болды. «Жили были» дейтін кітабы бар, оқығанда ерекше әсерде қаласың. Сол кісінің сол бір кітабында, «Серуендеп жүретін жолымның көлемі қысқарды. Телефон нөмірін жазған кітапшамда көп адамдар сызылды» дегені бар. Салмақты санаға бұйда ұстатып, салықалы көзқарас қалыптасқанда, көп нәрсені көріп, көңіл жетер жерге көз де жеткен кезде бұл ахуалды менің де өз басымнан кешіп жүрген жәйім бар.

Қарап тұрсам кезінде сыйласқан, аралас-құралас жүрген дос-жаранның, жора-жолдастың, тамыр-таныстың, ағайын-туыстың бір шоғыры тағдырдың жазуымен бүгін келместің кемесіне мініп кетсе, олардың енді бір легімен мінәй себептермен ажырап үлгеріппін. Іштерінде ұпайларын түгендеп алып, жалт бергендер, сын сәттерде сырт айналғандар да кездеспей қалған жоқ. Бірақ әңгіме олар туралы емес. Мен үшін ең қымбаттысы көп жылдар бойы

маған деген сенімдерін селдіретпеген жандар десем, осынау көкірегі қазына азаматтардың саф алтындай қадір-қасиетін дер кезінде байқаймай, байқасам да бағалай бермегендігім де шындық. Енді міне осы бір олқылықтың орнын сәл де болса толтыруға бел байлап отырған жәйім бар.

Бұл реттегі әңгіме кейіпкері, сезімі сергек, зейіні зерделі, ойы тұнық, бүгінде өз ортасының зиялы қауымының үлкен-кішісімен тегіс араласып, бәрінің де көргісі келетін, көрмей қалса: «Шаяхмет қайда?» - деп, дәйім іздеп отыратын қалаулы да қадірлі адамына айналған азамат Үмбетов Шаяхмет Сейдахметұлы болғалы отыр. «Сүйген құлдың аты көп» дегендей, оны өзінің туып өскен ортасы, ондағы үлкенді-кішілі ел-жұрт Шаха деп атайтынынан да хабардармын. Мұның өзі азаматты жақсы көргендіктен, оның жақсы ісін бар ынтасымен қолдағандықтан, жанына жақын тартудан, ішкі бір симпатиядан туатынын айтпаса да белгілі емес пе?

Кімнің де болса бабын тауып, сүйкімді мінезімен, тапқыр әзілімен барша адамның жанын балбыратып, қай отырыстың да болсын қошын келтіретін, ерекше үйірімді, асқар таудай биік адамгершілігімен талайды тәнті етіп келе жатқан Шаяхметті менің білгеніме 30 жылдан асып барады. Иә, оны алғаш көргенім 1978 жылдың қоңыр күзі болатын. Енді қарасам орда бұзар отыздағы кешегі жігіт, шыр айналып дөңгеленген дүниенің бұдырына аяқ іліктіретін 60 жасты игеріп үлгеріпті. Осы орайда, мына бір жағдайға ден қойыңыз. Исі қазаққа киелі Ұлытауда дүниеге келу бұл фәниде баршылық, ал сәбидің ХХ ғасырдың дәл ортасында туылуымен қатар, оның туған күні сол ғасырдың екінші жартысының ең бірінші күніне тап келуі сирек кездесетін құбылыс. Осы бір жайдары жанның туа бітті ерекшеліктерінің бір сыры осында жатқан шығар деп те ойлаймын.

Көз – көреген ғой. Жоғарыда айтқанымдай, орда бұзар отыздағы қылшылдап тұрған жігіт, сол кезде-ақ өзіндік өр қимылдарымен менің есімде қалды. Білім байсалдылығы, тіршіліктен тоқыған тереңдігі, ел ағаларынан алған тәлім-тәрбиелері, елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі бірден байқалды. Қандай бір іспен айналысса да Шаяхмет өз қабілеті мен іскерлігі арқасында сол жылдары қарапайым халықтың қамын жасаумен айналысты, жігіттік жігерін туған өлкесінің өсіп-өркендеуіне аямай жұмсады. Еске түсірсек, сол бір кездер кім-кімнің де еншісіне оңай болып тиген жоқ.

Еліміз өз егемендігін алған соң түбегейлі қайта құрылым қолға алынды. Бұл бетбұрыс – ескі мен жаңаның, байлық пен бағаның таразыға түскен сынағына ұласты. Осынау қатал сынақтан сүрінбей өткендердің қатарынан Шаяхметтің төбе көрсетуі – оның заман ағымына бейімделген іскерлік қабілетін танытса керек. Қалай дегенде де осы уақыттар аралығында қолынан келер тірліктен аянып қалған емес. Біреудің шатырының астында «жел тимесін, күн өтпесін» деп мәпелеуде жүрген жоқ. Керісінше, жаңа заманның жаңа талаптарына сай болуға, нарық иірімдерін бойлауға ұмтылды, сөйтіп еңбектің қайнаған қазанында шынықты, ширады. Сондағы Шаханның маған мына бір айтқан уәждері әлі есімде: «Өмірі «жоқ» деп таусылып отыратын адамдарды ұнатпаймын. Он екі мүшең сау болса, одан асқан байлық жоқ. Дені сау адамның жоқ деп айтуға қақысы жоқ». Өзі болса алғашқылардың

катарында жеке кәсіпкерлікке бет бұрды. Сөйтіп, «Мақпал» атты жекеменшік кәсіпорын ашып, ондаған адамдарға жұмыс тауып беруге, Жезді қалашығы тұрғындарын арзан азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік туғыза білді. Осы бір бастаманың сол кездегі атқарған міндеті зор еді. Себебі, сол бір тұста жерінің қойнауынан кені қазылып, төскейінде малы маңырап, тасы өрге домалап тұрған Жезді аудан орталығы дәрежесінен айырылып, хәлі мүшкіл күйге түскен болатын. Жүк ауырын – нар көтереді демекші, Шаяхмет тарихта өзіндік орны бар Жездінің өн бойына қан жүгірту жолында өз шама-шарқына қарай небір жұмыстар атқарды. Ұлытау аудандық мәслихатының депутаты ретінде бұл мәселенің күн тәртібінен түспеуіне бүгінде атсалысып келеді.

Жалпы, менің ұғымымда Шаяхмет өзінің арбасын тартып жүргендердің қатарынан емес, керісінше қазақтың арбасын тартып жүрген, сөйтіп бар күш-қайратын халыққа арнап келе жатқан сирек азаматтардың санатына жатады. Ол ел тағдырына, республикамызда болып жатқан оң өзгерістерге ешуақытта бейтарап қараған емес. Оның ойынша, жүрегіннің лүпілі елім деп дәйім соғар әрбір қазақстандық жасампаздықтың сырттай бақылаушысы ғана емес, қайта оның бірден бір иесі болып, өзінің азаматтық позициясын танытуы керек. Тек қана білек біріктіру, жұмыла жұдырық болу – ынтымақ істің ымырасы екенін терең түсінген Шаяхметтің 2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентін сайлау кезінде Нұрсұлтан Назарбаевтың сенімді өкілі ретінде қалың бұқараға еліміз тәуелсіздігінің қадір-қасиетін ұғындыру мен оны баянды ету жолында Елбасы маңына топтасу қажеттілігін түсіндіру бағытында атқарған еңбегінің өзі бір төбе. Ең бастысы, Шаяхмет ешқашан ешкімге өзінің бұл жұмыстарын міндетсінген жері жоқ. Сондықтан оның бұл ісін халық берген бағамен ғана айқындаған дұрыс тәрізді. Осы ретте, Шаяхметтің елдің тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың арнайы алғыс хатымен марапатталғанын атап өткеніміз жөн.

Психологтар адамның бір қасиеті артық, бір қасиеті кем болады дейді. Бәлкім, бұл дұрыс болар, өйткені тірлік кешкен адамның кемшілігі жоқ деу сенімсіздік туғызады. Пенде болған соң, Шаяхметтің де бойынан осалдықтың белгісі байқалуы бек мүмкін. Дей тұрғанмен, таразы басын қашан да оның оң істері еңсеріп тұратынына шүбә келтіре алмаймын. Мәселен, Шаханың кей кезде көңілі толмай қалған ісіне бұрқ-сарқ етіп ашу шақыра қалса да, сол демде шәйдей ашылып сала беретін қайтымы тез мәрт мінезін, ешкімге кек, дық сақтамайтынын мен жақсы білемін. Бір сөйлескенімде бұл жөнінде Шаха былай деген еді: «Азғантай өмірде өкпелеуге уақытым жоқ. Кекшіл емеспін. Кек – жүзінді сарғайтады, жаныңды қартайтады. Ұшқын ұлғайса өртке, уайым ұлғайса дертке айналады. Сондықтан кең болуға тырысамын».

Иә, қазақта «Кеңге – кең дүние, тарға – тар дүние» деген сөз бар. Ешкім бұл өмірде тар, қызғаншақ немесе жасық, жаман болайын демейді. Мінез де тұқым қуалайды. Яғни, инабат пен ізгілік, небір абзал қасиеттің бәрі фәнилік пенде бойына, ес біліп етек жиғаннан кейінгі түсінігі тоқтаған сәттен басталатын тағлымды тәрбиеден де бұрын, ананың ақ сүтімен, әлдилеген ана, тербетілген бесік жырымен, әкенің аялы алақанымен бойға даритындығы белгілі. Орайы келгенде айту керек, Шаяхметтің арғы атасы Жантуар деген кісі өз заманына лайық озық ойлы азамат болған деседі. Тілес тұқымы бұл

кісінің қасиетті Меккеге сапар шегіп қажылық борышын атқарып, бір рулас елдің ішінде ең бірінші «Қажы» атанғанын мақтанышпен айтып, күні бүгінге дейін өздеріне үлгі-өнеге тұтады. Бақилық болғандарына біршама уақыт өткен Сейдахмет әкесі мен Инжу анасы да еліне сыйлы, шын зиялы, рухани жан дүниелері бай, текті кісілер еді. Мінеки осы бір асыл азаматтардың Шаяхметке бергендері молынан болды. Өмірлік жар таңдауда да Шахаңның жұлдызы оңынан туған деп білемін. Шаяхметке жар болып жұбын жазбай 35 жыл отасып келе жатқан, Шаха отауына төрт ұл туып, бүгінгі күні сол Шаханың қара шаңырағының бал ағашындай тіреу болып, жар алдындағы ғана емес, ата-ене, ағайын туыс алдындағы парызын адал өтеп, қазіргі Сейдахмет әулетінің үлкені болып отырған Айтжан екендігін алдымен айтпау, басқаны білмеймін, өз әлімше бәрін көрген, білген мен үшін дұрыс болмас еді. Қазір ол сүйікті де сүйкімді келіні Құралайына және таяуда ғана қолына қонған жас келіні Ақеркеге қамқоршы болып, өзінің өмірден білген-түйгендері жайында олармен тынбай бөлісуде.

Ел ішінде «ырыс ауысады, бақ жұғысады» деген ұлағатты сөз бар. Соның растығына Шаханың отбасына қарап еш шүбә келтірмеймін. Бүгінде Шаяхмет пен Айтжан ұлдарын ұяға қондырған өнегелі отбасы иелері, үш немерелерінің сүйікті атасы мен әжесі ретінде туған-туыстары мен дос-жарандарының ықыласына бөленіп жатқан жәйі бар. Ал мен болсам, осы тұрғысында, сондай-ақ, жолай қай жерде, қай қызметте болмасын, елі мен жерін қасиет тұтып тіршілік етіп жүрген Шаяхметтің ел назарына ұсынар ерекше тұстарын кеш те болса есіме алып, жан серігім – жазу столына жеткенше асықтым.

Желтоқсан 2009 жыл

ПЕЙІЛІ ПӘК, ЖҮРЕГІ КЕҢ НЕСКЕН

Адам өмірі көңілдегі түсіріліп бітпеген көп сериялы фильм іспеттес секілді. Ойланып кетсең көп жайтқа кенелесің. Суыртпақтасаң көз алдыңа түрлі-түсті суреттер келеді. Осы бір тұста ойыма Жезді өзенінің бойын жайлаған ауылым, сондағы өткен алаңсыз да албырт кездерім оралады. Әсіресе, асыр салып ойнаған ауыл маңындағы кішкене төбе әлі күнге жүрегімді шым еткізіп, сағыныш сазын сызылдыра жөнеледі. Содан да болар, ауылымда бүгіндері мені ешкім күтіп отырмағанын білсем де, сәті түскен мезетте өз басым сонда барып қайтуды әдетке айналдырғанмын.

Ал ауылым болса қазір әбден ескірген, мейлінше жадау күйде. Бірақ мен үшін қиялыма қанат, арманыма желкен байлаған сол ескі ауылдың орны ерекше. Өйткені, әлгінде айтқанымдай, бұл менің баяғыда өткен балалық дәуренімді еске түсіртіп, бал күндеріммен тағы бір қайта қауыштыратындай күйге бөлейді. Ауыл сыртындағы қорым, ата бабалар әруағын ұмытпандар деп бүгінгі ұрпаққа ұлағат айтатын секілді. Жалпы мен мұнда келген сайын кешегі ауыл тіршілігі эп-сәтте қимыл әрекетке көшетіндей әсерде қалып, көз алдыма сол өткен күндердің елесі тізбектеліп тұра қалады. Соның арасында табан жолын анық басқан өз әкем Махмұт пен анам Шархияның асыл

бейнелері көрінеді. Енді бір сәт, жұмысынан келе жатқан әкейдің, алдынан жүгіріп шыққан екі кішкене баласын май-май екі қолымен мейірлене көтеріп алып үйге қарай бет алғаны, сөйтіп балаларының мәз болғанына өзінің де көңілі толып, шаршағанын ұмытып кететіні тәрізді көрініс қылаң береді. Сол екеудің бірі, үйдегі сегіз баланың ең кішісі, мен де, ал екіншісі – қыздың кенжесі, маған тетелес Нескен болатын. Негізі әкеміз өте балажанды еді. Тұңғыш қызы Үрләш мектепке алғаш барғанда күнде таңертең ол кісі далаға шығып желдің ыңғайын бақылап жүреді екен. «Маха, ертелеп не қарап жүрсіз?, дегендерге, әкей: - Үрләшімнің маңдайы тоңып қалмасын деп желдің қайдан соғып тұрғанын байқап жатқаным ғой», дейді екен. Әрине, әке-шешем жәйлі менің айтарым өте көп. Дей тұрғанмен, әңгіме ауанын Нескенге бұрмақ ойым бар. Өйткені, сол бір сағындырған сағым жылдардың куәсі, кешегі балдәурен балғын шақта тай-құлындай бірге тебісіп ойнаған, менің ең жақын арқа сүйер бауырым Нескен Махмұтқызы Жолдыбаева осы күндері өмірінің айтулы бір белесіне көтеріліп, асқаралы 60 жасқа толып отыр.

Иә, 60 қазір алыс сияқты көрінгенімен бәрі менің көз алдымда. Мінеки, Нескен екеуміз тым кішкентай болғанмен үйдің қозы-лағын қарап, бұзауды уақытында қайырып әкелуге жарап та қалған шағымыз. Осынау міндеттерді күнделікті орындауға әдеттенген біздер, әрине, ойынға да есе жібермейтінбіз, арасында тентектікке бой ұрып, небір істі бүлдіріп жататын жағдайларымыз аз болмайтын. Мұндайда менен жасы сәл-пәл үлкендеу Нескен көзге бірінші түсетін және ол бастап, мен қостап дегендей қора-қопсының үстіне шығып кетіп, оның тесігінен күмп етіп, жатқан бұзаудың үстіне құлаған мені оның біраз жерге дейін сүйрете отырып жерден таяқ жегізгенін және өзге де талай «ерліктерді» бастан кешкенбіз. Жалпы Нескеннің тұла бойында ер балаларға ғана тән тылсым күш-қуат пен ерекше бір өжеттілік байқалатын. Содан да болар, ауылдың бұзық балалары одан ығып жүретін, ал мұның менің еркін жүріп-тұруыма көп септігі тиетін. Қалай дегенде де, сан қиғаш құбылыстар ішінде кейде жеңіп, кейде жеңіліп жүріп есейдік, сөйтіп көп ұзамай мектепке баратын кезіміз келді. Менен бір сынып жоғары оқыған Нескеннің арқасында оқудың қыр-сырына қанығып алатын болдым. Әсіресе, оның шығарма жазуға деген бейімділігі мені мейлінше қызықтыратын. Нескеннің көмегімен менің дайындаған шығармаларым Ақжібек мұғалімнің тарапынан жоғары бағаға ие болып жататын. Неге екенін қайдам, Нескен өзінің осы қасиетін әрі қарай дамытуға ынта таныта қойған жоқ. Дегенмен, құстың қауырсынындай жеп-жеңіл айтыла салатын Нескеннің қысқа сөзінің астарында ұлан-ғайыр ұлағат ұялап жататыны, өзінің жақын таныстарына арнап әркім таң қаларлық сазды бағдарлама ретіндегі сый ескерткіш дайындайтыны оның әлі де сол ерекше дарындылықтан құр алақан емес екендігін көрсетсе керек. Ең бастысы, ол еш уақытта және ешқашан өзінің алға қойған мақсатынан айныған емес.

Алдында мақсаты жоқ адам – желкенді қайық секілді. Жел қалай соқса қайық солай қарай ағады. Мақсат, мұрат іздесең алдыңнан шығады, ал оның кілті білімде. Мұны жақсы түсінген Нескен білім қуып Алматы қаласына жол тартты, сонда жүріп есеп-қисаптың сан түрлі тәсілдерін меңгеріп, бухгалтер

мамандығын игерді және бұл кәсіп өмірлік серігіне айналды. Адал бейнетпен тапқан нанның құны мен дәмін балалық шақтан бойға сіңіріп өсірген Нескен қай салада жұмыс істемесін өзінің міндеттеріне зор жауапкершілікпен қарап, үлкен нәтижелерге қол жеткізе білді. Мәселен, еңбек жолын көлік саласының қатардағы есепшісі ретінде бастаған Нескен кейін келе Жезқазған қалалық жолаушылар тасымалдау кәсіпорнының бас есепшісіне дейін көтерілді. Ал соңғы 15 жыл бойы еліміздің алып кәсіпорындарының бірі «Қазақмыстың» есебін абыройлы жүргізу жолында аянбай тер төгіп, жалпы Корпорацияның ырғақты әрі табысты жұмыс істеуіне мейлінше үлес қосып келеді. Бір айта кетерлігі, өзінің еңбек етіп жүрген жылдары ішінде Нескен ұлы Абайдың «Күйлі, күйсіз бәйгеге қажыды көңілім көп шауып...» деген сөзіне ден қойып, ешкімнен шен мен шекпен, атақ пен марапат күткен жоқ. Керісінше, өзінің білгендерін өзгелерге үйретуден жалыққан емес. Қазір шаруашылықтың әр саласында кезінде одан тәлім алған мамандар көптеп саналады және олардың басым көпшілігі реті келген жерде мұны мақтаныш сезіммен айтып та жүр.

Нескеннің шарапатын оның әріптестері ғана емес, туған-туыстары, дос-жарандары да молынан көрді және әлі көріп келеді десем әсте қателеспеймін әрі мұнымды оның жақсылығына кезінде бөленгендер толық мойындары хақ. Жоғарыда байқағандай, өз басым бұл тұрғыда қандай да бір кемшілік көрдім деп айта алмаймын. Нескен менің қайсы бір қуанышымнан шет қалмай бірге бөлісуде, ауыртпашылықты бірге көтеруде аянып қалған емес. Оның осы бір тірлігіне бек ризамын. Кейде Нескенге, «сенің маған деген оң көңілің өзіңнің жан құрбың Төкенді мен өзіме жар қылып алғаннан кейін қоюлана түсті», деп әзілдеп қоятыным бар. Осы ретте мына бір мәселеге назар аударма кеткім келеді. Тұңғышымыз Мадияр көп күттіріп барып дүниеге келді. Кереметі сол, ол анасының бойына біздер Нескеннің үйінде уақытша бірге тұрған кезде біткен көрінеді. Мұның өзі, сайып келгенде, оның бізге деген көңілінің жарастығын, пейілінің пәктігін, жүрегінің кеңдігін білдірсе керек. Содан да болар оның Мадиярға деген көңілі ала бөтен. Нескеннің жүрек жарды тілектеріне Мадияр да өз әлінше сай болуға ұмтылуда. Мадиярдың ғылым таңдап, «Экономика ғылымдарының кандидаты» атағына ие болуы, дін жолына түсіп қасиетті Меккеге барып, қажылық парызын өтеп келуі соның бір айқын көрінісі іспетті.

«Адамға не нәрсе болса да пейіліне қарай беріледі», деген ұлағатты сөз бар. Бұл тұрғыда Нескеннің «шүкіршілік» деп айтатындай жағдайы бар деген ойдамын. Сүйікті ұлы Азаматты қатарынан кем қылмай мәпелеп өсірді, орта және жоғары біліммен сусындатты, банк саласының білікті маманы болуына ықпал етті. Анасы ретіндегі ең үлкен парызы – Азаматты аяқтандырып келіні Айгүлді қолына қондырды, туған-туыс, жора-жолдас, құда-жегжаттың басын қосып дүркіретіп тойын өткізді. Енді міне Расул деген немересіне әже атанып күнде қуанышқа бөленуде. Таяуда ғана немересінің бір жасқа толғанына орай тойын өткізіп те үлгерді. Нескеннің осындай қуаныштары ұзағынан болғай!

Желтоқсан. 2009 жыл

ҚАЗАҒЫН МАҚТАН ТҮТҚАН КӨПБОЛСЫН

Бүгіндері дүниежүзін шарпыған қаржылық және экономикалық дағдарыстың астарына үңілгендер көбіне оның себептерін материалдық категория тұрғысынан қарастырып жатады. Меніңше бұл бір жақты көзқарас. Шынтуайтына келгенде келеңсіздіктер рухани дағдарыстан туындайды. Сондықтан, адамның сана-сезімін, ой-түйсігін, жан-дүниесін жаңғыртып отыру мәселелері күн тәртібінен ешқашан түспеуі қажет. Сонда ғана, өз сыбағасына құлдық ұрып жеуге әзір тұратын құл мінезді бағыныштылар емес, жанының құнары бар, санасының шырағы бар, шеншекпенділерге емес, парасат пен ақылға бас июге тәрбиеленген намыскер азаматтардың қатары молынан болары анық.

Әрине, қазір де арынды азаматтардан, текті тұлғалардан, ізгі жандардан ада емеспіз. Бірақ көбі қалың бұқараға беймәлім, себебі олар туралы біз айта да, жаза да, көрсете де бермейміз. Бұл енді құптарлық жәйт емес, өйткені осы кісілердің үлгі-өнегесі өскелең ұрпақтың парасат-пайымын нығайтып, рухын шыңдап, жүрегін тербеп, қиялына қанат байлататын, шабытын шалқытатын бірден бір тәрбие құралы. Осы ретте, мен әңгіме еткелі отырған Көпболсын Бекмағанбетовтің өнегелі өмірі баршаға үлгі етерлік деп ойлаймын. Иә, бір қарағанда, ол кітаптары шыққан ақын да, жұртшылыққа кең танымал қоғам қайраткері де емес. Бірақ жүздескен, араласқан адамдарының жан-жүрегіне жылы сезім ұялатады. Бір кездесіп, дәмдес болғандарды өзінің ерекше өлең шумақтарымен шаттыққа бөлейтін, айналасына шуақ шашып жүретін сезімі сергек, ойы тұнық, сенімі сетімеген қазақтың нағыз марқасқа азаматтарының бірі.

Көпболсын Әбдікешұлының біз байқай да, аңғара да бермейтін сәттерді қалт жібермей, оларды сезім иірімдерімен әрі сөз үйрімдерімен әрлей отыра, таңғалғаннан таңдайынды талмап жұтып қоярдай тамаша өлең жолдарына айналдырып жіберетін қасиетіне тәнті боласың. Көпболсынның өлең жазу тәсілі де бөлек. Мен поэзия саласының маманы емеспін, жыр шумақтарының әрбір жолы белгілі бір әріптен басталатын өлеңді қалай атау керектігін біле қоймаймын. Бірақ, осылай жазатындардың некен-саяқ екенінен хабардармын. Көпболсын солардың қатарынан. Бірде, әзіл-қалжындары жарасатын құрдасы Әбітайға арнауының әр жолы «Ә» әрпінен құралған, ұйқасымы мен ұнасымы келіскен әдемі әзіл-өлең шумақтарын тыңдап, таң-тамаша күйде қалғаным бар. Жалпы, оның табиғат пен адам көңіл-күйінің қамшының сегіз өріміндей жымдасқан, жан әлемінді желпіп-желпіп өтетін, көңілдің хошын кіргізетін тәтті жыр жолдарымен бедерленген өлеңдері жетерлік. Білуімше, олардың саны жүзге жетіп жығылады. Республикалық, облыстық, қалалық, аудандық басылымдардың бетінде жарияланғандары да бар. Ал енді осы өлеңдерді өз алдына жеке бір кітап етіп шығарса, бәріміз де ұтар едік.

Негізі, Көпболсын мамандығы бойынша экономист-заңгер. Алғашқы еңбек жолын Қазақ ауылшаруашылығы институтын бітірген соң экономист ретінде бастаған ол, бір жылдан кейін Ішкі істер органдарына ауысып, онда отыз жылға жуық абыройлы қызмет атқарып, полиция полковнигі шенінде

отставкаға шықты. Жанкешті еңбегі өзінің орынды бағасын алып, ол бірнеше медальдардың, Құрмет грамоталарының, Ішкі істер министрлігінің, ВЛКСМ Орталық комитетінің арнайы белгілерінің иегері атанды, ал есімі Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасының «Құрмет кітабына» жазылды. Осындай ісіне адал, рухы мықты, төзімі зор азаматтың, кезінде егер қара сөзді шындап айналдырса, бүгіндері қабырғалы ақындардың қатарын толтырмасына кім кепіл. Дегенмен, ол өзін ақынмын деп есептемейді. Оның ұғымынша әрбір қазақ ретімен сөз тауып сөйлеп, көңілі түссе шумақтарды төгілдіріп жіберуге тиісті сияқты.

Ері жеріне тартып туады десек, жүзіне ақжарқындылық пен имандылық қатар қоныс тепкен Көбекеңнің үлгі тұтарлық адами қасиеттерінің, ерекше қабілетінің қайнар бастауында қазақтың небір дүлдүлдері мен бұлбұлдарын дүниеге әкелген нұрлы да әсем Ақтоғай елінің тұрғанын айтқан жөн. Бабадан қалған салты мен атамұра дәстүрін қастерлейтін, өнері мен өлеңін, қасиетті тілі мен ділін төбесіне көтеретін осынау бір қазақи өңір Көпболсындай ұлын әрдайым асулы армандарға құлаш ұрғызып, ізденіс еңбектерге ұштастырды, өмірін мағыналы еткен жарқын мақсаттарға жетеледі. Көбекең болса сол биік межелерден табыла білді, әлі де табылып келеді. Зейнеткерлікке шыққанына карамастан халқына қызмет етуден бір жалыққан емес. Әсіресе, 2007 жылы Елордаға қоныс аударып келген сәтінен бастап оның екінші тынысы ашылды десе де болады. Бірнеше қызметтің есігі оның алдынан айқара ашылғанымен, ол өзінің ана тіліне бас иіп, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін баянды ету жолында аянбай қызмет жасауға бел бұды. Сөйтіп, Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту басқармасына жұмысқа тұрды. Міне содан бері бел жазбай, еліне аса қадірлі, қазақтың қайсар қызы Оразгүл Асанғазымен ілесе отырып тіл майданында тынымсыз тіршілік жасап жатқан жәйі бар. Нәтижесіз де емес. Елорда тарихында ең алғашқы болып Тілдерді дамыту басқармасының әнұранының мәтінін жазды. Көпболсын жазған бұл әнұранның өн бойы:

Тілім менің ғасыр үнін жалғаған,

Тілім үшін отқа түсем лаулаған.

Басқаны да ортамызға тартайық,

Қазақ қана сөйлегені аз маған, - деген тәрізді жыр шумақтарымен әдемі көмкеріліп, барлық қазақстандықтарды мемлекеттік тілді сыйлауға және оны заңды тұғырына бірлесе отырып қондыруға шақырады. Айта кету керек, 2009 жылы Астана қаласында Қазақстан халқы тілдері фестивалін қортындылаған үлкен басқосуда аталмыш әнұран тұңғыш рет орындалып, көптің көңілінен шықты.

Көпболсынның жеті шумақтан тұратын «Үрдістерін Малайдың, үлгі істерге балаймын» деген өлеңі де өз елі мен жерін қадірлейтін әрбір азаматты бей-жәй қалдырмасы анық. Малайзияда білім алған баласы Маратпен әңгіме барысында кешегі ешкім біле бермейтін Малай елінің аз уақытта, түпкілікті мүддесіне жұмыс істейтін сындарлы саясат жүргізудің арқасында, әлемнің алдыңғы қатарына шығып құрлықтың азулы «жолбарысына» айналғанынын білген оның тілінің ұшына мына бір жолдар ілінген екен:

Салтын сақтап, әр қилы дінді ұстанар,

Қытай да бар оларда, индус та бар.
Мемлекеттік тілді де тез меңгерген,
Заң қадірлер, енгізді үрдісті олар.

Таң қаламын басқаның ғажабына,
Біздегілер алсашы назарына.
Мәртебесі тілімнің өссе солай,
Жұғысты боп кеңпейіл қазағыма.

Көбекеннің Тілдерді дамыту басқармасының өзге де қызметкерлерімен бірге Елордамызды қазақи кейіпке айналдыру жолында атқарып жатқан істері құптауға тұрарлық. Жалпы осындай азаматтардың тіршіліктеріне қарай отырып, «жарғақ құлағымыз жастыққа тимей, түн ұйқыны төрт бөліп жұмыс жасап жатырмыз» деген сөздің шынайы мән-мағынасын ерекше түйсінесің. Өз басым, жұмыс пен төл тілімізге адалдығы үшін ол кісілерге ризамын. Ал, Көпболсынның өзі болса:

Асқаралы алпысты алқымдадым,
Өзгермедім баяғы қалпымдамын.
Өткеніме өкпем жоқ, ағайындар,

Мақтан етем қазақтай халқым барын, - деп, ағынан жарылады. Ендеше біз де Көпболсын Әбдікешұлындай азаматпен мақтанамыз әрі оның өнегелі істерінің өзінің сүйікті балалары мен сүйкімді бес немересіне, жалпы өскелең ұрпаққа тигізер әсерінің оң әрі мол болатынына сенімдіміз және де қашанда қолтығынан демеп, ажарын ашып келе жатқан жан жары Бақыттымен ұзақ ғұмыр кеше отырып бақытты болуын тілейміз.

Наурыз 2010 жыл

БАУЫРЫНА ҮЛГІ БОЛҒАН АЖАР

«Өмір - өткен күндер емес, есте қалған күндер» деген әдемі бір тіркес бар. Расында, кейінге көз жіберсең ойыңа ең алдымен жүрегіңнің түкпірінен ойып орын алған тамаша сәттер оралады. Солардың ішінде баяғыда өткен балалық дәурен мен бал күндердің орны бөлек. Өйткені әр адам өзінің туып өскен, өмір сүрген, бақыт пен қайғы, жақсылық пен жамандықты көрген өлкесін, ата-бабаларының жерін бәрінен жоғары қояды. Заманымыздың заңғар жазушысы Ғабит Мүсіреповтің «Жер жүзінде сенің туып өскен жеріңнен артық жер жоқ» деуі кездейсоқ емес.

Сондықтан да менің балалық шағымның естелігінің алғашқысы ретінде ылғи көз алдыма бүгіндері әрі мен сәні кетіп жадау күйге түскенімен өзіндік мәнін жоғалтпаған, еліміз тарихында ерекше орны бар Жезді өңірі келеді. Бір кездері жері шұрайлы, топырағы құнарлы, төскейі малға, қойнауы кенге толы осынау қасиетті өлкеде біз өмірге келдік, есейдік, ержеттік, оқыдық-тоқыдық, жан-жаққа қанат қақтық. Әкеміз Махмұт пен анамыз Шархия жандары таза, көпшілікке мейлінше жәйлі, «құдай деген» адамдар еді. Әкей сонау бір сұрапыл соғыс кезінде Сәтбаевтың қарамағында жұмыс істеп, 38 күн ішінде Жезді кен орнын іске кірістірген, сөйтіп аса қажетті марганецті майданға

аттандырған азаматтардың қатарында болды. Қашанда да өз ісіне адал әкеміз бір Аллаға деген сенімі берік, өте тақуа жан болатын. Жарықтық, «Алланың әділдігін көрмейсің бе, пендем бір қалыптан жалықпасын деп күн мен түнді, жылдың төрт мезгілін, тынысы тарылмасын деп ауаны, шөліркегенде тілі құрғамасын деп мөлдір суды жаратыпты», деп үнемі айтып отыратын. Жүзінен жылылық есіп тұратын анамыз да қолы ашық, он саусағынан өнер тамған ісмер, ем-дом жасай алатын қасиеті бар кісі еді. Өзгеге жақсылық жасауға келгенде алдына жан салмайтын.

Мінеки, осындай асыл азаматтардан тараған 11 ұрпақтың үшеуі ерте шетінеп, ал қалған сегізімізге жарық дүние бұйырыпты. Енді қазір тіршілік кемесінде екі ұл, екі қыз қалып, қал-қадірімізше өмір айдынында жүзіп келе жатырмыз. Қайсымызға да болмасын ата-анамыздың тәлім-тәрбиелері біздің өмір белестерін бағындырудағы негізгі сүйенішімізге айналғанын айтсам, ол кісілердің: «Адамды алға сүйрейтін тек қана адал еңбек. Жұмыстың жаманы жоқ. Еңбек етуден қашпандар. Еңбек те ерінбегенді ұнатады. Біреудің ала жібін аттаушы болмаңдар. Мандай терің төгілмей босағаңа береке кірмейді» дегендері қара шаңырақта біз жиі еститін әңгіме болатын.

Содан бері судай аққан жылдар өз еншісін алып талай өзгерістер әкелсе де біздер әке-шеше аманатына адал болуға, олардың атына кір келтірмеуге тырыстық. Бұл жолда үлкендеріміз кішілерімізге үлгі-өнеге болуға ұмтылса, кішілеріміз үлкендерімізді ұятқа қалдырмауға бел байладық. Үйдің кенжесі мен үшін, әрине, алдымдағы апа-ағаларымның тірліктері мен іс-әрекеттері кейінгі өмірімнің бағдаршамы іспетті болғанын айтқаным жөн. Бұл ретте апайым Ажардың мен үлгі тұтар тұстары жеткілікті. Ол маған қай уақытта да қамырдан қыл тартқандай, сабырлы жан ретінде етене жақын. Сонымен бірге мені ол адалдығымен, әділдігімен, кеңпейілдігімен тәнті қылады, сыйлатады, табындырады. Әсіресе, оның бауырмашылдығын ерекше айтқым келеді. Ең үлкен апамыз Үрләштің балалары түгел дерлік Ажардың жылуына молынан бөленіп, оның шапағатына алаңсыз шомылып өсті. Осы үйдің үлкен ұлы Шаһибәдден (біз Бота дейтінбіз) мәселен Ажардың мойнынан түспеген күйі еркелеп жүріп ержетті. Қазір өзі немерелі болған Шаһибәдденге арақідік біз осы бір жәйтті есіне салып, ойынды-шынды одан өтемін сұрап қоямыз. Сөйткен сәттерде Ажар болса риясыз көңілімен «Бота аман жүрсе болар» деп оған араша түсіп жатады.

Ажар туралы сөз бола қалса, оқтын-оқтын санамнан өткен шақтардың өзге де тұстары сығалап қояды. Осы орайда мына бір көріністер мен үшін өте -мөте қымбат. Тарих қойнауына енген ХХ ғасырдың елуінші жылдарының ортасына таман үлкен ағамыз Рахымжанның бұрынғы Қарсақпай ауданының бір қиырында жатқан Қызыл әскер ауылындағы бастауыш мектепке жұмысқа жіберілуіне байланысты тұрған жерімізден сонда көшуге тура келді. Ажарды Үрләшқа көмек болсын әрі оқуына ыңғайлы жағдай тусын деген ниетпен Жездіге қалдыру ұйғарылса керек. Алайда Ажардың бізді қимай жанұшыра жүк тиелген көліктің артынан жүгіргені, қайта-қайта құлап тізесін қанатқаны, «Қой, баланың көңілін жасытпандар» деген үлкен үйдегі Зейнеп әжемнің сөзінен кейін оны көлікке мінгізіп алғанымыз кішкене бала болсам да менің

есімде қатты қалып қойыпты. Одан ұтылған жоқпыз. Ажар ауыл мектебінде оқи жүріп, үйге қолғабыс болуымен қатар маған және тетелес апам Нескенге қамқорлығын молынан көрсете білді. Жас айырмашылығымыздың 5-6 жылға шамаластығынан шығар, Ажар бізбен ойнағаннан гөрі қамқоршы болудан бір танған емес. Кейде біздің балалықпен жасаған тентектігіміз үшін жеуге тиісілі «таяқты» Ажар жазамызды жеңілдету мақсатымен өзіне қабылдап жататын.

Жалпы Ажар мені жанынан бір елі қалдырмайтын. Әлі есімде, екеуіміз оның анаммен бірлесе тоқыған кілемін Жезқазған қаласында тұратын әкейдің туған інісі Әукен ағаның үйіне апарып беру үшін қысқы демалыс уақытында жолға шыққан болатынбыз. Бұл – қысы өте бір қатты болған 60-жылдардың басы еді. Мұрнымыздан су кетіп, әбден жаурап тоңған біздер қабымызды арқалап Әукен аға үйінің табалдырығынан аттаған сәтімізде, осы үйге жаңадан келін болып түскен Рәш жеңгеміздің Ажар екеуіміздің түрімізді көріп «Қайыршы балалар келіп тұр» дегені сол кезде күлкілі болмағанымен, кейіннен бәріміз мәз болып ылғи еске алып жүретін жайтқа айналды. Сонда ғой, Әукен ағаның асты-үстімізге түсіп, алдымызға ыстық тамағын қойып, айналып-толғанып, бізге деген әкелік мейірімін төгіп жататыны. Жездіге жол жабылып қалуына байланысты күн сайын автобусқа шығатын бізге, Әукен аға қалтамызға ақша салып беруден жалыққан емес. Ал біз болсақ сол ақшаға тәтті алып жеп қана қоймай, қалған ақшамызға күнде үндінің киносын көруді әдетке айналдырдық. Киноны аса бір түсініп жатқан мен жоқ, бірақ Ажардың жылағанын көріп мен де көз жасыма ерік беремін. Сөйтіп, жылап-жылап көзіміз ісініп кеткен бізді көрген Әукен ағамыз «Мыналар ауылдарына қайта алмай уайымдап жүр-ау» деген болу керек, жұмысын тастап бізді әуірімдеп жүріп Жездіге әкеліп салғаны бар. Әукен ағаның біздің үйге деген ерекше ықыласын кейін де сезініп жүрдім. Әкемнің науқасы дендеп, хәл үстінде жатқан кезінде Әукен ағаның шыр-пыр болып, бауырына қалай көмектесерін білмей әбден әбігерге түсіп қиналғаны әлі күнге дейін менің жадымда. Сол кісілердің бір-бірлеріне деген бүкпесіз көңілдерін бүгін мен сағынышпен еске аламын. Сөйтсем де Ажардың бойынан сол кісілерге тән бір жұғыстықты аңғарғандай боламын.

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады», деген Абайдың он тоғызыншы қарасөзі Ажардың бұл өмірдегі берік ұстанымы десем әсте қателесе қоймаспын. Мектепті бітірген соң медбикелік мамандық алған Ажар тұрмысқа шығуына байланысты білімін жалғастыра алмаса да өз кәсібін ширата білді. Нәрестелі бола жүріп медбикелік қызметін, Қарсақпай мыс зауытында жұмыс істейтін жолдасы Нұрпанның 1974 жылы Жезқазған мыс қорыту зауытына ауысқанға дейін, атқарудан қол үзген жоқ. Мұнда келгеннен соң жаңа аспазшы мамандығын игеруіне тура келді және зейнеткерлікке шыққанша осы салада жұмыс істеді. Үй тәрбиесінің септігі болар, осы мамандықтың қыр-сырын меңгеріп алғандығы сонша Ажардың

дайындаған тамағы тіліңнің дәмін үйіріп ала жөнелетін. Қазірге дейін бәріміз Ажардың қолынан дәм татуға құштармыз. Өмір университетінің мән-жайына әбден қанық Ажардың бүгінде жаңа қабілеті ашылып, анасы Шархия тәрізді тігіншілік өнерді де қазір еркін игеріп алған.

«Көже қатығымен дегендей», Нұрпан мен Ажардың бүгінде жеке-жеке жанұяға ие болып үлгерген екі ұлы мен төрт қыздары, Айманы, құдай берген немерелері бар. Күйеу балалары мен келіндерінің көңілдерінде алаң жоқ, барлығы жұмылған бір жұдырықтай. Бәлкім, бақыт дегеннің өзі осы шығар. Адам баласына баладан үлкен байлық, баладан үлкен бақ бола ма. Олар да өз кезегінде тәуелсіз елдің іргесін бекітуге өз үлестерін қосып жүр. Ажар болса қазір мойнына «Алтын алқа» таққан Батыр ана. Бұдан артық не керек.

Әрине, әркімнің өз көңілінің жүйрік пойызы бар. Ол өмірдің ағымына қарай жүйткіді. Өмір ағысы түзу жолдардан емес, бұраландардан да тұрады. Қалай десек те, бұл – өмір және әркімнің өз пешенесіне жазылған тағдыры болады. Ана бір жылдары Ажар қатты ауырып, бәрімізді абыржытқаны бар. Сонда мына бір әпсана ойыма оралып еді. Алланың әр тіршілік иесіне берген жасы бар екен. Мәселен, аққуға 90 жыл, бүркітке 60 жыл, қарғаға 200 жыл, тасбақаға 300 жыл, қарағай деген ағашқа 1000 жыл беріпті. Сонда адамға қанша жас беріпті деген орынды сұрақ туындайды. Үнді зерттеушілерінің айтуына сенсек, Алла адамға 150 жыл беріпті. Олай болса, 65 деген жасқа енді ғана толып отырған Ажардың барлық қызығы әлі алда деп білемін. Сол қызықтарды бірге көруді бәрімізге жазсын!

Тамыз 2010 жыл

АДАЛДЫҚ АЙНАСЫ

Адамгершілік – елден асқан ерлік те, жұрттан асқан көрегендік те емес. Өзгенің де өзіңдей екенін ескеріп, талабын мұқатудан тартынатын мейірбандық. Ол жанының құнары бар, санасының шырағы барларға ғана тән қасиет. Бүгінгідей саяси өлермендік, материалдық ашқарақтық пен пайдакүнөмдік бел ала бастаған тұста адамгершілік, имандылық, адалдық, ізгілік тәрізді рухани құндылықтардың қажеттілігі айқындала түсері анық. Жаратылыс пайымында осындай адами қасиеттердің дәні молынан себілген тұлғаларға қоғамның зәру болатыны да сондықтан.

Жаратылысынан бүгілуді білмеген, болымсызға үгілуге көнбеген, ойы мен ісі ізгі ниеттерге толы Серік Мәкенұлы Төрегелдин сондай азаматтардың қатарынан табыларына сенімдімін. Оның себебі де жоқ емес. «Біреуді Құдай қосса, енді біреуді нокта қосады» дейді ғой халқымыз. Бізді қосқан тарихтың ашық аспан астындағы айқара ашылған Ұлы Дала кітабына айналған Ұлытау өңірінің Жезді өлкесі. Ұлы Жібек жолының «Сарысу» тармағы өтетін осынау қасиетті топырақта бір жылда өмірге келіп, бір уақытта өсіп жетілдік. Ойнап-күліп жүріп Үлкен Жезді өзені бойындағы Қаратоғайда мен, ал Шағамбайда ол шөп шабумен айналысып, әлімізше үйге көмектестік. Бір мектептен білім

алып, көкірек көрігімізді де аштық, Қарағанды политехникалық институтына бірге түсіп, түрлі мамандық иелері атандық. Кейін де әр салада еңбек етсек те өмір нәқтамыз босаңсып не толық ағытылып кеткен тұстары болған емес.

Иә, өмір болған соң, өріне шығып сүйіндік те, өзегіне түсіп күйіндік те. Орыс жазушысы Толстой айтпақшы, «Өмір деген тек қана түзу жолмен жүру емес, сол түзу жолмен келе жатып бұрылысқа келіп, бұрылыстан келе жатып құлап қалу, қайта тұру, қайта жүру». Дегенмен Серіктің өмір жолы әу бастан түзу түзілді деуге болады. Ата-анасынан бойына сіңірген тәрбие мен тәлімі және ол кісілер араласқан зиялы ортадан алған ғибраты Серікке үлкен сабақ болды. Кішкентай күнінен ғасыр жасаған әжесі Мейіздің тәрбиесінде болып, ол кісінің айтқан ертегілерінен, әңгімелерінен, оқыған жыр-дастандарынан қазақтың сөз маржандарын құлағына құйып өсті. Соның игі әсері болар, орыс мектебін бітіріп, өмірінің басым бөлігі орысша орта болғанымен, Серік қазақ тіліне жүйрік, әр сөйлемін мінсіз мүсіндейтін, мағыналы ойын дөп түсіретін жан ретінде көпке танымал.

«Әкеге қарап ұл өсер» дегендей, Серіктің әкесі Мәкен Төрегелдин жеке басының шаруасы үшін, ар алдындағы арзан дүние үшін пендешілікке бас имей, парасаттылықтың ең биік шыңына шыға білген адал жүректі Ел ағасы болатын. Қазақ халқының маңдайына біткен біртуар ұл – Қаныш Сәтбаевтың жастайынан қамқорлығын көріп, өмірлік сабақ алған, ХХ ғасырдағы жойқын соғыстың ең шешуші майданы болып есептелінген Сталинград шайқасына қатысып қана қоймай, Альпі тауына дейін от пен қан кеше жүріп Еуропаны басқыншылардан азат еткен, соғыстан кейінгі бейбіт өмірде ерен еңбегімен көзге түсіп, Жезді аудандық партия комитетін басқарған 16 жыл ішінде Кеңестер Одағы көлемінде өз ауданын қатарынан үш бесжылдық жеңімпазы атандырған Мәкенді бүгін елі зор құрметпен есіне алады. Әсіресе, ол кісінің өзінің жүрек қалауымен және ұстазы Қаныш Сәтбаевтың аманатын орындау мақсатында шағын ғана Жезді кентінде ТМД-да тендесі жоқ тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайын ұйымдастырып, өмірінің соңына дейін оның жүйелі жұмыс істеуін қамтамасыз еткеніне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтан бастап елдегі игі-жақсылардың, алыс-жақын шетелден келген қонақтардың ризашылық білдіргенін айтқан жөн.

Серікке анасы Әлиманың да шапағаты мол болды. Ол кісі табиғатынан қарапайым, кез-келген жанмен бас пайданы көздемей, ішкі есепсіз сыйласа білетін, ешкімге қылдай қиянаты жоқ, ерекше бір жан еді. Үлкен лауазымды азаматтың жары бола тұра, ауданның қарапайым бір мекемесінде қарапайым ғана қызмет жасады. Серіктің қолында билігі бар және құрығы ұзын қаншама адамдарды жақсы танитын болса да, тонның ішкі бауындай жақын араласса да, олардың бірде-біреуіне өзінің жеке басының мүддесі үшін уәж айтпайтын мінезі, сірә, анасынан сіңген әдет болар деп ойлаймын. «Қасиет жұғыс, ақыл ауыс» деген нақыл сөздің айқын көрінісі де осы шығар.

Мінеки, осындай абзал жандардың тәрбиесімен сусындаған Серік өзіне әруақытта сын көзбен қарай отырып, ісіне мығым, алған міндетіне жауапты болуға, кісілік пен кішілікті қатар ұстауға ұмтылды. Студенттік жылдары ол барлық белсенді жастарға тән қоғамдық жұмыспен әрі спортпен айналысты.

Еркін күрестен Лениногорск қаласында өткен бүкілодақтық турнирде Кеңес Одағы Батыры Төлеген Тоқтаров атындағы жүлдеге, ал бұл жарыс Қарағанды қаласында өткенде Кеңес Одағы Батыры Нүркен Әбдіров атындағы жүлдеге ие болды. Сондай-ақ республикалық студенттік универсиадаларда Қарағанды облысының намысын бірнеше дүркін абыроймен қорғай білді. Еңбек жолы да табысқа толы болды. Институтты тәмәмдаған соң қызмет сатысы құрылыс учаскесі шеберінен бастап, республикалық деңгейдегі басшылық дәрежесіне дейін көтерілді. Қандай да бір қызмет атқармасын, ең алдымен еңбекшілердің мүддесін қорғауды көздеді және осы тұрғыда туындаған қиыншылықтар мен түрлі кедергілерді еңсеру бағытында бір сәт те аянған емес. Бұл жолда талай «дөкейлермен» шекісуге дейін барды, ол жөнінде және бұқаралық ақпарат құралдары жарыса айтып та, жазып та, көрсетіп те жатты.

Мәселен, күніміз Мәскеуге қарап тұрған 1985-1990 жылдары Никольск (қазіргі Қарағанды облысының Сәтбаев қаласы) қалалық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған тұсында Серік Төрегелдин қала тұрғындары мен кеншілердің тұрғын үй, мектеп, балабақша, жол жөндеу, коммуналдық шаруашылығы мәселелерін шешу тәрізді игі іс-шараларға мұрындық болды. Ең маңыздысы, ол қалалық атқару комитетінің арнайы шешімімен Жезқазған қалашығының тұрғылықты массивтерінің астынан руда алуға тыйым салды, сөйтіп қауіпті тұрғын аймағынан 14 мың адамды көшіру мәселесін Одақтық Министрлікке, оның Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты басшысына тікелей қойды, мұндай қажеттілікке олардың көздерін жеткізу мақсатында өз атынан «Казахстанская правда» газетіне «Столкновение» деген атпен мақала жариялады. Бұл, әрине, бишікештерге ұнамады, оны жан-жақтан қыспаққа алу басталды. Осы қиын-қыстау сәтте, Серік Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарапынан қолдау тапты әрі ол кісінің көмегімен КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы Николай Рыжковпен кездесіп, қоныс аударуға қажетті деген қаражат мәселесі оң шешілді. Сөйтіп, қирап-бұзылуы ықтимал аймақтан тұрғындар жаңа орынға көшірілді. Сонда ғой, Нұрсұлтан Әбішұлының: «Никольск қалалық атқару комитетінің «тыйым салуы»-да өз дегенін істеді. Одақтық министрлік пен оның Жезқазған тау-кен металлургия комбинатына онымен санасуына тура келді. Қауіпті аймақта болып қалған қалашық тұрғындарына жаңа ықшам аудан салу құрылысы басталды», - деп қала басшысының батыл да принципті ұстанымын атап өткені. Расында, сол кездері осындай ерлікке тән шарт-қимылға бара алатын қалалық деңгейдегі басшылар некен-саяқ болатын.

Төрегелдин Нұрсұлтан Назарбаевтың қамқорлығын еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары да көріп жүрді. Сәтбаев қаласының әкімі болып тағайындалған сәттен-ақ, ол бірден әбден шегіне жеткен өзекті мәселелердің түйінін түбегейлі шешуді қолға алды. Тыңғылықты жұмыстың арқасында бір жылдың ішінде қала тұрғындары шектеусіз электр энергиясын пайдаланып, тек таза су ішетін болды, пәтерлерде жылу орнады, бюджеттік ұйымдардың жалақы мен коммуналдық қызмет түрлері бойынша сан жылғы қарыздары төленіп, жойылды, қала күл-қоқыстан тазарып, жасыл-желек көбейді. Шағын және орта бизнесті қорғау мен қолдаудың тың әдісін ойлап тапты. Сөйтіп, ол

Қазақстанда алғаш рет «Бақылау жасайтын органдардың келіп-кетуін есепке алу кітабы» және оны қолдану бойынша нұсқауды өз бетімен әзірлеп, бекітті. Бұл бақылаушы органдар тарапынан тексеріс санын едәуір азайтуға ықпал етті. Кейін, 1996 жылғы сәуірде Мемлекет басшысымен кездесу барысында «Кітап» туралы баян етілгенде, Нұрсұлтан Әбішұлы бұл бастаманы қолдап, тиісті орындарға осынау озық тәжірибені таратуды тапсырды. Нәтижесінде, республиканың барлық аймақтарында тексерушілерді тіркеу мен есепке алу тәртібі енгізілді. Қазір кәсіпкерлердің «Келіп-кету мен тексерістерді есепке алу кітабын» жүргізу құқығы Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңында нақты бекітілген. С.Төрегелдин болса халық игілігі үшін атқарған тынымсыз еңбегі мен тың ізденістері арқасында республиканың ең үздік әкімі деп танылды, ал Ақсақалдар кеңесі, Соғыс және еңбек ардагерлері кеңесі, «Қайта өркендеу» қоғамы, мүгедектер қоғамы дүйім жұртшылықтың Серікке ризашылығын облыстық «Индустриальная Караганда» газетінде «Сәтбаевта тұрған жақсы» атты мақалаларында шын-ниеттерімен білдірді.

Алайда, қарапайым халыққа жағымды Серік Төрегелдин қолында билігі бар кейбір адамдарға және Жезқазғандағы алпауыт өндіріс басшылығына аса жаға қоймады. Олар қалай да тынымсыз қала әкімінен құтылудың амалдарын іздестіре бастады. Содан барып, бюджетті үнемдеу деген сылтаумен Сәтбаев қаласының бюджетін Жезқазған қаласына өткізуге жұмыс жасады және мұны кейін іске асырды. Әрине, өз ақшаңа өзің ие бола алмаған соң, қандай да істің қиуы кетері анық қой. Осыны ескерген және әлдебіреулердің жеке басының мүддесіне бола халықты күйзелтпеуді ойлаған Серік Төрегелдин қолынан келгенше мұндай бассыздыққа жол бермеу үшін жанталасты. Тіпті, сол кезде мемлекеттік деңгейде үлкен лауазымға ие, есімі елге таныс өзінің жерлесіне арнайы шығып, одан көмек-қолын сұрады. Ол алдымен емексіткенмен, кейін жалт берді, сөйтіп соңғы үміті үзілді. Нәтижесінде, Сәтбаевтың тұрғындары біршама жыл жетім баланың күйін кешті, өздеріне тиесілі үлестерінен ылғи да құр қалып жатты, адамдардың реніш-өкпесі көбейді. Ақырында, келеңсіз жағдайлар ушығып кетпесін деген оймен болу керек, Сәтбаев қаласына өзінің бюджеті қайтарылды. Бірақ, көп адамның жүректерінде сызат, көңілдерінде қаяу қалды. Бір кездескен тұста, Серік өзінің аса сенім артқан жерлесі туралы әңгімелей келе, Ахмет Байтұрсыновтың: «Қинамайды абақтыға жапқаны, Қиын емес дарға асқаны, атқаны. Маған ауыр осылардың бәрінен, Өз аулымның иттері үріп қапқаны», - деп айтқан сөзінің әлі де мәнін жоғалтпағанына таңғалысын білдіре отырып, маған ағынан жарылған еді.

Қалай болғанда да, мұндай келеңсіз жағдайлар Серіктің көңіліне кірбің салғанымен, оның жігерін жасытпады. Халық мүддесін көздеуден, әділдікті орнықтырудан, кемшіліктермен күресуден бір жаңылған жоқ. Мұны ақпарат құралдары арқылы Серіктің Жезқазған облысының баға және монополияға қарсы саясат бойынша комитетінің төрағасы, Қарағанды облысы бойынша баға және монополияға қарсы саясат бойынша аймақтық комитеттің төрағасы, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің басқарма бастығы ретінде әр жылдары жасаған нақты жұмыстарынан жақсы білеміз. Бір мысал. Қарағанды облысы бойынша баға және монополияға қарсы саясат

бойынша аймақтық комитет төрағасы лауазымына тағайындала салысымен ойланбастан монополияға қарсы заңнаманы бұзушыларға келіспеушілікпен қарау саясатын нық жүргізе бастады, энергетика, газ секторындағы, жылумен және сумен жабдықтаудағы бағалау деңгейі қызметіне бақылау жасау қатайтылды, бюджет қаржысымен күн көретін бірқатар мемлекеттік органдардың заңсыз ақылы қызмет көрсету түрінде ақша жинау үлгісіндегі мемлекеттік рәкетті болдырмаудың жоспарлы жұмыстары түзіліп, олар іске асты, айыппұл төлеу есебінен облыс бюджетіне түскен қаражат ондаған есе ұлғайтылды. Заңсыз табыстарынан қағылғандар, әрине, қарап қалмады. Олар түрлі себептерді алға тартып Жоғары тәртіптік кеңеске, Бас прокуратураға, сот органдарына Серік Мәкенұлының үстінен шағымдар түсіре бастады. Алайда, ол көрсетілген қысымдарға қарамай, өзінікі дұрыс екенін батыл дәлелдеп, облыстық прокуратурада, Бас прокуратурада, жоғары сот инстанциясы болып табылатын Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының Президиумында істі жеңіп шығып, Монополияға қарсы комитет пен облыстың ірі монополисі арасындағы дауға нүкте қойды. Бұл Қазақстан көлеміндегі бұрын-соңды болмаған жағдай еді. Содан да болар, Серіктің бұл «тентектігі» кейіннен оның қызметінен шеттетілуіне әкеліп соқты. Дегенмен «Аққа Құдай жақ», араға шамалы уақыт салып Серікті бұл қызметке бүгінгі облыс басшылығы арнайы шақырып алды. Қазір мұнда дау-дамай басылған, әркім өзіне тиесілі жұмыстарын ел игілігіне бағыттап атқаруда.

Мақала басында қоғам шалымды тұлғаларға зәру дегенімде, мен Серік тәрізді азаматтар туралы тым аз айтылатынын ескерткім келіп еді. Неге екені белгісіз, біз шенеуніктерді қолдағаннан көрі, лауазым иелерін даттауға дайын тұрамыз. Иә, шенеуніктердің ортасының ала-құла болып келуі, араларында мемлекеттік қызметке кездейсоқ келіп қалғандарының бары еш құпия емес. Олардың кейбіреулерінің паракорлық пен жемқорлыққа жақын тұратындары да шындық және солары үшін тиісті жазаларын алып та жатыр. Бірақ, мұндай адамдар қоғамның аз ғана бөлігін құрайды. Әрине, олардан қоғамды мүлдем тазарту үшін барлық шараларды, оның ішінде БАҚ-тардың мүмкіндігін де пайдалану қажет. Сонымен бірге, өз ісіне шын жүректен жаны ашитын, елі, жері үшін басы ауырып, балтыры сыздайтын, халыққа қызмет етуге қашанда дайын, қолы пәк, ары таза мемлекеттік қызметшілер туралы айтып, жазып, көрсетіп жүруді бір сәт ұмытпаған жөн деп білемін. Мына мақала соның бір бастамасы болсын, сондай-ақ көп жылы сөзді соңынан айтатын әдетімізден аулақ болайық деген ниетте жазылып отыр. Олай болса, бір-бірімізді қолдап жүрейік, ағайын!

Қаңтар 2011 жыл

ҚОЖАМСЕЙТОВТИҢ АЛТЫН КҮЗІ

Бұрынғыны айтпай, соңғы есіңе түспейді десек, әркім өз өміріне өшпестей із қалдырған ерекше оқизаларды жадында ұстауы заңдылық. Сондай бір жағдайды ХХ ғасырдың сексенінші жылдарының ортасына таман мен де басымнан өткерген едім. Төл мамандығымнан – техника саласының инженері қызметінен, бейнелеп айтқанда, адам жанының инженері болуға, яғни рухани салаға қарай бет бұрдым. Байқасам, осы бір тіршіліктің қол-аяқты тұсағанына да отыз жылға жуықтапты.

Өмірдің бір бедерінде тағдырымның осылайша күрт өзгеруіне себепші болған азамат Сағындық Қожамсейітов еді. Мен оны алғаш облыстық партия комитетіндегі жұмыс бөлмесінде кездестірдім. Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған филиалындағы автокөлік кафедрасында оқытушы болып жүрген мені партиялық қызметке тартуды көздеген болуы керек, осы мәселенің төңірегінде бірсыдырғы әңгімелескеніміз бар. Идеология бөлімінің меңгерушісінің мысы басты ма, не филиал басшылығының менің ғылыммен айналысуыма жағдай жасауға нақты ынта таныта қоймағанынан ба екен, әлде халықтың рухани әрі мәдени өсуіне атсалысып, пайдамды тигізсем бе деген ниет болды ма, әйтеуір Сағындық Үсенұлымен шүйіркелесіп кетпесек те оған қызметімді өзгертуге келісім бергенім есімде. Сөйтіп, өзіме мүлдем беймәлім ортада қызмет жасауға бел будым. Алайда оның реті бірден бола қойған жоқ. Қазір ғой жастардың оқу аудиториясынан шыға сала қандай да бір құзырлы орындарға топ ете қалатыны, ал сол кездердегі қалыптасқан тәртіп бойынша, Жезқазған облыстық коммунистік партиясына, алғашқыда «Білім қоғамы», соңынан «Саяси ағарту үйі» тәрізді мекемелерде үш жыл жұмыс істеп барып қана табан тіредім. Мінеки, содан бері бұл кісімен өмір жол айрықтарында рухани тұрғыдан ниеттес болып, айлар мен жылдар құшағында кәдімгі аға-інідей араласып келеміз. Содан да болар, кейде Сәкең ойыма түсіп кеткенде қоңырау шылдырлататын әдетім бар. Қысқасы, ол екеуіміздің арамызда көзге көрінбейтін бір жақындық байланыс орнаған.

Былай байырқаласам, оны көп те, аз да білетін сияқтымын. Ойы терең, сөзі салмақты, қатардағы адамдар сезіне де, түйсіне де алмайтын нәрселерді сезе алушы болмыс иесінің ішкі-жан дүниесін бір демде аңғара салу тіптен де жеңіл-желпі шаруа емес. Дей тұрғанмен, мен Сағындық Қожамсейітовты өз уақытының сөзін сөйлеп, қырағы көзі мен құйма құлағына айналған адамы ретінде танымын. «Істі бастадың ба асықпа, қолға алдың ба тастай қат», - дейді екен көне элладалық данышпан Биант. Сол ұлының айтқанындай, Сағындық ағамыз коммунистік партияның қағидаттарына сүйене отырып нендей бір игі істердің ұйытқысы болды. Өз кезегінде, мұндай машақаты мол жұмыстарға үлкен ұйымдастырушылық қабілет, асқан сабыр мен аса көп күш-жігер қажет болатын. Бүгінде коммунистік партияның мүшесі болдым, оған адал қызмет еттім дегенді зор мақтаныш сезіммен, ерекше леппен айтуым күлкілі шығар. Ол кезде бұл әркімнің қолы іліге бермейтін жетістік болып табылатын. Қабылдаушылар түп-тамырынды тексеретін, қабілет-қарымынды зерттейтін,

Отанымызға тигізетін пайдалы істеріңді саралайтын, сенім-нанымыңа зер салатын. Осындай қатаң талап сүзгісінен өту дегеніңіз айтуға ғана оңай.

Асылы, әрбір таныс пен бейтаныстың ерекше бір қасиеттері болмаса, әрине, есте қала бермейді. С.Қожамсейітов туралы бұлай айта алмаймын. Әлі есімде, ол кісі маған сол уақыттағы Жезқазған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Николай Давыдовтың атынан Кеңес одағының көлемінде шығатын «Партийная жизнь» журналына мақала дайындауға тапсырма берді. Бұл тапсырманы орындау үшін едәуір тер төгуге тура келді. Сонда ғой, менің жазғандарымды мұқият тексеріп, ана жері мен мына жерін толықтыруға, сол үшін Лениннің көптомдық шығармаларының нақты аттарын нұсқай отырып, олардың бәленшедей бетінде келтірілген түгеншедей деректерге назар аудару керектігіне кеңес беретін. Таңқаларлығы сол, оның бұл айтқандары дәлме дәл келетін. Осылайша мақала дайындау үш айға созылып, бір жағынан Сәкеңнің білімділігіне риза болсам, екінші жағынан, адамды осынша неге әуре етеді екен, деп оған іштей ренжігенім де рас. Сөйтсем ол мені ақпарат көздерімен сауатты жұмыс істеуге үйретіпті, көп кейін мұның пайдасын молынан көріп те жүрдім.

Қарамағындағыларға «Қожамсейітовше тапсырма беруі» де ерекшелену келетін. Басы құтты бір тапсырмалар қоймасы тәрізді, ол кісімен қай жерде болмасын кездесіп қалсаң бітті, мойныңа тапсырманы іліп алып кете бересің. Бір қызығы, мұнысын ол еш ұмытпай, тапсырма орындалғанша қадағалауын тоқтатпайтын. Шыны керек, дұрыс еместігін біліп тұрсақ та, шама келгенше Қожамсейітовтің көзіне түспеуге тырысатынбыз. Ол болса осылайша өзінің қызметкерлерін зор жауапкершілікке, үлкен тәртіптілікке баули отырып ішкі қыры мен сыры мол саясаттың жәй-жапсарын меңгеруге барынша жағдай жасайды екен. Негізі, Қожамсейітовтің тапсырмасын орындамау деген миға қонбайтын нәрсе болатын әрі бұл Сағындық Үсенұлынан қаймыққандықтан немесе өзгеше бір себептен емес. Мәселе ол кісінің жеке басының бәрімізге үлгі бола білуінде еді. Мен ешбір уақытта Сәкеңнің не біреумен сөз шайысып жатқанын, не біреуге дауыс көтергенін, не біреудің сыртынан оғаш әңгіме айтқанын естігенім де, көргенім де жоқ. Иә, кез келген жан сынай да, кінәлай да, жазғыра да алады – адамдардың көбі нақ осы бір бағытты ұстанады да. Дегенмен мәселені түсініп, кешіріммен қарай білу үшін мығым мінез бен үлкен ұстамдылықтың болғаны ләзім. Өзгенің кемшілігін оның көңіліне дақ түсірмей көрсету де, оған өткір сынды немесе өзекті мәселені астарлап айта білу де өнер екенін білген жөн. Осы адами қасиеттерді Сәкең бойынан толық байқауға болады. Әлдеқалай ол кісінің көңілі толмайтын іс жасап қойсаң, міндетті түрде соған қатысты баспасөзде жазылған ұлағатты сөздер немесе әңгімелердің қиындысын тауып алып, сенің қолыңа ештеңе айтпастан ұстата қояды. Бұдан кейін сен, әрине, өз мініңді жөндеуге, жіберген қателігіңді енді қайталамауға тырысасың.

Сәкеңнің өзгелерден тағы бір ерекшелігі оның тым әсіре сақшылдығы, әрбір сөзін тұспалдап жеткізу мен там-тұмдап қана әңгімелесу мәнеріне бой алдыруы дер едім. Мұны осалдыққа не артықшылыққа жатқызу керек пе әлде керек емес пе, ол жағын біле қоймадым. Тек, Кеңес өкіметі тұсында біздің

стандартпен өмір сүріп, бірыңғай түрде ойлап, қалыптан аспай, сызды жерді баспай, «күндақтағы адамдай» өмір сүруге бейімделгенімізді және сондайға дағдыланымызды ұмытпағанымыз жөн. Сол бір тұстарда биліктің бишігінен бүгежектеп, жоғарыдағылар не дер екен деп абайлап сөйлейтін, аяқты андап басатын заман болған. Тілдің астын тінтіген сол заманда қаһарлы империяға қарсы шығу деген тыныш жатқан арыстанның жонын шымшылап ойнаумен пара-пар болатын. Көбіміз осының бәрін көрдік, сездік, бірақ не істей алдық? Әсіресе, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы орын алған кезде дымымыз құрып, мойынымызды жаға ішіне тыға түстік. Мәселен, Алматыдағы бейбіт шеруге шыққан жастарға күш көрсетіліп жатқанына риза емес ойын бір ортада ашық білдірген туған ағайым Жақанды кейін қудалауға салып, қаралау мақсатында біреудің қолымен облыстық газетке түкке тұрмайтын, қисыны жоқ, жаптым жала, жақтым күйенің керін келтіретін мақала ұйымдастырылғанда арашашы таба алмай қиналғаным есімде. Тіпті мұндай әділетсіздікке тосқауыл қоюды Жезқазған облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімін басқарып отырған азаматтан өтінгеніммен одан еш нәтиже шықпаған болатын. Әрине, мен қанша жерден оған өкпелесем де, сол уақыттағы режимнің қолшоқпары болып есептелінетін азаматтың хал-күйін түсінуге болатын еді. Бұл жәйінде Қожамсейітовтің «Көз көрген» атты жазба естелігінде жан-жақты айтылған. Содан бір ғана үзінді. Алаңға жиналған Жезқазған педагогика институтының студент қыздарымен әңгімелесу барысын Сәкең былайша баяндайды: «Там-тұмдап Алматыдағы жағдайдан хабардар еттім. Әрине, ресми насихат тілімен алаңға шыққандарды шылғи бұзақылар деп түсіндірдім. Оларға қарсы әскер жұмсалынғанын, тобыр қарудың күшімен жуасытылғанын айттым. Қыздар аязда тоңды ма, жоқ таң білінгелі дамыл таппай шаршады ма, әлде өкімет қаһарынан қорықты ма, - әйтеуір жапатармағай тарап кетті».

Жалпы, қазір Желтоқсан туралы сөйлейтіндер, жазатындар көп болып кетті. Бірақ, бұл мәселенің ішіне тереңінен үңілген зерттеулер некен-саяқ, ал Желтоқсан оқиғасының тікелей куәгері болған билік өкілдерінің тарапынан қандай да бір жазба түріндегі дүниелер жоқтың қасы. Осы орайда, Сағындық Үсенұлының әлгінде айтылған шығармасы мейлінше құнды, тіпті ерлік деуге тұрарлық. Қожамсейітовтің бұл естелік жазбасымен толық танысқан адам ол кісінің тек бұйрықты орындаушы ғана емес, сондай-ақ өз ұлтының жанашыр азаматы екеніне көзі жетеді. Мысалы, жағдайдың аса қиын сол бір күрделі де қатерлі күндері бауырларына не істеу керек және қалай істеу керек екенін түсіндіріп, өмірлеріне қауіп төнбес үшін абай болуларына шыр-пыр болған азаматтардың қатарында осы Сәкең де бар болатын. «Көз көрген» сондай-ақ Адам болу дегеннің, ең алдымен, төңірегіндегі кереметті көріп, таңғалу емес, келеңсіздіктерді көріп қиналу, одан арылар амал іздеп ақтарылу екендігіне, ал Ар деген нәрсенің өзгеге қоймай, өзіне қою үшін берілгендегіне көзіңді жеткізеді. Бұл естелік кейін Сәкең екеуміз бірлесіп шығарған «Мұратымыз: жер, ниет, ар тазалығы» атты кітапқа енгізілгенін атап өткен жөн. Ескерерлік бір жайт, кітаптың осылай аталуы Сағындық Үсенұлының ұсынысы еді және мұны мен кездейсоқтық деп ойламаймын.

Бүгінде «зиялы» деген сөзді жиі қолданатын болдық. Ретті, ретсіз кім көрінгенге жапсыра береміз. Өз басым «зиялы» деген қасиетті атауды ақыл-парасаты мол, елі мен халқына деген жүрегі таза, мәдениетті, жүріс-тұрысы, мінезімен өзгелерге өнеге бола алатын адамдарға ғана лайық көремін. Мен көрген, парасатты лебізіне құлақ түруден бір жалықпайтын С.Қожамсейітов сондай жан. Алты Алаштың тарихында айрықша орын алатын, сыр-шежіреге, аңыз-әңгімеге, қастерлі көне ескерткіштерге бай қасиетті Ұлытау өлкесінің Сарлық ауылында өмірге келген Сағындық Үсенұлының өзгеше болып тууы мүмкін емес. Табиғатынан елгезек, жаңалыққа жаны құмар, өмірде белсенді Сәкеңе бүгінгі күн биігінен қарап отырып, әр қазақтың перзенті осы кісідей білімді, намысты, отаншыл болса, жұртына қалтқысыз жұмыс істесе қанеки, деген ойға берілесің. Сондай-ақ, кісілік атты шыңның кішілік атты биіктік арқылы өркештене түсетініне көз жеткіземіз.

Балалық шағы соғыс уақытына және соғыстан кейінгі ауыр жылдарға дөп келген бала Сағындық тұрмыстың ащы-тұщысын молынан тартып, ерте еңбекке араласты. Сондықтан да болар, «Егін екпесең, жерге өкпелеме, еңбек етпесең, елге өкпелеме» деген тәмсіл ол кісінің өмірлік ұстанымына айналды. 9-шы сыныпты бітірісімен Ұлытау аудандық газетіне жауапты хатшы болып тағайындалды. Сәл кейін Ұлытау мен Жезді аудандарында комсомол, партия ұйымдарында түрлі басшылық қызметтер атқарды. Еңбек жолының 25 жылы Жезқазған-Сәтбаев өңірінің экономикасы мен мәдениетін көтеруге арналды. Осы жылдары, еңбектен қол үзбей жүріп, алғырлығының арқасында, әуелде орта мектепті, соңынан Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультеті мен Алматы Жоғары партия мектебін сырттай бітірді. Қатардағы еңбеккерден облыстық деңгейдегі үлкен лауазымды қызметтерге дейін өскен С.Қожамсейітов әр кезде елдің жүгін мойынсымай арқалап, ұлттың мүддесі үшін зор жауапкершілікпен нақты жұмыстар жасады. Тіл, тарих, мәдениет мәселелеріне атсалысуды тек қызметтік емес, сонымен бірге өзінің азаматтық парызы, борышы деп ұғынып, тұрақты түрде әлеуметтің рухани сұранысына қажетті мәдени шаралардың ортасынан табыла білді. Оның тікелей араласуы нәтижесінде Ұлытау-Жезқазған аймағындағы түгел дерлік тарихи әрі мәдени жәдігерлер есепке алынып, бір жүйеге келтірілді, Теректі-әулие маңынан көк тас өндіру өндірісі тоқтатылды, «Ұлытау» тарихи-мәдени және табиғи музей – қорығы құрылды. Ол кісі, сонымен бірге Кіші Жібек жолы бойымен өтетін «Отырар – Ұлытау» тарихи-этнографиялық экспедициясының ұйымдастыру комитетін басқарып, қазақтардың жоңғар басқыншыларын ойсырата жеңген Ұлытау ауданының Білеуті – Бұланты өзендері маңайына ғылыми зерттеулер жасау үшін ғылыми-этнографиялық экспедициясын ұйымдастырды, «Ұлытау тарихы қазақ шежіресінде» атты арнайы қор ашуға мұрындық болды. Оның бастамасы арқасында Қарағанды облыстық мұрағатының Жезқазған филиалы Жезқазған қаласының Мемлекеттік мұрағаты болып қайта құрылды. Мұндай шешім бұрынғы Жезқазған облысының барлық құжаттамаларын сақтап қана қоймай, осы өлкенің тарихын терең зерттеу мақсатында тиісті құжаттар мен естеліктер, халық аузында жүрген әңгімелерді түбегейлі әрі жүйелі негізде жинауға мүмкіндік берді. Қазір мұнда соңғы үш жыл көлемінде «Жезқазған –

Ұлытау аймағының тарихы көне заманнан бүгінге дейін: деректер алу негізі және оларды толтыру жолдары» атты дөңгелек үстел нәтижелі жұмыс істеп келеді.

Саусағына қарай сақинасы демекші, ақпарат кеңістігіндегі журналист Қожамсейітовтің де алар орны тым бөлек. Ол не нәрсені болса да қайнаған өмірдің өзінен алады, бастан кешкенін, көзі көріп, көңіліне түйгенін жазады, жүрегін тербемен, жанын қозғамаған тақырыпқа бармайды да баспайды, өзгелердің азаматтығын паш етеді. Сөйтіп, өзіне ғана тән тынбай ізденістер нәтижесінде Сәкең атақты жырау-ақындар Шортанбай, Қожабай, Шашубай, қобызшы Ықылас Дүкенұлы, күйші Сайдалы Сары тоқаның шығармаларын жарыққа шығарып, олардың есімдерін мәңгілік жадымызға сақтауға ықпал етті. Оның «Жетімдер дауысы», «Рухани мүсәпірліктің бір дауасы – театр», «Ескерткіштер бойтұмарымыз емес пе, ағайын!», «Асқа сауын айтылды», «Жаным арымның садағасы» тәрізді мақалалары кезінде санаға үлкен сілкініс әкеліп, қызу пікір туғызды. Жалпы, Сағындық Қожамсейітовтің әрбір сөзі, әрбір баяндамасы, әрбір мақаласы қазақ мемлекетінің нығаюын, ішіміздегі тұрақтылықтың сақталуын, мүдделер мен құқықтардың бұзылмауын мақсат тұтады. Сондықтан да ол Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ішкі және сыртқы саясатын қолдай отырып, жетпіс деген жеке шыңға шыққан кезінде де, тек қана жасампаздық идеяларды бірден-бір таратушы әрі насихаттаушы қалпын сақтап келеді. Әрі мұнысы үшін кейбір қайраткерлердей азды-көпті беделін өз мақсатына тиімді жұмсауға ешқашан ұмтылған емес. Ол үшін ең басты әрі қымбат атақ – халықтың сенімінен шығу. Жезқазған қаласының және Ұлытау ауданының құрметті азаматы атануы, ал еліміздің ең ірі ақпарат агенттігі – «ҚазАқпарат» республика көлеміне және қазақ диаспорасы тұратын 30-ға жуық елдерге өзінің айына шығаратын «Атаулы күндер, Есімдер, Оқиғалар» күнтізбесінде Сағындық Қожамсейітовтің 70 жылдығына қатысты деректерді ресми таратуы, осы бір азаматтың сол сенімді толықтай ақтап отырғанының айқын куәсі іспетті.

Иә, жетпіс деген жас – адам баласының күзі. «Не ексең, соны орасың» деген сөз осы күз мезгіліне арналған. Ұйқысұрап жүргеннің күзі қара суық болады. Ал, еңбекқор, жан дүниесі бай, жүрек сезімі адал адамның күзі де базарлы болып келмек. Сағындық Үсенұлы осындай көп өнім берер алтын күзге аяқ басқан аяулы жан. Рухани қоржынында сан алуан жүк теңдері бар және бола да бермек. Олай болса, сексеннің ауылына қарай керуен тартқан көшіңіз көлікті болсын, құрметті Сәке.

Наурыз 2011 жыл

ҰЛТЫНА АДАЛ ҰЛТЖАНДЫ МЕРЕКЕ

Сократқа бір танысы өз танысын алып келіп, одан танысын сынап берші деген өтініш білдірсе керек. Сол кезде Сократ әлгі адамның өңіне қарап тұрып: «Екі ауыз сөз сөйлесін, сонда мұның кім екенін айтам», - депті. Сондай-ақ, азаматты бір ісімен ғана толық тануға болады. Мереке

Әбдешұлы Құлкенов мен үшін сөзі мен ісі әдемі де әсерлі үйлесімдерін тапқан және әлдекімдерше құр күпінбей біліп айтатын, ақ сөйлеп, тіліп айтатын әрі қолына алған ісіне мығым жан. Бұған Мерекемен бірге араласқан бір мүшел мерзім ішінде менің көзім бірнеше мәрте жетті.

1997-1998 жылдары Қарағанды облысының Ұлытау ауданы әкімінің әлеуметтік және идеология мәселелері жөніндегі орынбасары ретінде қызмет атқарған тұста, осы өңірдің рухани өміріне жаңаша бір реңк беру мақсатында мүдделі азаматтармен тізе қоса отырып «Ұлытау» ұлттық, әдеби, мәдени, тарихи этнографиялық журналын шығаруды қолға алдық. Ойымыз, арысы грек тарихшысы Геродоттың, орта ғасырлық саяхатшы Плано Карпинидің, берісі орыс және қытай жазбаларында аталатын Ұлытауды өскелең ұрпақтың санасына сіңіре отырып, Алаша хан, Жошы хан, Болған ана, Бату хан, Едіге, Тоқтамыс, Әмір Темір, Керей мен Жәнібек, Қасым хан, Тәуке хан, Абылай хан, Кетбұғы, Барақ, Қазыбек, Төле және Әйтеке билер, Бөгенбай, Қабанбай, Кенесары сияқты ел бастаған көсемдер, сөз бастаған шешендер, қол бастаған батырлардың өмірлері тікелей Ұлытаумен сабақтас екенін көрсету болатын. Бұған іштей дайын да едік. Біз үшін басты мәселе, бұл журналды тұрақты әрі жоғары сапалы деңгейде шығаруға қатысты болды. Міне осы бір тығырықтан алып шыққан бірден бір азамат Мереке Құлкенов еді. Журналды шығаруға жан-тәнімен кіріскен осы басылымның бас редакторы, тәжірибелі журналист, талантты ақын, Ұлытаудың түлегі Батырбек Мырзабеков арнайы Алматыға барып, «Өлке» баспасының бас директоры Мереке Құлкеновпен кездескенін және оның азаматтығын бізге сөз еткенде, бәріміздің риза болғанымыз менің әлі есімде. «Ұлытау үшін аянарым жоқ, журналды тегін болса да шығарып беремін», - деп бірден шешімін айтқан азамат жөнінде естігенімде, ойыма Конфуцийдің: «Иманы бар адам ең әуелі парызын ойлайды, имансыз пенде өз пайдасын ғана ойлайды», - дегені оралды, сөйтіп ол менің санамда кісілік пен парасаттылықтың үлгісі болып орнықты, әрі сол жігітті көруге ынтықтығым артты.

Мерекемен кездесіп, алдымен тек аман-саулық сұрасып, кейіннен етене араласып жүруім 1998 жылдың күзінен, Астанадағы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне қызметке орналасуымнан басталды. Алғашқыда кең иықты, кеудесі шалқақ біткен, бойлы азаматтың тұлғасы маған «Ешкімге ешқашан илікпеймін, тізе бүкпеймін» деп тұрғандай, тәкаппар көрінді. Кейін байқасам, ол кісілік пен кішілікті бойыңдағы ерекше қасиеттерімен көрсетіп жүретін жан екен. Мереке ең алдымен ұлтын сүйетін азамат, сондықтан оған мемлекетшіл, ұлтжанды деген ұғымдар барынша жақын. Еш уақытта ешбір партияға кірмеген ол үшін президент немесе премьер-министр, министр, әкім болу шарт емес. Тек адамдық қасиет қажет. Ол өтірікке жаны қас, көлгірсуге жоқ, сын айтқанда да ізгі мақсатқа лайықтап қана айтады, өйткені кемшілік айтылмаса, кемістік түзелмейді. Сондықтан, қоғам өміріндегі түрлі жайттар мен оқиғаларға қатысты нақты пікірін Мереке Әбдешұлы шынайы азаматтық жауапкершілікпен білдіруден бір тайынған емес. Осындайда, әділ сөз естуге шөлдеп жүрген біздер, сусындап, мейірленіп, нұрланып қалатынымыз рас. Бұрынғылардың: «жақсы адамнан қол үзбе, шөлдегенде сусауың» деуі бекер

болмаса керек. Осыларға бұл азаматтың ұлттық мақтаныш пен намысын биік қоятынын, сыйласа білуін, алға қараушылық және де болашақты болжағыш қабілетін, бойына біткен қайратты қосыңыз.

Бәрімізге белгілі, өткен ғасырдың сексенінші жылдарының орта кезі қазақтың ұлт болып қалу-қалмауы таразыға түскен сәт еді. Бір қарағанда білінбегенімен империялық саясат әр қазақтың бірін-бірі түсінбеуін көздеді. Сол кездері ең алғаш «Ана тілі» газетінің қазақ сөзін тұспалдап жеткізудің небір амалдарын ұтқыр қолдана отырып, қазақтарды қайтадан қауыштыруға, қандастарымызды өздерінің қазақ екендеріне мақтануға шақырғанын, сөйтіп еліміздің тәуелсіздік алуына септігін тигізгенін білеміз. Ел еркіндігіне өзіндік үлесі бар бұл басылымның тәуелсіздікті баянды ету жолында да ұлтқа қосқан және қосып та келе жатқан еңбегі өлшеусіз. Еліміз дамуының ең бір күрделі кезеңінде «Ана тілі» газетін тоғыз жылдай басқарған Мереке Құлкенов те елі, жері, қазағы үшін бір сәт те аянып қалған емес. Маңайына ізденгіш жастарды топтастырды, баулыды, қадағалады және оларды аузын арандай ашып келе жатқан жаһандану деген аждаһаның азуынан бізді тек төл мәдениетіміз бен ұлттық болмысымыз ғана құтқаратындығына сендіре білді. Сөйтіп, жастарды газетке ұлт, тіл, діл, дін мәселелері, салт-дәстүр, ұлттық әуен-саз төңірегінде келелі толғамдарды беруге жұмылдырды. Бұл әдеттен республикалық «Таң Шолпан», «Жалын» журналдарының бас редакторы болғанда да, «ЕурАзия» газетін, «Бала би» журналын шығарған кездерінде де бір мезет арылған жоқ.

Сонау жылдары егемен еліміздің ақпарат кеңістігінде күнгей-көлеңкесі қатар келген өзекті мәселелер де мол болды. Соның бірі нарық десек, оның қыспағына алдымен қазақ тілді басылымдар ілінді. «Қазақ әдебиеті» газеті, «Жұлдыз», «Ақиқат» журналдары тәрізді тарихы шым терең республикалық беделді де белгілі басылымдар айлап шықпай қалатын жағдайға жетті. Міне осындай шешуші тұста, қазақ басылымдарының басын бір жерге біріктіретін «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрылып, оны басқару Жұмабек Кенжалин және Мереке Құлкенов сияқты қазіргі менеджментті аса жақсы меңгерген әрі оны сәтті қолдана білетін азаматтарға жүктелді. Соның нәтижесінде, шамалы уақыт аралығында-ақ серіктестікке кіретін «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Жұлдыз», «Ақиқат» журналдарының ажары жадырап сала берді. Кезінде тек шығынмен жұмыс істеген басылымдардың біртіндеп нақты табыс көзіне айналғанына өз басым куә. Осыған қарамастан, Мереке Құлкеновтің кіршіксіз адамгершілігінен кінәрат іздегендер де болды. Бірақ ол сабырлы да салмақты қалпынан бір айнымады, әділеттілікке жүгінді. Алайда іс басқаша сипат алды. Ал, менің пікірімше, «Төбелердің көңілі үшін, ғасырлық, Кейде шыңның асқақтығын жасырдық», деп Жүмекен айтқандай, біз бұл азаматтың мүмкіндігін дұрыс бағаламай, оның қарым-қабілетін қоғам мүддесіне барынша пайдалана алмай отырмыз.

Ұлтжанды Мереке, тағы қайталап айтар болсам, ар тазалығын ұнатады, адамгершілікті жоғары қояды, ұлттық тәрбиеге үлкен мән береді және осы құндылықтарды орнықтыру жолында үзбей жұмыс істеу қажеттілігіне назар аударады. Жасыратыны жоқ, «қазіргі мақсат баю, қайткен күнде де байлыққа қол жеткізу, тіпті бүгінде бай болмауың адамдығыңа сын саналады» деп

жатады. «Жаңа қазақтар» жарысып, зәулім сарай салатын болды. Айналасына тас қорған орнатады. Біреу кіріп өлтіріп кете ме, тонап кете ме деген үрейден болу керек. Өзгелерді тең көрмейді, тіпті туған бауырларынан да жасқанады. Әрине байлық жақсы. Дейтұрғанмен, біздің халқымыз баланың жақсы болуы байлыққа емес, ата-анасының ұятына байланысты деп байлам жасаған. Көне көздер өзінің кіндігінен тараған ұрпағына сен дұрыс жүр, сен дұрыс жүрсең ұл-қызың тәрбиелі болады дейтін. «Әкеге қарап ұл, шешеге қарап қыз өседі», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», - делінуі де сондықтан. Яғни, баланы өмірге келгенде ғана емес, ананың алтын құрсағында тәрбиелеу керектігін де біздің қазақ баяғыда білген. Мерекенің еліміз тарихында ең алғаш рет «Ана тілі газетінің аруы» республикалық байқауын ұйымдастыруының бірден-бір сыры осында жатса керек. Көңілге демеулігі сол, Мереке негізін қалап берген бұл байқау қазір етек алып, бірнеше жылдан бері тұрақты өткізіліп келеді.

Құлкенов сиқырлы сөзстан әлеміндегі дода да мәртебелі дәрежеге ие. Шағын дүниеден кең құлаш шығармалар жазылғанда оның ту сыртында әр талдың түбіндегі көзге көрінер-көрінбес шөптен поэзия іздеген Маралтай тәрізді тұлға, шеберлікті танытатын шебер тұрмаса бәрінің жіңішке жүрекке жол табуы неғайбыл. Мереке Әбдешұлы сондай шебер тұлғалар қатарында. Негізі, Мереке өзінің шығармашылығында саннан гөрі сапаға көбірек көңіл бөліп, жазғандарының тек саз мөлшерін ғана халқына ұсынып келеді. Оның еншісіне әр сөзі қыл батпайтын қысқа да нұсқа, тұнып тұрған танымы терең, мәйекті, салауатты ойлы мақалалар, пайым-парасаты салмақты пікірлер тән, шығармаларында толғақты, түйіні тиянақты өзіндік өрнек, салиқалы сезім, қызықты қолтаңба жатыр. Осы ретте, «Жібек жел», «Таңғы самал», «Үрей», «Қазақстан», «Халел Досмұхамедовтың өмірі мен қызметі» атты прозалық және публицистикалық шығармаларын, «Махаббат мұнарасы», «Жәңгір хан» пьесаларын оқығандар Мерекенің образды ашудың қыр-сырына қанықтырып жіберетін шеберлігіне, оның көл-көсір білімі мен біліктіліктілігіне қызығары сөзсіз. Сондықтан да одан қаламгер қауым да, қалың оқырман жұртшылық та едәуір емексіп, кәдімгідей жаңа туындылар дәметеді. Мұны өз басым бұдан он жылдай бұрын Мерекенің 50 жылдығына арналған үлкен шығармашылық кездесуде аңғардым. Сонда ғой, «Қазақтың Қабдоловы» деп мойындалған, зерделі сөздің зергері Зейнолла Қабдоловтың, әдебиетіміздің абыз ақсақалы Әбдіжәмил Нүрпейісовтің, Халық ақыны Фариза Оңғарсынованың, Алаштың ардақты азаматы Иманғали Тасмағамбетовтің және басқа да игі жақсылардың Мерекеден шығармашылық шылбырын мықтырақ ұстауын өтініп, оқырман қауымға тың дүниелер әкелуін сұрағандары.

Оқырмандардың Мерекеге деген ерекше құрметіне әрі сүйіспеншілігіне Ұлытау-Жезқазған өңіріне бірге сапарлас болған кездері де көзім жетті. Сол уақыттарда біраз жерлерге барып, қалың оқырманмен кездескен болатынбыз. Мерекенің сол бір тұста сұңқардай сілкініп, қоңыр самал даусымен қабығын аршыған жұмыртқадай етіп сөз сөйлегені, өмірдің талай құпия қатпарлары жәйінде сыр шерткені әлі есімде. Әсіресе, «Рассвет» ауыл шаруашылығының тұрғындарымен кездесу Мерекенің жұлдызды шағы болды деуге тұрарлық. Өйткені, мұнда тұратындар Мерекенің «Ғашық» атты әңгімелер жинағының

бір хикаятына арқау болған кейіпкерлердің тікелей ұрпақтары болып келеді екен. Ал бұл хикаят кешегі қилы да қиын заманда туған мекендерін тастатып, сонау Маңғыстау өлкесінен Сарыарқаның төсіне көш аударуға мәжбүрлеген аласапыран жәйінде еді. Содан да болар, бұл жер Тамалар ауылы деп аталып кеткен. Бірнеше сағатқа созылған әңгіме барысында талай сыр шертілді, ата-бабаларына осылайша ізет әрі құрмет білдірген авторға арнайы алғыстар айтылды. Көпшілік қошеметін көргенде біртүрлі толқиды екенсің. Бұл жылы жүздесуді қимай қоштасқанымыз және осы сапардан марқайып оралғанымыз бүгінгідей көз алдымда.

Қарап тұрсам, Мерекенің еңбек жолы да бір адамның өміріне жетерлік, әрі қызғылықты, әрі мерзімді адами тіршілікті қалай құруға болатыны жайлы тәжірибеге ұқсас. Өмірден алған сабағы мен көңілге түйгені жеткілікті оның ойынша, адам баласы бірден төменнен биікке жетуге ұмтылмауы керек, тек төменді бағдарлай отырып, биікке біртіндеп ұмтылу – адамға бақыт әкеледі. Меніңше оның еңбек жолының мектепте жүріп-ақ шопан болып басталуы да, әскери борышын өтеп келгеннен кейін баспаханашының көмекшісі ретінде жұмыс істеуі де кездейсоқ емес. Әрине, мақсатсыз адам болмайды. Мереке әуел бастан бір ғана түпкілікті мақсатқа жетуді көздеді. Текті жігіт сөйтіп сөз қуатын өрнектейтін журналистік мамандығын алмаққа, соңынан жазушылық өнерді игермекке атақты Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде білім алды. «Қазақстан пионері» газетінің тілшісінен еліміздің небір беделді бұқаралық ақпарат құралдарының басшысы дәрежесіне дейін көтерілген Мереке Әбдешұлы, бұл қызметтердің қай-қайсысында болса да ұлтына адал қызмет атқарып келеді. Еңбегі де орынды бағалануда. «Құрмет» орденінің, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» мерекелік медалінің иегері, журналистика саласы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мереке Құлкенов өзінің алпыс атты ауылына кірген сәтінде нағыз бабында. Бұл өмірдің соқтықпалы, соқпақсыз асуларында көптің бірі болмай, көш басында аға болуға тап тұйнақтай әзір. Олай болса, Мерекеге табысың да, шабысың да ешуақытта баяуламасын, өрге өрлей бер демекпін.

Наурыз 2011 жыл

ҚАДІРЛІ КІСІ ҚАРТАЙМАЙДЫ

Бұрынғылар «Адамзат баласының бұл өмірде үш түрлі міндеті болады» деген екен. Оның біріншісі – ұрпақ өрбітіп, тәрбие беру, екіншісі – ұстаздық қылып, шәкірт баптау, үшіншісі – ілім-білім жинап, қоғамға қызмет жасау. Осы тәмсіл ойға келгенде есіме Сұлтан Оразалин түседі. Мемлекет және қоғам қайраткері, егемен еліміздің тұңғыш Тіл комитетінің төрағасы, қазақ атты үлкен бір қауымның мақтанышына айналған азамат осы міндеттердің самғау биігінен көрініп жүрген тұлға. Мұны оның азаматтық һәм адамгершілік сый-сипатына бөленгендер, ол кісінің тәлімі

мен ілім-біліміне сусындаған шәкірттері құптары анық. Сондықтан, Сұлтан Шәріпұлының елге үлгі боларлық өнегелі өмірінің кейбір тұстарына тоқталуды жөн көрдім.

Ол кісіні өзінің төл достары тәрізді ертеден білемін деп айта алмаймын. Сыртынан естігенім болмаса, араласқаным жоқ. Алғашқы рет С.Оразалинді өткен ғасырдың 90-ыншы жылдары басында Семей қаласында тіл мәселесіне қатысты өткен үлкен бір жиында көрдім. Мен ол кезде Жезқазған облыстық «Қазақ тілі» қоғамында, сол ұйымның төрағасының орынбасары қызметінде едім. Республикалық Тіл комитетінің ұйымдастырылуымен болған ауқымды бұл іс-шараға қазақ тілінің шын жанашыры, ауыл шаруашылығы маманы, өте ақынжанды азамат Ғазиз Әлинмен бірге қатысқан болатынмын. Жиын қазақ тілінің «жоғын» түгендеуді өзінің басты мақсаты етіпті. Шыны керек, сол тұс қазақ тіліне қатысты мәселелер төңірегінде, арыстан баққан ауылдай алыс-жұлысы, айтыс-тартысы, арбасуы мен айқасуы жетіп артылатын шақ еді. Ана тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуына, оның қолданыс аясының кеңеюіне не түрлі қарсылықтар білдіріліп, іштен шалып жататын жағдайлар аз еместін. Баспасөз беттеріндегі қазақ тілінің жай-күйі жөніндегі мақалалар кәдімгідей бітіспес күрестің сипатында еді. Ал, осындай ортаға рухы мықты, жүрегі түкті, төзімі зор, ұлтым деп ұйқысы қашып, жұртым деп жабығатын, елін ерекше сүйетін адам ғана атының басын бұруға тәуекел етері шындық.

Семей жерінде мен Оразалиннің осындай санаулылар санатынан екенін аңғардым. Қазақ тілі дегенде тайсақтай беретін Семей облысын басқарып отырған Черновты тәубесіне келтіріп, оның көзқарасын біржола өзгертпесе де ортақ мүддемізге қарай ойыстыра алғанына жиналғандар куә болды. Кейін Оразалиннің өзінің тұтқиыл ойымен, мірдің оғындай сөзімен, тұлға тұрпаты ешкімге ұқсамайтын, тамыры тегі асыл қайталанбас келбетімен ұлттық тілдің көкжиегін кеңейтуге әкім-қараларды жұмылдырудағы өлшеусіз еңбегімен де таныстым. Елді-мекендердің, көшелердің тарихи аттарын қайтарту, әсіресе, Елордамызды қазақи кейіпке түсіру бағытындағы атқарған жұмыстарынан да хабардармын. Әрине, мұндай белсенділік атқамінерлерді қуанта қойған жоқ, түрлі себептерді сылтауратып, олар ақыры Тіл комитетін жауып тынды. Бұл шешімнің дұрыс болмағандығын соңынан өмірдің өзі дәлелдеп те берді. Тіл – ұлттың жаны мен абыройы екенін, тіл түзелмей ел де, діл де, тәлім-тәрбие де түзелмейтінін түйсінгендер Тіл комитетін қалпына келтірді.

Семей сапары, сондай-ақ Сұлтекеңді өзге де қырынан тануға мүмкіндік берді. Ресми жиналыстан соң ол кісімен емін-еркін сөйлесудің сәті түскенде, Сұлтан Шәріпұлы жайдары көңілімен айналасындағыларға адамгершіліктің, татулықтың, мейірбандылықтың нұрын төккендей өте жақсы әсер қалдырды. «Көңіл көңілден су ішеді» деген сөзді қазекем сірә осындайда айтса керек. Ең бастысы, оның терең танымдылығына, білім-парасаттылығына тәнті болдық. Оразалиннің аузынан тарихтың ел білмейтін ақтандақтары, біздер тіпті өмірі естімеген жәйттер жөніндегі айтылған әр сөзі есіле, төгіле шығып жатты, тек оны тыңдар құрыш құлақ, құйып алар кең кеуде болсын дей бер. Мақтау сөз айтуға ынта білдіре бермейтін Ғазиз жерлесім С.Оразалинді шығармашылық тылсымы, қалам құпиясы, жан жұмбағы мол азамат екен деп, соңынан көп

айтып та жүрді. Осынау бағаның шынайылығына кейін тағы бір көзім жетті. Араға бес жыл уақыт салып, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде қызметте жүргендегі кезекті бір іс-сапарда Сұлтекеңмен екі адамдық купеде орнымыз қатар келіп, Алматы шаһарынан Астанаға дейін бірге келгенім бар. Алуан түрлі ой шырмауында отырған мені ол бір серпілтіп, ә, дегеннен өзіне қаратып алды. Әңгімесінің дәмдісі мен мәндісін тым әріден бастай отырып, ол кісі сонымен бірге бүгінгі күнге байланысты жағдайлар жайында да көп сыр ақтарды. Менің қызметіме тіке қатысты болғандықтан шығар, әйтеуір ол ақпарат кеңістігіндегі өзінің еңбек жолын көбірек әңгімеледі. Оның ішінде, ұлттық телеарнаның қалыптасу тарихына мейлінше мән бере отырып, бүгінгі телеиндустрияның даму сипатына қатысты ізденістер мен іркілістер жайында пікірлерімен бөлісті әрі көңілін алаңдатып жүрген ойларын жайып салды.

С.Оразалиннің осылайша шыр-пыр болуының жөні бар. Өйткені, Қазақ телевизиясын құрушылардың алдыңғы легінде өзі де жүрді. Ауыздан қақпақ, төбеден тоқпақ кетпеген сор заманда ұлттық құндылықтарды насихаттаудан Сұлтекең бір жалыққан емес. Өз уақытының бітім болмысы мен толыққанды тынысын терең түсіне отырып, елдік пен ерлікке, бірлік пен тірлікке үндейтін және ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттайтын хабарлар дайындап шығаруды көздеді. Сөйтіп, көпшіліктің өте асыға күтетін «Тамаша», «Айтыс», «Халық қазынасы» тәрізді телеөнімдерді, «Қымызхана» деген телетеатрды дүниеге келтірді. Құпиясын тереңіне бүгіп, ойларын қатпарына жасырған жазушылар мен не бір өнер адамдарының қайнар бастауларынан дәм татқызу мақсатында «Кездесулер» және «Портреттер» атты телехабарлар тізбегін көрермендеріне тарту етті. Міне, осындай қазақтың мәдени дәстүрлерінің, рухани дүниесінің, өнерінің шырайын Сұлтекең Қазақ телевизиясында қызмет жасаған 20 жылда шырынды тілімен, ұрымды уытты ойымен кіргізіп, көптің көңілінен шыға білді. Зейнеткерлікке шыққанына қарамастан, қазір де жастайынан өн бойына сіңірген сүйікті кәсібінен бір қол үзген жоқ. Өзінің жүрек қалауымен, бүгінгі күндері телекөрермендердің көзайымына айналған «Қазақ зиялылары туралы анталогия» тележобасын іске асыруда, сөйтіп өскелең ұрпақтың саналы да салауатты болып қалыптасуына, қазақстандықтардың жаңа экономикалық, құқықтық және саяси мәдениетін көтеруге зор үлесін қосып келеді. Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың мына бір сөздері бұл пікірді қуаттай түседі: «Сұлтан Оразалин көпұлтты Қазақстанның рухани өмірін жан-жақты дамыту жолында бойындағы орасан зор білімі мен қажымас күш-қайратын аянбай жұмсап келе жатқан азаматтар санатынан». Сұлтан Оразалиннің Еуропаның жекелеген елдерінің ірі де беделді ақпарат құралдарының әлемдік деңгейдегі басшыларын біріктіретін Телевизия және радио халықаралық академиясының академигі болып тағайындалуы да сол еселі еңбектің жемісі деу дұрыс болар. Айта кетерлігі, Қазақстанда бұл жоғары мәртебелі ұйымның академигі болып танылғандардың ұзын саны оншақты ғана.

Оразалиннің бұлайша «көсілуі» жайдан-жай емес деген ойдамын. Әкей бір кісіге риза болғанда «Жақсының атын ерттеген азамат екен» деп, үнемі айтып отыратын. Онысы, риза болған адамының тегінің асылдығын, оның туған жерінің топырағының құнарлылығын меңзегені болуы керек. Расында,

тақыр жерге шөптің шығуы екіталай ғой. Сондықтан, әр адамның кіндік қаны тамған топырағы, өскен өлкесі, тәлім алған төңірегі, тәрбие үйренген ортасы, тек-тамыры болады. Ал, Сұлтан Шәріпұлы болса, ресми деректерге сүйенсек, қазақ аспанынан жарқырап шыққан жарық жұлдыздардың Үркердей ұлы шоғырында алдымен аталатын үш арыс, үш бәйтерек – Абай, Шәкәрім, Мұхтар дүниеге келген Шыңғыстаудың баурайындағы Семей атырабының Аягөз қаласында өмір есігін ашқан екен. С.Оразалиннің өзі дайындап басып шығарған «Абай елі» альбом-шежіресінде айтылғандай, бұл өңірде сондай-ақ Кеңгірбай, Өскенбай, Құнанбайдай даңқты билер сөз мәйегін ағызған, Нысан абыздай ақылман қария халқының қамын жеп күңіренген, елінің бостандығы үшін үзеңгіден қан кешіп, шыбын жанды шүберекке түйген Ақтанберді, Мамай, Тоқтамыс батырлар да өткен. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынов, Шоқан, Сұлтанмахмұт, Әміре, Қаныштай ұлы ғұламалар мен ақын-жазушы, әншілер өмірлерінің талай айлары мен күндерін кешкен. Мен осы бір киелі мекеннің аурасының ерекше бөлек екендігін, ұлы Абайдың 150 жылдығы шеңберінде «Ұлылыққа тағзым» атты тақырыппен ұйымдастырылған Ұлытау өңірінің бір топ азаматтарымен бірге «Семей-Жидебай» жаяу жорығына қатысқан кезде қатты сезінген едім. Мінеки осындай қасиетті топырақта бала Сұлтан бойына шапағат нұрын құйып, қиялына қанат бітіріп, көкірек көзін ашыпты. Қандай да бір байлыққа қызықпай, білімге ұмтылыпты және осы жолда жалықпай-талмай көп ізденуінің арқасында әйгілі Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, сөз қуатын өрнектейтін мамандықты нәсіп ету оның еншісіне бұйырыпты.

Қазақта «Маңдайы ашылып тұр екен» деген қанатты сөз бар. Әу бастан Оразалинді дәуірдің үні мен жыры, сыры мен мұңы іспеттес болған Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Шыңғыс Айтматов, Әбіш Кекілбаев, Сұлтан Сартаев, Салық Зиманов, Ғайрат Сапарғалиев тәрізді зиялы азаматтар іш тартып, мұның арты рухани үндестікке, шынайы достыққа ұласты. Олардың шапағатына бөленді, адалдықтың, тереңдіктің үлгісін көрді. Рухын шыңдап, парасат-пайымын нығайтты, шабытын шалқытты. Шығамын десе әлі де аяқ баспаған мұзарт шыңдар, жетемін десе қол артпаған биіктердің барына көзі жетті. Сол биіктерді еңсеру үшін тынымсыз еңбек етті, көлемді монография дайындап, «Отырардың күйреуі», «Үйлену», «Ақынның өлімі», «Қашқын» сияқты өзге де телевизиялық пьесалар жазды, белгілі орыс жазушыларының повестер жинағы мен романдарын қазақ тіліне аударды, «Өнер» баспасына басшылық жасады. Қаламгерлікпен қатар саясаткерлікпен де айналысты әрі бұл салада да елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстан Республикасының Тілдер жөніндегі комитетінің төрағасы, Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының бірінші орынбасары, Әділет министрлігінің Зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі комитет төрағасы, департамент директоры сияқты аса жауапты лауазымды қызметтер атқарып, елімізде тұрақтылықты, қазақ тілінің мерейін үстем етуге, әлеуметтік және ұлтаралық келісімді нығайтуға жұмыс жасады. Сөйтіп, кешегі бала Сұлтан бүгінгі дана Сұлтанға айналды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері,

Кеңестер одағының баспасөз, телевизия және радио салаларының үздігі, Қазақстан журналистер одағының лауреаты тәрізді мәртебелі сый-сияпатқа ие болуы соның айқын бір дәлелі.

Шу бойының сүлейі, «Құтты біліктей» рухани биік қазына иесі Жүсіп Баласағұн «Қадірлі кісі қартаймайды» деген екен. Сұлтекеңнің бүгінгі жасап жатқан тіршілігіне қарап отырсам, дәл осы сөз тура оған арнап айтылғандай. Олай болса, жазушы Сұлтан Оразалинге жаңа шығармашылық табыстар мен жетістіктер тілей отырып, менің осыдан он жыл бұрын ол кісіні алпысымен құттықтаған сәтінде айтқан сөзімді еске түсірсем, оның сөкеттігі жоқ секілді. Сонда Сұлтекеңе бағыттап, жан-жылуыңыз, қан-қызуыңыз, дария-көңіліңіз елім деп емірене, жерім деп жігерлене білетін азаматтарға дари берсін, ал мейірім шапағатыңыз құдай қосқан жан жарыңызға, сүйікті Дулатыңыз бен келініңізге, сүйкімді немерелеріңізге, туған-туысқандарыңызға тие берсін деп едім. Бұдан кейін де әрбір он жыл өткен сайын осы жүрек-жарды тілектерді қайталап отыруға мен, мәселен, қарсы емеспін, Ылайым, бәрімізге сондай мүмкіндікті жазсын!

Сәуір 2011 жыл

ГҮЛ ӨСКЕН ЖЕРГЕ ГҮЛ ӨСЕДІ

Құмырсқа жылына бір ғана бүртік бидай жейді екен. Мұны естіген Сүлеймен пайғамбар бір жылға құмырсқаға бір бүртік бидай беріп, кішкентай құтыға қамап қояды. Бір жылдан кейін қараса, құмырсқа жартысын ғана жеген. Құмырсқадан сұрайды:

- Қане жылына бір дән бидай жейтінің?

- Уа, Сүлеймен! Ол ырысты Құдайдың өзі беріп тұрған заман ғой. Ал енді маңдайыма жазылған ырысым сен арқылы келеді. Жаратушы ием ешуақытта ұмытпайды, ал сенің ұмытып кетуің мүмкін. Сақ болып отырған халім осы, - деп жауап берген екен.

Бұл әпсана әңгіменің айтылуы тегін емес. Сонау тоқсаныншы жылдың басында өтпелі кезең өзіне тән қиындықпен қатар, «Өкімет өлтірмейді» деп, жайбарақат жатқан талайды ұйқысынан оятып, ойда-жоқта келген нарық жолынан өз соқпағын табуына мүмкіндік ашты, сөйтіп көпшілікті құмырсқа тіршілікке кірістіруге итермеледі десек, ешбір қателесе қоймаспыз. Өндіріс орындары жабылып, жұмыссыз қалған жұрт енді өздеріне лайық кәсіп іздеді. Бұрын мұндайды бастан кешіріп көрмегендерге бұл кезең қиын да тиді. Дей тұрғанмен, күнкөрісі мен бала-шаға қамын ойлағандар беймәлім істі бастауға бел буды. Солардың бірі – осы мақаламызға арқау болып отырған кәсіпкер келіншек Айтжан Қапарова.

Айтжан да ел қатарлы Жезді қалашығындағы Байланыс бөлімшесінде бухгалтер болып әжептәуір қызмет істеп жүрген. Еселі еңбегінің арқасында абыройдан кенде қалған емес. Қоғамдағы белсенділігі де айтарлықтай болды. Жезді аудандық кеңесінің депутаты болып сайланып, қарапайым халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілектерін орындау жолында аянбай тер төгумен қатар,

дүйім жұртшылықты небір игі істерге жұмылдыруда алдына жан салмады. Сол жылдардың мәңгілік куәсі іспетті бүгінде «Айтжанның саябағы» аталып кеткен мәуелі ағаштар тамырларын кеңге жайып, көзге тартымдылығымен жүдеу тартқан Жездіге аз да болса өң беріп тұр.

Әрине, өмір бір орында тұра бермейді. Күндердің бір күнінде қоғам дамуының үрдісі өзгеше сипат алды. Алдымен нарық келді, көп ұзамай Жезді ауданы жабылып, жұмыс орындарын қысқарту науқаны басталды. Әуелгіде «Енді не істейміз?» деп біршама абыржығанмен, жұмыс десе жанып тұратын есепші Айтжан отағасы Шаяхметпен бірлесе отырып, әп-сәтте қиындықтан шығаратын жол іздеді. Екеуара ақылдаса келе бірте-бірте елдің назарын өзіне аударып бастаған шағын бизнеспен айналысуды жөн көрді. Әке-шешелерінің бұл шешімін енді ғана институт табалдырығын аттаған үлкен ұлы Думан, сол кездері мектепте жоғары сыныпта оқитын егіздері Дарқан мен Дастан және жас болса да кенжелері Бейбіт бір ауыздан қолдады. Сөйтіп, жаңадан жұмыс орны ретінде «Мақпал» атты жекеменшік кәсіпорнын ашты.

Әуелде, нақты бір іске кірісу мақсатында, олар тәуекелге бел байлап, барлық жиған-тергендерін кепілдікке беріп, банк арқылы кішігірім ұн диірменін несиеге алып, нан, кеспе және басқа да ұн өнімдерін бағалары Жезді тұрғындарының қалтасына лайықтай отыра шығаруды қолға алды. Мұның сыртында, ондаған адамдарға қосымша жұмыс орындарын ашып, шамалы болса да аудан көлемінде жұмыспен қамту мәселесін оңтайлы шешуге үлестерін қосуды да естерінен шығармады. Қазақта «қызмет ет те, міндет ет» деген сөз бар емес пе. Осыны берік ұстанған бұл шағын кәсіпорын қазір де аудан экономикасына пайда әкелуге барынша ынталы.

Білдей бір мекеменің шаруасын дөңгелетіп, қаржысын жіті қадағалап үйренген Айтжан өзіне дегенде де аянбады. Есеп-қисапқа жүйрік, қандай да шаруаның ығы-жығын жақсы білетін, қаржы көздерін тиімді пайдаланудың астарына терең үңіле алатын Айтжан, үй-ішімен ақылдаса отырып, бертін келе өз өндірістерінің ауқымын мейлінше кеңейтудің жолдарын қарастыра бастады. Нәтижесінде, кәсіпорындардың арнайы тапсырысымен киім тігетін кішкене цех пайда болды, адамдарға тұрмыстық қызмет көрсететін шаштараз салоны іске қосылды, жезділіктерді арзан азық-түлікпен және үйге қажетті керек-жарақтармен қамтамасыз ететін дүкен ашылды, салтанатты кештер мен өзге де іс-шаралар өткізетін тойхана есігін ашты. Бір айта кетерлігі, мұндағы бағалардың арзандығын біліп алған Сәтбаев және Жезқазған қалаларының, Ұлытау ауданы орталығының кейбір тұрғындары осында сауда жасағанды, ал той-томалағын «Мақпал» тойханасында өткізуді жөн санайды. Бір сөзбен айтқанда, мұндағы қызметтерге жұрт дән риза.

Риза демекші, мемлекеттік қызметтегі жолдасы Шаяхмет, біреудің ала жібін аттамай, оқуларын бітіріп, әрқайсысы өздерінің мамандықтарына орай тиісті жұмыстарымен айналысып жүрген ұлдары Айтжанды ерекше қадірлеп, «біздің асыраушымыз» деп ойынды-шынды әзілдеп қоятындары бар. Жалпы, Тілес еліне келін болып түскен сәттен бастап Айтжан бұл әулеттің үлкені мен кішілерінің, игі жақсыларының ықыласына бөленіп келеді. Осындайда, ойға Абылайдың ақылшыларының бірі Ескелді бидің мына бір сөздері оралады:

«Әйел – үйдегі ырысың, ұл – айбарлы қылышың, қыз – түздегі өрісің, келін – кеңейген тынысың». Өз кезегінде Айтжанның да айы оңынан туғанын айтпай кетпеуге әсте болмайды. Мұны оның өзі де іштей сезетініне әрі мойындарына ешқандай күмәнім жоқ.

Жантуар қажыдан тараған ұрпақ былайғы жұртқа, мына жарық дүниеге төменнен емес, қыран құстар ғана қалықтай ұшып шыға алатын асқар биік тау шыңдардан қарай алатын тұлға ретінде танылған. Мәселен, Айтжанның туған атасы Сейдахмет ашынса – ашуынан қаталдық, қуанса – мейірімінен адалдық, бой қуатынан – тектілік пен парасаттылық есіп тұратын, көргені мен түйгені мол, әңгімені балын тамызып айтатын аса бір ерекше жан еді. Мемлекетке жан-тәнімен беріліп, өзімдікі қоя тұрсын, қоғамның мүддесі еш мұқалмасын деп өтті. Секеңнің жақын жеңгелерінің бірі, сонау колхоздың тұсында жұмыстан кейін сауыншы қыз-келіншектер көрші ауылдағы ойын-сауықты көруге өгіз арбамен бармақшы болып, жиналып жатқан сәтте, жеті жасар бала Сейдахметтің «нан табатын өгіз» деп басжіпке жармасып өгізді жібермей алып қалғанын көпке дейін жыр қылып айтып жүрді.

Асыл азаматтың Қалила анасы да аса мейірімді, аузын ашса көкірегі көрінетін, өте бір қайырымды, қолы ашық, аңқылдаған, құтты періште сынды жан болатын. Ол кісінің аталары Жылкелді руынан тарайтын Бектемірдің бес баласының бірі болып келетін. Әлдеқалай өз руының бір азаматын кездестіре қалса, ол адамды міндетті түрде үйіне ертіп келіп, «Айтжан-ай, мына балама қымыз құя қойшы» деп, әкелген кісіні айналып-толғанып жататынын, ал ол кеткеннен кейін, «Әже, бұл сізге жақын туыс па еді? – деген сұрағына, әжесі – иә, қалқам, ол менің бауырым ғой, арамыз бес-ақ ата ғана», деп риясыз көңілімен жауап беретінін, Айтжан бізге айтқанында, оны ертегідей көреміз. Расында, қазіргі кезде өзге тұрмақ, ет жақын туыстардың өздері бір-бірінің көңілдерінен шыға алмай жататындарын ескерсек, Айтжанның ұлы енесінің осындай ерекше бауырмалдық қасиетін сағынышпен еске ала отырып, үнемі өнеге тұта алсақ игі. Жаратылысы өзгеше бұл кісінің өзінің көңіліне ұнаған нәрсесіне ақ адал ниетімен ағынан жарыла салатынынан да Айтжан арқылы хабардармыз. Баласы Сейдахметтің қызмет бабына байланысты көшіп-қонып жүрудің машақатын молынан көрген Қалила анамыздың Жездіге біржолата көшіп келгенде: «Сейдахметтің бар шаруаларынан осы үйді, тоңазытқышты, Айтжанды алғанымыз қандай жақсы болды» дегенде ғой, Айтжанның «Әже, мені тоңазытқышпен бірге атағаныңыз қалай, - деп өзінше өкпелеген сияқты назын білдіргенде, ол кісінің – Айтжан, сені жақсы көргендігімнен айтып жатқаным ғой» - деп, жуып-шайып жататыны.

Ұлағатты тәрбиенің сарқылмас көзін Айтжанға туған енесі Інжу де молынан ұсына білді. Ұмай, Домалақ ана, Зере, Ұлпан, Тұмар сынды дана аналардың көзіндей Інжу апамыз, сондай-ақ, еліне тұлға, жұртына үлгі-өнеге болды, әрбір сөйлемін мінсіз мүсіндейтін, мағыналы ойын дөп түсіретін жан ретінде қауымға танылды. Үлкен-кішінің бабын тауып, сүйкімді мінезімен, тапқыр әзілімен бәрінің жанын балбыратып, қандай отырыстың болсын да қошын келтіретін жібек мінез, желең көңіл, жайдары жан еді. Інжу апамның

таңғалғаннан таңдайыңды талмап жұтып қоярдай тамаша сөз үйірімдерін бір сәтте шығара салатыны өз алдына керемет бір тылсым дүние.

Сонымен, Ұлытаудың етегінде кіндігі кесіліп, сол киелі тауға қарап бой түзеген қыз Айтжан, құтты жеріне қонып текті елдің сезімдері сергек, ойлары тұнық, сенімдері сетінемеген ата-енелерінің ұлағатты тәрбиесін, сыр мінез өнегелерін көріп өскен келін Айтжан, бүгін Ене, Әже, Абысын, Құдағи. Сөз басында айтылған кәсіпкерлігінің сыртында осынша міндет атқарып жүрген Айтжан Сейдахмет келінін бақытты әйел деп білемін. Қазақ ырымшыл халық қой. Былтыр жан жары Шаяхмет ақпанда өзінің 60 жасқа толғанын Жездіден Ұлытауға дейін жаяу барып, көпке үлгі болатын үрдісте атап өткенді. Сонда осы екі ортаның соңғы шақырымын немерелері Берік пен Әнуарды жетектей жүріп отырып, өздерін қарсы алуға шыққан Ұлытау ауданының сол кездегі әкімі Берік Әбдіғалиев пен оның орынбасары Әнуар Омаровқа ұрпақтарын жүздестіріп, өзара ақ тілектер айтысқан еді. Сол тілектер қабыл болып, биыл алпысқа толғанында Айтжан отағасымен бірге ұлдары Бейбітті үйлендіріп, егіздерінің сыңары Дастанның келіншегі Жанерке сәбилі болып, Шаяхмет әулеті бесінші немеремен толықты. «Гүл өскен жерге гүл өседі» деген осы.

Сәуір 2011 жыл

ЖАҚСЫНЫҢ КӨЛЕҢКЕСІ ДЕ ЫСТЫҚ

*Тек кейін қанық болдым мен өзіңе,
Бас ұрдым кісілікке, мінезіңе.
Мың шүкір, миллион шүкір, қабыл алдым,
Бақыт деп басқа қонған мұны өзіме.
Дүниеде өзің екен деген мықтым,
Ықпасам махаббаттан, неден ықтым?
Не галым, не қайраткер болмасаң да,
Әйелдің даналығын сенен ұқтым.*

Авторы, өкінішке қарай, белгісіз бұл өлең жолдары ойымды дөп басып қана қоймай, сонымен қатар менің ертеңіме бірге елеңдеп, сенетін ертегіме бірге сеніп жүрген мен үшін ерекше жанға арнап осы мақаланы жазуға түрткі болды. Шынын айту керек, тағдыр қосқан жарымыз тұрғысында жылы лебіз білдіру көбінесе оның туған күнінің, сондай-ақ әйелдер мерекесінің еншісіне байланып, өзге уақытта бейғам жүретініміз рас. Содан да болар, ең жақын деген адамыңа қымбат та ыстық сезімімізді біздер көбінесе сыртқа шығара бермейміз. Осы ретте, жақында бақилық болған Халық Жазушысы Әзілхан Нұршайықовтай абыз ақсақалымыздың өмірінің соңғы күніне дейін өзінің жары Халимаға сүйіспеншілігін, махаббат симфониясын барынша жырлап өткені бәрімізге үлгі болатындай дүние. Мұндай дәстүрдің өскелең ұрпақты анасын ардақтап, аруларын мәпелейтін ұлттық нақышта тәрбиелеуге де игі әсері болары анық. Сондықтан да, үйіміздің сәні, тірлігіміздің мәні, сүйікті

балаларымның анасы Төкен Әмзеқызы туралы толғанысымның бір парасын оқырмандардың назарына ұсынғанды жөн көріп отырмын.

Бір шаңырақ астында ғасырдың үштен біріндей уақыт бірге өмір сүріп жатқанымызбен, екеуміздің бір-бірлерімізді білетінімізге елу жылдың жүзіне айналыпты. Төкенді ең алғаш Қарағанды облысына қарасты Жезді кентіндегі 8 жылдық мектеп-интернатта оқып жүргенде көрдім. Мен мұнда көпбалалы отбасына көмек ретінде берілетін шартпен орналассам, ол ауылға бөлінетін квота арқылы келіпті. Бұл өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының орта шамасына таман кез еді. Сол жылы ол да, мен де бесінші сыныпқа бардық. Бірақ ол қатарлас сыныпта оқыды. Дегенмен, менің есімде Төкен өзінің тым нәзіктігімен ғана емес, әдемі ән салатынымен, ерекше зеректігімен сақталып қалыпты. Әсіресе, оның математиканы әдеби кітап оқығандай судырататыны бәрімізді таң қалдыратын. Өз кезегінде ол: «балалар оп-оңай есептерді қалай шығара алмайды», деп таңғалады екен. Мұның алдында ғана «Қарабұлақ» деген шағын ауылда сабақтары бірде өтіп, бірде өтпей жататын төрт кластық мектепті бітірген Төкеннің бұл қабілетін тек оның табиғи дарындылығымен түсіндіруге болатын шығар. Иә, кез келген жанның бойында табиғат берген ерекше дарын болатынын ғалымдар дәлелдеп отыр. Ең бастысы, сол қабілет-дарынның өркен жаюы тер төккенде ғана мүмкін болатындығын ұмытпаған жөн. Төкен сөйтіп өзінің іздемпаздығының арқасында кейін де математикаға келгенде алдына жан салмай Жездідегі орта мектепті жақсы үлгерімде бітірді және сонысы үшін жүздеген оқушылардың ішінен сүйікті ұстазы әрі сынып жетекшісі Шәрипа Жүнісованың ерекше ілтипатына ілініп, сол аяулы кісінің ақылымен экономист мамандығын игеруге бел байлады. Солай, кәусар сезім мен мөлдір үміт арқалаған он алты жасқа толар-толмас арманшыл бойжеткен Қарағанды қаласына келіп, осындағы политехникалық институттың студенті атанып үлгерді және осы жоғарғы оқу орнын «азаматтық құрылыс саласының экономисі» мамандығы бойынша ойдағыдай уақытында бітіріп те шықты.

Қазір байқасам, екеуміздің өмір жолымыз ылғи қатар өрбіп отырыпты. Төкеннің үй-іші Жездіге көшіп келгеннен кейін, кенттің шеткері жағындағы «Мостовая» деген ауылда қонысымыз бір болды. Қозы-лаққа, бұзауға қарап, қойдың кезегіне барып, ара-арасында ойын-сауықпен қатар тентектікке де бой ұратын ұлдарға тән қылықтарға ден қойып мен, ал үйінің шаруаларын мұқият жайластыра жүріп ол, осы ауылда бірге ержеттік. Әлгінде айтқандай, мектеп-интернатта, орта мектепте қатарлас оқыдық және бұл үрдіс алдымен политехникалық институтта, сәл кейін Жезді автокөлік кәсіпорынында өзінің жалғасын тапты. Бір атап өтерлігі, біз осы жылдары тек сыйластық қарым-қатынаста болдық. Біздің жақын араласуымызға кәсіпорындағы бірге жұмыс істегеніміз сеп болды. Мен аға инженер, ал ол жоспарлау бөлімінің бастығы ретінде көптеген өндірістік мәселелер төңірегінде пікір алмасып жүрдік, осы мекеменің қоғамдық жұмысын атқаруда бірлесе күш салдық, сонымен бірге аудан көлемінде ұйымдастырылатын іс-шарларға да бірге қатысатын болдық. Сонда сабырлы мінезімен, терең ойымен әдеппен сөйлеп, кез-келген жанның жүрегіне жол тауып, маңайына үнемі шуақ шаша күлімдеп жүретін Төкен, іске келгенде қашанда табандылық танытатын еді. Халқымыздың қыздарына

қаратып тап-тұйнақтай, «Қыздың жиған жүгіндей» деп риза болып жататыны тындырымды қыздарының осындай үйлесе кететін істерінен туындаса керек. Иә, Төкеннің халыққа жаппай экономикалық білім беру жөніндегі әдістемесі озық тәжірибе ретінде сол кездегі Жезқазған облысына таратылуы, сондай-ақ еңбек жолындағы бірнеше мақтаулары мен марапаттары оның күнді-күнге, түнді-түнге жалғаған тынымсыз, адал еңбегінің жемісі деуге тұрарлық. Міне, осылайша көптің көңілінен шығып, зор ризашылыққа бөленіп жүрген Төкен менің де жүрегімнің төрінен орын алды, достық сезім іңкәр сезімге ұласты, сөйтіп қатар жүрген күндерімізді ортақ отбасына айналдырып, жеке отау болып шығумен аяқтадық. Анасының сүтімен дарыған тума талантымен қоса, қазаны оттан түспей қонағына табақ тартатын салтынан жаза баспаған тәрбиелі ортада бой түзеген Төкен менің үйімнің, туған-туысқандарымның оңынан келгенін айтсам, «өзі жақсы кісіге әрқашанда бір кісілік орын бар» деген сөздің шындығына көзіңіз жетері анық. Жеке өз басыма келсем, мен ақ қаздар арасынан аққуды ажырата алдым деп ойлаймын.

Бірлесіп үй болуды бастаған сәттен, мен «көрінбеген көлде естімеген аққудың үні барына» сендім, нәзік жандардың рухани қазынасы сақталатын «жүрек» деп аталатын қамалдың қақпасын ашу үшін, ең алдымен, ақ ниеттің, пәк көңілдің, жан жылуының қажет екендігін білдім, қорланып тұрса да, оған жауап бермей, жайбарақат қабылдай алған адам ғана ұлы жеңіске жететінін, яғни, жақсылыққа жаға жыртысып емес, жарыса жүріп жету керек екендігін ұғындым. Әрине, бәріміз пенде болғаннан кейін кемшіліктерден ада емеспіз, отбасында кейде кикілжің орын алып, шамадан асып-тасып кететін жағдайды бастан кешіп жататынымыз да шындық. Сондай кездері, «Өзен тасиды, бірақ шегіне жеткенде бәрі-бір арнасына қайта келеді» - деген шығыс ойшылының нақыл сөзін алдымен түйсініп, әрдайым сабырлыққа, татулыққа, ынтымаққа, сыйластыққа шақырып отыратын Төкен екендігін мойындауым керек. Содан кейін, мына дүниеде екінің біріне көне салмайтын «түсінік» деген ұғымның барын, сондықтан нені болсын, кімді болсын түсіне білудің өзі керемет бақыт екендігін ерекше сезінесің. Жалпы, Төкеннің әрекет-тірлігінде өзіне баурап-матап алатын, бірақ-та көзге көрініп, қолға ұсталмайтын, санамен ғана сезуге болатын толағай тербелістер құдіреті жеткілікті екендігін айтқан жөн.

Төкеннің менің көзімді жеткізген тағы да бір ақиқатына тоқталсам, ол – адам өмірдің желеуіне кетпей, дегеніне көнбей, егесіп жүріп адам болады екен. Сонау бір жылдары денсаулығы сыр беріп, біршама уақыт оған емхана төсегіне танылуға тура келді. Сол тұста оның өмірінің өзегі оптимизм болды, сөйтіп тәуекелге сеніп, үмітке еріп бір емес, екі рет аса күрделі операцияны басынан кешіріп, өмірге деген құштарлығын танытты. Тауқымет қыспағанда қалып қоймай, ол шыңдала жүріп ел мүсіркейтін халден ел таңғалатын күйге бір-ақ самғап жетті. Түсіне білгенге, Төкеннің үйде отырып қалмай тәуелсіз еліміздің жаңа экономикасын қалыптастырудың бел ортасында жүруі ерлікке пара-пар дүние болатын. Айталық, республика аумағында пилоттық тәжірибе ретінде әлеуметтік медициналық сақтандыру тәртібін тұңғыш рет Жезқазған облысына енгізгенде, осы бір жаңа істің бүгі-шігіне дейін талдап, отбасылық амбулаторияның экономикалық тиімділігін анықтағандардың ішінде Төкен

де жүрді. Кезінде, бұл бастамаға түрлі көзқарастар болғанымен медицинаның қазіргі беталысы осы бағытқа бейімдеу келетіні құпия емес. Сонымен қатар, нарық қатынастарын экономиканың шешуші буынына айналдыру бағытында Төкен Жезқазған облысының баға және монополияға қарсы саясат бойынша комитетінде жұмыс істеген кезінде біраз шаруаларды атқарды. Бұл саладағы іс-тәжірибесі ескеріліп, кейіннен Астанадағы Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне қызметке шақырылды. Мұнда бас маманнан басқарма бастығы лауазымына дейін өсіп, нәтижелі де абыройлы еңбек етті, марапаттан да шет қалған жоқ. Әр істің жөнін, жоралғысын, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты жетік білгендігімен өз ұжымының қадірлісі, құрметіне бөленген ардақты кісісіне айналды.

Әрине, әйел бақыты тек қызметпен емес, «бала» бақытымен өлшенетіні тағы бар. Ол бұл бақыттан да құр алақан емес. Дәл бүгінде ол бақытты Ана, сонымен бірге Исмаил және Абдолладай кішкентай сүйкімді немерелері бар, бақытты Әже, Әсел атты бірдей есімге ие болған келіндеріне қадірлі Ене де. Ал, ұлдары Мадияр мен Саруарға үлгі болып, олардың экономикаға деген қызығушылығын туғызды, әрі сол мамандықты игеруге ден қойғызды. Қазір Мадияр еліміздің Экономикалық даму және сауда министрлігі жанындағы Экономикалық зерттеулер институтында аға сарапшы болып қызмет істейді, экономика ғылымдарының кандидаты. Саруар ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын бітіріп және сонда оқу барысында Лондон экономикалық мектебінде нақты тәжірибеден өтіп «Басқару ісінің магистрі» атанды. Бүгінде ол Инвестиция және экспорт жөніндегі қазақстандық ұлттық компанияда жауапты қызметте. Қызы Айгерім әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетін «Аймақтану» саласы бойынша Таяу Шығыс елдерінің маманы ретінде бітіріп, ендігі жерде сол алған білімін әрі қарай жетілдірудің қамында жүр. «Баласы атқа шапса, анасы үйде тақымын қысады» дегендей, Төкен бар жан-тәнімен балаларының өз туған еліне адал қызмет етуін, жүрген орталарында абыройлы болуын, «сұлу үйдің түгіні де сұлу» деген нақылды есіне ұстай отырып, ұлдарының отбасының түтіндерінің түзу ұшуын, олардан тараған ұрпақтарының бақытты ғұмыр кешуін үнемі тілеп отырады, балаларына өзінің білгендерін үйретуден, қазақи тәрбие беруден бір жаңылған емес.

Атақты Сенека «Алтынды – отпен, әйелдің адалдығын – алтынмен, ал ер адамның адамгершілігін әйелге деген көзқарасы бойынша сынап білуге болады» дейді. Мұны өте қажет әрі маңызды ескерту деп білемін. Мақаланың басында айтылғандай, ең жақын адамдарымызға біз кейде қажетті деңгейде көңіл бөле алмай қаламыз немесе оларды аялауға мұрсатымыз бола бермейді. Бұған кейін өкініш те білдіріп жатамыз. Ғұмыр деген қамшының сабындай келте өмірді парықтай білейік десек, бір-біріміздің қамымызды бұрынғыдан гөрі көбірек ойлайтын болайық. Бұл мақала соның жарқын бір көрінісі болса игі.

Мамыр 2011 жыл

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

АСЫЛ АЗАМАТТАРҒА АРНАУ ЕСТЕЛІК

ӨЗІНДІ АҒА, ЖҮРМІН КҮНДЕ САҒЫНЫП

Өткен ХХ ғасырдағы сұрапыл 37-ші жылдың демін ішіне тартқан сұр күзі. Жадау тартқан жұпыны қазақ ауылы. Елең-алаңда кішкене ұлын қолына алып, жеті жасар қызын жетектеген жас келіншектің осы ауылдан ұзап шыға бергені сол еді, оларға бір ақ жаулықты әйел жүгіре басып жетті. Сөйтті де келіншекті кері қайтармаққа әрекет жасап бақты, ал ол болса еш көнер емес. Енді бір сәт әлгі әйел шалт қимылдап келіншектің қолындағы баланы өзіне тартып ала қойды да ауылға қарай жөнелді. Жас келіншек ұлын тастап кетуге дәті шыдамай, амалсыздан оның соңынан ере берді...

Жас келіншек менің анам Шархия, ал әйел оның туған абысыны Зейнеп болатын. Анамды апам Үрләш пен ағам Рахымды алып төркіні жаққа кетуге мәжбүрлеген әкеміз Махметтің жазықсыз айыпталып он жылға кесілгені еді. 37-нің нәубеті осылай біздің үйді де айналып өтпепті. Алайда, «Аққа құдай жақ» дегендей көп ұзамай әкем туған ағасы Жұмабайдың тынбай ізденісінің арқасында толық ақталып шығыпты. Бұл жағдайды мен анамның өз аузынан естіген едім. Анам жарықтық Махметтің әулетін осылайша сақтап қалған қайынағасы мен абысынына деген ыстық ықыласын ешқашан суытқан емес. Бір үйлі жанның отын сөндірмеуге дәнекер болған Рахым ағаға оның өзінен кейінгі інілері мен қарындастары, біз де мәңгі қарыздармыз. Мінеки бір жыл болды, аяулы ағамыз біздің ортамызда жоқ. Жабырқаған көңілді ендігі жерде осы іспеттес естеліктермен бір сәт болса да жұбатқымыз келетіндей.

«Тау алыстаған сайын асқақтай түседі», дейді. Қазір мен Рахым ағаны өзге қырынан тани бастағандаймын. Оның өмір жолына көз жіберсем, ол тек өзгенің көңілінен шығуға, біреуге жақсылық жасауға ғана ұмтылыпты. Оның туылған жылы ашаршылыққа дөп келіп, буыны ката қоймаған балалық шағы жойқын соғыс уақытымен тұспа-тұс өткенін ескерсек тағдыр тауқыметін ол тым ерте тартты. Соған қарамастан ол өз бойына ыза яки болмаса өшпенділік емес, адамға деген мейрімділік пен мейірбандықты, ізгілік пен ізеттілікті, сүйіспеншілік пен рахымшылықты молынан жинай алды. Осы ретте әкемнің туған інісі марқұм Тыныштықбай көкем Рахаңа қатысты мына бір жағдайды ылғи айтып отыратыны ойыма оралып тұр. Соғысқа аттанар тұсында оның жадында жатталып қалған бір көрініс бала Рахымға қатысты еді. Сап түзеп елден бет ала бергенде, кіп-кішкентай Рахымның: «қайтып кел көке, қайтып

кел», - деп шырқыраған дауысымен Тиштекеңнің аяғына оралғанын және оны қапсыра құшақтап біразға дейін жібермегенін кейін ол кісі оқ пен оттың ортасында жүрген тұсында талай есіне алыпты. Мына бір құдыретке қараңыз. Соғыс аяқталмай-ақ Тыныштықбай көкем Рахымның қолының табы қалған аяғынан ауыр жараланып елге оралады. «Менің осы жарық дүниеде жүргенім әуелі Алланың арқасы, сосын кішкене Рахымның кіршіксіз періште тілегі», - деп Тиштекең риясыз көңілімен бізге әңгімелеуші еді.

Ел басына күн туған қиын шақ, әрі ұлдың үлкені болғандығы Раханның өзіне деген жауапкершілігін ерте сезіндірді. Сондықтан бозбала шағынан ата-анасына, өзінің соңынан ерген шиееттей біздерге қамқоршы болуға ұмтылып, онжылдық мектепті бітірмей-ақ ертерек жұмысқа кірісуді ұйғарды. Әр адам мінезіне қарай мамандық таңдайды ғой, содан болар ол ұстаздықты қалады. Сөйтіп, Саран қаласындағы педучилищеге оқуға түсті. Тек көп жыл кейін Қарағанды педагогикалық институтын сырттай оқып бітірді. Мен ұстаз деген ұғымның ұлылығын Рахым ағаның қырық жылдан астам мұғалімдік қызметін саралай отырып мейлінше түйсіндім. Осыншама уақыт бойы бір ғана жүйеде тапжылмай қызмет еткен Раханның алдынан мыңдаған азаматтар тәлім алды, өмірге қанат қақты, оның жүрек құмырасы мөлдір, көкірек сарайы кең ашық жарқын көңілінен молынан сусындады. Ал өзі Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі атанды.

Артықсынып, ірісініп басқадан,
Астамшылық жасамаған, таспаған,
Бір қалыпты баяу аққан өзендей
Өмір бойы арнасынан аспаған.

Ешқашанда еспеген де бөспеген,
Ешкімнің де жолын, бағын кеспеген.
Даусын қатты шығармай-ақ тентекті

Бас идірген бай мінезбен, еппенен,- деп ақын Нарша Қашағанұлы жырлаған осы бір өлең жолдары Рахаңа қаратып айтылғандай. Ең алғаш ол ұстаздықты 1-4 сыныптың балаларына сабақ беруден бастады. Бұл өткен жүзжылдықтың елуінші жылдарының бел ортасы болатын. Педучилищені бітіргеннен кейін ол жолдаманы біздің тұрған Жезді өңірінен алыс жатқан колхоздың «Қызыл әскер» бөлімшесіне алыпты. Мен ол кезде тым кішкентай болсам да үй-ішімізбен онда көшіп барғанымыз, үйіміздің мектептің бір жақ қанатында болғаны, мектепте ауылдың оншақты баласы ғана оқитыны әлі күнге есімде. Қазір ойлап отырсам, Рахаң сол жердің ең алғашқы мұғалімі болыпты. Кейін Рахаң түрлі мектептерде оқу ісінің меңгерушісі, директоры қызметтерін атқарды. Бірақ маған Рахым ағаның ең алғаш еңбек жолы ыстық көрінеді. Неге екенін қайдам, мен Раханның сол бір жылдарын есіме алсам Шыңғыс Айтматовтың шығармасы бойынша қойылған «Алғашқы мұғалім» фильмінің бас кейіпкері Дүйсен көз алдыма елестейді. Мүмкін ол екеуінің де ұрпаққа келелі тәрбие берудің тиімді көзін баланы ең алдымен адалдыққа және еңбекке баулудан іздегендерінен болар.

Өмірдің небір ащы сабақтары мен бұралаң жолдары Раханды барынша ұқыпты, мейлінше үнемшіл болуға үйретті. Сонымен қатар оған әкемнің де

ықпалы болды деп ойлаймын. Әлі есімде. Үйдің кенжесі болғандықтан маған жүктелген міндеттің бірі күн сайын қолыма ұстатқан бір сомға едәуір жердегі дүкеннен төрт бөлке нан әкелу болатын. Жаңағы ақшадан дүкенші маған екі не үш тиын қайтаратын. Сол тиындарды әкем тұрақты менен қайтып сұрап алатын, ал әлдеқалай жоғалтып алсам қатты ренжитін. Ал менің: «Көке онда тұрған не бар?», - деген уәжіме, «Балам, табан ақы, маңдай термен келген дүниеге бұлай атүсті қарауға болмайды. Біле-білсең ақша тиыннан құралады, сондықтан оны бағалай білу керек», деп әкем ойын түйіндейтін. Сөйтіп бізді не нәрсенің болса да қадіріне жетуге шақыратын. Кейін қарасам, Рахым аға да өзінің барлық істерін алдын-ала есепке алып, кіріс-шығыстарын қағазына түсіріп отырады екен. Ал оның орынсыз шығын жұмсауға жаны қас екенін өзім де байқайтынмын. Сонысына қарап, кейде оны сараң ба деп те ойлап қалатынсың. Шын мәнінде Рахаң ондай кісі емес еді. Ол кісі досқа, туысқанға барлық көңілін, ықыласын, жүрегін айқара ашатын. Үйіне кіріп келген әрбір сәтімде жас балаша қуанып, орнынан атып тұрып: «О, Кененім келді!», - деп мені құшағына алып сүйіп жататын. Сөйтетін де жанындағы балаларына: «Ал, кәнеки, атасы бөлек аттан түс деген, менің бауырыма орын беріңдер», - деп әдемі әзілімен бәрімізді мәз қылатын. Сонан кейін шүйіркелесе отырып мол дастарханын алдыма тосатын. Рахаңның адам қызығар бір қасиеті, үйіне кім келсе де, есігі үнемі ашық, дастарханы жаюлы болатын.

Қара бие, қара өгіз,
Соғымымыз болды егіз.
Көңілі сыйлас туыстар,

Үйге келіп ет жеңіз! – деген тәрізді бір шумақ өлеңін жақындарына ретімен тарту етіп үйге кісі шақырғанды ұнататын.

Жалпы, Рахаң көпшіл кісі еді. Ол ағайынды ауызбірлікті молайтатын жақсы істерге тартуға бейім тұратын, оларды атқарудан бір шаршамайтын. Бұл жөнінде Жезқазған қаласының құрметті азаматы, Жезқазған қалалық мұрағат мекемесінің басшы Сағындық Қожамсейітов былай деп еске алады: «Рахаң зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғамдық ортадан қол үзген жоқ. Біздің мұрағат жанынан «Ұлытау тарихы бағзы заманнан осы күнге дейін: дерек көздері» атты дөңгелек үстел тұрақты негізде жұмыс істейді. Соған ол үзбей қатысып, небір оқиғалардың бетін ашатын тың деректер беріп тұратын. Рахаң, әсіресе, Жылгелді бабамызға ас беру барысында үлкен белсенділік танытып, дүйім жұртшылықты осы игі іске жұмылдыруға мұрындық болды. Ас өткеннен кейін оның барлық құжаттарын бір жүйеге келтіріп мұрағатқа өз қолымен табыс ете отырып: «Қазір еліміз тәуелсіздігін алып қайтадан түлеп жатқан тұста қазақ қоғамының алғаш тарихын білу өскелең ұрпаққа ауадай қажет», дегені әлі жадымда».

Пейіліне қарай ырысы дейді. Көңілі дариядай Рахым ағаның өмірдегі ең үлкен мақтанышы – ол өзінен тараған үрім-бұтағы еді. Құдай қосқан жары Балтай жеңгеміз екеуінің 53 жыл уақыт ішіндегі қабақ жарасымдылығы мен жан жарасымдылығының үйлесімді болуының арқасында үш ұл, жеті қыз барлығы он бала дүниеге келді. Балалар, бірінің артынан бірі ержетіп, біріне бірі қарасып өсті. Ерлі-зайыпты тату, ақылды, салиқалы, бір-бірін түсінетін

болса, олардың балалары да сондай тәрбиемен ер жететіні белгілі ғой. Қазір он баласы да оң-солдарын таныған, өз жүрген орталарында сыйлы азаматтар. Балаларының төртеуі әке ізін жалғастырушы ұстаздар, қалғандары өздерінің қалаған мамандықтары бойынша шаруашылықтың әр саласында еселі еңбек етіп жүр. Бүгінде олардың бәрі аяқтанған, 23 немере, бір шөбере өсіп келеді. Қазір Раханның әулетінің өсіп-өніп, қанатын кеңінен жазып, өркендеп келе жатқанын көріп шүкіршілік етемін де, бұлдыраған сағымдай боп өте шығар қысқа ғана жалғанда мәнді өмір сүрудің мәнісін ерекше түйсінгендей болам.

Мамыр 2007 жыл

КЕҢПЕЙІЛ КӨҢЛІНЕН СУ ШКІЗЕТІН

Таяуда Қарағанды қаласында аяулы досымыз Жанатхан Тойбаевтың (біз Сәкен деп айтушы едік) қайтыс болғанына бір жыл толуына байланысты еске алу асында маған өзім сый-құрметпен қарайтын Райхан Бораиқызының тарапынан өзекжарды бір ұсыныс айтылды. Ол кісі адал жары Ғибадулла Қабышұлы Жакеновтың фәниден бақиға озғанына осы жыл аяғына қарай бес жыл толатынын тілге тиек ете келе, соған орай естелік кітап шығару ниеті барын және онда менің де бір қолтаңбам болғанын қалайтынын айтты. Мен, әрине, Райханның бұл игілікті ісін құп алып өтінішін орындауға уәде еттім. Шынымды айтсам, сол уәденің үдесінен шығу маған оңай тиген жоқ. Мәселе – кеше ғана өзіңмен үзеңгілес жүрген азаматтар жәйлі өткен шақта сөйлеудің санаға салмақ түсіріп қана қоймай, жаныңды жүдетіп, жүрегіңді тілімдеуінде жатыр.

Иә, «өлім – бір, себебі – мың» дейді қазақ данышпандығы. Туу, өсіп-өркендеу, дүниеден озу – өмір заңы. Бірақ, бәрі өз кезегімен болғаны жөн. Дегенмен, «жазмыштан – озымыш жоқ», амалсыз тағдырдың салғанына көнесің. Сөйте отыра, осынау жайсаң жандарды жадыңнан жаңылдырмауды, олардың өнегелі істерін өскелең ұрпаққа жеткізуді өзіңе парыз тұтасың.

Ғибадулла Қабышұлы туралы естелігімді әріден бастағым келіп отыр. 1980 жылдың тамыз айының орта шенінде сол кездегі Жезқазған облысына қарасты Жезді автокөлік кәсіпорнында аға инженер қызметін атқарып жүрген мені Жезді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Төрегелдин қабылдауына шақырды. Сәл-пәл бұрын коммунистік партияға мүшелікке өту үшін кандидаттыққа қабылданған болатынмын. Осыған қатысты нақты бір тапсырма алармын деген оймен барған маған Мәкен Төрегелдіұлы тосыннан: «Бізбен ақылдаспай Сіздің қабылдаған шешіміңізге түсінбей отырмыз» деп қалды. Сол сәттегі менің де таңданысыма назар салған ол, енді мән-жәйді өзі түсіндіре бастады. Ол кісіге облыстық партия комитетінен мені Қарағанды политехникалық институтының Жезқазғандағы филиалының «Автокөлік» кафедрасына оқытушылық қызметіне жіберу туралы ұсыныс түсіпті. Менің бұл жағдайдан бейхабар екенімді білген бірінші хатшы, осыған байланысты тиісті шешім қабылдауды өзіме жүктеп, орайын келтіріп өзінің ақыл-кеңесін

де айтып қалды. Өз өміріне өшпес із қалдырған, дұрыс жол таңдауына бірден бір дәнекер болған Қаныш Сәтбаев екенін де сол жолы маған айтқан еді.

Мұны келтіріп отырғаным кездейсоқ емес. Кейін білгенімдей, менің де өмір жолымның күрт өзгеріп сала беруіне Ғибадулла Қабышұлы өз үлесін молынан қосыпты. Қарағанды политехникалық институтының «Автокөлік» кафедрасының сол кездегі меңгерушісі Нариман Әубәкіровпен ақылдаса отырып мені тікелей өзінің кафедрасына қызметке алуға бар күшін аямапты. Сөйтіп, екеуміздің тізе қоса жұмыс істеуімізге жол ашыпты. Қазір ойласам, үзбей жұмыс істеген сол төрт жыл кафедраны аяғына тік қоюға мүмкіндік берумен қатар, өзімнің де оң-солымды тануға, көп нәрсені тиісінше аңғаруға барынша ықпал еткен екен. Бұған Ғибекеннің де әсері айтарлықтай болды десем әсте қателеспеймін. Ол кісінің маған деген жүрек жылуын, менің жеке тағдырыма қатысты дүниелерге бей-жай еместігін кейін өзге салада жұмыс істеп жүрген сәттерде ерекше сезініп те жүрдім. Небір жағдайларда телефон шалып, ойымен бөлісіп, қуанышын білдіріп, көңілін демдеп жататын. Бір сөзбен айтқанда, Ғибадулла Жакенов бар жанымен де, болмыс-бітімімен де адал азамат еді. Бой қуатынан тектілік пен парасаттылық есіп тұратын.

Ойы тұнық адамның ісі бітік келетіні бар ғой. Керемет еңбекқорлығы мен жүйелі ізденістерінің, тынымсыз тіршілігінің арқасында ол кафедраның оқу-әдістемелік, ғылыми зерттеу жұмыстарын және лабораториялық базасын жоғары деңгейге көтере білді. Жезқазған филиалын алдымен технологиялық институтқа, ал соңынан жеке университетке айналдыруға көп еңбек етті.

Ғибекен ешкімнің бетіне жел болып келмейтін, шаң болып қонбайтын. Жай сөйлейтін, бірақ әрбір сөзі алмастай өткір, қорғасындай салмақты еді. Әсіресе, ой қақтығысында қайраулы қанжар іспетті болатын. Солай бола тұра ол дауды дабырмен емес, сабырмен шешуге барынша тырысатын. Әлі есімде, кафедрамызда Ресей жақтан келген, өзін өзгелерден тым жоғары ұстауға бейімдеу тұратын, ылғи тек мен ғана бәрін білемін деген сыңай танытатын Пикус В.И. атты азамат доцент болып қызмет атқарды. Соның өзі Ғибекеннің сабырлы да салмақты сөздерінен кейін адуынан қайтып, тоқтамға келетін.

Ғибекен адам тағдырына жан-тәнін салып араласа кетуге, көмегі мен жәрдемін жасауға дайын тұратын, Төлеген Айбергеновше айтсам: «жанам деген жүрекке от беретін, шабам деген жігітке ат беретін». Ол кісінің тікелей көмегімен ондаған қазақ азаматтары Мәскеуге аспирантураға жіберіліп, өз саласының ғылым кандидаттары болып елге оралды.

Жакенов диплом жетекшісі болған студенттер нағыз бақытты жандар еді. Өйткені диплом қорғау барысында студент емес, ұстазы Ғибекен диплом қорғап шығатын. Сондықтан да шығар, шәкірттері ол кісіні өте жақсы көрді. Өзінің туғанындай санады. Ол да өз шәкірттеріне үлкен сенім артумен өтті. Осы орайда, бүгінде есімдері елімізге кең танымал Әлихан Бәйменов, Ерлан Қошанов, Әлиакпар Матишев тәрізді азаматтардың Ғибадулла Жакеновтың шекпенінен шыққан түлектер екенін атап өткен жөн.

Ғибадулла Қабышұлы тәуелсіз еліміздің кемел болашағын орнықтыру бағытында да аз тер төккен жоқ. Бүгінгі ұшқыр уақыттың бітім болмысы мен толыққанды тынысын терең түсінген ол, оны замандастарымыздың санасына

сіңіру арқылы жаңа заманның жаңа азаматтарын қалыптастыру бағытында мол еңбек етті. Кафедра меңгерушісінен Жезқазған университетінің ректоры қызметіне дейін жоғарлады, кейіннен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне басшылық қызметке шақырылды.

Оны алда үлкен істер күтіп тұр еді. Аяқ астынан келген ажал оларды жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді, аяулы азаматты ортамыздан үзіп әкетті. Ал біздің жүрегімізге оның жай ғана жымыған күлкісі, жарқын да жылы жүзі, аңқылдаған аппақ көңілі ұялап қалды, қала да береді...

Тамыз 2007 жыл

АЯУЛЫ ДА АСЫЛ БЕЙНЕ

Ұлы ұстаз Эпикур адамға қажетті нәрселерді үш топқа бөле келіп, оның соңғысына барлық адам үшін табиғи емес, аса қажет те емес – жоғары мәдениеттіліктен туындайтын кеңдік, мәрттік, өзінің қызығын құрбандыққа шалып, басқалар үшін рухани шаттық орнатуды жатқызады. Сөйтеді де, бұл шарттың орындалуы оны орындаушы адамға ауыртпалық түсіреді, бірақ айналасындағы адамдарға жайдары, жайсаң сәт сыйлайды деп түйіндейді. Эпикурдың табиғи емес деуі осы қасиеттің кез келген адамның табиғатында кездеспейтіндігінен.

Бұл фәниден бақилыққа озғанына тура бір жыл толғалы отырған Інжу анамыз кеңдігіне мәрттігі сай, өзге үшін өзегі талатын ерекше бір тұлға еді. Ағайын туысқанның алдында үлкен абырой-беделге ие болып, өмірінің соңына дейін сол биігінде қалған бұл анамыз менің саналы ғұмырымда өнеге шамшырағын жағып, үлгі мейірімін молынан төккен аз ғана жандардың бірі.

Тұңғыш рет мен ол кісіні осыдан 30 жыл бұрын көрдім. Оған себепші болған жәйт, тағдыр қосқан жарым Төкенді ата салты жолымен біздің үйге келін қылып түсірген сәт болатын. Сонда Төкеннің ата-анасы мен ет жақын туыстары жаңа құдаларына мол дастарханын жайып, сый-сияпаттарын жасай отырып қыздарын үлкен құрметпен шығарып салды және жас отауға деген жүрек жарды тілектерін білдірді. Айтылған тілектердің ішінен маған Інжу анамыздың бір қарағанда қарапайым, астарына үңілсең тағлымы атан түйеге жүк боларлық сөздері ерекше әсер қалдырды. Кейін байқағанымдай, бұл кісі ақылдың кені, ұтқыр сөздің зергері екен. Орайы келген жерде тосын ой айта алатын қасиеттен де ада емес екендігіне куә болған кездерім жеткілікті. Жас нәрестенің тәй-тәй басып жүріп кетпес бұрын еңбектеуі шарт екені рас болса, «еңбектеу» сөзінің түбірі «еңбек» сөзі екендігін және ол «еңбектену керек» деген ишаратты білдіретінін, сондықтан да не нәрсенің болмасын ең бірінші еңбектен бастау алатындығын, яғни тіршіліктің берік тұтқасы еңбек екендігін бір бас қосқан жерде ондағы зиялы қауымға қарапайым әрі ұғынықты тілмен жеткізе білген мынау деген ғалым емес осы Інжу анамыз еді. Айта кетерлігі сол, өз басы еңбекке деген адалдығын өмір бойы жанына серік ете білді.

Таңғы шықтай жаны сұлу, болмысы таза ол кісінің қимыл-қарекетінен тереңдік, ағайынға деген көзқарасынан кеңдік әрдайым табылып тұратын. Тұңғышы Шаяхметті енесінің баурына салуы, одан кейін туған қызы Төкенді жақын ағайындары, менің Әмзе атам мен Үмбігүлсім енеме бала болсын деп басыбайлы беруі оның тумысынан пәк, өзінің ортасына жүрегінің оты мен ізгілігінің нұрын төге білетінінің көрінісі іспетті десе де болады. Әрине, бұл шешімнің өзіне және жан жары Сейдахмет әкемізге оңай соқпағаны да анық. Дей тұрғанмен, сұрапыл соғыстан бір аяғынан айырылып елге оралған Әмзе ағаларының тән жарасын жазбаса да олар етбауыр сәбиін телу арқылы оның жанына жұбаныш бола білді және өмірлерінің соңына дейін өз шешімдеріне адалдық танытты. Реті келгесін айта кету артық етпейді, мен Төкеннің басқа үйде тәрбиеленгенін көп кейін білдім. Сөйттім де, осы ағайынды екі үйдің арасындағы ұзақ жылдар бойы кірбің түспеген сыйластық пен жарастыққа қызықтым, тіпті қазір неге бауырлар бір-бірімен осылайша қарым-қатынаста болмайды екен деген ойдың жетегіне жегілген кезім де болды. Төкенге: «Сен бақыттысың, өйткені екі әкең мен екі шешен бар», деп кейбірде әзілдеп те қоятынмын. Расында, Төкенді Әмзе әкесі мен Үмбігүлсім анасы, Есенғали ағасы мен Күлжан жеңгесі тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай, өн бойына қазақи тәрбиені молынан сіңіре отырып орта мектебін бітірткізді, жоғарғы оқу орнына түсуге, сөйтіп үлкен мамандық иесі атағын алуға барлық жағдайларын жасады. Қамқорлықтарын Төкенді құтты орнына қондырғаннан кейін де аяған емес. Бұл кісілердің ақ-адал пейілдерінің қайтарымы болар, Төкеннің де өмір жолы сәтімен құралды деуге тұрарлық. Қазір ол Қазақстан Республикасы Табиғи монополияны реттеу агенттігінде басқарма бастығы қызметін абыроймен атқара жүріп, үш бала және екі немере сүйіп отырған ардақты ана.

Қазақтың «жақын-жуық бір қуаныш, бір реніште қасында болсын» деген сөзі өмір тәлімінен туған екен. Әсіресе, адам ішіндегі асқан қуанышты, қапалы-ренішті жақын-жуғымен бөліскенде ғана жеңіл болмақ сияқты. Біз де осындай көңіл күйлерді бастан кештік. Сол тұстарда жанымыздан Сейдахмет әкеміз бен Інжу анамыз дәйім табылып жататын.

Біздің бірінші баламыз Мадияр біршама күттіріңкіреп барып туды. Бұл жағдай кейбір «ағайынның» мазасын кетіріп, небір желбуаз сөздердің орын алуына түрткі де болғаны рас. Содан да шығар, Мадияр десе Інжу әжесінің жаны қалмайтын. Үй-ішімізбен біз Астанаға көшіп кеткен кезімізде, мектепті Жезқазғанда бітірсін деп Нескен тәтесінің үйінде қалған Мадиярдың соңғы қоңырауына барлық жұмысын жиып қойып оған ақ жол тілеуге барған, өзге емес тек Інжу әжесі екен. Мадияр үйленген кезде мың шақырымдай жерден жасының ұлғайғанына қарамастан тез жетіп келіп, барлық шаруашылықтың жібін жатқызған да, келесі жылы оның баласына құтты болсын айтуға келіп шөбересінің алақанынан су ішкен де осы Інжу анамыз болатын. Қуанышымызды бірге бөлісуден еш жаңылмаған ол тобасын аузынан тастамайтын. Жалпы ол тәубешіл кісі болатын. Қашан көрсенде бір Аллаға тілек қылып отыратын және Құдайдың бергеніне шүкіршілік жасап, тәубе қыла да білетін.

Әрине, өмірдің аты өмір. Үнемі сені тек алақанына салып, әлпештеп отырмайтыны белгілі. Сонау бір жылы Төкен қатты науқастанып Сейдахмет әкесімен бір емханада жатып емделген еді. Сол жолы Секең тіпті өзінің ауруын ұмытып кетіп, бар жан-дүниесімен Төкеннің амандығын тілеп шырпыр болғаны әлі есімде. Баласының сырқатының дерті өзімен бірге кетсін деді ме екен, ол кісі науқасынан айықпастан көп ұзамай қайтыс болды.

Осындай қиын сәтте Інжу анамыз артта қалғандардың амандығын тілей отырып оларға арқа сүйер қорған бола білді. Балаларының қай-қайсысының болмасын бітпей жатқан шаруаларын бір демде шешіп тастап отыратын. Ене мейірімі келіндерінің бәріне де жететін еді. Біріне ақылын айтса, енді бірін өз қолымен өнегелі іске үйрететін. Сонда ғой, Манар келіннің: «Біздің апам үтік қой. Келген сайын біздің анау-мынау қыртысымызды үтіктеп жазып беріп кетеді», деп ағынан жарылатыны. Қашан да кішіпейіл қалпынан танбайтын Інжу апаның ренішінің өзі бөлек еді. Орынсыз шу шығарып, білгенін айттым-болды, кестім-үзілді ғып айтпай, астарлап қана білдіретін. Шын мәнісінде Інжу анамыз «Қарты бар үйдің иесі бар, иесі бар үйдің киесі бар», деген ұлы ұғымға толық сай келетін. Сондықтан болуы керек, біржарым ғасырдан астам тарихы бар үлкен аталарының киелі киіз үйін сақтау, сақтап қана қоймай оны баптап күту мәзірлері кезінде осы кісіге аманат етіліпті. Нәтижесінде, сол үй 1995 жылы ұлы Абайдың 150 жылдығына арналып тігілген жүз қарадай киіз үйлердің ішінен жүлделі алдыңғы орынға ие болды, одан қалды жыл сайын наурыз мерекесінде бұл үй тігіліп, оның шаңырағының астында елдің небір игі жақсылары қонақ кәделерін көріп жатты. Осындай игі іс-шаралардың бел ортасында Інжу анамыз өзі бас болып жүретін.

Алланың берген дәулеті шығар, Інжу апа көзі жұмылғанша есінен де, тілінен де айырылған жоқ. Соның алдында ғана кенжесі Орақтың балаларын Жезқазғандағы мектепте бір жыл бойы оқытып ауылына жазғы демалысқа алып келген болатын. «Енді міне менің де демалысым басталды», деп айтып үлгеріп, екі кештің арасында қызы Бикеннің қолына сүйене келе, тұрған бойы жүріп кете беріпті.

Нағыз ел анасы болуға әбден лайық Інжу апамыз Жезді-Ұлытау өңіріне сыйлы, шын зиялы, текті кісі еді, жаназасына мыңның үстінде адам жиналды, Алладан иманын саламат етіп, жанының жәннаттан жай табуын тілеп жатты. Рухани жан-дүниесі бай, кісілігі биік анамыздың қамқорлығын, шарапатын көрген қаншама адам оны зор алғыс сезіммен, құрметпен еске алатынына толық сенемін. Ал мен, жүзін көрсең жүрегінің жылуын төгетін, ардақты да аяулы Інжу апама деген сағыныш сезімін арқалатқан көңіл-күйімді осы бір естелік арқылы білдірсем бе деп едім. Лайым, ниетіміз қабыл болсын!

Мамыр 2008 жыл

ЖАНАМ ДЕГЕН ЖҮРЕККЕ ОТ БЕРГЕН

Қазақ ақпарат агенттігі ай сайын «Атаулы күндер. Есімдер. Оқиғалар» атты күнтізбе дайындап, оны республика көлеміне және алыс-жақын шет елдерге таратып отырады. Желтоқсан айындағы күнтізбенің 11-ші жұлдызы мен үшін ерекше ыстық көрінгені жасырын емес. Бұл күні, бүгін көзден кетсе де көңілімізде мәңгілік ұялап қалған сарабдал азамат Ғибадулла Қабышұлы Жәкеновтің туғанына 60 жыл толып отыр.

Жалпы, жақсы адамның өлген күні болмайды, тек туған күні болады деп жатады. Осы орайда, Ғибекен кезінде 20 жыл үзбей қызмет еткен Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті ол кісінің құрметіне арнайы ғылыми конференция ұйымдастырып отырғанын мейлінше құптарлық іс деп білгеніміз жөн. Бұған дейін аталмыш университет басшылығының Жәкенов атындағы аудиторияны ашқанынан да хабардар едім. Ал тура бір жыл бұрын Ғибадулла Қабышұлының асыл жары Райхан мен аяулы балалары Олжас пен Айдос «Бекзат болмыс» атты кітап дайындап шығарды. Ғұмырнамалық бағытта жазылған бұл еңбекте Ғибекен жәйінде ел ағалары Сұлтан Досмағамбетов, Қамза Бижанов, Борааш Дағаров, Зейнолла Молдахметов тәрізді игі жақсылармен, сондай-ақ әріптестері мен шәкірттері, дос-жарандарымен қатар мен де өз естеліктеріммен бөліскен едім. Енді міне араға жыл сала отырып Ғибекеннің рухымен сырласудың тағы реті келіп тұр.

Атақты Сенека: «Өмір де мысал өлең секілді: ұзақтығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді», дейді. Осынау бір ғибратты ұғым Ғибекенге арналып айтылғандай. Өткен жүзжылдықтың сексенінші жылының күзінде мен алғаш рет Ғибадулла Қабышұлымен кездестім. Дәл сол сәттен бастап оның ішкі жан дүниесін тереңірек ұғынуға ұмтылдым, сөйтіп көп жағдайларды аңғардым әрі өзіме үлгі боларлық қасиеттеріне ден қойдым. Әкем марқұм бір кісіге риза болғанда «тектінің атын ерттеген ғой», деп отырушы еді. Сол сөздің нақты мән-мағынасына кейіннен Ғибекенмен аралас-құралас болып жүргенде толық жеткендей болдым. Қанжығалы қарт Бөгенбайдың ұрпағы болып келетін бұл кісінің өнегелі істері мол еді. Екі езуіне жып-жылы жымыс үйіріліп келіп, жұғымды естілетін жұмсақ даусымен шырайлы сәлем бергенде ішің жылып жүре беретін. Қашан көрсең де, кіммен кездесе де осынысынан бір тайған емес. Жұмыр бастының бәріне қос қолымен бірге дос көңілін қоса ұсынуға әр кез дайынтын. Мұның бәрі сырдаң сыпайылық емес, сый-сияпатты сәлем екеніне талай көзім жетіп те жүрді.

Мен ол кісі жетекшілік ететін кафедраға жұмысқа орналасқан тұста сол жылы оқу бітіріп өзіне жұмысқа алып қалған бір жас маман кездейсоқта жол апатына ұшырап ұзақ, дәлірек айтқанда ағымдағы оқу жылы бойы, емделуіне тура келді. Сонда Ғибекен маған ол жігіттің атқаратын жұмыстарының бір шамасын жүктей отырып өзінің ағалық қамқорлығын аямаған еді. Кейін мен студенттерге көмек ретінде әдістемелік кітапша дайындап оған авторлыққа өзіммен қоса сол жігіттің де атын қоса қабат жазғанымда Ғибекен кәдімгідей балаша қуанғаны да әлі есімде. Бәріміз пендеміз. Дегенмен сол жігіттің нақ Ғибекенмен қарым-қатынасы қалай өрбігенін аса біле қоймадым, бірақ өз

басымнан кейіннен оның жайсыз қылықтарын өткеруге тура келді. Енді бірде өз бетіммен Мәскеу жаққа сырттай аспирантураға түспекші болған маған, өзі тікелей жүріп мақсатты аспирантураға жолдама алып берген қарағандылық азаматтың мекен-жайын менің қолыма ұстатып, оған міндетті түрде жолығу керектігін және онымен мен жәйінде сөйлесетін де ескерткені жадымда. Мені тапсырған адамын жаным тіпті қаламаса да Ғибекеннің көңілін қимай айтқан жеріне барғанымда, ақыры ол көмектеспек түгілі жігерімді құм қылды. Кейін бұл жігіттер туралы Ғибадулланың өзіне айтқанымда, ол сәл-пәл күрсініп: «Кенжеке, не болған күнде де адамдарға деген адалдығымызды жоғалтпауға тырысайық. Біреу жәбір етсе, сен сабыр ет», деген уәжін келтіріп еді. Иә, өмірде бәрі ойдағыдай бола бермейтіні әлімсақтан аян. Талай әріптестерінің жақсысын асырып, жаманын жасырған Ғибекен де аласы ішіндегі бәзбіреулердің бақай есепке құрылған жатып-атар әрекеттерінен пұшайман болмай қалған жоқ. Ащыны да, тұщыны да, ыстықты да, суықты да көрді бір кісідей. Бірақ еңсесі түсіп, мойыған жоқ. Сыр алдырып сынған жоқ. Қайта шабытына шабыт қосып елінің елеулісі, халқының қалаулысы бола білді. Осы уақыттар аралығында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, басқа да жоғарғы атақтардың барлығын иеленді.

Ең бастысы, өзінің шәкірттерінің сүйіспеншілігіне бөленгенін айтқан жөн. Ғибекеннің де оларға деген ықыласы ерекше болатын. Ұрпақ тәрбиесіне мейлінше сақ қарайтын. Жас жеткіншек айналасына қарап өседі, тек жақсы жағымен көрінейік олардың көзіне дейтін. Кісілік пен кішілікті сөзбен емес, бойындағы қасиетіңмен көрсет дейтін. Баланың жақсы болуы байлыққа емес, ата-анасының ұятына байланысты, ұры мен қылмыскер де баласына жақсы бол дейді, бірақ ол кеш қалғанын қайдан түсінсін деген жүрекжарды сөздерді де мен алғаш рет осы Ғибадулла Қабышұлыдан естіген едім. Оның сабаққа деген көзқарасы да ерекше болатын. Сан түрлі қоғамдық қызметтер мен түрлі мәжілістер, жиналыстар арасынан лекциялар дайындауға уақыт табатын. Аудиторияға дайындалмай кіретін Ғибадулла Жәкеновты өз басым көрген де, естіген де емеспін. Студент деген үркек те, кірпияз қауым. Нағыз сыншылар осылар. Лектордың сөзеріндегі титтей де болса ауытқуды, жасандылықты қалтқысыз байқайды. Ал Ғибекеннің лекциялары жәйлі ерекше бөліп айтуға болатын. Асау аудиториялардың арынын басып, назарын аударып алатындай терең ой, ой болғанда да телегей теңіздей толассыз ағып, лықсып келіп тұрған білімнен туындайтын ой, үлкен шеберлікпен өріліп студенттердің санасына құйылып жататын.

«Көңіл көңілден су ішеді» деген қазақ халқында бір керемет сөз бар. Ой таразысына салып көрсеңіз, адамның көңілі көтеріңкі болып, айналасына адамгершіліктің, татулықтың, жақсылықтың, мейірбандықтың нұрын шашып жүргенге не жетсін шіркін! Мен білетін Ғибадулла Жәкенов үлкен-кішінің бабын таба білетін, жібек мінезді, жайдары жан еді. Сөзінен, көзінен, өзінен әлде бір теңдесі жоқ оптимизмнің, өмір сүйгіштіктің лебі есіп тұратын. Әттең тағдыр оған қатал келді. Нағыз бабында тұрған шағында фәниден бақиға кете барып, өзіне тілектес, жанашыр қалың қауымды аяқ астынан жоқтаушысына

айналдыра салды. Ендігі жердегі қолымыздан келері өзімізді-өзіміз жұбату. Соның бірі ретінде әрі бүгінгі тобықтай сөздің түйіні болсын деген ниетпен айтыскер ақын Аманжол Әлтаевтың «Өмір» атты өлеңінен үзінді келтіре кеткенді жөн көрдім.

Бұраң жолда болашаққа беттеген,
Пенде бар ма ажал қуып жетпеген.
Жаратқаннан жарлық алса жалаңдап,
Қарсылыққа қарамайды ол, «Кет» деген.

.....
Ажал кейде намазшамды күтпейді,
Нысанаға іліктірсе дөптеген.
Тәні қурап, тамырдан қан кеппеген,
Сенің ғана ғұмырың ұзақ текті өлең.
Отқа жанып, күлге айналып кетсе де,
Сен ұрпақтың жүрегінде көктеген.

Желтоқсан 2008 жыл

АДАМГЕРШЛІГІ БИІК АЗАМАТ ЕДІ

Баукең, қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлы үзеңгілестерінің о дүниелік болғанын естіген тұсында, «біздің де шепті атқылай бастаған екен» деп күрсінетін көрінеді. Сол біздің де басқа келген тәрізді. Қарап отырсам, өзгелерді айтпағанда, кезінде бір курста оқыған Ноябрь, Балтабай, Ибраһим, Баян сынды асыл азаматтардан айырылып қалыппыз. Жаратқанның жарлығы, табиғаттың заңы десек те, олардың қай-қайсысының да мезгілсіз кеткені қабырғаны қайыстырады-ақ. Олармен тай-құлындай тебіскен қайран алаңсыз да қайта оралмас ерке күндер-ай...

Ешқайсымыз да, ешкім де осынау фәни дүниеден өтпейтіндей көрінетін. Құдіреттің шешімі осы шығар, күтпеген жерден енді міне аяулы дос Ертай да қас қағым сәтте бәрімізден алыстап кете барды. Оның жарқылдап отырып, сөне салуының өзі адам айтса нанғысыз сияқты. Жаңа жылдың алғашқы күні ел жақтан телефон шалған Райымбек досым қобалжыған көңілмен Ертайдың ауырып қалғанын және оған операция жасалғанын айтқан сәтте де, кейіннен Ертайдың жан-жары Жанатпен күн сайын телефон арқылы сөйлескен кезде оның сырқатының бетінің бері қарамай тұрғанын аңғарсам да ақыры осылай болатыны ойыма кіріп те шыққан емес. Амал нешік, Ерекеңе келгенде қатал тағдыр тасбауырлығынан танған жоқ. 58-ге қараған шағында өмірден өтті. Алдында алынбаған асулар, жүзеге асыра алмаған армандар, самғауы еңселі тұғырлы биіктер бар еді. Кемеліне келіп, білім біліктілігі толысып, іскерлігі іріленіп келген тұста өмірден озу кімді болса да опындырары сөзсіз ғой.

Иә, Ертай туралы жақын арада естелік жазу үш ұйықтасам да өңім түгіл түсіме де кірмепті. Небір қилы сәттерді бірге өткізген адам жайлы дәл бүгін

естелік жазам деп кім ойлаған!? Әйтсе де, «Тірі өледі, жер қойнауы - жатағы, ізі қалады, болса жақсы атағы», деп Баласағұн айтқандай, үлкенге ізет, кішіге қамқор, туыс-жұрағатына, дос-жаранына сыйлы, көпшіл азамат жәйлі ендігі жерде ғұмырнамалық естеліктердің жазылар уақыты әлі алда екені анық. Өз басым, осы бір дүниені жазуға ниеттенгенімде сан туралы ойлар келіп қатты толғандырған еді. Бірақ көкейімдегі арманды сол күйінде ақ қағазға сыйғызудың қиын екенін білмеппін. Сондықтан, бұл естеліктен гөрі қапияда қағазға түсіп отырған жан күйзелісі десе болғандай...

Өткен жүзжылдықтың сонау елуінші жылдарының басында сайын дала Сарыарқаның төсінде орналасқан қара шаңырақ Қарсақпайда дүниеге келген сәбидің өмір жолы замандастарынан өзгеше бола қойған жоқ. Қаршадайынан үй шаруасы жұмысына араласып өсті, мектепке барып, біліммен сусындады. Жылдар өтіп жатты. Ер жетіп, есейіп азамат қатарына іліккен сәтінде әскерге шақырылып отан алдындағы борышын да өтеп қайтты. Түйсіне білген жанға қыбыр еткен тіршіліктің әр сәті түрткі. Жетпіс үштің күзінде Жезқазғанда біз алғаш рет бір-бірімізбен таныстық. Оған себеп – Қарағанды политехникалық институтының сол жылы осында арнайы күндіз оқытатын филиалы ашылып, оның ең алғашқы студенттері атанғанымыз еді. Сәл кейін барлығымыз негізгі оқу орыны Қарағандыға ауысып, аталмыш институтты сонда бітірдік. Осы жылдар бойы біздің жұбымыз жазылған жоқ. Біз деп отырғаным Тілеуберген, Райымбек, Баян, Ертай және мен. Мұның өзіндік себебі де бар. Курстастар негізінен орта мектепті жаңа бітіргендер болып, біз олардың арасында өмірде едәуір тәжірибе жинақтап қалған жаста едік. Қалай болғанда да, осы бесеуміз жанымыз жақын айрықша дос болып табыстық. Студенттік өмірдің қызығы мен шыжығының, ыстығы мен суығының, ащысы мен тұщысының дәмін бір кісідей таттық. Жастық шақтың күнгейімен қоса көлеңкесіне де жол беріп, жұқалаңқырап айтқанда «ақылды тентектікке» бой ұрдық. Шекістік, бекістік, бірақ еш уақытта достық серттен айныған емеспіз. Осы бір ахуалдың берік орын алуына Ертайдың әрқашанда үлесі мол болатын. Өзіне ғана тән жұмсақ жымысымен алдынан көлбең ете қалған кірбің қабақты, қатқыл жүзді бір сәтте жұмсарта салатын. Сұлулықтың ең биік сатысы – қарапайымдылықтың шыңына шыққан бірден бір жан болса, ол Ертай шығар. «Әскерде рядовой болғанмын», деп ақ көңілімен ішкі сырын ақтара салған Ерекеңе, кейін біз «рядовой» деген теңеуін еркелетіп теліп жүрсек те, оның ірі істеріне тәнті болатынбыз. Болмыс-бітімінен ылғи да даралықтың формуласы менмұндалап тұрушы еді.

Оқуға түскен алғашқы жылымызда алдымен Ерекең ауызға түсті. Бүкіл студент қауымының көшбасшысы ғана емес, комсомол жетекшісі ретінде Жезқазған қалалық партия комитетінің бюро мүшесі болды. Мұндай дәреже екінші біріне бұйыра бермейтінін білген біз, Ертай үшін марқайып жүрдік. Ал ол болса өзіне тән қарапайымдылығымен өзін үнемі бірқалыпты ұстайтын. Саясат мәселесіне келгенде оны шемішкедей шақты, осы тұрғыдағы небір күрмеуі қиын мәселелердің түйінін шешуге келгенде алдына жан салған жоқ, жалпы жаңалық атаулыға құлағы түрік жүрді. Құдайдың құтты күні газет оқу оның жаңылмас әдеті болатын. Сонда ғой, біз сияқты ашқұрсақ студенттер,

соңғы тиыны қалса да Ертайдың газет сатып алатынына таңғалатынымыз. Шалбарға пышақтың жүзіндей қыр салу мен костюм, көйлектің түсіне қарай ғана галстук тағуды да осы Ерекеңнен үйренген едік. Киімге қыл, жағаға кір жуытпайтын таза жүректі азамат күнделікті өмірде адамгершілік болмысын кірлетпей, қай жерде қызмет жасамасын өзінің адал еңбегімен абыройлы да парасатты ғұмыр кеше білді. Бұл тұрғыда оның отыз жылға жуық уақыт бойы Қазақмыстың ырғақты жұмысын қамтамасыз ету жолындағы сіңірген еңбегі мен Жезқазған өңірінің күре жолдарын қайта жөндеуден өткізіп, «Ертайдың жолдары» деп қабылдауға тұрарлық сапада атқарған жұмыстарын айтқан жөн.

Инабат пен ізгілік, небір абзал қасиеттің бәрі пенде бойына ананың ақ сүтімен, тербелген бесік жырымен даритыны белгілі. Ертайдың бойындағы ізгі қасиеттері бақилық болғанына біршама уақыт өткен анасынан дарыған десек әсте қателеспейміз. Ол кісінің қолынан дәм татып едім. Әңгімешіл адам еді. Кездескен сәттерде: «Барды бағалай біліндер, кісіге жақсылық жасаудан танбаңдар, қолдарыңда тұрғанды бұлдамандар, бұл өмірде сыйластықтан асқан еш нәрсе жоқ», деп үнемі айтып отыратын. Ерекең анасының осы бір сөздерін ту етіп, өмірлік қаһидасына айналдыра біліпті. Ол туысқандықты туыстарының арасынан ғана іздеген жоқ. Өзімен кім үндес болса, соны туыс, бауыр етті. Аллаһ ризық еткен несібесін қашанда өзгелермен бөлісуге дайын тұратын жомарттығын, мұқтаж жандарға қамқорлығын аямай, көмектесуге барын салатын бауырмалдығын ерекше бөліп айтқым келеді. Он жыл бұрын отбасымды Астанаға көшіретін ниетімді ең алғашқылардың бірі болып қуана қолдаған, ақ жол тілеген, қол көмегім деп біршама қаржысын қарсылығыма қарамай қалтама салып берген Ерекең болатын. Екінші бірі көрсете алмайтын мұндай ыстық ықыластан менің сәл-пәл ыңғайсызданып қалғанымды байқаған Ертайдың: «Кенжеке, өткелден өтер шешуші бір тұста сені демеп жібермесек біздің кім болғанымыз. Қазір саған көп қаражат керек екендігі құпия емес, сондықтан Райымбек екеуміз мүмкіндігіміз келгенше ақшалай көмектесейік деген ұйғарымға келдік. Біздің осынау бір көңілімізді қабыл алғайсың», деп ағынан жарылғаны әлі есімде және бұл сәт әсте жадымнан жаңылмасы анық...

Көптің көзі көреген. Адамның ішкі-сыртқы дүниесінде кіршіктей мін болса да, көптің назарынан тыс қалмақ емес. Азаматтың абыройын асырып асқақтататын да, атын ардақтап қадірлейтін де – ел жұрты. Көзі тірісінде өзі көңілінен шыға білген сол көп Ертайды жерлеген күні, оның жетісін бергенде: «Ірі еді, қамқор еді, жайсаң еді, қайырымды еді...» деген сияқты сөздерін айтып жатты. Бұл бір жағынан жүректі елжіретсе, екінші жағынан көңілді марқайтады. Амал не? Бәрі де... еді, едімен аяқталады. Жастайынан еңбекқор, жарына қадірлі, бауырларына қамқор, балаларына мейірбан күйде жүрген есіл ердің ғұмыры осылай келте болады деп ешкім ойламапты. Жазмыштан озмыш жоқ деген осы да. Абай айтқандай, көңілдің жайлауынан ел көшеді, баянсыз дүние көлбеңдеп өте шығады, өлшеулі уақыт қоңырауын қағып тұрып алады.

Бір шүкіршілік етеріміз оның ұрпақтарының өсіп келе жатқаны. Қызы Гүлжан мен ұлы Бауыржанның сүйікті әкелері Ертайдың ардақты атына лайықты ел сыйлайтын азамат болуларына тілектеспін. Ал, Ерекеңнің асыл жары, текті жердің тумасы Жанатқа аяулы азаматының қырқына байланысты күні ертең бергелі отырған құдайы асы қабыл болсын дегім келеді. Қызмет бабымен Вена қаласына іс-сапарға жүріп кеткендіктен Ертайдың рухына арналған дұғаның ішінде бола алмайтыным, әрине, өкінішті-ақ. Дегенмен бұл фәниде жүргенде достықтың өтеуінен жаңыла қоймаспын, сонау Еуропадан сол күні ішімнен құран бағыштаймын. Жаратқан иеміз біздің тілегімізді қабыл алып, марқұмның фәниде атқарған жақсы істерін бақида жанына серік қылып, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын, нұры пейіште шалқысын. Әумин!

Ақпан 2009 жыл

ЖАДЫМДАСЫҢ МӘҢГІ, «АҒА» ДЕГЕН АТПЕН

*Жандар едік,
арман айтқан таңдарға,
Бауырларын сағынбайтын жан бар ма?
Екі ұл кетіп ортамыздан
Көзге тамшы үйірлді,
Дауа бар ма?
Тағдыр басқа салғанға!
Екі ұл кетті ортамыздан,
үлкендер еді ол біздің,
Бауырларын бастан сипап,
ақылдарын айтатын...*

Қазақтың ақын қыздарының бірі Жаңыл Асылбекованың «Алтау едік..» деген өлеңінен келтірілген осы бір шумақтар менің айтайын деген ойымды дөп басып отырғанын көрмейсіз бе. Екі жыл бұрын мәңгілікті мекен қылып кеткен Рақымжан ағайымның соңын ала бере енді міне Рақымбек бауырымды да жер бесікке жөнелткенімізге қырық күнге жуықтады.

Иә, тағдырдың жазуына ешкімнің ықпалы, әсері болмақ емес. Ешкім де оны өзгерте алмайды. Әр пенденің маңдайындағы жазуына сәйкес Жаратқан біреуді ерте біреуді кеш алып кетуде. Бір пенденің жақындарымен қоштасуға мұршасының келмеуі, енді бір пенденің туғандарымен қоштасуға уақытының жетпеуі, біреулердің басында тұрған туысына не болмаса баласына бір ауыз сөз айтуға мүмкіншілігі болмай жүріп кете беруі – бір құдіреттің ісі.

Әйтсе де «Гой өкпесіз, өлім өкінішсіз болмайды» демей ме халқымыз. Сәуірдің ортасына таман Зылиха жеңгемді ертіп үйге арнайы келіп қонып кеткенде, бұл біздің соңғы кездесуіміз екенін білсемші. Сол кезде ғой, оның тұмауратып отырған мені бар жан-тәнімен құшақтап жатып «Сендердің аман есен жүргендеріңді тілеймін. Өзіңмен әдейі кездесіп сырласқалы келдім», деп ағынан жарылатыны. Мен сонда оның дем алысының қалыпты емес екендігін

бажайласам да, қоңырлау қой көзінің ар жағынан мұң секілді әлдене бұлың еткенін аңғарсам да бөтен ойға бармадым. Әдеттегідей, оған еркелей отырып біраз әңгіменің басын қозғап едәуір шер тарқатқан едік. Қарап отырсам, сол кеш біз үшін бір-бірімізбен қоштасу кеші болыпты. Енді міне бар өмірімнің куәсі болған Рақымбек жәйінде өткен шақпен сөйлеуге, аға туралы естелік жазуға мәжбүрмін. Менің мақсатым ағайымды жер-көкке сыйғызбай мақтау емес, оған әділ әрі дәл баға беру. Інілік борышымды адал өтеу.

Рақымбектің мен үшін орны бөлек. Оның қамқорлығын сол бір алаңсыз балалық шағымнан сезініп жүрдім. Мені әке-шешеммен қатар еркелеткен де, еңбекке тәрбиелеген де, адалдыққа баулыған да сол болатын. Әр адам өзінің бала кезіндегі жанына жылылық ұялатқан сәттерін әрдайым жадына ұстайды ғой. Өткен ғасырдың сонау елуінші жылдары үй-ішімізбен «Қызыл әскер» деген жерге көшіп барғанмыз сол кезде үш-төрт жаста болсам да менің әлі есімде. Неге екенін қайдам, осы уақытқа дейін сол елді мекенді көргім келеді де тұрады. Бала қиялымдағы сол бір жердің ну тоғайы әрі айдын көлі осы күнге дейін көңілімде сақтаулы және Рақымбектің мені сонда қыдыртатыны, әсіресе өзі қолдан жасап алған тәшкесіне мені отырғызып алып күнде үйге бөшкемен су тасып әкелетіні көз алдымда. Шынымды айтсам, мен сол бір сәттерді қазір керемет сағынамын. Сонымен қатар, Рақымбектің есейген шағымдағы маған көрсеткен қамқорлықтарын қалай ұмытпақпын?! Бәрін бірдей айтпасам да, мына бір жәйтке назар аударғым келеді. Орайы келіп шамалы уақыт мен онымен бірге байыту фабрикасында жұмыс жасап едім. Сонда, көбінесе менің ауыр жұмысымды өзі атқарып, түнгі ауысым кезіндегі әбден ұйқы қысқан сәттерде ол менің алаңсыз дем алуыма жағдай туғызатын.

Жалпы, Рақымбектің еңбекқорлығы ғажап еді. Жұмысқа 15 жасынан бастап араласқан ол әкеміз Махмұттың нағыз арқа сүйері және ең сенімді көмекшісі бола білді. Еңбек жолын қатардағы құрылысшы болудан бастаған оның Жезді кентінде салмаған ғимараттары некен саяқ шығар. Рас, кейіннен алғаш кірпішінен бастап өзі қалап тұрғызған Жезді кен байыту фабрикасында құрылысшы мамандығын байытушы мамандығына ауыстырып зейнеткерлікке сол жерден шықты. Зеректігінің арқасында өзінің ісінің нағыз шеберіне айналды, өмір жолында тандап алған кәсібінің ең биік шыңын меңгере алды. Оған менің талай көзім жетіп жүрді. Арнайы жоғары білімі болмаса да кен байыту саласының небір қыр-сырлары төңірегінде айтқан уәждері білікті мамандардың өздерін тәнті еткенінің куәсімін. Кеңес үкіметі тұсында екінің бірінің қолы жете бермейтін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталуының өзі көп жәйді аңғартса керек.

Өз мамандығына адал, туған өлкесіне жанашыр азамат ретінде ол еш нәрсеге де бейтарап қала алмайтын. Содан болар, Жездінің қиуы кеткен әне бір жылдары Рақымбектің маған: «Кенжеболат, кезінде өзім салған үйлердің құлап жатқанын, әсіресе, сендер оқыған мектептің қирап қалғанын көргенде жүрегімнің әрбір тамырының жұлынып бара жатқанындай әсерде боламын», деп налушы еді. Сөйте тұра Рахаң әлдекімдер сияқты ой-санасын көзсіз ашу-кекке жеңдірмей, қазіргі қоғамның болмысына сабыр-парасатпен қарап, ақ пен қараны пайымдылықпен ажыратып отыратын және әр жағдайда кездесіп

қалатын өмір түйткілдеріне, заман қайшылықтарына, не бір келеңсіздіктерге кеңшілік танытып, сабырмен шешу жолдарын мегзейтін. Әрине, пенде болғаннан кейін әр адамның осал тұстары болуы заңды. Рахаң да кемшіліксіз болмаған шығар, біреулерді өкпелетуі де мүмкін. Дегенмен, оның жақсы қасиеттерінің басым болғандығына еш күмәнім жоқ. Білетінім, қай кезде де қолынан келсе адамдардан жақсылығын аяған емес. Мәселен, ол әккі тас әрі пеш қалаушы ретінде біреулерге үйін салуға, не пешін тұрғызуға көмектессе, енді біреулерге ағаш ұстасы бола жүріп небір әсем жиһаздарын жасап беретін. Өзінің білгенін өзгеге үйретуден ешқашан жалыққан емес. Айталық, менімен тетелес Нескен кезінде Рақымбектің жанында жүріп үйренгендерінің арқасында бүгіндері көп шаруасын ешкімнің көмегінсіз бір өзі атқара береді. Ал мен болсам, Рақымбектің ісмерлігін бойыма жинамасам да, оның қолына алған қандай да бір істі болмасын тыңғылықты атқаратын әдетін, барға қанағат ете білетін қарапайым қасиетін әлі күнге өзіме үлгі етіп келемін.

Сөз жоқ, Рахаң бойындағы осы бір дүниелердің балаларына жұғысты болғанын қалады. Ол түсінікті де. Әр адам өз балаларының басқан қадамына үмітпен қарап, өзі шықпаған биіктерге солар шықса екен деп тілейді ғой. Рақымбек те балаларының ертеңі не болады деп қатты алаңдайтын. Олардың үлкен азамат болуларын армандайтын, солардың жолында ештеңеден аянған жоқ. Шүкіршілік деп айтуға болар, ұлдары мен қыздарының жетілгенін көріп кетті. Ендігі жерде балалары да әкесінің сенімін ақтар деп ойлаймын.

Иә, «Орнында бар оңалар» дейміз, ағамыздың орны толмас қазасына қайғырсақ та. Сөйтіп өзімізді өзіміз жұбатамыз. Ағайын-туыстардың, дос-жарандардың «Рақымбектің ғұмыры – ұлағатты ғұмыр, ол өмірден әдемі кетті» дегенін көңілге медеу тұтамыз. Еврей халқының «Жеңіл өмір берме, жеңіл өлім бер» деген сөзін еске алып, «өзін де қинамай, жанындағыларға да ауыртпашылық салмай өмірден өтуді Жаратқанның ең сүйікті пенделеріне ғана бұйыртатынын» тілге тиек ете отырып, Рахаңның қарапайым ғана қоңыр тірлігінде қаншама ұлағаттылық жатқанын сезінеміз және оған тәубе дейміз. Сөйтіп, қанша жерден аһ ұрсаң да, енді оны қайтып көре алмайтынымызды амалсыз мойындауға мәжбүрміз. Осындай ойлардың жетегінде тұрып, ақтық сапарға шығарып салар кезде:

Жан аға, кеттің алысқа,
Келер ау деген үміт жоқ.
Өйткені сол бір сапардан,
Оралған әлі бірі жоқ.
Жатқандай терең ұйқыда,
Сұп-суық денең, демің жоқ.
Оятар едім қайтейін,

Оянған одан бірі жоқ... деп іштей қоштастым. Ол мәңгілік ұйқыға кетті. Оятуға лаж жоқ. Ендігі жерде мен Жаратқаннан, жақсылық арқалап жүріп, алғысқа бөленген азаматтың игі істерін сауапқа жазып, иманын саламат етіп, нұрын пейіште шалқыта көр деп тілеймін.

БЕСІНШІ БӨЛІМ

ӘРІПТЕСТЕР ПІКІР БӨЛІСЕДІ

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫН БАЙЫПТАҒАН

Сүлеймен МӘМЕТ, "Егемен Қазақстан".

"Елорда", "Өлке" баспаларынан әріптесіміз Кенжеболат Жолдыбайдың "Қазақстан-2030: болашақтың бағдаршамы", "Время жить и творить" атты екі кітабы жарық көрді. Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр кітап авторы туралы да аз-кем дерек бере кеткеніміз жөн секілді. Кенжеболат Жолдыбай — ұзақ жылдардан бері қазақ баспасөзіне елеулі еңбек сіңіріп келе жатқан қаламгер. Ол ширек ғасыр бойы идеология саласында, атап айтқанда, Мәдениет және ақпарат министрлігінде БАҚ басқармасының бастығы, "Казахстанская правда" газеті бас редакторының орынбасары, "Қазақстан" телерадиокорпорациясы" АҚ басқармасы төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін абыройлы атқарса, қазір "ҚазАқпарат" Ұлттық компаниясының вице-президенті.

Қаламгердің Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуелсіз Отанымыздың 2030 жылға дейінгі Стратегиялық бағдарламасын ұшқыр жанр аясында үзбей жазып келе жатқаны көптің есінде болу керек. Сол құжатқа биыл 10 жыл толып отыр. Мұның алдында ол "Бұл жылдардың мен де бір куәсі", "Мұратымыз: жер, ниет, ар тазалығы" атты кітаптарын жариялаған еді.

Қолымыздағы екі жинақта да адамзат тарихында қасқағым сәттей болып көрінетін уақыт ішінде Елбасы бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстар әр қырынан баяндалады. Бірінші тарау "Қазақстан-2030": даму стратегиясының өтпелі кезең өткелдері" деп аталса, екінші тарау "Рухани кемелдену: Уақыт. Сана, қоғам", Ал үшінші тарау "Өткен күндер бедерлері: естеліктер, лебіздер, пікірлер" деп аталады.

"Алдында не күтіп тұр, соны ойла. Игі мақсатқа тура жүрген жетеді" деген Фирдоуси сөзімен ашылған бірінші тарауда еліміздің кеңестік дәуір күйреп, төрткүл дүние қазақ жұртын тани бастаған тұстағы тірлік-тынысымыз әңгіме арқауына айналып, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев аласапыран кезеңде алға қойған міндеттер сараланады. Қазақ тәуелсіздігін алғанмен, ондай ел барын көп біле қоймайтын шетелдіктер алғашқы кезде инвестиция құйып, іс бастауға ұмтыла қоймағаны, бірақ қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаев "Ұйқыдағы ару" деп атаған Каспийдің шығыс жағалауын игеру кезіндегі Президенттің жіті қимылдары, Ресей

серкелерімен, төрткүл дүниеге аты мәлім "Шеврон", "Бритиш газ", "Аджип", "Тексако", "Лукойл" тәрізді ірі компаниялармен теңіз жобасын игеру жөнінде келіссөздер жүргізіп, миллиондаған қаржыны тарту жайы кітапта әдемі көрсетілген. Сол секілді қоғамның алтын арқауы, мықты дінгегі адам десек, елімізді мекендеген ұлт пен ұлыстың жағдайын жақсарту жөніндегі атқарылған игі істер, жекешелендіру кезіндегі қадамдар да назардан тыс қалмаған. Осындай қимыл-қарекеттердің арқасында халықтың ертеңіне деген сенімі оянғанын да нақты дәлел-дәйектермен жазған.

Тек қана бүгінді жазып қоймай, оны өткен тарихымызбен, сан қырлы шежірелерімізбен бай өлкеміздің мол қазынасымен ұштастыра келіп, кеңес дәуірінде қалай игерілгені, қазақтың еншісіне не тиіп, неден құр қалғанымызды екшей жазғанда, көп нәрсе көз алдыңнан өтеді. Қоғам дамуына үлес қосқан айтулы азаматтардың еңбектерін де елеусіз қалдырмайды. Ұлттық мүдде, тіліміз бен дініміз, діліміз сараланып, жас ұрпақты осы құндылықтарға тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді санасына сіңіру туралы ой толғамдары көп нәрседен хабар береді. Заңдастырылмаған ақшаны жария етуге байланысты Елбасы саясаты да, Қазақстан халқы Ассамблеясының сындарлы жұмысы туралы да жан-жақты әңгіме қозғайды. Бұлармен қатар ел тарихындағы, әсіресе "Ақтабан шұбырындының" кезінен, кеңес заманындағы ашаршылыққа ұрынған қазақтың ауыр тағдырынан, одан кейінгі ұлт зиялыларын репрессияға ұшыратқан зұлмат жылдардан мысалдар келтіре отырып, ондай қасіреттен ендігі жерде ұлтымызды сақтаудың басты кепілі береке, бірлік, шынайы достық болуы керектігін тілге тиек етеді. Әсіресе, сол өткен ғасырдың 30-жылдарындағы ұлтымыздың ұлы тұлғалары Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтардың артында қалдырған мұраларынан алар тағылымның аз емес екенін мақалаларға желі етіп алып, ол Мемлекет басшысының бастамасымен қазір жүзеге асып, қыруар құндылықтарымыздың, рухани байлықтарымыздың жаңғыруына мүмкіндік берген "Мәдени мұра" бағдарламасына ұштасады.

Қазақ тілі мен орыс тілін тең меңгерген автордың екі кітабының қай-қайсысын парақтасаң да, Елбасының "Қазақстан-2030" Стратегиясының әр тарау, тармағы бойынша атқарылған істер мен алда тұрған міндеттерді публицистика жанрында әдемі жеткізгеніне тәнті боласың.

Қыркүйек 2007 жыл

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРШАМЫН ЖЫРЛАҒАН

Салтанат ӨТЕУҒАЛИЕВА, «Ана тілі»

Биыл Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық дамуының жария етілгеніне 10 жыл. Осыдан он жыл бұрынғы Қазақстанды еліміздің қазіргі келбетімен салыстыра алмайтынымыз шындық. 90-жылдардағы «тар жол, тайғақ кешулердің» әсерімен «Қазақстан-2030» бағдарламасында айтылған бағыттарды мүлдем жүзеге асуы мүмкін емес

нәрседей қабылдадық. Ұлттық экономика дағдарысқа ұшыраған, жаппай жұмыссыздық жайлаған, басқасын айтпағанда күнделікті ішіп-жем табу басты проблемаға айналған заманда бұл Даму Стратегиясына күмәнмен қарау заңды еді.

Дей тұрсақ та, тарих үшін қас-қағым, ал еліміз үшін маңыздылығы ғасырларға тең он жыл ішінде стратегиялық дамуымызды айқындап берген осы басты құжаттың негізгі бағыттары біртіндеп және өз ретімен жүзеге асып келеді. Бұл жөнінде Елбасы Н.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деген биылғы Жолдауында: «... Біз ішкі тұрақтылыққа, дамудың әлеуметтік іргесінің беріктігіне қол жеткізіп, өңірдегі ең еңселі экономиканы сомдадық. Қазақстан халықаралық қоғамдастықтың өңірдегі геосаяси тұрақтылық пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді мүлтіксіз атқаратын толық құқылы әрі жауапты мүшесінің тұғырына көтерілді.

Біз үшінші деңгейлі мемлекеттердің қалпында қалғанымыз жоқ. Өткен жыл ішіндегі жұмысымыздың ең басты нәтижесі де, міне, осы» деп атап көрсетті.

Сөйтіп, еліміз дамуының басты бағдаршамы «Қазақстан-2030» бағдарламасының он жылы да тарих беттеріне айналды. Осы он жылдың соқтықпалы, соқпақты, күрмеулі де күрделі кезеңдері жөнінде болашақ ұрпақ та, мына біздің өзіміз де тасқа басылған дереккөздерден ғана біле аламыз. Қолымызға жаңа тиген тың дүние — публицист-қаламгер Кенжеболат Жолдыбайдың «Қазақстан — 2030: болашақтың бағдаршамы» атты кітабы осы мақсат биігінен табылатын туынды. Ең алдымен, кітап авторы жөнінде бірер сөз — К. Жолдыбай ширек ғасыр бойы идеология саласында түрлі қызмет сатыларынан өткен. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. «Құрмет» орденінің иегері. «Бұл жылдардың мен де бір куәсі». «Мұратымыз: жер, ниет, ар тазалығы», «Время жить и творить» кітаптарының авторы.

Автордың жаңа кітабында біз айтқан он жыл ішінде ел өмірінде орын алған өзгерістер қамтылады. Үш тараудан тұратын жаңа басылым автордың қаламынан туған жарияланымдарды, оның соңғы он жыл ішінде әртүрлі басылымдарға берген сұхбат-әңгімелері, сондай-ақ, автор жөніндегі өзге қаламгерлердің мақалаларының басын біріктірген.

Алғашқы тарау «Қазақстан — 2030»: даму сатысының өтпелі кезең өткелдері» деп аталып, он бес шақты мақалаға орын берген. Басты тарауды ашқан «Мұратына жүрген жетеді» мақаласы еліміздің басты экономикалық тұтқасы — мұнай-газ саласының тәуелсіздік жылдарында қалай қайта құрылып, қалай аяққа тұрғанын сөз етеді. «...Ал енді осы байлықты зор ұқыптылықпен ұқсатуды көздейтін ұзақ мерзімге шақталып жасалынған мемлекеттің және оның әрбір азаматының өмір сүру кестесі іспетті бағдарламаның / «Қазақстан — 2030» бағдарламасы / жөні бөлек дер едім» дейді автор. Сол сияқты осы тарауда орын алған «Қоғам адам үшін өмір сүруі тиіс», «Ел ертеңіне сенімді», «Көне де мәңгі жас Қарқаралы», «Ұлттық мүддеден ұтарымыз анық» т.б. жарияланымдар кітап авторының осы дүниесін оқырмандар қолына ұсынғанда айтайын деген ой-толғамдарының негізгі жүгін көтерісіп тұр. Шебер қаламгер ғана емес, түрлі мемлекеттік

қызмет сатыларынан өтіп, қоғам дамуының қыртыс-қыртысын терең меңгерген тәжірибелі маман-қызметкер ретіндегі ұстаным-білігі, көзқараспайымы әр мақаладан анық көрінеді. Қалам тербеген әр тақырыбының талмаулы тұсын дөп басып, қаламгерлігі өз алдына, қайраткерлік биіктен ой айта білуі төнті етеді.

Тәуелсіздік, қоғам, отандық экономика, мемлекеттік тіл мәселесі, тарихтағы ақтандақтар, Желтоқсан оқиғасының салдарлары, оралмандар, бұқаралық ақпарат құралдары саласы туралы, тағы көптеген тақырыптарды қаузаған дүниелер бітеқайнаса келе, шынында да еліміздің соңғы он жыл ішіндегі даму шежіресінен сыр шертетіндей.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының бірінші орынбасары Т.Мамашев, философ-ғалым М.Бұлұтай сияқты қоғамда өз орны бар белгілі адамдармен құрған сыр-сұхбаттары да К.Жолдыбайдың қаламгерлік қырын аша түсуімен қатар, қоғамдағы кез келген өзекті мәселе төңірегінде кез келген мінбеде парықты-парасатты ой-пікір таластыра алатын тұлғасын танытып тұр. Өзі алған сұхбаттар ғана емес, мемлекеттік қызметкер ретінде тілшілерге өзі берген сұхбаттарға да осы кітаптан орын табылып, олары автордың да, жалпы кітаптың да табиғатын ашуға атсалысады.

Осы сұхбаттармен ашылған «Өткен күндер бедерлері: естеліктер, лебіздер, пікірлер» деп аталған III тарауға автор: «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» деп келетін халық даналығын эпиграф етіп алыпты. Яғни, «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында айтылған: «Ал мен айтар едім, «Қазақстан — 2030» стратегиясының қуаты да осындай аса күрделі жағдайда келешекке сеніммен көз тігуінде жатыр еді деп. Міне, бұл сенімнің қашанда алға жетелейтінінің айқын бір айғағы» деген сөздерінен халық даналығына, ел басшыларының саясаты мен мемлекет болашағына деген сенімнің күші байқалады.

Кітаптың қорытынды бөлімінде О.Сүлейменовтің «Қанша албандар болған?», «Жібек іздері» мақалаларының автор жасаған аудармалары берілген. «Жібек жолы» топтамасы бойынша дайындалған бұл мақалалар ғасырлар қойнауында жатқан тылсым дүниелерден сыр шерте келе тың мәліметтерімен баршамызды тәнті етті, — дейді К.Жолдыбай. — ...Еліміз әлемдік экономиканың бөлінбес бөлігіне айналып, жаһандық бәсекелестік арнасына еркін кірген тұста ұлттық экономиканы қалыптастырудың жаңа идеологиясы құрылуы қажет. Былайша айтқанда, нарық пен рухани дүниенің үндестігі толық қамтамасыз етілгені жөн. Бұл ретте қайта жаңғыратын Жібек Жолының Еуразия тарихындағы түнек тұстарын ашудың маңызы зор...» Автордың айтпағы біздің көкейден де шығады: өркениет дамыған тұста технологиялар жетістігі руханият мәселелерін басып-жаншып тастамауы тиіс. Айырмашылығы аспан мен жердей қоғамның екі саласы бірін-бірі толықтырып, қатар өрілгенде ғана ата-баба армандаған толық тәуелсіздікке қол жеткізуге болады.

Қазан 2007 жыл

БОЙҒА СЕҢІМ ҰЯЛАТҚАН

Нұрперзент ДОМБАЙ, «Мысты өңір»

Қайраткер азамат, публицист Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙДЫҢ биылғы жылы «Елорда» баспасынан жарық көрген «Қазақстан - 2030: болашақтың бағдаршамы» атты кітабы қолымызға тиді. Өз басыма кітап авторы да, және осы туындының тақырыбы да жақсы таныс. Кенжекең көп жылдар бұрынғы Жезқазған облысының идеология, адамдарға тәрбие беру саласында еңбек етті.

Әсіресе, оның облыстық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүргендегі белсенді қимыл-қаракеттері, тындырған жұмыстары есте қалыпты. Облыстағы аталған қоғамның ұйытқы болуымен «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және дамыту жолдары» тақырыбында республикалық деңгейде ғылыми-тәжірибелік конференция, «Ұлттық ұран Ұлытаудан тасталады» атты тележаңғырық, ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойын атап өту шеңберінде «Семей - Жидебай» жаяу жорығы ұйымдастырылғаны бар. Міне, осы тәлім-тағлымы мол іс-шаралардың басы-қасында Кенжеболаттың өзі жүрді. Бұл енді ұлтжанды азаматтың көпшілікті сүйсіндірген игі істерінің бір парасы ғана.

Ал, кітап тақырыбының көкірек көзі ояу кім-кімге де таңсық еместігі ешқандай жасырын емес. Тәуелсіздік алғанына он бес жыл ғана болған Қазақ елі осы маңызды құжатты — «Қазақстан — 2030» бағдарламасын басшылыққа алып, нысана етіп өмір сүріп келеді. Қандай да өркениетті, дамуды, өсуді көздеген ел алдына жарқын арман-мақсаттар, биік мұраттар қоятыны кәдік. Жоспар-жобалар белгілейді. Қазақстан да өссем, өркендесем, гүлденсем, көркейсем деп отырған мемлекеттердің бірі. Сол өркениетке, сол қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған ғажайып заманға қалай жетуге болады? Сол жол, сол соқпақ осы «Қазақстан — 2030» атты салмақты да салиқалы бағдарламада соқырға таяқ ұстатқандай көрсетілген.

Өзі қандай да тақырыпты көтеру үшін әлгі тәуекел деп қолға алған мәселенің жөн-жобасын, қыр-сырларын жеткілікті білуің қажет. Онсыз тақырып ашылмайды, жазғаның оқырманға әсер етпейді. Көңілге жылылық ұялататыны Кенжеболат Махмұтұлының тілге тиек етілген стратегиялық бағдарламаның мән-маңызынан жан-жақты хабардарлығы. Кәне, енді автордың өз сөзіне құлақ түрелік: «Болашақ дегенде, ауызға бірінші кезекте Қазақстанның — 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы түсетіні де сөзсіз. Қас қарая қараңғылық тұмшалап, дүкен сөрелері жылан жалағандай бос қалып, ел ертеңін көзге елестетудің өзі қиынға түскен шақта осындай өршіл де батыл бағдарламаға сенімсіздікпен қарап, оны қиял-ғажайып ертегіге балағандар да табылған еді. Ал, мен айтар едім, «Қазақстан — 2030» стратегиясының қуаты да осындай аса күрделі жағдайда келешекке сеніммен көз тігуінде жатыр еді деп». Автор мұндай неге тұжырымға келіп отыр. Мұның да себебі жоқ емес. Қазіргі таңда «ҚазАқпарат» ұлттық компаниясының вице-президенті болып істейтін, оның алдында «Қазақстан» телерадиокорпорациясы АҚ-да,

«Казахстанская правда» газетінде, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде басшы қызметтер атқарған К.Жолдыбай бұл мәртебелі орындарға көктен ұшып келіп жайғасқан жоқ. Өңірден, жергілікті жерден, қалың көпшіліктің ортасынан суырылып келді. Оған бүгінгі күннің проблемалары, бүгінгі қол жеткізіп отырған жетістіктердің қалай «жалынан» ұстатып отырғаны етене таныс. Кенжеболат кітапта Ұлытау ауданында әкімнің орынбасары қызметін атқарып жүрген бір кезеңдерді еске алыпты. Әкімнің идеология жөніндегі орынбасары жылу қазандығының проблемасымен айналысады. Көзге таныс көрініс. Мектепте қазандық істен шыға береді, мазут жетіспейді. Қаражат та тапшы. Мұның осы жүрісін түсінбеген облыс басшыларының бірі қабағын шытып былай демей ме: «Оның қазандықтың төңірегінде жүргені несі, ол қандай идеология». Бұған Кенжекең саса қоймапты: «Ұлытаудың ғана емес, бүкіл еліміздің идеологиясы қазір қазандықта тұр. Қазандық қалыпты жұмыс істесе балабақша, мектеп, аурухана жылы болады, мекемелер мен тұрғын үйлердің ажары кіреді. Әйтпесе, көпшілік көшеге шығады, әңгіме көбейеді, жалпы, келеңсіз жағдайлар туындайды» деп жауап беріпті.

Кітап үш тараудан тұрады. Олар: «Қазақстан — 2030» даму сатысының өтпелі кезең өткелдері», «Рухани кемелдену: уақыт, сана, қоғам», «Өткен күндер бедерлері». Әр тараудағы тақырыптар да назар аударарлық. Мәселен, бір тақырып «Мұратына жүрген жетеді» деп аталады. Егер көпшіліктің есінде болса, «Қазақстан — 2030» бағдарламасы дәл осы сөйлеммен аяқталады. Автор бұл дүниесінде осы сөйлемнің жәй-жапсарын аша түскендей. Сөз арасында Сервантестің «Байлық — байлыққа ие болуда емес, оны ұқсата білуде» деген көңіл бөлерлік тұжырымын келтіруі де орынды. Автордың айтуынша Нигерия, Мексика, Венесуэла, Тринидад, Табаго секілді мемлекеттер өздерінің қазба байлықтарын жөнді игере алмағандықтан Құдай берген дәулеттің қызығын көре алмаған. Сондықтан да кітаптағы «Бүгіннің өзінде әлемде шикізат көздері жетіспей жатқаны белгілі. Ал, осындай жағдайда тек өзінің ішкі мүмкіндігін ұтымды пайдалана білген елдердің ғана жарқын болашағы бар» деген пікірімен, сөз жоқ, келісуге болады.

Ел даму үшін тек қана бір саланы жетілдіру аздық етеді. Қоғам сан-салалы. Сол себепті, қай салада да ілгері басушылықтың, жетістіктердің болғаны жақсы. Осыны кітап авторы түсіне білген. Ол экономикамен қатар, саясатқа, мәдениетке, экологияға, қорғанысқа катысты көзқарасын білдіреді. «Қоғам адам үшін өмір сүруі тиіс», «Ізденіс әркімнің өзінен басталады», «Сақтансақ, алауыздықтан сақтанайық», «Елім деп еміренер ерлер бар ма?», «Өміршең мәдениет өркениетті елдің көшін бастайды» деген тақырыптардың өзі көп жәйттен хабар берері анық.

Біздің қоғамның қазіргі үлкен кемшілігі — ұлттық мүддені назардан тыс қалдырып отырғандығы. Мұның аяғы жақсылыққа апармайды. Ұлтжанды Кенжекең осыған алаңдаушылық танытады. Бұған дәлел: дінге, тілге, көші-қон ісіне катысты ой-толғамдары.

Кітап парақтарын ақтарғанда туған еліміздің дұрыс бағытта, дұрыс жолда жүріп келе жатқанын аңғарасың. Бұл жөнінде кітап авторының өзі де: «Менің ойым айтады — біздің бүгінгі бағытымыз дұрыс. Осы тұрғыдан

қарағанда, қоғамның даму заңдылығы негізінен осы жолдан ауытқымағаны ұтымды әрі тиімді. Егер қазіргі істерімізді тұтастай ауқымда алып, ілгері жылжыта беретін болсақ, Қазақ елін, біздерді жарқын болашақ күтіп тұр деп ойлаймын». Айтқаныңыз келгей! — дейміз. Елдің өркендегені — Қазақстанның әрбір азаматы үшін ырыс-береке!

Қараша 2007 жыл

ДЕРЕКТІ ДҮНИЕ

Нұрлан ҚАЛҚА, журналист

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, публицист қаламгер Кенжеболат Жолдыбайдың жақында «Қазақстан - 2030: болашақтың бағдарламасы» атты кітабы «Елорда» баспасынан (Кітаптың шығуына жауапты баспа директоры - Т.Дуанбек, редакторы белгілі жазушы Т.Мәмесеіт) жарық көрді.

Кітаптың аты айтып тұрғандай-ақ, бұл жинақта Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тікелей бастамасымен қолға алынып, өзінің іске аса бастағанына 10 жыл толған тарихында күллі әлемдегі саясаткерлер мен мемлекет басшыларын тәнті етіп, тәуелсіз еліміздің ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасына айналған Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық дамуының жай-күйі, жүзеге асырылу барысы және келешектегі жемісті жалғасы туралы нақты деректер дәйектеледі.

Автор негізінен бұл жинағына өзі көзбен көріп, көңілге түйген сан салалы оқиғаларды арқау ете отырып, кезінде мерзімді баспасөзде жарияланған мақалаларын енгізіпті. Сонымен қатар, өзінің аудармалары мен өзі жайлы жазылып, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған естеліктерді де енгізген.

Қаламгердің кітабын ашып, парақтаған сайын менің көңілім тарихи жәдігерге ауа берді. Атап айтқанда, «Азапты жылдар жаңғырығы» деп аталатын материалда автор «мың өліп, мың тірілген қазақ» басынан өткен ашаршылық зардабы жайлы сарғайған тарих деректеріне сүйене отырып, сыр толғайды. Мерзімді баспасөз арқылы елге есімі аян, белгілі әдебиетші Мекемтас Мырзахметовтің бала кезінде басынан кешкен оқиғаны тебіренбей оқу мүмкін емес. Бұл тарих қалтарысында қалған бір ғана дерек. Бірақ, бұл сол заманда, сол бір аумалы-төкпелі кезеңде әр қазақ отбасына, әр қазаққа тән қасірет еді. Мекемтас аға айтқандай, ғазиз анасы қолындағы шырылдаған қос сәбиімен қалың қорқаудың қоршауында қалып қояды. Олар ауылдан ұзап та кеткен еді. Қол ұшын созар пенде жоқ. Аш құрсақ қасқырлар қарсы алдынан шыға келген адамдарға шабуыл жасай бастаған. «Шешем айғайлап, жұртты көмекке шақырған, бірақ жақын маңда ешкім болмапты», - деп анасының айтқан әңгімесін бүгінгі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі болып отырған ғалым ағамыз Мекемтас Мырзахметов былайша өрбітеді. - Қасқырлар жайлап жақындап, қамаламаққа көшеді. Шешем қатты қысылады - не қасқырлар бәрімізді

паршалап тастайды, не ол балалардың бірін қалдырып, екіншісімен қашып құтылуға әрекеттенуге тиіс. Қызын жерге қойыпты да, мені көтеріп кері қашыпты. Ауылдан адамдар ертіп, жаңағы жерге келсе, қарындасымнан ештеңе де қалмапты. Жанбай жатып сөнген сол қарындасыма мен өмір бойы қарыздармын».

Осы бір сөйлем жолдарын оқып отырып, жаным егіліп, жанарым жасаурай берді. Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов мәңгілікке бейнелеп кеткен ҚАҺАРМАН АНА ғой - ол, бір топ қорқаумен жалғыз алысқан! Мұндай анаға ескерткіш орнатсақ та артықтық етпес еді-ау! Қазақ әйелінің жаужүрек ерлігін аспандата көтеріп, небір драмалық шығарма. небір ұлы туынды жазатын оқиға ғой бұл! Асыл АНАҒА мың мәрте тағзым!..

Публицист К.Жолдыбайдың бұл кітабында осындай сананы сілкіндіріп, рухты көтеріп, ұлтты асқақтата түсетін оқиғалы да дерекке мол материалдар жеткілікті. Ол материалдар «Рухани кемелдену: Уақыт. Сана. Қоғам» деп аталған тарауға жинақталған. Сондай-ақ, осы тарауға енгізілген «Өміршең мәдениет өркениетті елдің көшін бастайды» деген тақырыппен берілген материалда белгілі қоғам қайраткері (марқұм) К.Смайылов, көрнекті ақынымыз С.Иманасов, ҚазМҰУ-дың проректоры, профессор Н.Омашев, белгілі қаламгер, публицист Ж.Кенжалин, белгілі журналист-қаламгер, Алматы облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Ж.Нұрғожаев, т. б. қазақ мәдениеті мен қазақ баспасөз тақырыбында ой толғап, келелі әңгіме қозғаса, белгілі дінтанушы, философ-ғалым М.Бұлұтаймен әңгіме «Ең бастысы - әркімнің санасын ояту», Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Т.Мамашевтің көкейкесті түйін-пікірлері «Қазақтың бір-біріне қарасатын кезі келді» деген материалға арқау болған.

Ал енді «Қазақстан - 2030: Даму сатысының өтпелі кезең өткелдері» деп аталатын тарауда еліміздің ең басты стратегиялық бағдарламасын іске асыруға қатысты материалдар топтастырылған. Осы орайда, публицистің кітаптың кіріспесінде жазғанындай, «Бүгінгі күні Қазақстанның стратегиялық дамуын айқындап берген басты құжаттың негізгі бағыттары біртіндеп және өз ретімен жүзеге асып келеді. Қазірдің өзінде оң нәтижелерге қол жеткізілуде. Бұл жөнінде Елбасы Н.Назарбаев 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында былайша атап көрсетті: «...Қазақстан нарық экономикасы теоремасы мен демократиялық даму ақиқаттарының тар жол, тайғақ кешулерінен тайсалмай өтіп, алған бетінен таймай алға басты». Биыл Қазақстан - 2030 даму стратегиясының 10 жылдығын атап өтуіміз осы сөздердің шын мәнінде өміршеңдігін танытса керек. Ендеше, бұл тараудағы «Мұратына жүрген жетеді», «Қоғам адам үшін өмір сүруі тиіс», «Ұлттық мүддеден ұтарымыз анық», «Үкімет рақымшылықты еріккеннен жасап отырған жоқ» деген тақырыптармен берілген мақалалар оқырман қауым үшін әлі де болса маңызды.

«Өткен күндер бедерлері: естеліктер, лебіздер, пікірлер» атты тарауға енген материалдардан кітап авторы Кенжеболат Махмұтұлының қаламды серік еткен қаламгер, жаңалыққа жаны құштар журналист ретіндегі бейнесі,

мемлекеттік қызметтегі жетістіктері мен атқарған іс-шаралары және адами келбет-кескіні, ғұмырнамасы хақында мағлұмат ала аласыз.

Көрнекті қоғам қайраткері, ақиық ақынымыз Олжас Сүлейменовтің «Қанша албандар болған?», «Жібек іздері» атты соқталы дүниелері КЖолдыбайдың қызметтес әріптесі Гүлбадан Салқұловамен бірлесіп, орыс тілінен аударуымен берілген.

К.Жолдыбайдың аталмыш кітабы көпшілік оқырман көңілінен шығарлық тұшымды жинақ деуімізге әбден болады.

Желтоқсан 2007 жыл

КЕҢІСТІККЕ ТАРАТЫЛАТЫН АҚПАРАТ ШЫНАЙЫ БОЛУЫ ТИІС

Маусымның 29-30-ында Астанада Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері Ақпараттық кеңесінің ІХ отырысы өтеді. Осы алқалы жиында қаралатын мәселелерге орай «ҚазАқпарат» Ұлттық компаниясының вице-президенті Кенжеболат Жолдыбай "Егемен Қазақстан" газетінің тілшісіне сұхбат берген еді.

Кенжеболат Махмұтұлы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттік ақпарат агенттіктері жетекшілері кеңесінің кезекті отырысы елордамызда өткелі отыр. Алдымен кеңестің басты міндеттеріне тоқталсаңыз.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, бүгінде ақпараттық әріптестікті нығайтуда ұлттық ақпарат агенттіктері арасында өзара ынтымақтастықты дамытудың маңызы ерекше зор. Алдағы кезеңдерде де солай бола бермек. Өйткені, әлемдік қоғамдастық шынайы, нақпа-нақ берілген ақпараттар арқылы елдерде болып жатқан тың өзгерістерден, саяси-әлеуметтік және экономикалық жетістіктерден құлағдар болып отырады. Тығыз әріптестік, өзара ынтымақтастық орната білудің нәтижесінде қызметтерін табысты жалғастырып, халықаралық деңгейге көтерілген ақпараттық бірлестіктер де бар. Мысалы, Азия және Тынық мұхит елдері ақпараттық агенттіктерінің ұйымын, сондай-ақ Еуропалық баспа агенттіктерінің альянсін атауға болады. Ал ТМД ақпарат агенттіктерінің кеңесіне келсек, ТМД үкіметтері басшылары кеңесінің 2003 жылдың 13 қыркүйегіндегі отырысында Достастыққа қатысушы мемлекеттердің ұлттық ақпарат агенттіктері арасында материалдар алмасу, төтенше және техногендік жағдайларда, сондай-ақ төтенше жағдайлардың салдарын жою және зардап шеккендерге көмек көрсетуге байланысты ақпараттар алмасу туралы келісімдерге қол қойылған болатын. Міне, осы құжаттарда нақтыланған мәселелерді орындау мақсатында 2003 жылғы 23 қыркүйекте ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұлттық ақпарат агенттіктерінің қауымдастығы құрылған еді. "Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы"

акционерлік қоғамы бүгінде осы қауымдастықтың белсенді мүшесі болып табылады.

Ал кеңестің негізгі мақсаты мен міндеті - ТМД-ға мүше мемлекеттердегі ұлттық ақпарат агенттіктерінің мүмкіндіктерін барынша пайдалануларына ықпал ету арқылы олардың өзара тиімді ақпараттар мен материалдар алмасуларына және Достастыққа қатысушы елдердің саяси-экономикалық өміріне қатысты ақпараттарды жедел таратуларына қолайлы жағдайлар туғызу. Сонымен қатар, ақпараттық қызмет мәселелері бойынша консультациялар өткізіп, кәсіби тұрғыда тәжірибелер алмасуды ұйымдастыру және ақпарат саласындағы ынтымақтастық мәселелері жөніндегі қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша ұсынымдар әзірлеу, ақпарат алмасуды құқықтық-нормативтік жағынан реттеуге ұсынымдар дайындау. Кеңестің негізгі міндеттеріне осы мәселелер жатады.

Ұлттық ақпарат агенттіктері қауымдастығының құрылғанына бес жылдай уақыт өткен екен. Қауымдастық осы аралықта қандай іс-шараларды өткізуге ұйытқы болды?

Ақпараттық кеңеске мүше ұлттық ақпарат агенттіктері басшыларының қатысуымен өткен отырыстар барысында кеңестің жұмыс істеуіне негіз болатын бірқатар құжаттар дайындалды және талқыланды. Мысалы, Ақпараттық кеңестікті қалыптастыру тұжырымдамасы және құжаттар дайындау мен іс-шараларды өткізуге қатысты перспективалық жоспар дайындалып, бірлескен ақпараттық өнімдерді қалыптастыруда ақпараттар алмасу тәртібі бекітілді. Сондай-ақ, ақпараттар алмасуды ұйымдастырудың бірқатар ұйымдық және технологиялық мәселелері шешімін тапты. Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерекесіне байланысты теледидар және радиотарату саласы жөнінде шешім қабылданған еді. Осыған орай соғыс жылдарындағы фотосуреттердің көрмесі ұйымдастырылып, оны көпшілік тамашалады. Бұдан бөлек соңғы жылдары "ИТАР-ТАСС" "Бүгінгі Ресей" деген тақырыптағы халықаралық семинарды тұрақты өткізіп келеді. Бұған біздің агенттік те қатысып жүр. Мұның сыртында, қауымдастықтың жеке порталына біз күн сайын еліміздің саяси-экономикалық және мәдени өмірінде болып жатқан елеулі оқиғаларды орналастыру арқылы Қазақстанды әлемге танытуға мүмкіндік алып отырмыз. Кеңестің ұйытқы болуымен жүзеге асырылған басқа да шаралар бар.

Кенжеболат Махмұтұлы, "Қазақпарат" агенттігі кезінде мүйізі қарағайдай болған ҚазТАГ-тың мұрагері екенін білеміз. Енді әңгіме ауанын агенттіктің қазіргі даму барысына, ұлттық ақпараттық кеңестіктегі алатын орнына, мәні мен маңызына қарай бұрсақ деймін.

Есіңізде болар, 1997 жылы ҚазТАГ қайта ұйымдастырылып, Қазақ ақпарат агенттігі болып құрылған тұс оның қаржы тапшылығы мен нарық қыспағына түскен күрделі кезеңге дөп келген еді. Дегенмен, агенттік нарық жағдайына бейімделіп қана қоймай, барлық жағынан сапалық деңгейге көтеріле білді. Заман ағымының ақпараттық ағынына ілесе алатын кәсіби тілшілер құрамы қалыптасып, ақпараттар саны да, сапасы да артты. Интернет

желісіне шығу арқылы біздің жаңалықтарды оқып танысатын тұрақты тұтынушылар географиясы республика аумағынан асып, төрт тарапта да ұлғайды. Жаңалықтар тарату қызметінің ауқымы кеңейіп, ел экономикасы мен әлеуметтік-мәдени өміріндегі барлық маңызды жаңалықтарды қазақ тілінде ғана емес, ағылшын және орыс тілдерінде таратып келеміз. Агенттіктің ең басты ерекшелігі де, басқалардан айырмашылығы да, міне, осында жатыр. Сонымен қатар, агенттік шет елдердегі қазақ диаспорасының өкілдері үшін төрт жылдан астам уақыттан бері қазақ тіліндегі жаңалықтарды латын әліпбиімен ұсынып отырған бірегей ақпарат көзі болып табылады.

«Қазақпарат» еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуына, сондай-ақ ынтымақ пен бірлікті нығайтуға қандай үлес қосып келеді?

Бұл сауалдардың қойылғаны жайдан-жай емес шығар. Өйткені, Қазақ ақпарат агенттігінің қарқынды өсіп-өркендеуі үшін бірінші кезекте мемлекет тарапынан қолдау жасалды. Бұл қолдау Мәдениет және ақпарат министрлігі мен "Арна-Медиа" ұлттық холдингі тарапынан бүгінге дейін жүйелі жалғасын тауып келеді. Әлбетте, агенттіктің қызметі Қазақстанның әлемдік ішкі және сыртқы саясатын ақпараттық қолдауды, еліміздің әлемдік қауымдастық алдындағы оң келбетін қалыптастырып, геосаясаттағы орны мен беделін нығайтуды басты нысана етіп ұстанады. Бұл жұмыстар негізінен агенттіктің өз тілшілері мен облыстардағы меншікті тілшілері арқылы атқарылып келеді, ал мұның өзі ел өмірінің тыныс-тіршілігін толық қамтып отыр. Бұл орайдағы хабарлардың тек ақпараттық сипатта емес, заман талабына сай ақпараттық-сараптамалық та мәнге ие болғанын айту керек. Бұрын мемлекет өміріндегі барлық оқиғалар мен жаңалықтар желісі бойынша ғана таралса, енді сол деректер мен дәйектер төңірегіндегі ой-толғамдар мен тұжырым, пікірлер де қамтылып, көлемді сараптамалық материалдар түрінде "ҚазАқпарат қонағы", "Өзекті пікір", "Апталық шолу" секілді айдарларда көрініс тауып отыр.

Агенттік мұның сыртында сыртқы саясатты, соның ішінде геосаяси мүдделерімізді ақпараттық қолдау мақсатында өзінің шетелдердегі тілшілер қосынын да біртіндеп кеңейтіп келеді. Қазір агенттіктің меншікті тілшілері Нью-Йорк, Брюссель, Бейжің, Мәскеу, Магдебург, Ташкент, Баку, Бішкек секілді қалалардан тұрақты хабар беріп келеді. Таяу уақыттарда Вена, Сеул, Кабул, Тегран қалаларынан тілшілер қосынын ашу да ойымызда бар.

Агенттік, сондай-ақ елімізді әлемдік қоғамдастыққа таныстыру бағытында да шама-шарқынша өз үлесін қосуда. Бұл тұрғыда соңғы кездері бірнеше ақпараттық жобалар қолға алынып, іске кірістірілуде. Осы орайда "Зияткер ұлт" жобасын бөле-жара атап айтар едім. Бұл жоба Қазақ елін, ұлттық құндылықтарымыз бен мәдени-рухани жәдігерлерімізді, айтулы тұлғаларымызды әлем жұртшылығына танытуға жұмыс істейді.

Іс жүзінде тағы үш сайттың жүгін арқалаған бұл жоба қазақ мемлекеттігін қалыптастыруға, мәдениеті мен руханиятын дамытуға ерен үлес қосқан, қазақ тарихында өшпес із қалдырған хандар мен билер,

батырлар мен бектер, ғұлама ғалымдардан бүгінге дейінгі ұлы перзенттері хақында, қазақ жеріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер мен рухани жәдігерлер турасында энциклопедиялық-танымдық материалдарды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шетелдік аудиторияның назарына ұсынады. Бұл баннерге кірген оқырман "Ұлттың ұлы тұлғалары", "Халық қазынасы" және "Болашақ - кемел білім бастауы" бөлімдерінен қазақ халқының кешегісі мен бүгіні, болашағы туралы қызықты мағлұматтар табатыны анық. Сонымен қатар, агенттік "Таңғы жаршы", "Ресми жаршы", "Ел, шетел хабарлары", "Бизнес жаршы", "ҚазАқпарат-анонс" секілді жаңалықтар топтамалары мен "Атаулы күндер, оқиғалар, есімдер" күнтізбесі сияқты ақпараттық-коммерциялық өнімдер де шығарады. "ҚазАқпарат-фото" жеке сайтының жұмысы да қарқын алып келеді.

Агенттік сайттарына оқырмандардың кіру деңгейі қалай?

Жалпы, агенттіктің қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі сайттарына күнделікті жеті-сегіз мыңдай оқырман кіреді. Ал үш тілдегі бұл жаңалықтарды Ресей, Қытай, Канада, АҚШ, Австралия, Ұлыбритания, Жапония, Сингапур, Түркия, тағы басқа 50-ге жуық елдерден тәулігіне 800-1000-дай адам тұрақты түрде оқып тұрады. Мұның сыртында агенттіктің сайтына 30-дан аса мемлекетте тұратын қазақ бауырларымыз оқырман ретінде тіркелгенін де айта кеткен жөн. Алыстағы ағайын агенттіктің бұл қадамдарын құптап, ел жаңалығын жеткізуге тырысқан талпынысымызға ризашылықтарын білдіріп те жүр. Осы тұста бір нәрсеге назар аударғым келеді. Агенттік өнімдерін шетелдердегі қандастарымыз ғана емес, сол елдерде тұратын түркі тілдес ұлт өкілдерінің де пайдалануына мүмкіндік бар деп санаймын. Бұл жерде тілдің түп негізі мен айтылу, естілу жақындығын, сөйлем құраудың ұқсастығына қоса, біз ұсынған латын әліпбиінің мүмкіншілігін де ескеріп отырмын. Мұның сыртында Ресейге, Еуропа елдеріне қоныс аударған бұрынғы қазақстандық орыс, украин, беларус, неміс, поляк, грек ұлттары бар. Олардың барлығын да бауырына басып, баспана берген Қазақстан туралы агенттік тарататын жаңалықтардың жандарына жақын келетіні анық. Яғни, біздің өнімдерімізді тұтыну ауқымы қазақтармен немесе қазақ диаспорасы шоғырланған мемлекеттермен ғана шектеліп отырған жоқ.

Өзге елдердің ақпарат агенттіктерімен байланыстарыңыз қандай?

Қазір халықаралық байланыстар орнатуда біршама ілгерілеу байқалады. Мәселен, агенттік Түркі мемлекеттері ақпарат агенттіктерінің ұйымы, Азия және Тынық мұхит елдері ақпарат агенттіктері ұйымы секілді беделді қауымдастықтарға мүше. Сонымен қатар, Қазақ ақпарат агенттігі бүгінде РАТА-ТАСС, "Жаңалықтар" РАА, Синьхуа, Би-Би-Си, Кабар, БелТа, УкрИнформ сияқты белді ақпарат агенттіктерінің сенімді әріптесіне айналып отыр.

Кенжеболат Махмұтұлы, агенттіктің республика аумағына қазақ тілінде тарататын ақпараттарының басым көпшілігі аударма, дәлірек айтқанда, орыс тілінен аударылған ақпараттар болып келеді. Осыған келісесіз бе?

Әрине, келісемін...

Ендеше, аударма емес, төл ақпараттарды дайындап, оқырмандарға ұсынуға не кедергі?

Осыған байланысты бүгінде ең бастысы төл ақпаратты дайындау мәселесін шешуіміз керек. Ол үшін жергілікті жерлерде сол ақпаратты дайындайтын мамандарды дайындау қажет. Өкінішке қарай, бұл мәселе әлі күнге шешімін тапқан жоқ. Бір жағынан бұл бізге де байланысты шаруа емес. Оның негізі қаржыға тіреледі. Агенттікке келіп түсетін ақпараттардың дені орыс тілінде екені рас. Біз соларды қазақ тіліне аударып, таратып жүрміз. Менің ойымша, бәрі керісінше болуы тиіс. Сондықтан бұл мәселе тез арада шешімін табуы керек деп ойлаймын. Мұны Қазақ ақпарат агенттігінің "Арна-Медиа" холдингімен бірлесе отырып шешуге мүмкіндігі бар. Атауы "Қазақ ақпарат агенттігі" деп аталғандықтан, төл хабарлардың мемлекеттік тілде толыққанды таралуы қамтамасыз етілуі қажет. Сонымен қатар, агенттіктің жұмысын тәулік бойы үзіліссіз жүйеде ұйымдастыру мәселесін қолға алған жөн. Мәселен, жоғарыда айтқан іс-шараға қатысатын ТМД-ға мүше мемлекеттердегі ұлттық ақпарат агенттіктерінің басым көпшілігі осылайша жұмыс істейді.

Мына бір мәселені де айта кеткен абзал. Қазіргі кезде "Арна-Медиа" холдингіне оқырманы мен көрермені де, таралымы да көп беделді ақпарат құралдары топтасты. Олардың ақпарат кеңістігінде алатын өз орындары бар. Сондықтан холдинг құрамындағы БАҚ-тар бір мекен-жайда орналасқаны тиімді болмақ. Сонда журналистер өзара тәжірибе алмасып, бір-бірлерінен үйренулеріне мүмкіндік туар еді.

Әңгімеңізге рахмет.

Маусым 2009 жыл

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

ПАЙЫМ. ОЙ. ТАЛҚЫ.

<i>Бұқаралық ақпарат құралдары және Тіл саясаты</i>	
<i>Қазақстандық дипломатияның шежіресі</i>	
<i>Іргесі берік ынтымақтастық пен достастық</i>	
<i>Тағлымды да тартымды туынды</i>	
<i>Қазақстан жаңа өнеркәсіпті елдерге көшбасшы бола алады</i>	
<i>Жаңа индустрияландыру: нақты істерге бетбұрыс</i>	
<i>Индустрияландыру – елді өркендетудің бірден-бір кепілі</i>	
<i>Жұмыла көтерген жүк жеңіл</i>	
<i>Пайдалан қажетіңе жараса Алаш!</i>	
<i>Кеден одағы: түйткілдер мен шешімдер</i>	
<i>Индустриялық даму – жалпыұлттық міндет</i>	
<i>Қазақстан – ортақ үйіміз</i>	
<i>Пан Ги Мун: Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын</i>	
<i>Кезек күттірмес міндеттер</i>	
<i>Орындалды ата-баба арманы</i>	
<i>Қазақ тілін жаппай меңгеру – келелі міндет</i>	
<i>Мақсатымыз – даңқты ұлтқа айналу</i>	
<i>Геосаяси топыраққа егілген алтын дән</i>	
<i>Ғибраты мол «Ғибратты ғұмыр»</i>	
<i>БАҚ және руханият әлемі</i>	
<i>Ұлтты ұшпаққа шығаратын ұлттық мүдде</i>	
<i>Тағдырымыз өз қолымызда</i>	

ЕКІНШІ БӨЛІМ

АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕГЕ АРНАЙЫ СҰХБАТ

<i>«Қазақпарат» және шетелдегі қазақ диаспорасы</i>	
<i>Саясат пен экономиканың біртұтастығы</i>	
<i>«Шығыс-Батыс» диалогы жаңа өрістерге шықты</i>	
<i>Ұлт тағдыры – Ел тағдыры</i>	
<i>Сапар табысты аяқталды</i>	
<i>Көлік саласы жеке инвестициялар үшін ашық</i>	
<i>Сыры мен жыры мол, еңселі де екпінді Қарқаралы</i>	
<i>Даму үрдісі дағдарыс арқылы да жалғаса береді</i>	
<i>ЕҚЫҰ – Қазақстанға жаңа мүмкіндіктер ашады</i>	
<i>Жемқорлықпен күрес: қазіргі заңнамаға өзгерістер қажет</i>	

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ЖАРҚЫН ЖҮЗДІ ЖАНДАРҒА ЖЫЛЫ ЛЕБІЗ

Шоқтығы биік, жүрегі адал, жаны таза.....
Ұлытаудың ұланы
Оның мұраты: халық мүддесіне қызмет ету
Берері мол азамат
Пейілі пәк, жүрегі кең Нескен
Қазағын мақтан тұтқан Көпболсын
Бауырына үлгі болған Ажар
Адалдық айнасы.....
Қожамсейітовтің Алтын күзі.....
Ұлтына адал ұлтжанды Мереке.....
Қадірлі кісі қартаймайды.....
Гүл өскен жерге гүл өседі.....
Жақсының көлеңкесі де ыстық.....

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

АСЫЛ АЗАМАТТАРҒА АРНАУ ЕСТЕЛІК

Өзіңді аға, жүрмін күнде сағынып
Кеңпейіл көңілінен су ішкізетін
Аяулы да асыл бейне
Жанам деген жүрекке от берген
Адамгершілігі биік азамат еді
Жадымдасың мәңгі «Аға» деген атпен

БЕСІНШІ БӨЛІМ

ӘРІПТЕСТЕР ПІКІР БӨЛІСЕДІ

Болашақтың бағдарын байыптаған
Болашақтың бағдаршамын жырлаған
Бойға сенім ұялатқан
Деректі дүние
Кеңістікке таратылатын ақпарат шынайы болуы тиіс